



Сүйіндік  
ЖАНЫСБАЙ

# Ақабайдың дүйнөсі



**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**

**АҚАБАЙДЫҢ  
АЛА ҚАБЫ**

(Әзіл-оспақ, сын-сықақ, фельетондар)

Алматы,  
2009 ж.

УДК 512.122  
ББК 84 Каз 7-4  
Ж 26 18

Пікір жазғандар:  
*3. Тайшыбай, ф.з.к., профессор*

**Жанысбай Сүйіндік**  
**Ж 26 Ақабайдың ала қабы.** Әзіл-оспақ, сын-сықақ, фельетондар. Қызылжар: «Астана» баспасы, 2009 ж., 232 бет.

ISBN 9965-9553-6-0

Жұртышлыққа сықақшы ретінде танылған қаламгер бұл кітабына әзіл-оспақ, сын-сықақ әңгімелері мен фельетондарын топтастырған. Оқырманның сүйіп оқитын тақырыбына арналған, өмірде болған, дуалы ауыз адамдардың айтып қалған шағын әңгімелері де «Біздің ауылдың Қожанасырлары» боліміне берілген. Жинақ кызықты оқылады, тілі жатык.

Ж 4702250201  
00(05)-09

ББК 84 Каз 7-4

ISBN 9965-9553-6-0

© Жанысбай С., 2009



### ШПЕЙ-ЖЕМЕЙ ТОЙДЫРҒАН

Біреудің үйі қонаққа шақырса болды, менің Сұлубикемде титтей ес қалмайды. Соның үйіне барап жұмсақ орындығына отырып, әдемі ыдыстарынан ас жеп, дәмді тағамдарына тойып отырғанша менің құлағымнан маза кетпейді. Сондағы айтатыны не дейсіз ғой – санай берініз. Ең бірінші – ол үйдің дәулеті, барлығы мен байлығы, екінші – үйінің көндігі мен тарлығы, үшінші – әйелі мен еркеғінің қызмет орны, төртінші – балаларының білімі, бесінші... алтыншы.... жетінші... Мен айта берсем сол сияқтылар толып жатыр. Әйтеуір қайнаң сол үйдің табалдырығынан аттағанша жағы бір сембейді ғой жарықтықтың.

Бүгін көршідегі Әтір жеңіміздің үйі қонаққа шақырғалы сол әдетіне қайта басты. Әлгі менің сізге санап көрсеткен тізімдегі жағдайлар түгел қайталанып болды да, түк шықпады-ау деймін бір кезде ыдыс-аяғына ауыз салды.

- Білесің бе, Бөде, ондай ыдыс-аяқты мен әлі ешбір үйден көргенім жоқ. Сервистің неше түрі бар. Хрусталь деғенің (қолмен ымдал көрсетпек болып аз тұрды да) тіпті сөзбен айтып жеткізе алар емеспін. Бірақ ол ыдыстардан әлі ешкім тамақ жеген жоқ-ау деймін. Амандық болса, бүгін біз....

- Койши, Сұлужан, сол да сөз болып па екен?

- Мынаны кара, ей! Өзің эстетика деғеннің не екенін сеземісің!

Сұлубикем біраз өршелейін барып тоқтады. Тоқтамайтын ба еді, қонаққа баратын уақытымыз болып қалмағанда. Бірақ мен онымен сөз таластырып жатпаймын, әдетке сіңбереген жай ғой. Менің бұлай женісті қолдан беріп жеңіле салатыныма ыза болып кейде

бүйірімнен түйіп өтетіп де бар. Бұл жолы да солай бір рет «ыңқ» ете түстім де, туфлиімді аяғыма іле салып, есіктен шыға бердім.

Жайшылықта жайбасар басым кішкене озынқырап кетсем керек, Сұлубикем иығымнан жұлқып тоқтатты.

- Байқа, ана жолғыдай көп ішін қойып жүрме. Бүгін олар ана Бәдірді де шақырыпты. Ұят болады.

Мен басымды изедім. Оным макұлдағаным. Бірақ ана «Бәдір» дегені кім болды еken. Ішім қылп ете түсті. Ана жолы бір қонақта «Мыналардың ішінде қыз кезімде сөз айтқан бір жігіт отыр, байқап іш, күйеуі маскүнем еken деп кетеді» - деп аузымды қаңтарып қойып еді. Мынасы да соның бірі ме еken. Мениң ойымды Сұлубикем бөлді.

- Негып бедірейе қалдың? Кәдімгі Бәдірді білмейсің бе? – Ол маған осы қаладагы үлкен бастықтардың бірі еkenін түсіндіріп жіберді. Көңілім сонда барып орнына түсті. Қапелімде қай Бәдірді айтып келе жатқанын қайдан білейін. Әйтпесе оны білем гой.

- Біз келсек қонақтардың дені жиналып қалыпты. Әйелдер бір бөлмеде «пыш-пыш» әңгіме құрыпты, еректер бір жақта «сарт та сұрт» қарта ойнап жатыр. Мен де келе өзіме тиесілі жақтан орын тептім.

Байқаймын, Бәдір көрінбейді. Қалбалактап үй песі жүр. Бәдірді күтіп жүргенге ұксайды.

- Аздап шыдандар, қазір келіп қалар, - деп басу айтып қояды анда-санда. Құдігім расқа айналды. Соны күтіп отыр еkenбіз. Әйтпесе уақыт деғениңіз зымырап өтіп жатыр. Дастанхан басына отыратын мезгіл жеткен сияқты.

Бір мезгілде қарта ойнап отыргандардың ішінде-гі конге жиналған ақшаны басып алған қара шұбар үй иесіне:

- Комеке, - деді сағатына қарап, - Мен біletіп Бәдір болса ол тұра сағат тоғызда келеді. Былтыр біздің үйге де солай келген. Қазір тогызға дәл он минут бар. Біз стол басына жайғасқанша ол да келіп қалар.

Сол-ақ екен елдің бәрі «ақшасы бар болсын» деді-ау дейміп, қара шұбар ұтқан ақшаға көніл аударған да жоқ, әншнейінде қарымта қайтаруға шуласатын олар картаны жиып тастап, стол басына қарай ойысты. Бәрінің аузында – Бәдір. Айтатындары – оның ақылдылығы, оның – адамғершілігі, оның – кішіпейілділігі, оның – қызметінің мықтылығы, оның – мәдениеттілігі. Не керек, Қарашибардың әнгімесіп ауыздарынан сіле-кейі щұбырып тұрып тыңдал қалыпты. Мен болсам, бағанағы Сұлубикемнің сөзі есіме түсіп, жан-жагыма барлай қарай бастадым.

Шынын да да менің Сұлубикемнің бар ғой білмейтіні жоқ. Жағалай парсы кілем, шетелдік ғарнитур. Еденге де түгі тобығына дейін келетін қалы кілем төсеген. Ал, жасаулы стол ше? Тура ертегідей. Жағалай алтын жиекті ыдыс-аяқ. Алтын жалатқан қасықтар мен шанышқылар, хрусталь вазалар мен салатқа арналған табақшалар. Басқаның сөзімен айтқанда інпей-же-мей тоятын дүниелер. Ал, өз сөзіммен айтсам – мына ыдыстардан желінетіп астың дәмі аузыма келіп, шегім шұрқырап қоя берді.

Әйелдер де әңгіменің ишірқау шегіне жеткен болуға тиіс, үй иесін мактауға кірісті.

- Біздің Әтір женғеміздің өзі тіпті лаладай ғой шіркін! Мынандай дүние ұстап, жиһаз жинау екінің бірінің қолынан келе ме? – деп бір көтерін тастаса, – Бәле, бұл кісінің беделі дегеиңіз бүкіл қоғамдық тамақтандыру басқармасына түгел жүреді ғой, - деп екіпшісі іліп әкетеді.

Сойтіп тұрганымызда өрт сөндіргендей болып, барлығып Комекең жетті.

- Келмейтін болды, - деді сылқ етіп отыра кетіп, - Баласы звондады. Тығыз шаруамен бір ауданға жүріп кетіпти.

Сілейіп тұрып қалыппыз. Мен үшін бәрі бір, тек асын беріп, арағын құйса болғаны. Бәдірсіз де ас өтеді.

Шынында да Әтір женгеміз алтын адам екен. Сасқан жоқ, абыржыған жоқ, жаймен ғана қолымызды жуып, стол басына отыруымызды өтінді.

Бірақ қол жуып стол басына жиналған қонақтардың көңілі іркіт қосқан сүттей бұзылған. Батып айтуға шамалары жоқ бір-біріне қарасып көздерін жыпылықтатады, бір ғажайып уақиға болғанға ұксайды. Байқасам, әлғінде ғана жайнап тұрган стол үстінен сиқыршы жүрін өткендей. Алтындарқан ыдыстардың бірі қалмапты. Олардың орнына өзіміз күнде ас ішіп жүрген қарабайыр аяқ-табақтар тұр. Жанынан темір пышақтар мен қалайы қасықтар орын тепкен. Хрусталь вазалар мен рюмкалардың орнын шыны ыдыстар басыпты. Ішінде «общепить» деген жазуы бар тарелкалар да көрінеді.

Әлғінде ғана лепіріп отырған елдің көңіл-күйін Бәдір өзімен қоса алыс ауданға алып кеткендей. Үнсіз отырып, ас ішілді. Бірақ сұғана жеп, сарқырата ішіп отырған ешкім жоқ. Үй иелері де рәсім жасап «ішініздер-женіздер»-демеді. Сорпа келді. Бірақ сорпа шала ішілді. Түгел ішілетін еді отырыста анау қаращұбардың жуан сары келішегі бұлдірді.

- Ойбу, әлгі көйлегімді өтектеген өтекті тоқтан суырмай кетіппін, - деп шыж ете тұсті. «Сонша әкесінің басын беретіндей асыққаны не екен. Тіпті деймін-ау ең күрмаса, елді дүрліктірмей ақырын тұрып кетпей ме? Арқам жаңа жінсін келе жатқанда. Қап»....

Оның сөзін керттеш мұрын қара келіншек қостады.

- Ойпырым-ай, менің де жүрегім лұпілдеп отырғаны. Балалар бірденеге ұрынып қалып жүрмесе, - деп қүйеуін тұрткіледі. Елдің бәрі орнынан дүркірей көтерілді.

Мұндауда менің Сұлубикем қалыса ма:

- Мен газ пешті сөндіруді ұмытсам керек.
- Мен сөндіргенмін...

Сөзімді аяқтай алмадым. Байқап отырған шығарсыздар, кеш бойы дыбысымды шығарғаным осы

еді. Оның өзінде сөзімді толық аяқтай алмай жалғыз рет «ыңқ» дедім де жайыма кеттім.

Әншейінде қонақтан қайтқанда ауыз жаппай әлгі үйді дәрінтейтіп Сұлубикем бұл жолы жеткенше үндеген жоқ. «Үнемі осылай томпиып жүрсөң ғой, сенен артық жан жоқ, Сұлубикешім! Ешқандай алтындартаң ыдыс ас болмайды» деймін мен. Бірақ оны ішімнен айтамын. Даусымды шығарсам тағы бір түйіп өтеріне дау жоқ.

## АҚАБАЙДЫҢ АЛА ҚАБЫ

Сағат оннан аса бере енді ғана ұйықтауға ыңғайланып, шешінің жатыр едік, есіктің қоңырауы шыр ете түсті. Тұннің бұл уағында келген қонақтан жаман не бар екен, өне бойым тоқ өткендей болып, әлгі қоңыраудай тыз ете түсті. Әсемгүлім де тыжырына қалыпты.

Ақырын барып есікті аштым, Ақабай деген ауылдас ағайынның бірі екен.

- Оу, інім, үй-ішің тегіс аман ба? Тез астына тұс, көтеріп шығара алмай бір қап етті қалдырып кеттім, - деп тез-тез айтып жатыр.

- Менде ес қалған жоқ. «Япырм-ай, деймін іштей, мынау жақсы болды-ау, қазір магазинде ет жоқта». Ішім жылып қоя берді. Әсемгүлімнің де аксұр бетіне қан жүгіріпті. Тез қолыма іліккен кіnmнің бірін іле салып астына жүгірдім. Шынында да адам көтеріп болар емес, атан түйенің жарты еті сиярлықтай ала қапты есіктің алдындағы отырғышқа көлбетіп салып қойыпты. Автовокзалдан осы араға қалай жеткізгенін білмейміш, төртінші қабатқа зорға көтеріп шықтым.

Мұндай қонаққа не берсең де рауа. Жылдам киіше салып, жақын ресторанның бірінен бір жарты конъяк алып келдім.

Ақабай мен келісімен ауыздан оза алмай тұрган ала қапты балконға шығартып тастанды. «Онысы да дұрыс, - деп ойлаймын іштей, - тоңазытқышты дайында, реттеп алғанша тұра тұрсын».

Біз ауыл жайын әңгімелесіп отырғанымызда Әсемғүлдің қуырған картобы да дайын болды. Біраз әңгіменің басын қайырған Ақабай конъяктан ұрттап отырып, біздің Әсемғүлдің қуырған картобының да мақтауын жеткізді.

- Картобың жақсы қуырылған екен, келін. Бір мезгіл өстіп картоп жеген дұрыс. Әйтпесе, ертелі-кеш жеңен еттен ішіміз сасып кететін болды, - деп карқ-карқ куледі. Қонақ күлгөн соң біз де құлеміз.

- Жеңіз... Алыңыз... Жеп отырыңыз... Сен құйың-қырап қойсанышы, аузынды ашып қарап отырмай, - деп қояды Әсемгүл де. Қөп ішпесем де қонақтың көнілі үшін мен де аздал алып қойып отырмын.

Конъякқа біраз қызып алған соң Ақабай осы қалада біздің үйден басқаға бармайтынын айтып мақтанды. Оған біз дардай болып қалдық.

Аядай бөлмедегі жалғыз диванға Ақабайды жатқызып, ас ішетін бөлмеде Әсемгүл екеуміз шүңкілдесін отыр-мыз.

- Жақсы болы-ау, - деп қояды ол. - Үйде ет жоқта. Ана шақыра алмай жүрген қонақтардан ұялып-ак жүруші едім.

Әрі ақылдасып, бері ақылдасып осы жексенбіге қонақ шақыруға келістік. Екеуlep отырып шақыратын қонақтардың тізімін жасап, кешірек жаттық.

Танертең тұрсам – Ақабай әлі сол қалпы, тыпты ет-пестен пыр-пыр етеді. Әсемгүл ертерек жұмысына кетіп қалыпты. Әмірі өзім тұрмай орнынан козғалмайтын көк шәугім газ пештің үстінде сакұр-сұқыр қайнап тұр. Түннен калған картопты стол үстіне қойып шай жасап кетіпти.

Жуынып, акқұмаиға шай салып, ағызғанымша Ақабай да киініп болды.

- Түг! Көбірек ішіп қойыпсын. Ақаңдан жалыққан басым конъякқа іліккен соң кішкене басыңқырап жіберсем керек. Келін жұмысына кетіп қалған еken ғой, - деп аз ойланып тұрды да, стол басына отырып жатып: - Қап, ұйқышыл басым, ұйықтаңқырап қалыпсын. Жарайды, уақа емес, әлі ертерек қой. Телефоныңмен звондап такси шақыра сал, кешікпей жүрін кетейін.

Магазинге жүгірмек болып едім:

- Соны қайтесің, інім, қазір осында бір үйге кіріп шығамын. Сол үден де бірдене табылар бас жазарлық, - деп тоқтатып тастады.

Кимағанмен бола ма, үйге такси шақырғанмен бәрібір келмейді. Өйткені, үйіміз такси аялдамасының дәл жаңында. Сондықтан да Ақабайдың шайын құйып бере салып, такси әкелуге жүгірдім. Жұмысқа баратын да уақыт болып қалыпты. Асыққаныма орай аялдамада бір-екі такси бос тұр еken. Біреуін ұстап үйге келсем – Ақабай есік алдында тұр. Жанында түндегі ала қап. Менің екі көзім шатынап шығып барады. Оған қарап жатқан Ақабай жоқ. Ала қапты тік көтеріп машинаның артқы жағындағы жүк салатын орынға жайғастырды да:

- Ал сау болып тұр. Бүгін сағат екінің автобусымен жүріп кетемін. Кейін бір ретін тауып тағы келермін, асықпай жатып қызыратын болып. Қазір ана қапты Дәуекендікіне апарып тастаймын. Ол биыл кандидаттық коргады ғой, білімді жігіт. Балалар өсіп келеді, алды биыл оныншыда оқып жүр. Соның бірі оқуға тұяғын іліктіруге септігі тие ме деген далбаса ғой менікі. Эйтпесе соны қай бір жақын тартып барады дейсін.

Ақабай аттанып кетті. Үйге кірсем қара телефон безбез етеді. Көтердім. Әсемгүл еken. Дауысы қуанышты естілді.

- Шақырдым.
- Кімді? – дедім түсіне алмай.
- Қонақтардың барлығын да, түгел үйлерінде еken. Жақсы болды. Бәрі де «келеміз» дейді.

Әрі қарай тындауға шамам жетпеді. Телефонның құлағы қолымнан түсіп кетті.

## ТУЫСҚАН ЕКЕНБІЗ...

Бір-екі жас шамасы үлкендігі бар, бір жағынан жерлесім болған соң, әуелі Қабанбайдың кабинетіне келіп кірдім. Мүмкін ақыл берер. Келген шаруамды айтып болған соң, ол жас адамға лайықсыз мол денесімен жұмсақ орындықтың арқалығына маңғаздана шалқайып, быртиған жуан майлы саусақтарының буынын шытырлатып, асықпай ойланып ұзақ отырды.

- Осы сендер ауылдан неге қашасындар? Мұнда кім көрінген өз бетінше жұмыс тауып, қызметке орналасып кете алмайды. Маған жерлесім деп келген екенсін, оның дұрыс. Дегенмен, қазір туған бауырыңа да сену қыын. Өйткепі, заман солай, шырақ.

Амал қанша, өз бетіммен тірлік құруға тұра келді.

Сөйтіп, мекемеден мекеме актап жүрін, біреуінен орын табылды да, соған тұяғымды іліктірдім.

Бір күні көшеде келе жатып, Қабанбайға жолығып қалдым. Сәлемдесіп, қолымды созып едім, ол қолыма емес, бетіме қарады.

- Мен анада өзіңізге келген, ауылдағы ініңіз Сәлімбайдың жолдасымын...

Қапелімде аузыма сез түспей, созған қолымды қайда қоярымды білмей, абдырап қалдым.

- Иә, иә... Есіме жаңа түсті, шырақ. Қалай жұмысқа орналастың ба?

Мен оған осындағы бір мекемеге кіші қызметкер болып орналасқанымды айттыйм.

- Дұрыс, дұрыс. Қалаға келін, солай адам болу керек. Ауылда малмен алышқаннан не шығады?

Мұнан әрі Қабекең көп-көп ақыл айтып, кенестер берді. Кетерішде «звандап тұр» деп телефон номерін беріп кетті.

Жылжып уақыт өте берді. Бұл уақытта мен аға қызметкер болып ауысқам. Бір күні қызметтес достарымның бірі Қабанбайдың шақырғанын айтты. Қанша айтқанмен жасы улken ғой. Көңілі қалмасын деп, шақырған бетте жолығуға ұмтылдым. Келсем - баяғы кабинет, баяғы столы мен орындығы. Сол отырган маңғаз беті.

- Кел, шырақ кел. Сен өзі жоғарылай бастадың ғой. Бәсе біздің жерлестер солай болуы керек. Айтпақшы, сен жерлес қана емес, туыс болып шықтың. Жиеннен туған жиеншар екенсін.

Бұдан соң да біраз уақыт өтті. Бір күні телефоным шыр еткенге котерсем – Қабекең екен.

- Бұл мен ғой, Қабанбаймын. Халың қалай, шырақ? Иә, қызметінің өсуімен құттықтаймын. Бөлім менгерушісі болғаныңды звондап неге айта салмадың маған. Телефонымды берғен едім ғой. Өзің тіпті жақын бөле болып шықтың. Біздің шешеміз Құдаболды руынан. Бір-біріне апалы-сіңлілі болып келеді. Біз де осы салақпызы. Саған үйді бір көрсететіш жөніміз бар еді. Жарайды. Сау бол. Өзің звон-дап тұрсаңшы, звондап...

Содан біраз уақыт өткеннен кейін тағы да жоғарыладым. Бастықтың орынбасары болып орналасып, столыма жаңа жайғасып отырғам.

Біреу есік қаққанға елең етіп қарай қалсам, әуелі қалпағының мандайы, онан мұрыны, сонан соң басы көрініп, сүйретіліп Қабекең кіріп келе жатыр. Бұрынғы пандығының бірі жоқ.

- Оу, Секен, сен өзің жоғарылап кеттің ғой. Бәсе, біздің туысқандар солай болуы керек қой. Хал қалай, туысқан, денсаулық қалай? Жиен келіпнің хал-жағдайы қалай? Айтпақшы, ұмытып барады екенмін, сен өзің

маған жиен болып шықтың. Сенің шешен Сәруар біздің апай ғой.

Қабанбай әнгіме айтыш көп отырды. Әдегтегісінше ақыл-кенес берді. Сөз арасында өзінің осы мекемеге ауысқысы келетінін де білдіріш қойды. Бір орында тапжылмай он жылға жуық отырып қалғанына өкінетін сияқты.

Кетерінде үйінің адресін беріп, қонаққа шақырып кетті.

- Міндепті түрде келіндер, - деп шеғеледі. Ақыры көп сөзінің аяғын «Жиен келінге сәлем айт», - деп қолымды қыса ұстап, қоштасып барып тамамдады да, есікті жапты.

Онаша қалған мен ойға кеттім. Өмірде мұндай да адамдар болады еken-ay! Егер мен бұдан да жоғары қызметке ауыссам ше? Онда мен Қабекенің туған бауыры болып шықпасыма кім кепіл?

## ТЕЛЕДИДАР ХИКАЯСЫ

Таңертеңнен кешке дейін толассыз қақсан тұратын телевизорымыз бір күні құлаққа ұрган танадай дыбысы тынды да қалды. Бетіне қарап уақыт өткізіп жүрғен бала-шага у-шу болды. Шулағанның есесін келесі күні көрдік. Екі балам екі жағымнан қынқылдал болғаны сол еді, Әсемгүлім «әнге» басты.

- Осы елдің еркегіне таңым бар. Бүгін бірденесі бүлінсе, ертеңіне орнына келтіріп жатады. Біздің еркегіміздің ойыша ештеңе кіріп шықпайды. Салқын сыраға тойып алғып, ди-ванды бір босатпайды. Немесе, аяғы жаңа шыққан баладай столды жағалайды да жүреді. Өзіндей анау Тәпекті қараши, сервантының шынысы жексенбі күні сыншып қалып еді, дүйсенбі күні басқасын салдырып қойыпты.

Әсемгүлім одан әрі Тәпектің қызулау келін, шыныны қалай сындырғанын, Төлжан екеуінің қалай үрысқанын, түгел жанында тұргандай айтып берді.

- Әсемжан-ау, екеуіміз төбелесіп қиратқамыз жок қой. Мен кіпәлі болсам кеше жөндөтіп қоймаймын ба?

- Түүх! Саған дауа болмас. Бірдене десен кісімен тайталасып, діңкепі күртасың.

Сан рет үйге түн ортасында мас болып қеліп жүргенде «бәленмен іштім, түгенмен іштім» деп көпіруші едің ғой. Солардың ішінде бір телевизор жөндейтін мастер жок па? Үлгі бір қайдағы-жайдағыларды терін жүруші едің.

Нарыққа іліккеннен бері неден тарлық көрғенін кім білсіп, теледидар, тоңазытқыш сияқты тұрмыс заттарын жөндейтін орындар жаппай жабылып қалған уақыт. Енді не істеу керек?

Ойыма орала кетті. Тәпек көршім анада: «Телевизор жөндейтін бір мастердің үйінде қонақта болдым», - деп отырған.

Жүгіріп көршіме келдім. Қоңырауын он бес минут шырылдатқанда барып, ұйқылы-ояу Тәпек есік ашты. Екі көзі қызыарып, беті ісініп кеткен.

- Хал қалай, Тәпеке?

- Хал деғеніңіз – қалпақтай, - Үні зорға шықты, - басым сынып тұр. Уақыт қанша болды.... – Есінеді. Онысы есінеген емес, соған ұқсас бірдене болып шықты. – Кеш батып барады ғой дейміш,ә? Ой, басым...

Керіліп-созылған көршім есік аузында біраз тұрды.

- Кел, жоғары шық. Жай жүрсің бе? Қазір жағдайды жөнге келтіретін бірдене табылып қалар.

Дудар-дудар шашын қолымен тарақтап қойып, тоңазытқыштың ішін, шкафтың ішін, серванттың ішін түгел тексеріп шықты. Кәдімгі тіпту жүргізғен тергеүші сияқты. Не арақ іздегені, не ақша іздегені белгісіз. Тіпті, шкаф сөресіп төсөлғен қағаздың астына дейін көтеріп қарады.

Түк таппаған соң, менің жаныма келді. Екеуміз диванға қатар жайғастық.

- Бүгін жұмысқа да бара алмай қалдым. Кеше қатты ішіп қойыппыз. Ана жылы Алматыға бір айлық оқуға

барғанда бірге оқыған бір жігіт кездесіп қалып... Өзінің аты да есімде қалмапты... Алматыдағы уақытты еске аламыз деп... Ойбай, басым....

Тәпектің мына мұсәпір түріне жаным ашып кетті.

- Жүр, мына жерден сыра ішіп қайтайық.

«Іздегенге - сұраған» дегендей, анау лезде дайын болды. Әуеліңі саптыаяқты екеуміз де бір демде қағып салдық. Іле екіншісін орталап таstadtық. Тәпектің тілі сол кезде ғана икемге келе бастады.

- Ал, сөйле....

- Нені? – дедім тұсінбей.

- Неге келгенінді.

- Қайда? Осы жерге ме? Сыра ішуге келдік емес-пе??!

- Біздің үйге деймін. Көп келе бермеуші едің дегенім гой.

- А-а.. Сіздің үйге ме?

- Шынында да ұмытып барады екем ғой, мен сіздің үйге өте маңызды шаруамен келгенмін.

Балаларым телміріп отырған телевизордың «тағдырын» баяндал шықтым.

Осы кезде қалпағын оң шекесіне оқшырайта кийін алған Олжабай көрінді.

- О, сабаздар, сендер де осында екенсіндер ғой. Үржиып келіп алдымызға екі саптаяқ сыра қойды.

Әңгіме әңгімеге жалғасты. Қатарымызга Олжабайдан соң, Қараман қосылды. Қатарымыз толысқан са-йын қалтамызды қаға бердік, «Қызылдың» әлденеше құтысы босап қалды. Тек соңғысы есімде, қалтамды тазалап ортага салғанымды бішем. Одан соңғысы есімде жоқ. Оянсан таң атып қалыпты. Диванда киімшең жатырмын. Басым әкетін барады. Тілім таңдайыма жабысып қалғандай. Түрегеліп үйқайтын бөлмеге келсем - Әсемгүлім кіші ұлымды бауырына қысып алып, тәтті үйқының құшағында жатыр. Ептер келіп ас үйден бір стакан су іштім де, түнде үйықтап шыққан

жеріме қайтадан қисайдым. Көзім ілініп кеткен екен, Әсемгүлімнің даусынан ояндым. Не айтып, не қойып жүргенін санама жеткізу қыын. Оған зер салып тыңдауға жүзім шыдар емес. Тұра салып, жұмысыма ұмтылдым. Тек артымнан:

- Ана телевизорды қашан жөндесін? – дегені миымның бір нүктесін зырқ еткізді. «бәрі де осы телевизордан басталып еді-ау?» Қалтамда кешегі ақшадан автобусқа мінетін жиырма теңге де қалмапты.

Кешкісін жұмыстан келген соң, қалтама тағы да азын-аулақ тыын-тебен салып алыш, Тәпекке тарттым.

- Кеше тауып беремін деген мастерің қайда?

- Ой, басым әкетіп барады...

- Мастерді тап басты сосын жазамыз. Менің де жағдайым оңып тұрган жоқ.

- Кеттік онда.

Екеуміз ескі қаланың біраз жерін шарладық. Анда да апарды, мында да апарды. Біреуінің дуалы оған ұқсамайды, біреуінің иті ондай емес, енді біреуінің есігінің түрі келмейді. Айналасы бір-екі сағат ішінде оншақты көшенні аралап барып, таптық іздеген адамызды. Оның өзін Тәпек қарсыдағы сыраханадан екі саптыаяқ сыра сыңғытқан соң ғана, есіне түсірді.

- Мен білсем анау қарсыдағы кең қақпалы, биік үй.

- Анық танып тұрсың ба?

- Анық танымағанда ше?! Отken жылы екеуміз осы жерде сыра сіміріп тұрғанымызда анау қақпадан шыққан сары келіншек оны үйіне қарай қақпалап әкеткен.

- Сол есікке барып кірді ғой?

- Сол есіктен шыққанын анық көрдім. Ойткені; Барак: «Анау келе жатқан менің эйелім», - деп кірерге тесік таба алмай сасқан. Бірак, қай қақпаға кіргені есімде қалмапты. Ал, енді, анық сол есіктен шықса – сол есікке кірмей қайда кетуші еді.

- Жүр, онда, барып білейік.

Қақпасын сықырлатып ана бергенімізде-ақ арлан қасқырдай ала төбет атып шығып, қарсы ұмтылған. Итінің арсылын естіген иесі де оның текке үрмейтінін білсе керек, албарға шықты.

- Сәлем, Барақ, - Тәпек бұрын амандасты.

- Жай жүрсіндер ме жігіттер? – ала төбетті үйшігіне қамады. Жартылай ашық есігінен қызыл «Жигулидің» бұрышы көрініп тұрган гаражды жауып, құлыш салды. Тазалығы бет көрінетіндегі асфальт төсөлген ауланың ортасында жатқан ұзын сыйырғышты бұрышқа апарып қойды да, жанымызға келді.

- Кештетің жүргендерің не? Келетін кісі таңертен ерте келуі керек. Қазір күн ыстық, ет көп сақтауға келмейді. Семіз қойдың еті тез бұзылады. Ет керек болса, ертең ертерек келіндер. Аппак қардай тап-таза ғып сойып қоямын. Құйрық керек пе, жамбас керек пе – таңдағандарынды аласындар.

Мен мынаның не айтып тұрғанына түсінбей Тәпекке қарадым. Ол маған қарады. Сірә, іздеген адамымыз бұл болмаса керек.

- Бізге еттің керегі жоқ, - дедім мен шыдамай.

- Иә, біз ет алу үшін келгеінміз жоқ, - деді Тәпек те.

- Онда жай келдіндер ме? Тоқта, тоқта.... Мен сені бір жерден көрген сияқтымын, - Барақ ойланған кейіп-пен Тәпекке шегір көзін қадады.

Тәпек оның телевизор жондеуші болып істеи жүрген кезінен бері білетінін, озінің телевизорын жөндөткенін, екеуінің сол жолы «клықия тойғандарын» айтып берді.

- Е-е, жігіттер, біз не іstemедік. Телевизор жондеуші деген не тәйірі?! Түк табысы жоқ. Бір айлығы екіншісіне жетпей тақылдайсың да отырасың. Ішсең ішкеніне, жесен жегеніне жетпейді. Біреудің оны-мұнысын жөндеп беріп, бір жартысын ішкенге мәз боласың. Ондай кәсіпті қойғаныма жыл болды. Қазір қасапшылықты кәсіп етіп жүрмін. Әйтепеір ішіп-жемі мол.

-Өзініз жөндемейтіп болсаңыз, бізді таныстырысанаңыз. Мына жігіттің үйіндегі телевизоры бұзылып қалыпты.

- Иә, иә. Жөндептіп біреумен бізді таныстырып деғендей, тіпті уақытымыз болса қазір барып шықсақ. – Гараж жаққа қарап қоямын. Ойымда қызыл «Жигули». Алыс болса, мініп баратын көлік түр ғой.

Екінші көшепі қып өте берғенімізде, сол жағымызда маңдайындағы жасыл шамы жарқырап, такси көрінді. Қолын көтеріп тоқтатқан Барак алдыңғы орынға жайғасты.

Зымырап келеміз. Қайда келе жатқанымызды жан білмейді. Бәкен қайдағы бір қасқыр әңгімелі бастаған. Оның сөзіпен ұққаным-телевизор жөндеуді неғе тастанап, қасапшы болуға қалай көшкені. Тәпек оған телміре қарап, басын шұлғыпты да қалыпты. Қызық әңгімелеге ден қойып, «елтің» отырғанға ұқсайды.

Сол беті ықшам ауданың біріне келдік. «Киіз кімдікі болса – білек соныкі» деғен ғой, жол ақыны мен төледім.

Абырой болғанда біз ізден келген дәу сары үйінде екен. Бірақ, онымен сөйлесіп барқадар таппадық. Қып-қызыл мас.

Есікті әйелі ашты.

- Немене, күш бойы ішкендерің аз болды ма?!

Бетімізге кішкене қарап тұрды да, түріміздің ішкен адамға ұқсамайтынын байқаған соң: - Кешірініздер, мен онымен бүгін стақандас болғандар екен деп қалсам,- деп жоғары өтуімізді сұрады.

- Жоқ, біз оны бүтін көрғеніміз жоқ.

- Майпаңың келғені жаңа. Енді ғана шешіндіріп жатыр едім, - әйелшің қабағы қатыңқы, ренжулі сияқты.

Диванда шалбарының бір балағы шешулі, бір балағы киуолі сары дәу жатыр.

- Бәке, осындаиды қашан қоясыздар? Күнде біреулеріңіз ертіп әкетіп, таныстарыңыздың оны-мұнысын істетіп аласыздар да, мас қып әкеп тастайсыздар.

Бәкенә жағын ашқан жоқ, үндемей құтылды.

Мына тұрыспен іс бітпейтінің білген соң, сыртқа беттедік. Артымыздан есік тарс жабылды.

- Қайта мынаның әйелі жуас екен. Біз анадай бол жатқанда біреулер іздеп келсе, оқтау жеп қайтар, - деп Тәпек үнсіздікті бұзды.

- Бұл өзі бір тамаша мастер. Қолынан келмейтіні жоқ. Ақкөңіл, адал жігіт. Басқалар сияқты телевизорының бөлшегін ауыстырып алып кетпейді... – Барақ оның мақтауын жеткізді.

Тәпек екеуміз Бәкенді таксимен апарып салып, қайттық. Үйге келгенде қалтамның түбінде тағы да майда тыындар гана қалған екен.

Бұл кезде телевизор көрін телмірін отыратын қарасирактарым қисайып қисайып үйқыга кеткен.

- Бір телевизордың жыры әлі біткен жоқ па? - Әсемгүлім айғайға басты дерсің. Оның даусынан балалар оянып кетіп, жылауға айналды. Әсемгүлім қояды деғен қайда, қайта өршелене түсті, - «Анаған апарып жөндетем, мынаган апарып жөндетем» деп күнде қыруар ақшаны араққа сілтеп жүрсің. Бүгін де қалтанда бір тыын қалмаған шығар. Бүйтін жөндектенінің құны оның өзінің құнынан асып кетер.

Әсемгүлімнің айтқаны айдай келді. Ертеңіне Майпанга бардым. Былқ-сылқ етін отыр екен, басын «жаздым». Үйге келгісі келмеп еді, бір жарты беріп тағы да үтіттеуге тұра келді. Е, дегенше екі жартыны қағып алып екеуміз үйге келгенбіз. Телевизорды «алып согып» жөндемек болып едік, Майпанның қолы еркіне көнбеді. Бір-екі жіңішке сымын байқамай іліп кетті.

- Майке, осыны ертең жөндесек қайтеді.

- Жо-ок, бүгін бітіріп тастауды керек. Ертең қол тимейді.

Майпаң тағы бір сымды үзіп алды. Көзім бұлдырап тұрса да өз дүнием емес пе, ішім удай ашыды. Айтқанға көнбейтін болған соң, басқа айлага көштім.

- Майке, ептеп ауыз жылдытып алсақ қайтеді?
- А-а. Не дейсің? – деді телевизорға тұқырған беті. – Бірдене дедің бе?

- Жұз грамм ішейік.

- Ішуге болады. – Ол басын көтерді.

Шөлмектің аузын енді аша бергеінімізде Тәпек жетіп келді. Үшеуміз оны тауысқан соң, іске қайта кірістік. Бірақ, жұмыс та болмады. Майпаң ісімен айналыса берді. Ол екі арада Тәпек екі рет магазинге «командировкаға» барып келді...

Ертеңіне әдетімше ертерек тұрып алып, сыйысымды білдірмей, мысықша басып үйден шығып кеттім. Кешегі қылықтарымның кейбірі есіме түсіп, күйіп барам. Ұят-ай, Төлежанның бетінен сүйемін деп, ұмтылдым ба керек. Тәпекті үйден неге қуып шықтым? Ал, Майпаң қай уақытта қайтты екен? Айтпақшы оған: «Өсемгүліме неге қырындастың?!» - деп соқтықтым гой деймін. Өзі де бір күжірейген дәу пәле еді. Қайта аман қалғанмын. Бәрінен бұрын өзі телевизорды жөндеді ме екен, не істеді екен?

Кешке қарай жағдайымды «дұрыстанқырап» алған соң, іштей психологиялық дайындық жасап, қандай шабуылға болсын төтеп беруге әзірленін, уйге қарай аяңдадым.

Есіктен кіргенде-ақ телевизордан сөйлеп тұрған таныс диктордың дауысы құлағыма жылы ұшырады. «Жарайсың, Майпаң! Еңбегімді өтедің. Қап! Кеше өзіне ұят жасадым-ау!»

Төргі бөлмеге өтсем – балаларымның барлығы теледидар алдына тізілген. Телехабарды тамашалап отыр. Әрі баруға аягым журмей есік аузында тұрып қалдым. Өз көзіме өзім сенер емесінн.

Өзіміздің ескі телевизор кешегі стол үстінде шашылып жатыр. Ал, бұрышта су жаңасы сайрап тұр.

## ҚАЙЫН АҒАМ КЕЛЕДІ

Төбел менің Сұлубикеммен ағайындас. Ол біздің қалаға жиі келеді. Келген сайын ұзак жатып, ағайынтыстарды түгел аралап шығады. Жұмысы бітіп қайтар күні біздің үйде болуы да оның әдетіне айналған. Өзі сондай әңгімешіл адам. Тұні бойы ауылдың амандығын, өзгерген жаңалығын әңгімелейді. Осы қаладағы туғантыстарынан көрген сый-сияптың да ұзак сонар жыр етеді.

Жасы үлкен адаммен сөз таластырып жатқан мен жоқ, басымды шүлғып қойып тыңдай беремін. Сұлубикем де анда-санда мақұлдағандай белгі жасап, шайын құя береді.

- Бала, - дейді қайнагам, шайын сораптай отырып, бір-екі жұз грамм тастап алған соң. – Сен тым жуассың. Кішкене, былай, тірлік жасасаңшы. Мына біздің қарындастың ептең еті тірілеу. Эйтпесе, аштан өлесіндер. Біздің үйдегі женғенің бордақылап отырған екі ту қойы бар. Машина-көлік, бірдене тауып соның бірін алып қайт. Бала-шағара талшық болсын.

Біраз әңгіме айтып отырды да, біраздан соң:

- Жоқ, қарақтар, көлік іздел босқа сандалмандар. Қазір кім бара қояр дейсің. Келесі келгенде совхоздан ебін тауып бір нән қой ала келермін, - дейді.

Біз Төкеннің мұндай сөзіне үйреніп алғанбыз. Бір-бірімізге қарап жұмындасамыз да қоямыз.

Сол қайнагам кейін тағы келді. Бірақ бұл жолы әдеттегідей кетін бара жатып соқпай, аттың басын келген бетте біздің үйге тірепті.

- Бала, - деді маган шай ішіліп болған кездे. - Мен сендердікіне бүгін әдейі келдім. Осы қалада өзің білесің бірталай жекжат-жұрагаттарымыз бар, құдайга шүкір. «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл» деген бар. Мен солармен бүгін сені таныстырғалы отырмын. Басқа жұмысың болмаса менімен жүріп аралап қайт.

Әдеттегісінше Сұлубикеме қарадым. Ол басын изеді. «Қашайын деп тұрған коянға «тәйт» деген соң не сорым» дегендей, онсыз да ебін таба алмай отырған басым, лездің арасында сықып киінін шыға келдім.

Әуелі жолықканымыз – қайнағамның өзі сияқты жалтыр мандайы күнге шағылысқан жуан сары болып шықты. Емен столдың ар жағында жұмсақ креслоға шалқая түсіп, маңғаз қозғалады. Алдындағы шомбал стол алынбайтын баррикада сияқты. Қайнағамның сәлеміне аузын жыбырлатты да қойды, маған көз қырын да салған жоқ. Соған қолыма быртиған жуан саусақтарын тигізер-тигізбес етіп сүйкеп өтті де, тартып әкетті.

- Эреке, мына бала бізге қүйеу бала болады. Қолынан іс келетін өзі бір оңды бала, - деп таныстыра бастады. Төкең амандық саулық сұрасып бастаған соң.

Әрекесі кабинетте екеуінен басқа үшінші адамның бар екенін жаңа білгендей маған бұрылып, ежірейе қарай қалды. Не ұнатқаны, не жақтырмағаны белгісіз шегір көзін анда-санда жыпылықтатып қойып, тыңдалап отыр. Менің мақтауымды жеткізген қайнағам «айтып болдым» дегендей, сезін аяқтады да, үлкен іс тындырған кісішे терлеп кеткен маңдайын қол орамалмен сұрте бастады.

Әрекен былқ еткен жоқ, не «қынқ» деп дыбыс білдірген жоқ. Ежірейіп маған қараған беті тыбыр етер емес. Шегір көзі өңменімнен өтін бара жатқан соң мен жанарымды тайдырып әкеттім.

Төкең екеуміз қоштасып есікке беттедік. Анау болса мешел болған баладай, мелшиіпті де қалыпты.

Сыртқа шыққан соң Төкең әлгінің лауазымын судырата жөнелді. Өзінің мықтылығын, мықтылармен байланысын – бәрін билетін болып шықты.

- Мұндай адаммен «связь» болған кісі өлмейді. Көрмейсің бе – тау қозғалса да ол қозғалмайды.

Әңгімемен келіп, келесі мекеменің есігін аштық. Мұнда танысым Қарғабай деген жігіт болып шықты. Бөлім бастығы болып істейтін бұл жігіт иненің көзінен өткендей жылпос адам екен. Осы заманғы үлгімен істелген жылтырлығы бет көрінетін әсем қоныр мебельдер, жұмсақ орындықтар көз тартады. Тал шыбықтай сымбатты қара торы жігіт бізді көрген бетте құрақ ұшып қарсы алып, төрге шығарды. Ауыл жайлы сұрап, Төкеңмен көп әңгімелесті. Сөз арасында мен жайлы да өзі сұрап білді. Адамның ішіне кіріп кетердей бауырмал екен. Төкеңнің мені озімен таныстырмақ ниетін де мақұлдан біраз отырды. Менің телефонымды жазып алып, өзінің телефон номерін айтты. Үзбей хабарласып тұруымды өтінді.

Бізбен әңгімелесіп отырып екі қолы бір тыным тапқан жоқ. Столының үстін тәтпіштеп жиыстырып, сия сауыттарды дұрыстап қойып ініктеді. Қоштасып, жылы шыраймен шығарып салды.

- Кейін асықпай келіп, келіннің қолынан дәм татып кетіңіз.

Ауылға көп-көп сәлем айтып, сезінің соңында Тokeңе қыстық соғым қажет екенін білдірін қойды.

Көшеде келе жатып Төкең Қарғабайдың да мақтауын жеткізіп, аяғын жерге тигізбеді.

- Солай, бала, біздің жұрағатымыздың ішінде нашары жоқ. Барлығы да бауырмал, әлі-ақ өзің көресің – колдарынан келгендерін олар аямайды.

Сол күні Төбел қайнағам екеуміз біраз мекеменің есігін аштық-аудеймін. Бірталай жаңа қайнағаларыммен таныс болдым. Кешке қарай үйге шаршап-шалдығып зорға жетіп едік. Токен Сұлубикеге күні бойы көрген қызығын әңгімелеп, «Қазақстан» конъягін ұрттап-жаларап отырды.

Сейтіп, Төбел қайнағам қалага жұма араламай келуін жиілете түсті. Келерінде тағы телефон соғып «Мен келе жатырмын» деп қоныраулата келеді. Екі-үш

Әдеттегісінше Сұлубикеме қарадым. Ол басын изеді. «Қашайын деп тұрған қоянға «тәйт» деген соң не сорым» дегендей, онсыз да ебін таба алмай отырған басым, лездің арасында сықып киініп шыға келдім.

Әуелі жолыққанымыз – қайнағамның өзі сияқты жалтыр маңдайы күнге шағылысқан жуан сары болып шықты. Емен столдың ар жағында жұмсақ креслоға шалқая түсіп, маңғаз қозғалады. Алдындағы шомбал стол алынбайтын баррикада сияқты. Қайнағамның сәлеміне аузын жыбырлатты да қойды, маған көз қырын да салған жоқ. Созған қолыма быртиған жуан саусақтарын тигізер-тигізбес етіп сүйкеп өтті де, тартып әкетті.

-Әреке, мына бала бізге күйеу бала болады. Қолынан іс келетін өзі бір оңды бала, - деп таныстыра бастады. Төкең амандық саулық сұрасып бастаған соң.

Әрекесі кабинетте екеуінен басқа үшінші адамның бар екенін жаңа білгендей маған бұрылып, ежірейе қарай қалды. Не ұнатқаны, не жақтырмағаны белгісіз шегір көзіп анда-санда жыпылықтатып қойып, тындал отыр. Менің мақтауымды жеткізген қайнағам «айтып болдым» дегендей, сөзін аяқтады да, улken іс тындырған кісіше терлеп кеткен маңдайын қол орамалмен сұрте бастады.

Әрекең былқ еткен жоқ, не «қынқ» деп дыбыс білдірген жоқ. Ежірейіп маған қараған беті тыбыр етер емес. Шегір көзі оңменімнен өтіп бара жатқан соң мен жанарымды тайдырып әкеттім.

Төкең екеуміз қоштасып есікке бетtedік. Анау болса мешел болған баладай, мелшипті де қалыпты.

Сыртқа шыққан соң Төкең әлгінің лауазымын судырата жөнелді. Өзінің мықтылығын, мықтылармен байланысын – бәрін білетін болып шықты.

- Мұндай адаммен «связь» болған кісі өлмейді. Көрмейсің бе – тау қозғалса да ол қозғалмайды.

Әңгімемен келін, келесі мекеменің есігін аштық. Мұнда танысым Қарғабай деғен жігіт болып шықты. Бөлім бастығы болып істейтін бұл жігіт инениң көзінен өткендей жылпос адам еken. Осы заманғы үлгімен істелғен жылтырлығы бет көрінетін әсем қоңыр мебельдер, жұмсақ орындықтар көз тартады. Тал шыбықтай сымбатты қара торы жігіт бізді көрген бетте құрақ ұшып қарсы алып, торға шығарды. Ауыл жайлы сұрап, Төкеңмен коп әңгімелесті. Сөз арасында мен жайлы да өзі сұрап білді. Адамның ішіне кіріп кетердей бауырмал еken. Төкеңнің мені өзімен таныстырмақ ниетін де макұлдан біраз отырды. Менің телефонымды жазып алып, өзінің телефон номерін айтты. Үзбей хабарласып тұруымды өтіпді.

Бізбен әңгімелесін отырып екі қолы бір тыным тапқан жоқ. Столының үстін тәтпіштеп жыстырып, сия сауыттарды дұрыстап қойып шықты. Қоштасып, жылы шыраймен шығарып салды.

- Кейін асықпай келін, келіннің қолынап дәм татып кетініз.

Ауылға көп-коп сәлем айтып, сезінің соңында Төкеңе қыстық соғым қажет екенін білдіріп қойды.

Көшеде келе жатып Төкең Қарғабайдың да мақтауын жеткізіп, аяғын жерге тигізбеді.

- Солай, бала, біздің жұрағатымыздың ішіндс нашары жоқ. Барлығы да бауырмал, әлі-ақ өзің көресін – колдарынан келгендерін олар аямайды.

Сол күні Төбел қайнағам екеуміз біраз мекеменің есігін аштық-аудеймін. Бірталай жаңа қайнағаларыммен таныс болдым. Кешкे қарай үйге шаршап-шалдығып зорға жетін едік. Төкең Сұлубикеге күні бойы көрғен қызығын әңгімелеп, «Қазақстан» конъяғін ұрттап-жап отырды.

Сөйтіш, Төбел қайнағам қалаға жұма араламай келтуіш жиілете түсті. Келерінде тағы телефон соғып «Мен келе жатырмын» деп қоңыраулата келеді. Екі-үш

күн асықнай жатып, кетерінде бұйымтай білдірін, бір нәрсеі қалап сұрап әкетеді. Анығын айтқанда – мезі болуға айналдық.

Отірік-шыны белгісіз қорасындағы екі қой қыстай бордақыланып шықты. Сірә, семіздіктен аяғын баса алмай қалған шығар-ау! «Машина тауып, алып қайтайын» десем – «Жоқ, бала, шүрк етпе, келесі жолы өзім әкеп тастаймын», - деп шыр ете түседі.

Бірде Төкең тағы телефон соқты.

- Шырақ мен Төбелмін ғой. Ертең барып қалармын. Ана Әрекең мен Қарғабайға звондай еалшы. Маған бір жүк машинасын тауып берсін, қайтарда көмір ала қайтайын. Мен айтты деең болды, береді ғой.

Кара телефонды алдымға таядым. Көз алдымға жауыннан соң жағаға шыққан көлбакаша ежірейіп, емен столдың ар жағынан қараи отырған Әрекең елеестеді.

- Сәлеметсіз бе, Әреке? Мен ... Мен ана Төбел ағайдың күйеу баласы едім...

- Иә, иә. Есімде... Сен бала, өзің бір тәуір бала сияқтысың. Бірақ ана Төбелден аулақ жүргенің дұрыс болар, қарағым.

- Әреке, неге олай дейсіз?

- Сөйт, қарағым. Одан аулақ жур... Тұсіндің бе?!

Әрекең телефонның трубкасын орнына қоя салды. Бұдан соң Қарғабаймеи сөйлестім.

- Бұл мен ғой. Әлгі Төбел ағайдың...

- Ә, білем, білем... Сен, жіғітім, қой еол алғаннан басқаны білмейтін суайтты. Тағы не сұрайды екен?

- Машина...

- Не дейді?! Жоқ машина! Қайнағаң да құрысын, өзің де құры! Мен автобаза ұстап отырғамын жоқ...

Аяқ астынан әңгіменің барысы бұлай өзгереді ден кім ойлаған. Бірақ бұл әңгіме біздің көзімізді ашты. Содан бери Төбелдің сыйбыры білінсе Сұлубикем еке-үімізді бір жолдастымыздың үйі «қоиаққа інақыратын» болып жүр.

## ӘСЕМ СУРЕТШІ

Кешкіліктегі кездесін, лезде тіл табысып кеттік. Қараймын да құлемін, ол да қүледі. Қолын ұстаймын, тыбыр етпейді. Құштақтамақ боламын, сонда ғана қарсылық білдіреді. Мұның өзі есірген көңілге от үшқының шашқанмен бірдей ғой. Құштарлық деғеніңді шоқ түскен бір құшақ қураған шөптей лап ете түседі.

- Сіздің шашыңыз қандай қып-қызыл, өзіңізге сондай жарасады, - деймін басқа сөз таба алмай.

- Иә, боялған ғой.

- Ерніңіз қандай, улбіреп...

- Оған да бояу жаққанмын.

- Көзіңіз...

- Оны да сүрмелегем.

- Бетіңіз қандай аппак, қоянның етіндей десем бе екен, жоқ әлде, жаңа жауған ақша қардай десем бе екен... Тенеу таба алар емеспін.

- Бетімді де опалағам, - деді құлімдеп. Жымығаны қандай әдемі. Эрмитаждағы полотноның бетінен түсе қалған Мадоннадай тірі суретке тесіле қарап тамсана-мын.

- Сіз, сірә, артистка шығарсыз? Даусыңыз да әдемі болар, сірә? Ән салыңызышы...

Көз алдыма мына жанның сахнадағы бейнесі елестеп, құлағым сыңғырлаған әсем әүенге толып кетті.

Өзімнен өзім қыздың көркіне қарап көз тоймай мау-жырап түрғанымда:

- Жоқ, мен суретшімін. Керек етсең өзімнің творчестволық кухняммен таныстырайын. Әрине, егер де сен қарсы болмасаң, - деді ол.

Күткенімнің өзі сол еді, аузынан әлгі сөз шығар-шықпастан:

- О, мен бәріне де даярмын. Сізбен жердің шетіне дейін баруға әзірмін.

- Жүріңіз, онда кеттік.

Қанша жүргеніміз есімде жоқ, қай көшемен келгенімді де білмеймін. Әдемі қыздың жаңында, әсем әуенге толы көңілімен көп қабатты үйдің әйтеуір бір қабатындағы бір нәтерге келін кірдік.

Ольга мені кең залда қалдырын төргі бөлмеге өтіп кетті. Мен болсам жағалата иолотноларға майлыш бояумен, қағазға қарындашпен салынған сурсттерді қарап, тұра сурет көрмесін кірғендей болып тұрып қалдым.

Қанша тұрғанымды білмеймін әлгі Ольга кірген есіктен үй халатымен шыққан қартаң әйел картиналармен таныстыра бастады. Менің сәлсемдесскеніме таңдана қараған сыңай танытты. Мен оған көңіл аударғам да жоқ, ойым басқада. Әлгі Оля кірген есікке қарап қоямын.

- Мынау – «Ондірістік нейзаж», мынау – « Еңбек симфониясы», - деп таныстыра келін, оның туу тарихына тоқталады.

- Ал, енді, портреттер туралы әңгімелеп берейін. Мынау менің ажыраекан қүйеуім, мынау – балам, ал, мынау болса – менің өзімнің автонортретім...

- Тоқтаңыз, тоқтаңыз... – дедім мен кенет. Мына әйелдің көрсеткен суретіне енді зер салын қарасам – «Мынау автопортретім» деп көрсеткені – Ольғаның суреті. Бір қырындей отырып, қыла жымығаны бәрі аумайды.

- Мынау кім дедіңіз?

- Бұл – менің өзім.

- Оля сізге аумай тартқан екен, - дедім мен бұл әйел оның шешесі гой ден ойлап.

- Қалай дедіңіз.

- Оля сізден аумайды екен.

- Сен иені шатып тұрың?! Оляң кім?! - Әйелдің түеі бұзылып еала берді.

- Сіздің қызыңызды айтамын. Оля, немесе, Орынтай. Ол осында емес пе? Жаңа мына бөлмеге кіргеи.

- Әйел енді сақ-сақ құлді.

- Ол бөлмеде ешкім де жөқ. Көзіңе бірдене көрінген болар? Сен әлғіндс менімен келмедин бе осында? Ольга, яғни, Орынтай деген мына мен боламын, жігітім.

Көзім қарауытып, тұрған орнымда шайқалып кеттім.

Киінін далаға шықсам – күн алай-түлей боран екен. Аснанда ақ түтек бүркеп, маңайдан ештеңе көрінер емее. Көшедегі шамдар сыйырайын қана көрінеді.

Жалғыз аяндап келе жатырмын. «Әйелім қалай қарсы алар екен? Ол, әрине, екі көзі төрт болып, әлі күнге көз ілмей есікке қарап күтіп отыр. «Қайдан келдің» деп сұрайды ғой, оған не ден жауап береміш?»

Жарайды, не болса да бара көрермін.

Долы боран құтырынып соға түсті. Жентектелген суық қар қойны-қонышыма толып, мазамды алды. Ілгері басқан аяғым ксійін кетін, өз жазамды өзім тартып келемін.

## «ҚЫЗ ҚАШТЫ»

Сары самауырынды жалғыз өзі орталай бергенде көрші тұратын Құлима есіктен жылмаң етіп кіріп келді. Бабына келін, қою шайды сыздықтата сораптап отырған Түйметайдың тершіfen денесі жылаң көрғендей жиырыла қалды. Шып-шып терлеген мандайыи көйлегінің етегімен сұртіп таетан, төр алдында жатқан камзолын иғына жамыла берді. Құлиманы көрғенде арқасы тоңазып кеткендей болған. «Оеылар-ақ елдің шайын ішкізбей шайқалады да жүреді екен? Жалақтап ел қыдырмаса іштері кебе ме? Тағы да кімді жамандағалы келді екен?»

Кесе еүртетін орамалмен табақтағы қаймақтың бетін жаба еалып, столдың астына қарай итеріңкіреп қойды.

- Еенбісіз, женеше?

## - Шүкіршілік.

- «Таңертенгі асты тастама» деғен, бір шыны ауыз тиейін, - деді де Кұлима етолға отырар-отырмаетан бес бауыреқтың бірін оң жақ ұртына жытыртты.

- Кел, іш, әйтпесе, анау жаман қайиым қарамай, тастап кетіп жүрер.

- Е, сол жамаи қайиыңыз мені таєтап кеткенде кімді қарық қылады ғой дейсіз. Өзі екі аяғын зорға сүйреп жүргенде, - Кұлима қолындағы кеедегі шайыи бір-екі ұрттан қойды. – Сіздің шайыныздың бал та-тын тұратыны-ай осы, женеше. Қаймақ қатқанеыз ба, тандайыма жағып, тілімді уйіріп барады. Осы ауылда сіздің шайыңызды ғана еүйсінін ішемін. Аиа Тенғе, Тана сияқты қатыидардың шайынан ауыз да тімеймін. Кейде бір-екі шыны ұрттасам кеудемді толтырып, адамды құнті қылады.

Кұлимаиың озінің шайын мақтап, ана суханы сүймейтіндерді даттап, аяғына жығып бергеніне риза болып кетес керек.

- Іш, іш, келін. Жаңа ғана демдеғенмін. Шығып тұр, жеп іш, - ден табақтағы қаймақты стол үстіне шығарды. Ентең ориынан тұрып барып серванттан әр түрлі конфеттер әкен салды.

Екі үйі талай жылдан бері көрші. Бірақ аea көп араласын кетиеесе де кейде бас сұғысын жүреді. Күйеулерінің жас шамасына қаран бірін «женеше», бірін «келін» деп сыйлайтыны бар.

«Ілміген денесімен осынша шайды қай жеріне іше береді екен» ден ойлаған Тұйметай мол денесін шайқап, бір қозғалып қойды. Осы кездे бағанадан аузы-аузына жүқпай сайрап отырған Кұлима бір нәрсе есіне түсे қалғандай кілт тыиды. Пышақ жанығандай екі жағы мен аузын женінің үшімен асығыс еүрте салып:

- Женеше, - деді маңызды бір оқнға айттын отырғанына мән беріп. Біреу естімесін дегендей сәл сыбырлай түеіп. - Естіген жоқсыз ба?

- Жоқ. Нені? – Тұйметай да ынтыға түсті.
  - Ойбай-ау, ана Ақмырзаның кітапханашы қызы таң елеңде сиыр саууға тұрғанымда Әлтайдың бензавозының кабинасында кетін бара жатыр еді. Сірә, сол қызды алып қашып бара жатыр- ау деп ойладым.
- Меніңше екеуінің сөзі бар сияқты еді. Бүгін сол күдігім расқа шыққандай.
- Екі әйел бірсесе сыйырласып, бірсесе сампылда-сып, болар істің «жоспарын» жасаған болды. Келісе алмай біраз отырысты. Ақыры сөз бір жерден шығып, бір тоқтамға келісті. Апыл-ғұптыл кеселерін төңкерін далаға шықты.
- Екеуінің көзіне алғаш бүкен-бүкен етін есік алдында бірдеңе істеп жүрген Сақина түсті. Одан соң бір баланы жүгіртіш Сырғажанды шақыртты. Ештеңеге түсінбей көздері бадырайған екі келішшекке мән-жайды түсіндірін, Ақмырзаның үйіне қарай қатарымен аяңдай жөнелді.
- Осы күні бір осындей заң шығыпты ғой. Жөн жоқ, жосық жоқ «Мен кеттім» деп тайып тұрады. Ана қызды айтамын-ау. Ең құрмаса ауру әкесіне біраз күн қарайласайшы.
  - Қазіргінің жігіттері де не боп бара жатқанын білмейміз. Қолына іліккен қызды тақымына басып алып зымырата жөнеледі.
  - Сен оны айтасын, анада мына көрші ауылдағы біреу келіш түсірмек болып дайындалып отырғанда біре-умен қашып кетіп, үйге баласының өзі келішті. Содан ана қызға ыза болған жігіт ертеңіне барып қаладан бір қызды алып қашып келген екен. Шашу шашып, келіннің басына жапқан бүркенішін жұлып алса, масқара-ай, мұрты аузына түскен ерекек көрінеді. Өзі ыржып күледі дейді. Сейтсе, аналар шашы иығынан асып тұрғанға қыз екен деп ойлапты. Ылғи араққа тойып алған қулар қайдан білсін.
- Иә, оны біз де естігенбіз.

- Біздің балалар да еондай бірденені естідік ден жүрген.

- Ей, қатындар! Қайда беттедіндер? Айттан бара жатқаннан саусындар ма? – Барлығы бірдей дауыс шыққан жаққа жалт қараса Бидайгүл екен. Бөдеисдей майпаң басып барып, шарбақтың есігін ашты.

- Ей, майбасар! Жұр бізбен бірге. Ана Ақмырзаның қызы күйеуге қашып кетіпті. Соған барып қайырлы болсын айтып келейік. Сеи ондайды елден бұрын естуші едің гой. Бұғін өзің түкірігіңе шашалған жоқсың ба? – Шыдамсыз Сақина бірінші болын сөйлемеді. Басқасы да «жұр-жұрдің» астына алыш шу ете түсті.

- Не дейді масқара-ay?! - Басқа сөзге келген жок. Бидайгүл де ере жөнелді. Сойтіп, олар Ақмырзаның үйіне жеткенше жиналғандардың ұзын саны жиырмадан асын кетіп еді.

- Ей, қатындар! Біз неге осынша жөнкілін, оқалақ тиғен снырдай ойнақтап келеміз? Шешең «Қызыымның жігіті әекерде» деп жүретіш. Мен білсем соның қашын кеткені өтірік, - Бидайгүл маймаңдан соңдарына ермей қала берді.

Бұл сөз Күлимаға шаншудай қадалды.

- Қара мынаның ділмәрсі қалуын. Бармасаң қал. Эй, иегып ошарыла қалдындар. Осы дөмалақ бірденені біледі ғөй дейсіндер ме? Эйда, кеттік...

Бидайгүл үйіне қарай жөнелді. Артынан қарап қалған әйелдер оның «сыбағасын» беріп жатты.

Барлығы үй сыртындагы шарбақтың есігін ашқанда бұрыштай сонаң етін жанар май таситын машина шыға келді. Кабинасында «қашып кетті» деген қыз отыр. Аналардың көздері шарасынан шығып, не алға, не артқа шеғіперін білмей тұрысып қылышты.

Секіріп түскеи қыз ауданнан әкелген кітаптарын алыш жатыр. Өзінің бір көзі машинаның дыбыыеын естіш үйден шыққан шешесінде де, бір көзі жиналғандарда. Ауру әкесі есіне түсіп, өне бойын еуық өй қарып өтті.

- Бірденені былықтырмасандар жүре алмайсындар ғой, ә, - деп күңк етті көп сөйлемейтін Сырғажан кейін қайтып бара жатып. Қалған әйелдер оның сонынан шұбатылып, бірінің сонынан бірі шығып жатты.

Түкке түсінбей аң-таң болған қыз бер шешесі орындарында қымылсыз тұрып қалды. Май таситын машина болса, шаңын бұрқыратып көшениң екінші баевнда кетін бара жатыр сді.

## ҚЫМЫЗДЫҢ «ҚЫЗЫҒЫ»

Жол үсті болған соң ауыл шетіндегі аласа там үйге бетімізді бұрдық.

Оң жақ бұрышта аяғындағы шұлығының жыртығын киген беті коктеп отырған жас келіншек біздің кірғенімізді аңғарған жоқ. Менің амандақан дауысым тердегі екі баланың әлденеғе таласын жылағанынан естілмей қалды. Серігім Ерғали жуан дауысымен гүж еткенде ғана келіншек бұрылын, шұлығын аяғынан шешіп алғып, бұрышқа атып ұрды да екіншісін шешпей-ақ оринаң тұра берді.

- Торлетіңіздер, - ден амандақаннан кейін екі бөлмелі үйдің төр жағын нұсқады.

Зор денелі Ерғалидің сонынан еріп жүре берғенімде ол кілт тоқтады да оған байқауеызда соғылып қалдым. Бұрылын карасам шынында да әрі қарай аяқ басуға мүмкіндік жоқ екен. Тұс ауып кетсе де, тұндегі тосек төр алдынан әлі жиналмапты. Есіктен төсекке дейін ішкимнен бастан сырт кнімғе дейін шаінылған. Інінде аяқнімдер де бар.

- Жоғарылатыңыздар, жоғарылатыңыздар, -меи қазір-ақ жинап жіберіп, инай қоямын. Отрыныздар тاماқ істеймін.

Біз асығыс екенімізді, жолшыбай сусын ішуге бұрылғанымызды айтып, бөлмеғе өтуге болмайтын

болған соң, жаңағы ауыз үйдегі жалаңбұт екі ұлға қарай бұрылдық.

Шайға қарамайтынымызды білген соң жасыл шыны шелек ернеуіне дейін қымызға толып, алдымызға келін те қалды. Дастанқан төсемеген жер үстелдің үстіне бір уыс құрт пен бес алты бауырсақ төғілді. Сол бауырсақтардан гөрі ана құрттардың жұмсақтау екенін мен сезіп отырмын.

Жас келіншек екі кесеге толтыра құйып, қымыз ұсынды. Сол-ақ екен екі ұлдың кішілеуі шелекке итінс келіп, ыңырып тұрып алды. Ол – қымыз сұрағаны екен. Ожаумен көсін алған қымызды шешесі астына алақанын тосып, баласына жұтқыза берді. Ожаудың ұзын сабы мандаіына тіреліп, толық іше алмаған ұлдың езуінен сорғалаған қымыз келіншектің алақанына, одан асып шелекке құйылып жатыр. Баласының жалаңбұт борбайы шелектің жиегіне үйкеліп, ортасына қарай өте түсті. Мына көрініске шыдай алмай, Ергалиға қарадым. Ол ештеңе сезбестен қымызын сарқып ішіп, кесесін итеріп қояды. Мен зорға отырмын. Дегенмен, әдел сақтап ұндемедім. Еріксіз кесемді көтеріп, інетінен ауыз тидім. Тілім дәм сезгіш-ақ еді. Сонда да екінші рет ұрттап кордім. Қымыз деп ішіп отырғанымыз ашымаған саумал.

- Әбден пісіліп өлғен қымыз, жуастығы содан. Ішіңіз, ішіңіз, - деп қояды үй иесі.

Бір жағынан әдейілеп бұрылдып келген соң ұялғанымнан, екінші жағынан шөл қысып бір кесе қымызды зорға тауыстым.

Бұл кезде Ергали үшінші кесені басына көтерген. Басқада ісі жоқ, екі көзі келіншекте, аузы қымызда, қалжындалп қояды.

Қаланың сыраханасынан бес-алты саптыаяқ сыралы мұдірмей сыңғытатын сабаз біраз сімірді ғой деймін «өлғен» қымызды.

Жүрмек болып орнымыздан тұрғанда шелектегі қалған қымызды ауыз үйдегі жайпақ пештін үстіпе

қойып жатты. Пешке от жағылмае да, үстінен тартылған жіңіс баланың жуылған киімдері жайылған екен. Қазір сол киімдер беті жабылмаған қымызға сәл ғана тимей тұр. Бұл қымызды тағы біреу ішеді-ау деген ой басыма келіп, жүргегім айнып кетті.

Ауылдан жарты шақырым шықпай жатып, ал құсайын келін, жүргегім айнып, лоқсып-лоқсып құсамын. Ішімде ас қалмай, өкне-бауырым аузыма тығылеа да, қоймай жүргегім лоқсиды.

Ерғалида шек жоқ. Кабинада отырған бсті сылқылық күледі. Әлден уақытта барып:

- Құлерсің әлі, саспа, - деуге ғана зорға шамам келді.

Сүйретіліп келіп машинаға отырдым. Содан бері бір-екі сағат шамасы өтті-ау деймін:

- Тоқтат машинаны, - деді Ерғали бір кездे. Жалт қарасам – түсі бұзылып кетіпті.

- Не болды, ей?

- Ойбай, ішім әкетіп барады.

- Е, бәсе, күлін сдің маған. Жаңа замандасыңың «өлген» қымызының ішіп едің өлердей. Сол тіріліп кеткен фой.

Машина тоқтар-тоқтамастан Ерғали секірін түсті. Мен күлкіге кенелдім де қалдым.

Бірақ құлуін құлеем де ішімде абы запыран қайнап жатты. «Жібекті тұте алмаған жұн етеді» деп осындаидан айттылған фой.

## КӨРШІСІНІҢ КӨМЕГІ

Қою шайды қанып ішіп, тер басуға төр алдына жантайғаны сол еді, жанына келген Қатыш езуін қайыстай созды. Сипат әуелде құлықсыздық сыңай танытып, әйеліне қарап, бір-екі есінеп те қойды. Бірақ Қатыш оған қарайтын емес әріден де, беріден де қозғаған әңгімесін аяқтап шығуға бел байлаған тұрі бар.

- Япыр-ау, - деді ол күйеуіне қысық көзін одан са-  
йын сығырайта қарап, - өсі сен бар ғой біздің үйдің  
есігі мен жұмысындағы кабинетіңің есігінен басқа  
есікті таба алмайсың, мені мен қарамағындағы жалғыз  
қызметкер Құттыбайдан басқаны танымайсың ғой дей-  
мін. Анау елді қараши ашпайтын есігі, кірмейтін тесігі  
жоқ. Солар бастық атаулының бәрін біледі, базаның ди-  
ректорынан бастап мына есік алдындағы газет сататын  
дүңгіршектің сатушысына дейін танысып алады. Сен  
болсаң бір соқпақтан шықпайсың...

Сипаттың көзі жұмулы болғанымен құлағы түрулі.  
Катыштың сөзіне кейде ашу шақырғанымен, кейде шын-  
дап ден қоятыны бар. Бұл жолы да үн шығармай тыңдал,  
мол денесіне бар айтқанын қалт жібермей сіңіруде.

- Өзің өз болғалы осы үйге көлденең табыс тауып,  
бір бұрау әкелген жоқсың. Өзіндей ел жүзіктің көзінен  
өтеді. Мына Майқан биылдың өзінде гарнитурын екі  
рет айырбастап, тұрган пәтерін төрт жылда екі рет  
жөндеуден өткізді. Танымайтыны жоқ. Жүрген жері  
пайда. Тиіп кетсе бірдеңені іліп кетеді.

Сипат бұл сөзбен де келісті. Рас, ондай адам өзімен  
бірге істейтіндср арасында да бар. Кеше Қиқым бір дөр-  
ба апельсин алып келеді. Бұл көзінің қызығын салып еді:

- Сауда базасында көршім істеуші еді, содан барын  
алдым, - деді.

Осы жуырда қарамагындағы жалғыз қызметкер  
Құттыбай да былтырдан бері үстінен тастамайтын  
көйлегін:

- Көршім әперген, шетелдікі, - деп қоймай жүр.

Бастықтың қабылдау бөлмесінде отыратын қырау  
шеке қара қыз да мереке жақындаған сайын қорап-  
қорап шоколад үстап:

- Көршім әперді, - деп мақтанаңып жүреді.

Осындаллар ойына түскенде іші-қарны ойран-асыр  
болады. Елдің бәріне елгезек көрші қайдан табыла бе-  
ретініне таң қалады.

- Эй, - деп Қатыш түртін қалғанда, селқос жатқан ол селк ете түсті. – Немене, үйықтап қалғаннан саумысың?

- Жоқ, үйықтағам жоқ. Айта бер...

- Осы, мына қарсы пәтердегі көршіміздің қайда іс-тейтінін білесің бе?

- Білмеймін.

- Білмесең – енді, біл. Ол – қаладағы бақандай бес автопарктың бірінде білдей бастық. Жатнай-тұрмай жақсылап танысып ал. Ең құрығанда ел құсап автобусқа тегін мінетін бол.

- Жарайды, болды енді... Маза бер, - деді Сипат әйеліне.

Оның қашанғы әдеті. Қатыш сөйлеп кеткен кезде «қой» демейді. Әбден болған кезде басу айтады. Ал, ойындағысын айтып болғанша оның тілін кеспей тоқтамайтынын біледі. Міне, айтарын айтып болған Қатыш үнсіз. Оны өзінің ақырып «тоқтатқанына» Сипат іштей мәз. Дегенмен, Қатыштың сөзінің жаны бар деп түйген іштей.

Ертеңіне қарсы пәтерде тұратын көршісі Бергенбай Беделович бетпе-бет кездесті. Сатыдан зорға көтерілін келе жатыр екен:

- Осы біздің лифт қашан дұрыс жұмыс істер екен? – деп ол өз жанына батып жүрген мәселе жайлы бірінші сез қозғап еді:

- Бергенбай Беделович, еіздің арқаңызда автобусқа тегін мінейік те, ай еайын бәленбай сом ақшамыз босқа кетеді, - деп бұл өз жайын түйеден түскендей топ еткізді.

- Е, мініңіз, мініңіз, Секе... Сәке.. Сиеке... – деп не қалжың, не шын екенін білмей тұрып қалды.

Тағы бірдене дейін деп келе жатыр еді оған Синат қараған жоқ, Қатыштың тапсырмасын қатырдым деп ойлад, төмен қарай жөнеп кетті. Ыңырына басқан Бергенбай Беделович иығын бір қозғап, жоғары беттеді.

Сол күннен бастап Сипат автобусқа билет алмайтын болды. Талон тестіріп әуре болып жатпайды, мініп алады да тартып кетеді.

Жарты айдан аса бергенде билет тексерушілер кездесті.

- Билетіңізді көрсөтіңіз, - деді олар.

- Билетім жоқ, - деді бұл.

- Ендеше – айып төлеңіз.

- Төлемеймін.

- Неге?

- Мен Бергенбай Беделовичтің көршісімін...

Ақыры олар айып салып, суретке түсіріп, қызмет орнын, мекен-жайын жазып алып жайына кетті. «Түк те етпейді, - деп жұбатты бұл өзін-өзі. – Бекең аман болса ешқандай пәле жоламайды».

Содан екі күн отпей бастығы шақырды. Барып еді:

- Бес тыныңды аяп, билет алмай бала болдың ба? – деп қолындағы қағазды көрсетіп, жерден алыш жерге салды.

Кешке үйге келсе телефон шар-шар етеді. Осындағы бір құрдасы екен:

- «Қоян» болуыңмен құттықтаймын. Бүгін бір автобустың ішінде ілулі тұрган суретінді көрдім, - деп мәз болады.

Іза кернеген Сипат телефонның құлағын орнына сарт еткізді.

Ертеңіне төртінші класта оқитын қызы келіп:

- Папа, автобуста билет алмағаны үшін біздің кластағы Байпақтың суретін магазиннің алдына іліп қойыпты. Класымызбен барып көріп едік, жанында сіздің де суретіңіз тұр екен. Балалар мені мазақ қылды, - деп қос жұдырығымен көзін үқалады.

Сипат теріс айналды. Қатыш бірдене дейін деп келе жатыр еді:

- Ей, болды енді, тоқтат! – деп өмірінде бірінші рет сөзін айтқызбай тыйып тастады.

Сөйтіш, Сипат көршісінің арқасында бүкіл қалаға танымал болды.

## «ҚИСЫҚ ТҮС»

Жалтырай қоятын маңдайы жоқ болғанымен президиумдағы бұған елдің назары ауған. Көпшіліктің көзі жаудырап, бәрі бірдей қадала қалыпты. «Көз – адам сезімінің айнасы» дегенді тауып айтқан осы жұрт. Эне, анау күжірейін отырған – Сыбан. Көздері жаудырап, екі езуішен сілекейі шұбыра түскен. Сірә, мұның бастық болғанына қызығатын сияқты.

Мына жақ бүйірде екі көзі қанталап, құтырған қасқырдай тісін шықырлатып Бодық отыр. Бұның бастық болғанына қарсылығын солай білдіргісі келетін сияқты. Оны елең етіп отырған ешкім жоқ. Отырсын солай бейшара. Елдің бәрі президиумдағы Таңатарға қарап «көзімен ішіп-жеп, жалап» отыр. Ертеңгі күнгі басшысына жағына түскілері келетін сияқты.

Баяндаманы бірінші хатшының өзі жасап тұр екен дейді. Тура өңіндегідей.

- Совхоз жұмысшы-қызметкерлері бір ауыздан ұсынған Таңатар Тәуіровты директор етін сайладық, - деді де ол мінбеден түсті. Жұрт ду қол шапалақтады.

Жалғыз ғана Бодық тісін шықырлатып әлі отыр. Орнынан қозғалмайды.

Жүргегі лұп-лұп соғып, мінберге Таңатардың өзі шықты.

- Жолдастар, сіздердің сенімдерінізді ақтап, осы совхозды өрғе сүйремесем оң қолдарыңызды бері әкелініздер, - дейді жиналғандарға.

Қалай болғанын өзі де білмей қалады, қас қағым сэтте мінберде емес, стол басында отыр. Әлдеқандай жиналыс өткізін жатқан сияқты. Анау бұрышта Бодық отыр. Баяғы жауыққан көзімен қараудан таяр емес. Тісін

қайрап, шақыр-шұқыр еткізеді. Айтпақшы, бұл жиналыста Бодықтың тәртібін қарап жатыр екен-ау, өзі.

Бодық осындағы үшінші бөлімшениң агрономы. Таңатар екінші бөлімшеде агроном болған еді, енді міне, бағы жанып, пенсияға шыққан совхоз директорының орнына отырды. Өзімен бірдей қызметтес адамның жоғарылап кеткенін көре алмайды-ау, сірә? Сонымен бірге бас араздықтары тағы бар.

Сонау жылдары осы әйелі Райкүлге Бодықтың үйленбекші болып, сөзбайласып қойған жерінен Таңатар алып қашып кеткен. Содан бері ит пен мысықтай. Оны екеуінің ғана іші біліп қоймайды, бүкіл ел біледі.

...Бодыққа шүйілғен Таңатар оның шаруашылыққа қырысız қарайтынын шеғелеп айта келіп:

- Жұмыстан шығару керек! Понимайш-ш! – деп столды жұдырығымен қойып қалды.

Солақ екен, бүйір тұсынан әлде не түйіп өтті. Көзін бағжаң етін аңқанда көрғені - өзінің Райкүлі.

- Не болды саған, албасты басқыр? Жамбасымды ондырмадың ғой. Тағы кіммен төбелееіп жатырсың? Жатар алдында ішпе десе болмайсың.

Таң бозарып атып қалыпты. Райкүл сөйлеп жатыр. Таңатар болса көрген тұсінің әсерінен айыға алмай әуре. Онысы рае, жатар алдында «жақсы ұйықтатады» деп жұз грамм тастан алған болатын. Соның әсері ме, кім білсін?

Райкүл еөйлеп-еөйлеп ұйқыға кеткен. Таңатардың енді ұйқысы келер емес. Көзі жұмулы, көңілі ояу. «Әлгі тұсті қайта көрер ме едім, шіркін!» - деп іштей армандауда.

«Тұс көру» дегенді ғалымдар мидағы бір нүктенің дем алмауы деп түеіндіреді. Бос сөз! Сонда менің директор болғым келгенін біліп сол «нүкте» дем алмай шаршан жүр деген.

Бұл тұсімді кімге жорытеам екен, ә? Кім жақсы жорыр екен? Айтпақшы мұндан тұсті ешкімғе айтуға бол-

майды. Ол «секрет» болуы керек. Өзім-ақ жориыншы. Қалай еді? ... «Түсінде ренжісең – өнінде қуанасың» деге-  
меуші ме еді жорығыштар. Мен түсімде директор болған  
екенмін, ал өнімде... Ойбай, бұл болмайды гой.... Қалай  
дегенмен де бұл бір қисық түс болды. Қой ұйықтайын,  
бір жөні болар. Ұйқым қанбай қалып жүрер.

Көзі ілінің барады екен, кішкене сәбій қыңқылдады.  
Сол-ақ екен Бодық қайтадан тісін шықырлатып қайрай  
жөнелді. Әбден ыза болған Таңатар жастықтан басын  
жұлып алды да, есенгіреген адамдай сілейіп отырып  
қалды.

«Сенделіп бос жүргенше Секентайдың бесігін  
жөндесең болмай ма, әбден тозып, шиқылдауық бо-  
лып кетті» деген Райкулдің сөзі есіне түсті. Тұні бойы  
Бодық болып тісін шықырлатқан осы бесіктің шиқылы  
екен гой. «Қой жөнделеп қоймасам болmas».

Көзін жұмып біраз жатқанымен ұйқысы келмеген  
Таңатар орнынан тұрып кетті.

## «ДӘРІГЕР ПАРЫЗЫ»

Басым ауырған кезде ентек аналгин жұтатыным  
болмаса дәрігер алдын көрген жан емсөнін. Анда-  
санда бір ауруга қареы салатын инесінің өзінен зәрем  
ұшады. Дегенмен, кейінде басым жіңі айналып, асқа  
тәбетім шабудан қалды. Сөйтіп жүргенде институтқа  
түспек болып документ қагаздар жинадым. Дәрігерлік  
байқаудан өткендігім туралы аиықтама алу үшін  
емханаға келдім. Тәртін солай болған соң амал қанша,  
кабинет атаулыны ақтап шыгуыма тура келді. Ееік біт-  
кенді түгел өткердім. Бәрінен бұрын көз дәрігері мен  
терапевт көн үетады.

- Көзің жақсы көре ме? – деді алғашқысы,  
қабырғадагы әрінтердің бәрін екі көзімді кезек  
жұмғызып көрсетіп шығып.

- Қыырдағыны шаламын, - дедім мен. Бірақ басым айналған кезде көзімнің қарауытатынын бүгіп қалдым. Ойым тезірск анықтамаға жету. (Айтып қойсам қағазыма қол қоймай жүре ме деп қауінтендім). Қойған сұрақтарының бәріне жауап беріп жатырмын. Ол да оны-мұныны сұрап жатыр. Әйтеуір бір кезде босаттыау, тәнірі жарылқағыр.

Босатқаны бар болсын қағазыма қол қойып жатып:

- Жақсылап көзінді тексертпесең болмайды: «Денсаулық зор байлық» - деді шегелеп.

- Еш жерін ауырмай ма? – деді терапевт жалаңаш кеудемді тыңдал болып. - Өнің сынық, түсің қашып, сұрланып тұрсың, сірә қаның аз болар. «Дәл солай» деу-ғе шақ қалып, ернімді тістей қойдым.

Ол сөйлеп отыр:

- Мүмкін анда-санда басың айналатын шығар?

- Жоқ. Денсаулығым тастан берік.

- Оның жақсы екен. Бірақ жақсылап қаралмасаң болмайды. Білім алғаның жақсы, деғенмен, адамға әуелі денсаулық керек. Ал, артық болса кешір. Бұл біздің дәрігерлік парызымыз. Жарайды, оқуға түсүіңе тілектеспін. Сау бол, - деп жақсы ниетпен есікке дейін шығарып салды.

Осыдан кейін шын ойға қалдым. Екі бірдей дәрігер бірінің сөзін бірі дөп басып қайталады. Және де тұра ақиқатын айтты.

Институттың кешкі бөліміне түсіп, орнығып алған соң, бір күн жұмысынан сұранып, салып отырып емханаға келейін. «Не болса да денсаулығымды бір тексертіп алайын», - деп ойладым.

Бірден көз дәрігеріне кірдім. Көзімді тексертуге кслғснімді айттым. Сол ағайдың өзі екен, сұрақ бере бастанды. Мен жауабын бсрдім.

- Ә, түсінкті институтқа түстім де. Оқымысты болдым дессңіші. (Зор денесі селкілдеп күліп алды). Енді саған керегі көзәйнек екен ғой. Бұлардың әдеті -

оқуға түспей жатып көзілдірікке жүгіреді... Жарқынным, көзіңнің өткірлігі алмастай. Ал, басың айналса, басқа дәрігерге бар, - деді де «сөз осымен бітті» дегендей, көзілдірігін стол үстіне қойып, маған тесіле қарай қалды.

«Шешінген судан тайынбас» деген ғой, не болса да терапевттің кабинетіне келіп кірдім.

Ол да сұрақтың неше атасын қойып шықты. Мен жауапты беріп жатырмын.

- Институтқа түскен екенсің, ол – жақсы. Адамға білім керек. Оның дұрыс. Космос заманында білімеіз адам болмайды.

«Басым айналады дейсің. Ол – көптен қарамай кеткен кітап қағазға бірден коп үңілгеннен болады. Сонымен бірге оның екінші жағы да бар, - деді ол қулана жымыш. – Біз кім көрінгеннің «Басым ауырады» дегеніне сабактан босататын анықтама жазып бере салмаймыз».

Басқа сөз айтып оған түсіндіріп жатуға шамам келген жоқ, басымның айналғанына қарамастан есіктен ептеш шығып, коридордағы ұзын орындыққа сылқ етін отыра кеттім.

Содан бері міне, екі айға жуық уақыт өтті. Екі рет басым айналып құлап қалғанымда «жедел жәрдем» келіп «тірілтіп» алды. Инесін шаншып, витаминін жазып беріп:

- Қаныңыз аз, емделіңіз, -деп жайына кетеді.

Бірақ менің шайлыққан көнілім емханаға қарай басар емес.

## ОҢ КӨЗІМ ТАРТЫП ЕДІ

Оң көзім тартса қуанып, сол көзім тартса ренжитін әдетім. Бұл менің өз тәжірибемде әбден зерттеліп, қаныма сіңген жай. Соған қарап бүғін бір қуанышқа қатты кенелетінімді еезіп, жүрегім күпті бола қалды.

Өйткені, тынымсыз тыржындаған он көзім келе жатқан қуаныштың хабарын жеткізгендей қоймай мазалайды.

Не де болса сол жақсылықты үйде күтін алмаққа асығып, жұмыс аяғы бітпестен автобусқа отырдым. Билет алмақ болып қалтама қолымды салып жібергенде әлде не қағаз іліге кетті. «Бұл не болды екен» деп суырып шықсам – квитанция. Иә, кәдімгі киімдерімді химиялық тазалау орнына тапсырғаным туралы қабылдау пунктінің берген қағазы. Таңтерең сол киімдерімді алмақ болып, әдейі ала шыққанмын. Тазалап бітіретін мерзімінен екі күн өтіп те кетіпті. Жолшыбай түсіп тұрмыс қажетін өтеу үйіне тапсырылған киімдерімді ала кетпек оймен қағаздарды қалтама салып жатыр едім:

- Жас жігіт, сіз әлі билет алған жоқсыз! – деген ескертпе дауыс шықты.

Жалт қарасам алдында екі бүйірін таянып, енгезердей кондуктор тұр. Ә, дегенше екі аялдамадан өтіп кетіп, түсетін жеріме де келіппін. Ананың қолына бес тынынды ұстата салып, тұрмыстық үйге үмтүлдым.

Екі аялдаманы билетсіз өтіп, айып төлемеғеніме іштей қуанып келемін.

- Тура білгендей келдің, - деп қуантты тагы да қабылдау пунктіндегі келішек. – Сенің костюм-шалбарың мен желеткенді жаңа ғана әкелді. Қазір дереу түймелерін қадап бере қоямыз, отыра тұр.

Елдің дабырласқан сөзіне құлақ асқан мен жок, бір жігітпен «Шахтсрдің» кезекті ойыны туралы әңгімелесіп тұрып, уақыттың қалай өткеніп байқамай қалыптын. Дайын болған киімдерімді іліп алып, үйге қарай тұра жүгірдім.

Өрекпіген көңілмен алып-ұшып үйге келсем – зайыбым да жұмыстан оралып, балалар бақшасынан келген, ұлымызды шешіндіріп жатыр екен. Түйішегімді алдына жайып салдым. Өзімше «тазалап беруге ерініп

едің, енді саған жалынбайтын болдым», деп бір түйреп өтпекшімін.

Костюмді бір айналдырып, менің бетіме қарады, мен оның бетіне қарадым. Шалбарды айналдырып тағы қарады, мен де қарадым. Желеткеге назар да салмады.

«Ал, енді не айтар екенсің?» - деймін іштей.

- Сенде көз бар ма?

- Бар, - дедім. Күні бойы қуанатын оң көзімнің тартқанын айтайын деп келе жатыр едім:

- Көз емес, жараның орны фой. Мынау не?

Қолымен нұсқаған жерге қарасам – шынында да өз көзіме өзім сенер емесспін. Химиялық тазалау көрген мүлік сияқты емес. Бұрынғы кірі сол беті түр. Костюмінің жеңінің аузы, ішкі қолтығы, жағасы баяғы беті. Түймелерін де асығыс бүрін-бүріп қадаған. Шалбарының екі жамбасында өтек табы қалыпты. Ал, ішкі астарының кірі орнынан тыбыр етпеген. Сонымен бірге, шалбарымның артқы қалтасының аузындағы және алдындағы бір түймесі үшті-күйлі орнында жоқ.

Абырой болғанда Әсемғұлім ашуға қамшыны бір баеса үйдің бұрыш-бұрышынан пана таба алмай қалатынды болушы еді, бұл жолы өйтпеді. Мені үйде қуырғанмен химиялық тазалау фабрикасының жұмысы оңалмасын сезсе керек. Кіnmіmdі ішім ашып тұрса да, Әсемғұлімнің бүгінгі мінезіне қатты қуандым. Айттым фой оң көзім тартса, қуанамын деп. Шіркін, үй-ішінің тыныштығына не жетсін. Киімі құрсын.

- Мынаны көрді ме, әлгі қабылдау пунктіндегілер?

- Жоқ.

- Ендеңе, ертең барып айтарсың мән-жайды.

Сол сөзбен ертеңіне қабылдау пунктіне келдім. Қабылдаушы келіншектің алдына жағдайды жайып салмақпын.

- Қайнам, - деді ол, менің әңгімемді кеше тыңдал алғандай-ақ аузымды аша бергенімде. - Айтайын деп түрғаның он жылдан бері таныс шаруа. Онымен еш-

кімді тандандыра алмайсын. Сенің киімдерің қолында ғой. Әйтеуір аман-есен бе? Соны олжа көрмейсің бе, қайнам, - деп сүрме жаққан көзін сүзе қарады. Құлкім келмесе де, келіншектің көңілін жықпасқа еріксіз езу тарттым.

Осы кезде оң жағымнан шыққан баж еткендей барқыраған әлдене дыбыс тұла бойымды дір сткізді. Жалт қарасам, жайындан жайқалған жуан әйел екен. Ойдым-ойдым ойылып, теңбіл-теңбіл дақ түскен койлеғіп көтере қарап тұрды да, тағы да ышқына шынғырып жіберді.

Құлағым біткендіктен козімді жұмып, басымды шайқап-шайқап қайта ашсам – бір жуан әйел плащын шешіп, білеғін түрініп жатыр екен. Ашық есіктен қалай ырғып шыққанымды сезбей қалдым. Тұра жүгіруге елден ұялып, адымдай басып ұзай бердім.

## СЫЙЛЫҚ

Бұғін менің туған күнім. Кейбір сәтте есіктің қоңырауы мен екі иығынан деп алғып, қара телефон қатар шырылдағанда қайсысына жүгірерімді білмей қалатын сәттерім де бар. Келіп жатқан достарым құлағымнан жұлқыласа, келіншегі бетімнен сүйіп есімді тандырады. Дүниеде беттен сүйгенді жаным жек көретін басым, ерін тиғен жерді женіммен сүртіп тастап шапқылап жүрмін. Э, деғенше құшағым гүлге толды да қалды.

Бір кезде Тәпек құлағымнан аямай-ақ жұлқыды.

- Нешеге келдің-ең, сүрбойдақ? Соңша рет жұлқыын. Тұбімен қоса жұлып алайын ба осы, қалқиған жарғағынды?

- Қой, ойбай! Кейін тағы керек болады. Келесі жылы да туған күн өткізбеймін бе?

- Кел, ұзынтара. Еңкеймесең менің бойым жетер емес, - деп бәкене келіншегі Төлжан зорлап еңкейтін,

бетімнен сүйді де: - Сорайып жүріп құр қаласың ғой қыздардан. Мына гүлдей жайнай бер, сондай үлбіреғен әдемі қыздың біріне құрық сал. Ал, бұл әзірше ғана. Саспа, сувенирің қазір болады. Қыздар әкеле жатыр, - деп аяқтады сөзін.

- Рахмет, рахмет, - деп мен де өзімше ізет білдіріп жатырмын. Алғанды кім жек көрсіп.

- Сөйткенше болған жоқ, есіктен апыр-топыр үштөрт қыз келін кірді. Сірә, әлгі айтқан сыйлықтарын әкелген болса керек:

- Кәне, Мурлик, көзінді жұм, - деп шу ете түсті.

Мен айтқандарын істедім.

- Көзінді аш.

Аштым. Өз көзіме өзім сенер емеспін.

Не деп ойлайсыздар ғой? Торсық деген қыз бір кішкентай жоқ тақыр жұнді қанден итті ұстап тұр. Ал, Закилаш болса бір мысықты алдыма қөлденең алып келді. Қапслімде не дерімді білмей, аузыма сөз түспей қалды. Аңқып тұрып қалдым. Менің бұл тұрысымды қыздар өзінше түсініп, куанғанынан не дерін білмей қалды деп ойласа керек.

- Ал, ал. Бұл саған әкелген біздің живой сувениріміз, - деп шу ете түсті қыздар.

- Мен қолыма ала қоймаған соң Торсық қанденді жерге түсірді. Сол-ақ еken шолақ құйрық кішкене қанден артқы екі аяғымен секіріп «билеп», елдің шекілесін қатырды.

Закилаш мысығын жерге түсіріп еді, ол құйрығын тіке шашып, итке қарап ысылдады да диванның астына кіріп кетті. Сірә, бөтен үйді жатырқаған болса керек.

Екеуі өздері әкелген «товарларын» жер-көкке сыйғызбай мақтап жатыр.

- Базарға барсақ, - дейді Торсық, - мына ит билеп тұр еken. Маған ұнағаны сондай: «осы итті алайық» дедім Закага. Ол дереу келісе кетті. Өйткені, маған ұнаған нәрсенің барлығы да Муркаға ұнайтынын ол біледі ғой.

Солай емес пе, Зака? (Закилаш макулдағандай болып басын изеді). – Ал, ана мысықты Заканың өзі таңдады... Фажап емеспе, а, достар, айтындаршы? Қандай тамаша сыйлық! Сыйлық дегеннің өзі де осындай оригинальный болуы керек қой. Мұндай затты ешкім де ойлап таба бермесе керек.

Өзіме де обал жоқ. Жай журмей осы Торсықтың үйіне барғанда итін мақтап жөнелетіш әдетім бар. Менікі: «Иесіне жағамын десең – итін мақта» дегеннің кері ғой. Кейде қыз алдында сөз таба алмай қысылған шақта «Жұлдыз бен Айды мақтайтын» жігіттерміз ғой. Бірде басқа сөз таба алмасам керек. Торсықтың «Васька» атты сабалақ кішкене қанден итін асыра мақтаймын деп өкпелетіш алғаным бар.

- Сенің итің қандай тамаша ақылды. Менің осындей бір итім болса шіркін. Осы «Васькамен» ойнаған сайын көңілім бір сергіп қалады, - деп едім, ол шарт та, шұрт ашуланып қалған.

- Ө, сен мен үшін емес, мына ит үшін келеді екенсің ғой осы үйге. Менің көңіліме қарамайсың, ә? Шық, ойбай, үйден шық!

Бірақ «шық» дегенде мен шығамын ба? Тұрған жерімнен тыбыр етіп, қозғалғам жоқ. Біза болған қыз диванға отыра қалып жылай бастады. Мен не істерімді білмей састьм. Артынша өзіме-өзім келіп, оны жұбата бастадым. Жанына отырып, бетінен, ернінен, сор татыған көзінен сүйдім. Сол-ақ екен «Васька» да алдына секіріп шығып, қыздың беті-көзін жалай бастады. Итінің бұл қылышына риза болып кетсе керек:

- Ой, біздің «Васька» шынында да ақылды, - деді ол жылауын қойып.

Сейтіп, біз екеулеп отырып, жылаған қызды зорға жұбатқанымыз бар.

Міне, сонымен, менің өзім де жеке бір итке ие болып отырмын. Сірә, Торсық менің осындай «нәзік жандылығымды» ескерген болса керек.

Стол басына жайғастық. Сөзді бірінші болып Тәпек алды. Ол жуан қарнымен столды төңкеріп кетердей болып орнынан түреғелді де:

- Стакандарыңды толтырындар, - деді.

Біз толтырдық.

- Ендеше, ұстандар.

Ұстадық.

- Айтсаңшы, айтатыныңды көп созылмай. Бізге бұйырып-ақ біттің ғой өзін, - деп Төлжан оны түйреп өтті.

- Айтсам – сол...

Бірақ сөзін айта алған жоқ. Үйдің іші астаң-кестең болды да кетті. Сірә, ойыншыл қанден тарғыл мысыққа тиісті-ау деймін. Ойын көтеретін ана мысық па? Бұрын итке үйренбек болса керек, лездің арасында кішкене қанденді шиқандай қылышп талады да таstadtы. Ашушаң неме екен.

Қыздар маған тығылды, қарны кебежедей болып Тәпек келіншегі Төлжанның артына тығылды. Мен екі макұлықты зорға деғенде ажыратып алдым.

- Қап, бет-аузын қанатып тастағанын қарашы, - деді қыздардың бірі тұрып.

- Қанаса – оған жолауга болмайды, мүмкін құтырған шыгар. Дәрігерге көрсету керек, - деді енді бірі.

Сол-ақ екен жүрттың бәрі орындарынан қопарыла көтерілді. Сірә, әлгі сөз үрей тудырса керек.

Тост айтусыз, арақ ішусіз қалды. Итке бір, мысыққа бір қарап ортасында жаудырап мен қалдым.

## ТЕЛЕФОННЫҢ ҚЫРСЫҒЫ

Жүрегі алыш-ұшып жан тыншытар болмаған соң Жетек жалма-жан үйіне қарай асыға жөнелген. Келгені келген-ау, сол құрлы зықысы шықты. Жар деғенде жалғыз жары Айбике ай-күніне жетіп отырған. Ыңқыл-

сыңқылы көбейіп, марғау қозғалып ыңырана түскен екен. «Жеткен жерім осы» деп ойлады Жетек, жеңін бір сыйбынып, бір түсірін. Соңда не істсек оны өзі де білмейді.

Магазинғе жүгірін, шай-жем әкслді. Үйге келіп шай қайнатты. Бірақ шай жөнді ішілмеді. Тамағынан ас қалай өтсін бұрышта томашадай болын бүрісін Айбике отырғанда. Анда-санда дыбысын қатты-қатты шығарып сарнап қояды.

- О-ой, ішім!... Белім сырқырап барады...

Құні бойы «дәрігер щақырайын» деп тұра-тұра жүгірғен Жетекті тежеп отырған Айбике бір кездे қатты сарнап кетті де:

- Ой, жүгір «жедел жәрдемғе!» - деп қалды.

Сол-ақ екен онсыз да зорға отырған Жекең күздік пальтосын жадағай жамыла салып, сыртқа ұмтылды. Өз үйінде телефон болмаған соң түннің бір уағында кімнің есігін қақсын.

Дала суық екен. Күздің қара дауылы бет қаратпайды. Қарсы соққан жел жүрісін баяулатып, еуық ызгары қойны-қонышын аралап, денесін қарып бара жатса да елең етер емес. Бойын ерекше бір сезім билеп, көз алдына болашақ сәбіі елестегендеге, жүрісін екпіштете түсті. Бірақ қанша жылдам жүргенімен маңайдан ешбір телефон-автомат табылар емес. Табылғанмен ішіндегі телефонпың орнын ғана сипайды. Эйтнесе, телефоны бар, трубкасы жоқ болып шығады.

Жан-жағына қаран, жыларман болып тұрған Жетектің көзі қареыдағы заводтың маңдайшаесындағы жазуға түсті. Сол-ақ екен қуанышында шек қалған жоқ. Заводқа кірер жердегі жұмысшылардың рұқсат қағазын тексеретін нұнктеге телефон болатыны ойына келіп, со-лай қарай ұмтылды.

Кірін келсе қуырылған картоптың тәтті исі мұрын жааралықтай мүңкін тұр екен. Төрдегі үлкен столдың үстіндегі тоқ пеште бірдене шыжылдап жатыр. Дәл қасында қара телефон тұр.

Күні бойғы іздегенін жаңа тапқан ол столға ентелей түсті. Сол кезде столдың жаңында салбыраған бұғағы дір-дір етін, ұйқылы-ояу бірдене шайнап отырған жуан сары әйел көзін бағжаң еткізді.

Әдеттегі жаттанды созі болса керек:

- Пропускің қайда? – деді де, есіне жаңа түскендей сағатына қарап: - Жұмыс бағана біткен. Ешкім жоқ. – Табадағы қуырдақты шыжылдатып аудара бастады.

- Маған телефон керек еді.

- Е, маған керегі жоқ па еken? Бұл – служебный телефон. Жолыңдан қалма жігітім. Бұл жерде бөтен адамға телефон соғуға рұқсат етілмейді.

Жетек жалына бастады. Болмады. Түсіндіріп көріп еді, түсінбеді. Жайбарақат, мамырлаған беті столдың қақпағын ашып, ішінен нан, пышақ ала бастады. Өз-өзінен сөйлеп жүр.

-Үйінде тыныш жатса бүйірлері тесіле ме еken. Күні-түні маза жоқ. Осылардың орнында мен жатар ем-ау көсліліп.

Бір кезде бұған қарады да:

- Ей, жігітім, тұрма дедім ғой мен саған. Енді кетпейтін болсаң милиция шақырам, - деп қалың пальтоның сол жақ женіне таққан қызыл матаның қыртысын жазып жөндей бастады.

Қанша тұрганымен түк шықпасын білген Жетек желе-жортып әрі қарай жөнелген. Сол беті маңдайындағы жазуы айдаладан көзге ұрған тағы бір мскеңсің есігіне тірелді.

- Бұл кім? Не керек? – деғен ұйқылы-ояу дауыс естілді.

- Маған телефон керек еді, телефон! «Жедел жәрдем» шақыруға. Әйелім толғатып жатыр...

- Алда, қарағым-ай! Қазір, қазір. Кішкене шыда.

Есіктің ар жағынан сылдырлап күршек, одан соң бірнеше жерден бұралып құлыштар ашыла бастады.

Күзетшінің қымылы тым баяу, сылбыр екен. Тағаты қалмай құтін жетек тұр. Суықтан тісі тісіне тимей сақсақ етеді. Әр құлыпты ашқаны бір ай. Кілт салатын жерді таба алмай сипалап тағы біраз тұрады. Ашылды ау, әйтеуір бір кезде.

Ашылған есіктен шоқса сақалы үрпиген, құлақшының құлағын түсіріп тамағының астынан байлап алған кішкене бір шал көрінді. Иғына асынып алған мылтығының үші қылтияды.

- Алда, қарағым-ай! Қап!... Өзің тым жас екенсін, алғашқың ба еді?...

- Иә, ақсақал.

- Алда, қарағым-ай! Баяғыда сендердей кезімізде...

- Телефон кайда, ақсақал? ... Телефон...

Жетектің даусы қаттырақ шығып кетті. Ішке қарай әрі өтейін десе, шалдың өзі есіктің көзіне тұрып алышты. Асығар емес.

- Алда, қарағым-ай! Тлипоны түскір бола ма бізде. Былтыр әлгі Топай бастық: «Корінген звондал мазалай береді» деп алғызып тастаған.

Жетектің құлағы шыңылдан кетті. Бұрылыш алыш жүгіре жонелген. Қария болса:

- Алда, қарағым-ай!.. – деп бірденелерді айтып, есікті бекітіп жауып жатты.

Артына бұрылуға шамасы жоқ Жетек сол жүгіргеннен мол жүгірді. Басқасы есінде жоқ бір кезде қалалық презентхананың есігінен кіргенін біледі. Барлық жағдайды баяндай бастап еді.

- Ұлың құтты болсын, жігітім. Үйге қайта беруіңе болады, - деді қарсы шыққан ақ халатты жас келіншек, сыңғыр-сыңғыр әдемі құлін. Бірақ оның әдемі құлкісі бір түрлі ксқссінді естілгендей болды.

Айбикенің мұнда қалай жеткеніне түсіне алмай ұзын орындыққа сылқ етін отыра кетті. Сірә, бұл телефон іздең сандалып жүргенде ол таксимен келген болуы керек.

## **ҚУАНҒАНЫМ-АЙ...**

Бір күні ауылдағы бір туысқанның осындағы институтта оқытын баласы келіп тұр.

- Ағай, өзініз көмектеспессіз сынақтан «құлап қалдым». Профессор ағай екіші емтихан қабылдамай отыр. «Біраз дайындалып кел» дейді. Оған келесі ссместр бойы стипендия төлемей қояды ғой, - деп мұрынын қос-қос тартады.

Ашуым мұндай келмес. Жерден алып, жерге салдым.

- Оқымайсындар. Қыдырып бос жүресіндер... Кешке дейін қолдарың бос, не бітіресіндер сонда? Біз де оқыдық қой сол институтта. Кімге жалынған екеміз? Ешкімнің көмегіпсіз-ақ бітірғеміз...

Інішек қарсы сөзге келген жоқ, біраз отырды да шығып кетті. Диванға келіп қисайып, қолыма бүгінгі газет-журналдарды ала бергенімде ойыма бір оқиға түсіп, өз-өзімнен күліп жібердім.

Негізі біздің қазақтың көреғендігінде шек жоқ. «Біреу тойып секіреді, біреу тонып секіреді» дейді. Шынында да менің өзімді алып қарайықшы. Қазір қолымда алақандай диплом, бір адамнан кем емеснін. Астымда сүйріктей сұр «Волга», қалай секірем десем де еркімде. Өткен күнде белгі жоқ. Баяғының бәрі ұмыт. Қазір көкten түскендей болып кейінғілерге ақыл айтамыз. Олардың ісіне риза болмай, жүріс-тұрысына мін тағуға тырысамыз. «Сендердей кезімізде біз сөйтіп едік-ау», - деп міндейміз. Мұның өзі «тойып секірген» емей немене?

Кешегі студент болған шақты айтам. Қызық дәурен еді ғой. Жігітшілік құрып түнде шығамыз деп қолдағы қолғаптан бастап, бастағы құлақшынға дейін жоғалтқанымыз, конспекті жазылған дәптсрлерімізді автобуста ұмытқанымыздың барлығы бұл күнде болмаған оқиға сияқты.

... Студент кезім. Бір күні қысқы семестр кезінде негізгі пәндердің бірінен сынақ тапсыра алмай «құлап қалдым». Ертеңіне де, бұрсікүні де Жәкен Жұндібасович сынақ қабылдамай жіберді. Бұл кісінің бір мінезі – студенттердің жікке бөлетін. Сол үшін де біз оны ұнатпайтын едік. Тағы бір «қасиеті» - ол кісі телефон соғып өзінен біреулердің өтінгенін қалайтын. Кейбір жылпос студенттердің жақын туыстарына телефондатып, сынаққа кірмей-ақ «төрт» пен «беске» не болып жүретінін білетінбіз.

Мен де сондай жолдардың бірін қарастыра бастадым. Бірақ ондай сөзі өтімді туысым жоқ болғандықтан, қайда барапымды білмей өзімнен өзім іштей налып жүрдім.

Бір күні институттың кең коридорымен аяңдал келе жатыр едім, бүйірдегі есіктің бірінен Жәкен Жұндібасович шыға келді. Қапелімде не дерімді білмей, сәлемдескен ишарат жасап, басымды изей бердім. Өйткені мен ол кісінің студенттермен сәлемдескенін өмірі көрғен емеспіп. Бұл кісінің тағы бір әдеті – қырына келіп, қытығына тиген адамды маңынан жүргізбейді. Екінші онымен тіл табысу өте қыын.

Бірдене десем: «Кеше ғана тапсыра алмай қалып едің ғой. Бар, дайындал!» деп қуып жіберуі мүмкін.

Сөйтіп тұрғанда әлгі кісі жылы ғана жымиып:

- Келдің бе? – деді.

- Иә, - дедім мен сасқанымнан. Дауысым шығаршықпас, басқа не дерімді білмей.

- Келсөң, жүр.

Соңынан бүйдалаған тайлақтай томпаңдал ере жөнелдім.

Бос аудиторияның біріне келін кірдік.

- Отыр.

Отырдым.

- Дайындалдың ба?

Өлсем де «дайындалмадым» деп айтамын ба, студенттердің әдетінде жоқ нәрсені істеп. «Білеміп» деғендей ишарат жасап басымды изедім.

- Әкел зачет кітапшаңды.

Кенет қылпылдаپ тұрған ішім жылып сала берді.

Сөйтіп, сынақты тапсырып, масайраған көңілмен есік алдына шықтым. Сондағы қуанғаным-ай! «Шынымен-ақ осы мен сынақты тапсырып шықтым ба?» - деғендей зачеткамды ашып, ішіндегі «төрттікке» көз салып қоямын. Өмірімде мұндайды көрмеген басым өзімді қоярга жер таппадым. Көніліме: «Осы Жәкен Жұндібасович мені біреумен шатастыруды-ау»... – деғен күдік оралды.

- Ей, неғып ыржыып тұрсың? – деғен дауысқа жалт қарасам – біздің курсаты Дауылбай. Қара портфелі санын соғып шауып келеді. – Бір сабактан «берешегім» бар еді. Соны тапсырамын ба деп... - Асыққан беті жанымнан зу етін өте шықты. Өмірі екі рет сынақ тапсырып көрмек туғілі, мықты ағасының арқасында, лекцияға да жөнді қатыспай жүрген Дауылбайдың мына қылышына таң қалдым. Сірә, маған өтірік жалтарғаны болар....

Институттан ұзай бере артыма бұрылып қарасам – Жәкен Жұндібасович Дауылбайға әлде нені қолын сермел қойып айтып жатты. Содан бірнеше күн бойы Дауылбай қатты ренжіп жүрді...

Бұдан да басқа қызықтар болып еді-ау!

Қап, әлгінің сынақ тапсыра алмай жүргені кім екен, сұрап алмағанымды қарашы. Мүмкін таныс біреу шығар. Телефондай салғанда ештеңем кете қоймайтын еді-ау. Жарайды, тағы бір келер....

## ЕСЕП

Мектептен жұлым-жұлым болып келу Аланбайдың қашанғы әдеті. Баласының өкпесін ұшырып үйге ентіге

кіруін Тарыбайдың көріп отырғаны да жалғыз бұл емес. Топсасы шиқылдауық ескі қодыр есікті енірете ашып, апыр-топыр кірген Алаңбай құндегісінше бір тайпа ел көшкендей әбігерге түсірді. Иықтағы портфельді босағаға атып жіберіп, ас бөлмеғе қарай өткен оған:

- Эй, эй! Милаудың баласы, күніне саған неше рет айтам! Әуелі қолынды жу, - деп төр алдында қисайып жатқан Тарыбай тарғыл дауысқа салып баж ете түсті.

Әкесінің әкіреңін елең етін жатқан бала жоқ, өз ша-руасымен болып кетті. Бір бөлкे нанды алып, шетінен бір опырды да, қемекейге жытырды. Қазанда қалған еп-теген палау бар екен, ожаумен көсін алып бір асап өтті. Екі үртү толып, шайнауға шамасы келмей бара жатқан соң, сұтқұйғыштың шетінен бір ұрттап, өңешіндегіні әрі жылжытты.

Алаңбай мектептен оралысымен бұл үйде жанжал да басталып кететін әдеті.

- Шалжиып жата бергенше, ең болмағанда бір мез-ғіл баланың сабағына қарасаңшы, - деген әйелінің сөзі ойына түсін:

- Эй, Алаңбай, - деді Тарыбай баласына, - алып кел анауынды.

Оның «анауы» не екенің жазбай білетін қу бала жүгірін барып алып келеді. Егер сол күні иілғен «екілік» құнделікті жоқ болса жөн. Ал, егер бір-екеуі тұрса онда жағдай қыын. Алға басқан аяғы кейін кетіп, бұрыштағы портфельге зорға жетеді.

Тарыбай сол қисайып жатқан беті қолына құнделікті алады. Әр бетін асықпай актарып қарап шығады. Мәселенің түйіні соңғы бетті ашқанда шеініледі.

- Е-е, кежеғен кейін тартып, аяғынды сүйреп зорға жеткениң осы екен ғой, дейді «екілікті» көрсетіп. – Бері таман жақын кел. Жақсылап сөйлесейік.

Ол өзі сөйлемейді. Оның «сөзін» шалбарының ышқырын ұстап тұратын қайыс белдік «түсіндіреді». Әкесінің қандай ойды жүзеге асырмақ екенін де

жақсы білетін Алаңбай бұл кезде екі айтқызбайды, шалбарының ышқырын ағытып, тізесіне қарай түсіре береді.

Күндсі әдетінше осылай бір мезғіл «комплекті тәрбиенің» бір тарауын аяқтаған соң келесіне қөшпеді.

- Қане, есебінді әкел... Не тапсырма берді?

- Міне, мынаны, - деп баласы кітаптың бетін сұқ саусағымен шұқиды.

- Соны болса, неғе қарап тұрсың? Шығар, бол тез!

Кітабын қолына алғып, әрі отырып, бері отырып, бір кезде әкесі:

- Болдың ба, ей?! – дегенде ғана селк ете түсіп, шимайлап сурет салып отырған қағазды лақтырып тастап, есепке жармасады.

- Қазір, болып қалдым... Көңілі жайланған Тарыбай үйқыға кіріседі. Бір кезде көзін ашып қараса – баласы қағаздан самолет жасап ойнап отырады.

- Қане, әкел есебінді, тексеріп шығайық.

Балада есеп түғілі түк те жоқ. Кітаптың өзін алғып келеді. Дымы құрыған Тарыбай есепті оқуға кіріседі. Баяғы бала кезінен өзіне таныс «А» нұктесі мен «Б» нұктесінен бір мезгілде қарама-қарсы шыққан екі поезд туралы есеп. Есебі таныс болғанымен шығару жолы есінде қалмапты. Әрі ойланып, бері ойланып, ақыры табады. Енді баланы жанына отырғызып алғып, есепті шығару жолын түсіндірмек болады. Бақса – баласы басқа жаққа қарап, өз бетімен лағып отырады. Бетін бері бұрады да, «қызметіне» қайта кіріседі. Эбден түсіндіріп болдым-ау деген кезде баласына:

- Енді қалғанын өзің шығарып көр, - деп бұрылған Тарыбай ызадан жарылып кете жаздайды. Бағанадан тыңдаپ отыр деген баласы диванға сүйенген беті аузынан сілекейі шұбырып, тәтті үйқыға кіріпті. Не істерін білмей, амалы таусылып, баланы жайлап жатқызды да, бүгінгі шаруаны сонымен тындырып, өзі де үйқтайдын бөлмеге бет түзейді.

Бірақ әлгінде ұйқысы қанып қалғандықтан ұзак дөнбекшиді. «Бұл бала емес, нағыз пәле болды ғой. Ертең тағы екі алады. Содан соң мұғалімі тағы мектепке шақырады. Қой, оиан да ееебін шығарып қояйын», - деп орнынан тұрып барады да, бір парақ қағазға ессеиті шығарып, жазын қояды.

Әбден әккі болған Алаңбай ертеңінс оны озі шығарғандай-ақ әдемілеп тұрып көшіріп алады. Бірақ күлгіні жүзеге аспайды.

Кеше де мұғалімі біліп қойып «екі қоямын» деп еаусағын кезеді. Оны Алаңбай аунытпай сол күйі әкесіне жеткізді.

- Осы сенің-ақ мұғалімің білғіш екен, - деп ыза буған Тарыбай төр алдына барып қисая кетті.

Тыныш жатқыза қоятын Алаңбай бар ма, қыңқылдан жанына келді.

- Мына бір ессеиті түсінбей тұрғаным.

- Қане, әкел бері!... Не дейді? «Жұздің төрттен бір бөлігі қанша болады?» - дей ме? Әй, осыны да інығара алмай отырсың ба? Ой, милаусың ғой! Міне, былай, тыңдан ал – жұздің төрттен бірі – жиырма бес болады. Кейін білссің бұл «төрттен бір» дегенді. Немесе, оны «жиырма бес процент» деп те атайды. Бір сөзben айтқанда – бір баланың алименті.

- Немене?

- Милаусың ба? «Алимент» дедім ғой. «Жұздің үштен бір бөлегі – отыз үш, немесе өтыз үш процент. Бұл - екі баланың алименті. Жұздің екіден бір бөлігі – елу, немесе, елу процент. Бұл – үш баланың алименті. Қазір менің де айлығымнан елу процент ұстап қалып жүр ғой», - деп түеіндірмек болды да: «Қой, бала неме ұқпай қалып елге жайып жүрер», - деп тоқталды.

- Озің түсіндің бе? – деп есеп білгіштігіне масаттанып, балаевна қараған Тарыбайдың лып етіп қаны басына шықты.

Алаңбай болса қағаз ширатып, ойнап отыр еді.

- Қап, мына кешенің істегеиң-ай! Кет, көзіме көрінбсій.

«Бір баланың өзі миымды күнде қатырады. Аиа үшеуі болғанда таза жынданатын иныгармын. Негізі дұрыс істеген екем», - деп ойлады да, солқылдаған шекесін ұстаган беті төссгіне қисайды.

Ал, Алаңбай болса дәптеріне «Жұздің төрттен бір бөлегі – алемейт» деп жазып, сөмкесіне салды да, ойнауға кірісті.

## ШҰБӘ

Таңертеңнен арқасы құрыстап, онсыз да енжар жүрген Төлжанның қабағы бір ашылмай қойды. Эйтеүір көнілсіздік еңсесін баса береді. Тәпек базарға саудаға шыққаннан бері осы. Ол енді жексенбі күні де жұмысқа барады. Тәпек жоқта Төлжан төрт бөлмелі үйден тиянақ таппайды.

Анда-санда кіріп шығатын көршілері де бүгін қас қылғандай үйлерінде жоқ. Есігін қағып-қағып қайтқан Төлжан:

- Бұлар үйлерінде отырмайды, түге, - деп бұрқ етті де диванға қисая кетті. Бірақ ұзақ жата алмады.

Әлгінде көзіне тығылған үйқы да қашып кетті. Тәпектің костюмін тазалау керектігі ойына түсіп, орнынан тұрды. Бірақ оны да тазалап жарытпады. Арлыберлі аударып қарап отырып, тастай салды да біршама уақыттан соң қолына қайта алды.

Қолтығының аздал сөгіліп кеткенін көріп, тіге салмақ болған. Ине мен жіпті алып, аудара беріп еді, төс қалтасынан бір топ қағаз жерге сау ете түсті. Төлжан қағаздарды жинастырып, орнына қайта салмақ болып, ұстай берді де, жылан шағып алғандай қолын жұлып алды. Жерде екі көзі бақырайған бұйра шашты әйелдің суреті жатыр. Өз көзіне өзі сенбей, түс көрген адамша

аңырып түрдү да, қолдары діріл қағын, ептең еңкейіп келіп, ілін алды. Түрін шырамытты. «Таныс әйел» - деп ойлады. Бірақ қайдан көргенін есіне тұсіре алмады. Эрі ойлан, бері ойлан басы қатты.

Жүгірін көршісіне барды. Келген екен. Бірақ болған жайды бірден айта алмай, тығызып, тұтыға берген. Та-лай «қызықты» басынан өткерген коршісі Әсемғұл бір нәрсенің болғанын тұсіне қалып, Төлжанның әуслі алаңұртқап көнілін басты. Суып қалған шайын демдең, бір-екі кесе ішкізіп алған соң барын шым-шымдаң сыр тартқан.

Ыстық шай бусандырын, жіпсі бастаған Толжан болған жайды Әсемғұлдің алдына ақтара салды. Әлгі суретті корғенде бойын билей алмай қалғанына дейін жасырған жоқ. Шай суып жайына қалды. Мән-жайға қаныққан Әсемғұл екеуді Тәпекке қалай «қақиан» құрудың сан түрлі жоспарын жасады.

- Бұндай байдың барынан – жоғы. Ыстық суды қайнатын қойын, басынан бір-ақ құймайсың ба?! – деді бір кезде ызасы келген Әсемғұл Толжанды қайрай түсіп. – Енді қайтейін, күйін кеттім ғой...

Ашу қысқан кейінпен екі беті қызара бөртіп кішкене отырды да, құмарлығы ұстап кетсе керек, бір кезде:

- Әкелші-ей, әлгінің суретін. Мен де көрейін. Мүмкін танитын шыгармын...

Әсемғұлдің бұл үйде тұрғанына бес-алты жылдан асын кетті. Ал, Төлжанның көрші болып көшіп кслғсніне бір жылдай ғана болған. Екі көрші лезде тіл табысып кетті. Осы күні үйлерінде жылт еткен жаңалықтары болса, бір-біріне жүгіріседі.

«Шынында да осы маңайда тұратын біреу болын, Әсемғұлдің тануы мүмкін ғой» деген оймен жүгірін барын алып келді.

Суретті қолына алған Әсемғұлдің көзі бақырайып-кетті:

- Түүһ, сен де есіңнен ауысайын деген екенсің!

- Е, не болышты?!
  - Мынау әлгі, аты кім сді, атақты актриса емес пе?!
- Мынау кәдімгі поштаның ашық хаты.
- Не дейсін? – деп сенімсіздікпен суретті қолына алыш қараса – тұра сол...

«Ұялған тек тұрмас» дегендей:

- Бәсе, бір жерде көрғен сияқты болыш едім, - деп ашық хатты алыш шығып кетті.

Болған оқиғаны Тәпекке не айтарын, не айтпасын білмей, біраз жүрді. Суретті қайдан алғанын түсінбсі. Оны сұрамай-ақ қоюға бел байлаған. Бірақ шыдамады. Бір күні Тәпек жұмыстан оралысымен:

- Эй, Тәпек, мына суретті қайдан алдың? – деп алдынан шықты.

- Қайдан алғаны несі? Биылғы Жаңа жыл кешінде лоторея билетіне ұтысқа берғеін қайда.

- Е-е, дұрыс... Есіме жаңа түсті.

- Оны неге сұрадың?

- Жай... Әншнейін... Осы сенің қалтаң қағаз қоймасы ма? Әйтеуір қолыңа түскен нәрссі тыға бересің. Әне – төс қалтаңнан шыққан бір уыс қағазды жинап қойдым. Керегін алыш, керексізін таста, - деп төргі бөлмеге өтіш кеткен еді.

Айтпақшы, мұның алдында да дәл осыған ұқсас «сурет оқиғасы» болған. Бірақ, онда бір қызығы Тәпектің қалтасынан басқаның емес, Төлжанның өзінің суреті шыққан. Әуелде ол өзінің суретіш көріп, әжептәуір куаныш қалды. «Анда-санда сағынған кезде алыш, қарап жүрейін деген ғой» деп ойлаған. Дегенмен артынша-ақ басқа бір ой екішші жақтан сап ете қалыш, өрекінген көңілді ойран-асыр етті.

Ол кезде осында жаңа көшіп келген кезі болатын. Көрші тұратын Әсемғұлмен жуырдаған танысқан. Алыш-ұшып жетіп баруға көнілі дауаламады. Біреумен ішкі сырды бөліскісі келді, бірақ кіммен бөлісерін білмей, дал болды. Өзінің ана жылы төлкүжат

айырбастағанда түскен суреті. Шашын төбесіне түйіп қойған, жарасып-ақ тұр. Жансыз бейнеге тесіле қарап жатқан беті үйіктап кетіпті.

Бір кездे Тәпек келді. Тілі икемғе зорға келеді. Ашу қысқан Төлжан аяғынан зорға тұрған Тәкенді біраз «тәубесіне» келтіріп алды. Оған «мыңқ» ететін Тәпек жоқ, ыңылдан әндептін болады.

- Ей, мына сурет сениң қалтаңда неге жүр?  
- Ж-жүрғеннен соң ж-жүр де...  
- Айт деймін, жаңыңың барында!..  
- Н-нені айтамын-н?..  
- Менің суретімді қалтаңда неге салып алдың?  
- С-салайын деп с-салды дейсің бе?  
- Жоқ, сен қу әдейін салдың. Сірә, біреуің бар ғой. Сол пәлеғе менің суретімді көрсетің, «мынау менің әйелім, осы келе жатқанда зытып отыр» деп таныстырып қоймақ болған шығарсың... Қай уақытта салып алып жүрсін?..

- Т-төлкүжат т-тіркегенде...  
- Онда неге алдың?  
- Т-тіркеуші қыз қ-қайтарып берді...

Төлжан «тергеуді» аяқтап біткенше Тәпектің көзі ілініп кетті.

- Тәпек, Тәпек! – деп біраз жұлқылағанымен ол қайта оянбады.

Күйеуінің жаңында отыра-отыра жалықтан Төлжан да төсөғіне барып жатты. Мұндайда үйқы келе ме? Тәпектің «тергеуде» берген жауаптарын саралай бастады. Не болса да істің анығына көз жеткізгісі келді. «Төлкүжатты тіркесендеге» деді, «тіркеуші қыз қайтарып берді» деді. Сонда бұл сурет төлкүжаттың арасында жүрген болды ғой. Иә, айтпақшы, солай еді-ау. Түүх! Мен де осы алжасатын шыгармын».

Көнілі орнықтан Төлжан түрегеліп барып, Тәпекті жайластырып жатқызып, үстіне көрпе жапты.

Таңертең мен-зен болып орнынан тұрған Тәпек өз көзіне өзі сенер емес. Үйдің іші мұнтаздай жиналған.

Төлжан ас әзірлейтін бөлмеде бірдеңе пісіріп жатыр. Әдегте түндегі керістен соң тұске дейін орнынан тұрмайтын. Не үшін, неге керіскені есінде қалмасада, әйтеуір түнде Төлжанның өзіне дауыс көтергенін ұмытпаған Тәпек ауыз бөлмеге қарай аяғын зорға басты. Қаймығып тұр. Бірақ Төлжанның өні тәуір екен:

- Жуын, ас әзірлеп қойдым, - деді жымыш.

Тәкеңін Төлжанды жүгіріп барып сүйіп алғысы келді. «Шіркін-ай, әйелдің төресі осындаі-ақ болар!» Бұл Тәпектің өмірінде болып көрмеген оқиға еді. Әйелінің неге мұнша көңілі түскенін ол сұрауға батпады. Төлжанның өзі де ештеңе ашып айтпады...

## ТҰТЫЛУ

«Алдыма автомат тіреп тұрса да екінші рет ішіп алып рульге отырмаймын, машина жүргізін жүрін арақ ішпейміп», - деп бір айтқанын мың айтып, ант-су ішіп, қарғанып автоинспекциядан құтылғанына төртінші күн еді. Тәпекті тағы да құдай ұрды.

...Ол жолы ептеп тастап алып, «Елім-айға» салып келе жатқан. Көшениң қызылысында тұрған ала таяқты ақсүр қыз шыр еткізін ыскырды да, қолындағы шолақ таяғын шолтаң еткізғен. Жүрғізушиға ала таяқтың әрбір қимылды бұлжымас заң. Бұл жолы «тоқта» деді. Тәпек машинасын тежеді. Бәленің бәрі осыдан басталды. Қызып алған жіғітіміз қызыға қызық сөз айтып қалжындалап, құтылып кетудің амалын жасаған. Онысы «ақаңын» аңқымасы екенін жазбай таныған пәле қыз желді басқа жақтан тұрғызды. Деғенмен әуресі көп болғанымен, істің аяғы ондалып еді.

Міне, бүгін тағы....

Таңертең тұрысымен аңқасы кеуіп, тоңазытқышқа екі-үш рет төніп-төніп келгенімен, айтқан серті есінен түсіп, кейін серпілді. Краннан бар екпінімен сарыл-

датып екі стакан суды ағызып алды да, тоқтамай бірінен соң бірін төңкере салып, төргі үйдегі Төлжанға да қарамай ғаражына тартқан. Кешегі күннен соң айшты болып жарының жүзіне қарауға бет жоқ. Әйтпесе дәл кетерде пыш-пыш етіп жатқан керпеш танаудан төмен орналасқан ердің екі қасындай ернінен бір сүйіп кетуші еді.

Кеше кешкілік спардан оралысымен машинасын қантарып, ғараждан шықса – қақпаның алдында қалтасын қақкан бір топ құ тұр екен.

- Тәпек, мұнда кел...

Тәпек таяп келген.

- Досым, аздап тынымыз толмай тұрғаны.

Аңқасы кепкен онкей қулар қалталарын қағып, алақандарына жайып салды. Мыналардың сүмірейген тұрысы нар жігіттің намысын келтірді.

- Бұйым болмайтын тыындарынды салындар қалталарыңа. Үйдегі боқмұрын балаларыңа кәмпіт аларсындар. Ал, жартыны мен алайын.

Желеу таппай тұрған жігіттер Тәпектің соңынан жөнеп берді. «Ақаңмен» ағайын адамдардың мәтелі бойынша «бір қызған моторды тоқтату қын». Сағат алтыда басталған мәжіліс алты сағатқа созылды. Үйге зорға жетіп, есік қақканын біледі. Төлжанның: «Сағат он екі болғанша қайда жүрсін?» - дегені есінде қалыпты...

Бүгін де инспекторға берген серті есіне түсіп, таңертең «басын да жазбай» шығып еді. «Қыңырдың соңында қырық қырсық жүреді» деген рас. Оған Тәпектің көзі анық жетті.

...Шектеулі жылдамдықтан асырмай-ақ ағызып келе жатқан. Келесі көшениң қылысына жете бере мұрының ішіне шыбын кіріп кеткендей жыбырлай жөнелді. Сол-ақ екен «Әкінш!» деп бір түшкіріп алды. Кою деген қайда, мұрының іші одан сайын жыбырлап кетті. Не түшкіртпей, не қоймай мазасын алған мұрынымен әлек болып отырған Тәпек «Тарс!» ете

тұсken дауыстан шошып оянғандай тормозын басып машинасын тоқтата қойды.

Өз көзіне өзі сенбей таңертеңнен ауырған бас онан сайын есептегітін отырып қалды. Сол жақтан тиғен соққы машинасын оң жаққа қарай бұрып тастапты. Бортымен жанай соққан машинадан тұсken орта бойлы жігіт жанына келді. Тұнде өзімен бірге болған Дойыр.

- Ой, ағызады-ақ екенсің! Бұл кім десем, сен екенсің ғой, - деп өзі ыржып қүледі.

Оның мына құлкісі мен тұрысы Тәпектің ызасын келтірді. Быттиған бетіне былш еткізіп бір түкіргісі келді де ол ойын тез тежеді. Одан көрі батырыңқырап өш алмақ болып, қолына аяғының астында жатқан бұрағыш ирек темірді алған. Бірақ ананың бағына қатты соғылыстан майысқан есік жуық арада ашыла қоймады. Есік ашудың қамымен жүріп, қолындағы темірін Дойырға ұстата салғанын да білген жоқ. Дойыр болса ирек темірді есіктің саңылауына сұғып жіберіп бір-ақ көтерғенде есік шалқасынан ашылып кетті.

- Сенің есің дұрыс па?!

- Есімнің дұрыстығына дау жоқ, бірақ бас шатақ жасап түр.

Дойырды жерден алып, жерге салып, шәт-шәлекейін шығармақ болып отырған Тәпектің кеше онымен стақандас болғаны есіне тұсіп, бір жағынан оның да өзі сияқты «науқас» екенін біліп, жаны ашып кетті.

- Жайырақ неге жүрмейсің, көшениң қылышында... Светофор жоқ екенін білесің. Оң жақтағы транспортты босатуың керек...

- Оған асығыстау едім. Содан байқамай....

- Соншама атаңның үйіне асығып барамысың?!

- Ойпырм-ай, Тәпек аға, кінә менен. Осыншама қысармысыз... Ешкімде ауыз аша көрмеңіз ... Өтінемін сізден... Мына қарындасты бір жерге жеткізін салайын деп, жұмыс арасында деғендей...

Тәиек кабниадан түсken аласа бойлы, маңдайына қырау тұрғандай жағалданған сары шашты, көзінің ұясы қөкпенбек қара қызды көрді. Дойырдың айтқаны мei едім, деген кісіше Тәпекке қарап жанарынан от шаша жымың етті.

«Шайтанның көзі наған отты еді! Әттең әйелің корсеғой, Дойырым, мына қызбен сайдрандап жүргеинінді... Ишпей-жемей елтігениң осы екен-ау! Түсінікті болды... Бәсе, бұл неге бүйтіп омыраулап кетті десем».

- Ал, автоинспектор шақырамыз ба, не істейміз?

- Ойбай, ағатай! Оның атын атай корменіз... Құртадығой мені... Жолдама қағазым да басқа жаққа беріліп еді...

- Басқа не шара жасаймыз?

Тәпек ананы шын аяды.

- Мен кінәлімін дедім ғой, ағатай. Машинацыздың бұзылған жерін өзім-ақ жөндөтіп берейін. Бұғін-ақ жөндөтіп берем. Тек ешкімге жақ аша көрменіз.

Тәпек не істерін білмей ойланып қалған еді. Сөзге өзін «Маня» деп таныстырган, маңдайына «қырау» тұрған қара қыз араласты.

- Иә, ағатай, ешкімге жарияламай-ақ қойыңыз. Димка өзінің виноват екенін мойындаپ тұр ғой. Өзіміз ремонт жасап берейік.

Сөйтіп, үшесуі көшениң ортасында «ремонт» жасауға кірісті.

- Бізді құдай сактады, - деп қояды сөз арасында Дойыр, - машиналар тек жанай қағысты. Егер байқамай қалып, буйірден тік соққанда күл талқанымыз шығатын еді.

Тәпектің арқасы шымырлап қоя берді. Осы кезде ол:

- Димка, сен өзің дс қызықсың. Қолынды иғымнан алып отыр деп едім, тыңдамадың ғой, - деп бұртиып, Дойырдың құлағына сыйырлап жатқан Маняның даусын естіп қалды.

- Тек оны-мұнысын түзетіп, гаражға жететіндей жасайық. Барған соң слесарькада бәрін істетін берем. Бір-екі жарты арағым жалынсын.

Дойыр барлығын сөзбен жайғастырып жүр.

Машинаның астына кіріп, тежегіш тетікті тексеріп жатқан Тәпек Маняның қайда жоқ болып кеткенін сезбей қалды. Дойыр әр нәрсені тық-тық шегелеп, ауыз жаппай сөйлеп жүр. Әлден уақытта Маня келді орысша-қазақшаны араластыра сөйлеп. Неғе екені белгісіз Тәпек көңілденіп сала берді. Машинаның астында бұранда бекітіп жатқан ол өзіне қарай тар көйлеғінің етегі жоғары түрлін, жүрелей таяп келе жатқан қызды көргенде жүргегі бір бұлқынып түсті. «Мынаны Дойыр тегін тасып жүрмеген екен». Тәпектің қасына келген қызыңдағы сумкасын ашып, ішінен бір шөлмек пен қағазға оралған басыртқысын алғып шықты. Жігіттің көзі шарасынан шығып барады. Оны қарап жатқан анау жоқ, шөлмектің аузын ашып, стақанға сарылдатып құя бастады.

- Маня, мұны қазір ішуге болмайды.

- Түүх! Сізді де жігіт дейді-ая! Осы жүз граммда тұрған не бар. Димка барлығын өзі істеп беруге обешайт етті ғой. Қазір ол да да ішеді. Таңертеңнен басы аурып жүр. Аман-есен қалғанымыз үшін алғып жіберіңіз... Сосын мен де ішем.

Жанай келіп иғына қол салған мына қыздың қылышы сиқырлап кеткендей болып, жігітіміз не істерін білмей қалды. Қолындағы кілтті тастай беріп, стақанды қалай ұстағанын сезбеді. Қыздың жаудыраған жанарына қарап отырып, қолындағы арақты «сылқ» еткізіп жүтүп салды.

Сол-ақ екен Маняның екі көзі ұшқын атқандай болды. Жүз грамм тастап алған ол су ішкен құрлы болған жоқ. Рахаттанып мұрнын шүйіріп қойды. Таңертеңнен тілеген асы ішіне жаңа барған Тәпектің де құрысы жаңа жазыла бастаған.

Көңілденген Тәпек Дойырды шақырмақ болып машинаның астынан сыртқа көз салған еді – екі көзі тас төбесіне шықты. Манаңы толған жүргінші халық. Жанында «ГАИ» деген жазуы бар сарыала машина. Инспектордың бірі Дойырмен сөйлесін тұр да, қалған екеуі соғылысқан екі машинаны қарап жүр. Есі кетіп епелектеғен Тәпек еңбектеп сыртқа шықты. Кімге айтқаны белгісіз: «Маня, Маня» - дей береді.

Бұдан әрі не болғанын тізбелей берудің қажеті жоқ болар. Тәпек ақыры «Мае қүйіндс машина руліне отырған үшін» машина жүргізуға берілетін куәліктен айырылған. Қазір қолдай жұмыс істейді.

Бұл Тәпектің өміріндегі елеулі оқиға болды. Әйткені, ол осыдан соң анда-санда «Маня, Маня!» деп шошып оянатынды шығарды. «Маня» деген дауысқа жанындағы Төлжан да шошитын болып жүр. Кикілжінің басы осыдан басталады. Оның кім екенін әлі күнге түсіндіре алмай келеді. Төлжан бірдеңе сезді деғенше Дойырдың әйеліне жетті дей бер. Онда баяғыда Дойырға берғен серті далаға кеткені.

Деғенмен істің аяғы тағы да сотқа тірелетін түрі бар. Алғашқы соттан айып төлеп, енді арақ ішпеске серт беріп құтыльш еді. Бұл жолы қындау болуы тиіс. Әйткені, соңғы кезде Төлжанның: «Айырылысамын! Онда да тек кетпеймін, сені темір торға отырғызып кетемін!» - деғені жиілеп кетті. Сол сөзінің дәлелі ретінде бір рет он бес тәулікке отырғызып алғаны да бар.

Енді артының қайырын берсін....

## ТӨРЕБЕКТІҢ ТАНЫСЫ

Жиегі жырым-жырым чемоданымды көтеріп, самолеттан түскен бетім еді. Қалаға оқу іздеп келген «сары ауыз балапанның» бірімін. Жан-жағыма алақ-жұлақ көз салып аэропортзалға кіре бергенім сол, алдыннан

қалпағын көзіне түсіре киғен, костюмі қыртыс-қыртыс қонқақ мұрын қара жіғіт қарсы шықты.

- Оу, інішек, хал қалай?

- Жаман емес. «Ойпырым-ай, мына пәле мені аңдып тұрған қудың бірі болдығой. Эйтпесе бұл қалада мұнша құрак ұшатын тұған-туысымыз жоқ еді». Жүргегім зу ете түсті.

- Сарысудан келғен самолеттан түстің ғой деймін.

- Иә, Сарысуданмын.

- Бәсе, былтыр өзінді клубта көргенмін. Мені танымадың ба?

Е, ауылдан кетерде ағайым «Қалада неше түрлі қулар болады. Әуелі олар өзіңмен таныс немесе жерлес болып шығады. Соңан соң қалтаңды қағады» дегені есіме түсті.

- Жоқ, ағай, танымадым. Сіз сияқты танысым жоқ, - дедім батылданып.

- Е, танымасаң ештеңе емес. Борис, деген ағаңмын.

Өзі атын айтып танысып тұрған соң мен де үндемей қалуды жөнсіз санап:

- «Сережа» деген ініңіз мен боламын, - дедім әдейі қиястанып. Менің қиястығыма түсінді ме, әлде түсінсе де мән бермеді ме:

- Жарайды, Сережа, жүре сөйлесейік. Мына жаман ағаңа бір көмек жаса. «Ер мойнында қыл арқан шірімейді» деген, жолың болып оқуыңа түсін кетсең қызыңмен қоса ресторан қыдыртатын ағаң мен боламын. Ал, енді жаңа озің келген Сарысуга жете алмай тұрмын. Кеше аздап ішіп қойып, қалтамдағы азын-аулақ тын-тебен-нен айырылып қалыптын. Енді билет алуға да ақшам қалмапты. Таң атқалы нәр тартқам жоқ.

Үлкен басын иіп тұрған алдыңдағы ағайдың сөзі жан-жүйемді штін жіберсс керек – қалтамнан алты сомды суырып бердім. «Ағайымның» қанталап тұрған көзі жайнап сала берді.

- Ой, рахмет, інім! Жарайсың! Міне, біздің жерлес-

тер осылай болуы керек. – Бетімнен «шөп» еткізін сүйіп алды.- Айтпақшы, бес сом билетке жарайды. Жүр, бір сомға екеуміз тамақтанып алайық.

Ауылдағы ағай айтқан қаланың жылпос «жүліктеріне» ұқсамайды. Жолына ақша таба алмай тұрған – атамның сөзімен айтқанда «ғарыш» адам – еken. Асханаға да мен ақша жұмсадым.

Мұнан соң Борис ағайым адресі бойынша өзіммен бірге оқыған досым Төребектің жатақханасына таксимен әкеп салды. Ол менен бір жұма бұрын кеткен болатын. Таксидің келген және қайту жол ақысын Боря ағайдың қолына ұстатьып, аттандырып салдым да досымды іздеуге кірістім. Төребек тез-ақ табылды. Өзінің бөлмесінде қанин-қаперсіз «үйқыны соғып» жатыр.

Мені көрғен досымда ес қалған жоқ. Дереу орнынан атып тұрды. Екеуміз институтқа барып документ тапсырып, жатақханадан орын алдық. Төребек қалаға үйренін қалыпты. Тіпті, оқуға түсуғе көмектесетін бір кісімен танысыпты. Емтихан болатын күннен бір күн бұрын кездесетінін де қуанышпен айтып берді. Мені де сол кісімен таныстырумак болды.

Күндер жылжып өтіп жатты. Ағайына сенген Төребек қыздармен қызырудан қолы тимеді. Мен болсам «танысым» жоқ, еріксіз сабаққа дайындалуға тұра келді.

Досым ағайымен кездесетін күні ерте қамданды. Оны қайда апарып, қалай сыйлайтыны туралы жоспар жасады. Мен олармен орталық ресторанның алдында кездеспек болдым. Айтқан уақытында уәделі жерге мезгілінен бұрын келіп әрі күттім, бері күттім келмеді. Келмеген соң мен де жатағыма оралдым.

Қолыма оқулығымды алып, дайындалып жатып ұйқтап кеткен екем, қай уақыттың болғанын білмеймін, бір мезгілде Төребегім келіп тұр.

- Е, жат солай, оқымыстым. Біз осылай шалқытып жүріп-ақ оқуға түсеміз.

Жаныма келіп отырды. Аузынан «ақаңның» иісі мүңк ете тусті. Бұрын арақ ішіп көрмеген досымның мына қылышына таң қалдым. Ол «ағасымен» екеуішің қалай шалқығанын түні бойы жырлады.

- Сен де өтетін болдың, достым, аты-жөнінді ағайға жазып бердім, - деп еседі келте мұрның анда-санда си-пап қойып.

Мен не сенерімді, не сенбесімді білмеймін. Әйтеуір көңілге бір медеу кірді.

Ертеңіне емтиханға келдік. Мен бірінші болып кіріп кеттім. Төребек есік алдында ағайын күтіп қалды. «Өзі ғылым кандидаты көрінеді. Ғалым адам ешкімді алдамауға тиіс».

Зорға дегенде бір «үшке» қолым жетіп шықсам Төребегім теңселіп әлі жүр. «Ағайы» келмеғен соң:

- Ол кісі мүмкін емтихан алушыларға телефонмен сөйлескен шығар, - деп ішке кірген Төребек әлден уақытта «құлап» шықты. Ертеңіне Төребекті ауылға шығарып салмақ болып аэропортқа келдік. Самолет ұшуға әлі бір сағаттай уақыт бар болған соң, «журек жалғап алайық» деп буфетке кіргенбіз. Кірген бетте бұрышқа таман тұрған биік столдың жанындағы орта бойлы қара торы жігітті көзім шалды. «Ой мынау Боря ағай ғой. Қашан келді екен? Мен оған амандасайын» деп солай қарай бет алып едім, Төребек жеңімнен тартты. Бетіне қарап едім «Жүр кетейік» деғендегі ишара жасады. Екеуміз есікке беттеғенде жанында біз қатарлы екі жас жігітке Боря ағай әлденені жігерлене түсіндіріп жатты.

Неге екеніп білмеймін Төребек абыржулы сияқты. Артына қарап-қарап қояды. Екеуміз тал арасындағы орындыққа келіп отырдық. Ол қалтасынан «Беломорканал» суырып, бірін маған ұсынды да, екіншісін өзі аузына қыстырыды. Сіріңке шегіп, тұтатып алған соң, бір-екі рет бұрқ-бұрқ еткізіп тұтіндегі қойды. Мен оның бір маңызды мәселе көтергелі отырғанын байқап қалдым.

- Жаңа бұрышта тұргай орта бойлы, үстінде көғілдір костюм киғен қараторы жігітті көрдің бе?

- Иә, көрдім. Ол біздің аудандықі. Борис деген ағай.

Төребек сақ-сақ күлді.

- Соғады екенсің. Ол – меін алдаң соққан Ерден деңен жылпос. «Кандидаттын. Осы қаланың ортасында төрт бөлмелі үйім бар» деп соққан. Енді анау жанындағы екеуді де қалай майлы ішектей айналдырып тұр екен?!

Сейткенше болған жоқ, біздің «танысымыз» жанындағы екі «нөкерімен» таяп қалыпты. Ұзын аллеямен аяңдан келе жатыр. Біз тұрып кетудің ретін таппадық та, темекімізді бұрқыратып отыра бердік.

Олар жанымызға таяй тұсті. «Ағайымыз» әбден тойып алышты.

- «Інішектер», - деп қояды жанындағыларға, - мына отырған екеуді көрдіңдер ме? Қоянның көжегіндей бұғып алып темекіні бұрқыратуларын. Мына түрлерімен бұлар оқуды қайтып оқиды. Тұра бара арак іshedі, соңсын қылмыс жасайды.

Өзінің «танқыр» сөзімен жанындағы екеуді тәнті ғылышп біздің танысымыз ұзай берді. Өздері мәз болып барады.

Мен досыма қалаға келген күнгі осы адаммен кездесуімді айтып бердім. Осы кезде Сарысуға ұшатын самолеттің билетін тіркету басталғанын хабарлады. Сол-ақ екен, Төребек жаңағылардың соңынан тұра үмтүлды.

- Екеуміздің алданғанымыз да жетер...

Төребек қайтып оралғанда самолетка отыру басталған еді. Оның не бітіріп келгенін білгемін жоқ. Оны сұрауға да мұрша болған жоқ. Билетін мен тіркеп қойғанмын. Хош айттысып қала бердім.

Досымды шығарып салып, автобусқа келіп отырғанымын. Арт жақтарына жалт-жалт қарап, жүгірін келе жатқан әлгі екі жас жігітті көрдім. Олар сол

екіпінімен келіп, орнынан қозгала берген мен отырган автобусқа мінді. Мен оларды жаныма шақырдым.

- Ух! – деді бірі менің жаныма отырып жатып. - Әлгі Қайрақбай қудан зорға құтылдық қой.

## «ЕМІН АЙТЫҢЫЗШЫ...»

Жүрегі алып ұшты да, аузына тығылды. Аяқ-қолынан жан кетін, тілі сөйлеуғе келмей қалды. Әуелде бұған Тәпектің өзі де түсінбесен. Сөйтсе, мұндай ауыру болады екен ғой. Осынай аурудың белгілерін бір журналдан оқығаны бар.

Жұмыс аяғы болатын. Үйге қайтуға жиналып, ңехтың ішімен келе жатыр еді, көзіне көлденен жатқан кок темір түеті. Сол-ақ екен осындағы күйге ұшыраған. «Мынау бір керек нәрсес екен» деген ойлады темірді.

Ұзындығы бір метрдей көлденен жатқан көк темірді қолтығына қысып алған. Үйге қарай аяңдал келеді. Ауыр темірдің салмағы оң жамбасыпа батып, бүйірін ауыртып бара жате да сезер емес. Көңіліне қуаныш оралып, аяғын алшаңдай басады. Бұл темірдің не менеге керек екеніш өзі де білмейді. Әйтеүір жолда жатқан соң ала салған. Бір гажабы - әлғіпде осы темірді коргенде алып-ұшып бұлқынған жүрегі орнына түеіп, қол аяғының дірілі басылды. Қолтығындағы көк темір ауруына дәру болғандай.

Есіктен қарсы шыққан Төлжанға «Менің не экелгенімді көрдің бе?» дегендей, маңғаз басып кіріп, босағаға қолындағысын сүйей салды.

- Масқара, мына пәле тағы немене алып келген?! Мұны не істемек екен? Қойған жерін қарашы өзінің. Балалардың аяғына түсіп кетіп жүрер, - деп, көң-қоқыс төғетін жерге апарып тастап келді. - Өзі бір зілдей пәле ғой. Қалай жеткізғенсің?

Ерінің мінезі өзіне мәлім Төлжан:

- Керексіз нәрсені үйге тасыма десе болмайсың, - деп сөйлеп-сөйлеп тамақ дайындастын бөлмеге кіріп кетті. Тәпек болса бұл кезде бойын рахат сезім билеп, маңызды бір шаруа бітірғендей диванда керіліп жатыр еді.

Күнде бір мезғіл бойы құрыстап, осындай бір жағдайға тап болатынды шығарды. Дәл жұмыстан қайтар кезде, бір мезгілде ғана келетін бұл науқастан шошыған Тәпек дәрігерге келген.

Есіктің аузына келгенде кезекте ешкім жоқ екен. Тұтқаға қолын тигізе беріп еді, тағы да жүрегі бар болғыр атша тулап, бүкіл денесінен жан кеткендей болды да қалды. Аяқ-қолында діріл пайда болды. Буынбуыны қалтырап, сыртта біраз отырды. Енді Тәпек өзінің шын ауру екеніне шәк келтірмеген.

Сол беті дәрігердің кабинетіне кіріп келген-ді. Бұл кезде самайын ақ қырау шалған көзілдірікті дәрігер бе-луарына дейін шешінген жас жігіттің қеудесін тыңдал жатыр екен. Өуелде кірген адамға назар аудармай алдындағы кісімен біраз әңгімелесін отырды да:

- Кінің отыра тұрыңыз. Соңынан тағы да кеңесерміз, - деп Тәпекке бұрылды.

Тәпек дәрігердің қойған сұрақтарына жауап беріп жатыр. «Мына кісінің сұрағы қызық екен, кез келген нәрсені сұрай береді».

- Қазір қайда істейсіз?
- Темірбетон заводында.
- Одан бұрын қайда істеп едіңіз?
- Ет комбинатында.
- Қанша істедіңіз?
- Екі жыл.
- Сол кезде де осылай ауырдыңыз ба?
- Иә, бір-екі рет ұрлап алғып шығып келе жатып қолға түсіп қалғаным бар. Сонда осындай күй кешкенмін.
- Одан басқа уақытта ше?

- Одан басқа уақытта да, осылай жұмыстан қайтарда жүрегім қатты соғады...

- Өзіңізбен қоса ет ала шығатын боларсыз?

- Әлбетте, бала-шаға бар ғой.

- Түсінікті...и...и

- Доктор, түсінікті болса – емін айтыңызшы...

- Саспаңыз, айтамын... Ал, одан бұрын қайда іетеп едіңіз?

- Қант-кәмпіт фабрикасында.

- Онда қанша істедіңіз?

- Үш жыл істедім, доктор онда да етеп бала-шағаның нәсібін алып тұрдым. Одан да ұсталып шығып кеткемін. Бірақ ол кезде бұлай ауырмайтынын. Бұл кесел кейін пайда болды. Қазір тіпті күннен-күнге күшейін барады. Әбден үйренін қалған басым, жұмыстан бос қайтқан күні түнімен ұйықтай алмай шығамын. Ал, бірдене алайын десем – жүрегім алып-ұшып аузыма тығылады. Осындай кееселім ұстайды. Тек завод ауласынан шыққан соң ғана жай табамын...

Бұл, қандай кесел, доктор? Мені енді көп қинамай емін айтыңызшы. Тағы да жүрегім ауырып барады. Доктор, құдай үшін, айтыңызшы...

- Мұндай ауруды емдең шығару менің қолынан келмейді, - деді дәрігер баппен ғана, асықпай тыңдал алып..

Мұндай жауапты Тәпек күтпеп еді. Не дерін білмей қалды.

- Ал, сонда кімнің қолынан келеді?

- Ана кісінің қолынан келеді.

«Басқа тағы бір дәрігер бар шығар» деген оймен артына қараған Тәпек өз көзіне өзі сенбей, аузын ашқан беті отырып қалды. Оның қарсы алдында милиция капитаны отыр еді. Ол әлғінде дәрігерге кеудесін тыңдатқан жігіт болатын.

Тәпекке оның қалың қабағы қатулы, түрі сұсты корінді. Неге екені белгісіз жүреғі тағы да қатты-қатты соғып, аяқ-қолынан жан кетіп қалды.

## АШЫЛГАН СЫР

Көршідегі қара кемілірді ауруханаға апарып салып келе жатсам, Тәпек қарсы жолықты. Жарықтық сылқия «тойып» алған екен. Аузыы икемге зорға келеді.

- Қа-қайдан ке-келесің?

- Ой, Тәпеке, мына аурухана жақтан... - Өз тілімді өзім тістей қойдым. «Бәлеге бекер айтқан екем».

- А-аурухана, дейсің бе? Өнда кім жатыр?

Қапелімде бірдене ойлап табуға тұра келді.

- Е, әлгі, айтпақшы... Тұтіпбайды білуші ме едің?

Мына Жуалыда тұратын. Соның жаман қатыны оқтаумен басынан бір салып, содан басы жарылып қалып, содан осы ауруханаға түсіп қалып... соған барып келе жатырмын. Қазір өні жаман емес, тілі сөйлеуге илікті. - Өтірігімді сезіп қойды ма деп анаған қарасам, ол шиқ-шиқ күлді.

- Естігем.... Естігем....

- Нені?

- Тұтіпбайдың басының жарылганын.

Масқара, мына пәледен құтылу үшін өтірік айта салып едім. «Жаманның айтқаны келмейді, сандырақтағаны келеді» деген осы екен ғой.

Өзінің білгіштігін көрсетіп маңғазсыды да Тәпек беті ауған жаққа қарай шайқала басып жүре берді. Мен де үйге асықтым. Тезірек жетіп, әлгінде «Жедел жәрдем» келгенде шашылған үй-ішін ретке келтіруім керек. Бір жағынан жұмыстағылардың бірі көріп қоя ма деп те қысылып келемін. Ертенгі күні «Өтірік ауырып, көше қыдырып жүр» деп сөз етсе ұят қой. Ауруымды жөндеп ауырайын.

Үй ішін жинап, төсегіме қисайғаным сол еді – есіктің қонырауы шылдырады. Барып ашсам – Тәпек.

- Ей, сен мені неғе алдайсың?! Тұтінбайдың басының жарылганы да отірік, оның ауруханаға түскені де өтірік, сенің оған барғаның да өтірік. Мен жаңа ғана барлық

аурухананы аралап шықтым. Ешқайсысында Тұтінбай жоқ...

- Жоқ болса тіпті жақсы. Бейнараның бала-шағасы бар, қайта қуанбайсың ба?!

- Ал, сен мені неғе алдайсың? Енді соның мәнісін түсіндір. Айт маган қайда барғаныңды.

- Иә, сонымен қайда болдың? – деген даусы саңқ еткенде жалт қарасақ Әсемғұлім түр есік аузында. Тәпектің айғайынан оның қай уақытта кіргенін де аңдамай қалыптыз. – Айтпаймысың қайда барғаныңды? Кеше айлық алыш, бүғін ауырыуң жаман еді. Не пәлемен ауырдың? Айт жаныңың барында. Бағана дәрігерге телефон соққанымда «Үйіңізге бардық, ешкім болмады» деді ғой. Қайда кетіп қала қойдың сол екі ортада. Өзім де үйге екі рет телефон соқтым, көтермедің. Қайда бардың деймін, ей! Айт жаныңың барында!

Әсемғұлім ашуға әбден булығып, ас үйде ілулі тұратын кішкене оқтауды ала тұра ұмтылды.

- Айтпайды екенсің, мен сені....

Қолындағы оқтауын жолшыбай Тәпек жұлдып әкетпеғенде Тұтінбайдың өзім ойлаг шығарған кебін өзім киер едім. Сол есіме түсіп кетіп күлін жібердім.

- Мынау күледі-ей, еще... Жіберші анаған мені. Құлкісін көмір етейін. – Тәпек оқтауды босатпаған соң Әсемғұлім төргі бөлмедегі шкафқа жүгірді. – Бұл пәле үйде өтірік ауырған боп жатып алыш кеше әкелген күллі ақшаны құртқан шығар. Жалақы алған күннің сртепіне бұл үйден ақша жоғалатын әдеті еді.

Мен болсам не істерімді білмей үнсіз тұрмын. Болған жайды айтайын десем бір көршімді бір көршімे жамандағандай болуым мүмкін. Оңашада-ақ айтатын едім ғой, бірақ оған болар емес. Іс насырға шауып барады.

Тәпек түкке түсішбей бізге жапаң-жапаң қарап қояды. Әсемғұлім шкафтан темір қалбырды алыш, ішін-дегі ақшаны санап шығып, таң болды.

- Ақша тұғел. Бір жылдан бері бірінші рет ақшамыздың орнында тұғел тұрганына.

Мұнда қандай сыр бар екеніне түсіне алмаған Әсемғұлім маған қарады. Мен оған бүгінгі болған жайды амалсыздан Тәпектің көзінше түгін қалдырмай айтып бердім.

... Біз айлығымызды алған күні барлық есепқисабын шығарып, келесі айлыққа дейін үй қаражатына жұмсалатынын темір қалбырдың ішіне саламыз да төргі белмедегі шкафқа қоя саламыз. Керек кезінде содан алып жұмсай береміз. Ал, қалғанын жинақ кассасына салып қоямыз.

Міне, біздің үйдегі ұрыс-керістің көбі осы қалбырдағы ақшадан басталатын болып жүр. Әрбір айлық алған күннің ертеңіне жұмыстан келіп, ақшамызды санасақ – жиырма сомы жоқ болады да шығады. Алғашында ұрыс-керістің аяғы милиция шақыруға дейін барып жүрді.

- Кеше қойған ақшаның жиырма сомын қайда жіберғенсің? – дейді Әсемғұлім ентіге сөйлеп. – Керек болса сұрап алмайсың ба. Оны неменеге ұстадың?

- Жоқ, Әсемжан, мен алғаным жоқ, - деп қалтамның түбінде жүрген тыын-тебенімді көрсетем. Шынында да мен алмаймын.

- Сен алмасаң кокке ұшып кетті ме?

- Өзің алып, ұмытып тұрган шығарсың.

- Мен не алып, не қойғанымды білмей жын соғып кетті ғой дейсің бе?!

- Жын соқты деп тұрган жокпын ғой. Ал, таңертен үйден менен кейін шықсан болатынсын.

- Ах, солай де! Мені енді ұрлықшыға санадың ба?! Ендеше ұрымына сенсің. Сен едің ғой түнде дәретханаға барып жүрген. Сол кезде үрлап алдың....

Не керек, осы сынды байбаламмен бір-екі күнді өткіземіз. Сонымен ол да ұмыт болады. Келесі айдың айлығы кезінде екеуміз біріміздің ізімізді біріміз

андитынды шығардық. Бәрібір жиырма сом жоқ болып шығады.

Бір күші болған жайды айтып, үстіңгі қабатта тұратын көршіміз, мұртты милиционерге де барып келдім.

Менің сөзімді мүқият тыңдаған ол:

- Оны алатын бөтен адам емес. Білетіп біреу, - деді де тынды.

Әңгіменің ұшығы тағы да Әсемгүлім екеумізге келіп тіреледі. Өйткені, екеумізден басқа адам білмейді. Тек, көрші кемпір ғана анда-санда ақша сұрап келгенде сол жерден алып береміз. Бірақ ол ақшаны біздің үйден қалай алады. Ал, балалар болса жас. Олардың ақшада шаруасы жоқ. Бақшаға да өзіміз апарып, өзіміз алып келеміз. «Ақшаны ұрлап жүрген сен. Әйтпесе қайда кетеді», - деп Әсемгүлім құлағымның етін жеп бітірді.

...Кеше айлығымды алғам. Айлық алатындардың көбінің басында болатын «аурумен» ауырып келгемін. Әкелген ақшаның керегін қалбырға салып қойдық та, қалғанын Әсемгүлім кассаға салуға әкетті. Менің басым кешегіден де қатты ауырып, таңертең үйде қалдым. Дене қызыым көтерілген соң дәрігер инакырдым. «Күннің екінші жартысында күтіңіз», - деген соң төсегіме келіп жатқам, ұйықтап кетішиң. Бір кезде есіктің құлпы сылдырлап, ашылған дыбысынан оянып кеттім.

«Е, белгілі болды, Әсемгүлім мен жұмыста жүргенде ақшаны ұрлап әкетеді еken ғой. Бірақ, менің бүғін үйде қалғанымды біletіn. Әлде есінен шығып кетті ме еken? Мұны мен біr қатырайын».

Шкафтың есігін ашты-ау деген кезде төсекті сықырлатпай епtep тұрып, төргі үйдің есігінің алдына келдім де:

- Эп, бәлем, қолға тұстің бе! – деп айқай салдым.

Қарасам өз көзіме өзім сенер емеспін – шкафтың алдында көршідегі қара кемнір тұр. Екі көзі бақырайып, аузын ашып тұрды-тұрды да, сылқ етіп құлап түсті.

Масқара, өзім мұндай саспаспын. Екі ортада мына кемпірді өлтіріп алып, бәлесіне қалармын деп, дереу «жедел жәрдем» шақырды.

Менің сөзімді тыңдал отырған Тәпектің қолынан оқтау жерге түсіп кетті.

- Бәлі, - дейді Әсемғұлім есіктің аузындағы кілтті көрсетіп, - мынау біздің былтыр жоғалтқан кілтіміз ғой. Бұл қайдан шықты.

- Көршіміз ескерткішке тастанап кетті, - деймін мен де мәз-мейрам болып.

Бәріміз күлісіп жатырмыз.

## СОЛАЙ, БАЛА...

Сыртқы есіктен кіргенім сол еді қарсы жолықкан екі жігіт оң жақ бүйірдегі есікке алып кірді.

- Мынаған көмектесін жібер, бала, қазір бір дәкей келеді екен, - деп иек қақты еғделеуі.

- Кім болса да бастықтың елпектеуіне қарағанда оңай адам сияқты емес, - деп қойды кішкене жастауы.

Үшеулем бөлмені жинап жүрміз. Столдарды жылжытып, дұрыстап қоямыз. Ана еғделеуі столдың астынан екі-үш бос шөлмекті суырып алып, бұрынтағы қағаз салатын торға таставды.

- Ешкім көрмей тұрғанда шығарып тастанайық.

- Қойыңызышы, Мәке, сіздің столыңызды тексереді деп пе едіңіз?

- Сонда да сақ болған жөн. Сен әлі жассың, ештеңе білмейсің. Ана бір жылдары кенет бір топ адам сау ете түсіп, абырайдан жүрдай болғаным бар. Онда бұрынғы бастығымыз Тобық бар. Ол кісі ішетіп адамды жек көруші еді. Жерден алып, жерден салды дерсің. Жұмыстан шығарамын деп барып қалдырды ғой.

- Біздің мына Жетек жақсы адам ғой, шіркін. Кейде таңертең келгенде қабағы түйіліп отырса мен бірден

білемін. Дүкенге шауып барып келін, көзінді қыссаң өзі де сезе қояды. Жұз граммды жұтқан соң-ақ жадырап шыға келеді сабазың.

Ана жатқандар сондайдан қалған шөлмектер. Солардың арқасы гой Жетек екеуміздің құшагымыздың айқасып жүргені.

Әлгі Тобық мені сан рет жұмыстан шығарамын дегенде осы болатын мені алыш қалған. Бұл ол кезде «зам» еді, енді «сам» болып отыр. Мені қорғап жүрген соң, мен жан аяймын ба?! Жекеңнің корсетуімен жаздым ғой арызды бұрқыратып. Жекең осал адам емес, байқаған шығарсың, ананы төңкерді де тастады.

Негізі, бала, осы Жекеңнің ығымен жүрсөң өлмейсің. Менің тілімді ал. Мен саған әдейі айтып отырмын осының бәрін...

Мәкесі әңгімені көп айтты. Жетектің барлық «адам-гершілігін», жасап жүрген қамқорлығын, тіпті ай сайынғы сыйлықты қалай бөлестінің, оны кім-кімнің алатынын, әйтеуір не керек, оның күллі «қасиетін» тізіп шықты.

- Ал, бала, - деді сонан соң маған қарап, - Сен де ақылсыз бала сияқты емессің. Анау Майбасардың босаған орнын сұрап келгенінді көзіңнен танып түрмyn. Әлгі айтқаным – айтқан, ол саған да касайтса. Жекеңді қол үздіріп алма. Егер қырын келеді екенсің қыршыныңды қып жібереді.

Әлгі бір нәлесі келмей қайда жүр, келем деген соң. Сол кеткен соң бір жартыны өзің реттеп жіберерсің. Тек саспа Майбасардың орнына өзім орналастырам.

Осы кезде бөлмеге бір қызы келіп, екеуін де бастықтың шақырып жатқанын айтты.

Мәкең есіктен шыға бере маған қарап:

- Ал, бала, біз бастыққа кеттік, әлгі «дөкейі» келген болар. Сен біз келғенше анау шөлмектерді шығарып тастай сал, - деп есікті жапты.

Осы кезде сагатыма қарасам Жекеңе «келемін» деп телефон соққан уақытты болған екен. Директордың кабинетіне мен де келіп кірдім. Іштеғілер жағалай келіп саулық сұрасып, қолымды алып жатты. Әлгі Мәкеңе көзім түсіп еді, басы салбырап, есіктен шығып барады екен.

## ЖАҚАН АҒАЙ

- Бірде біздің елден келген Жақан деген адамды үй-ішімен қонаққа шақырмақ болдық, - деп әңгімеледі Сона көршім бірде. – Жерлес адам болған соң мені қарындас тұтып жүреді. Бірде сол үйдегі женгеміз де дәм татқысы келіп, қалжындағаны бар. Содан әлгі сөз көкейімде жүретін. Бірақ сол кезде шақыруға мүкіндік болмай, арада екі-үш ай өтіп те кеткен.

«Ыңгайың енді келген шығар» деп бір күні қара телефонның қасына отырдым да, күні бойы бұрадым емес пе. Бірақ әлгі Жақанның үйінің телефонына түспей-ақ қойдым. Біресе «бос емес» деп қысқа-қысқа дыбыс берсе, бірде ұзак-ұзақ гүілдеген дыбыс келеді құлағыма.

Телефоннан түк шықпасын білдім де такси алып, Жақанның үйіне аттандым. Келсем – есігі тас берік, қоңырауын шырылдатып-шырылдатып кері қайттым. Ертеңгі күнім де дәл осылай отті. Уақыт болса зымырап барады. Енді екі күннен соң сенбі келеді. «Қой болмас» деп ертеңіне тұнгі сағат онның кезінде қайтадан келдім таксимен.

Есікті женгеміздің өзі айты.

- Ойпырмай, женеше-ай, осы...

Женгеміздің түрі бұзылып кетті:

- Немене, «осы»? .. Тұн ортасында... Қонаққа шақыра келген боларсың?

- «Көріпкеліңіз» бар-ау деймін, женеше. Дәл таптының ғой. Қонаққа шақыра келдім. Ағай үйде ме? – деп қалжын араластыра сөйлеген болдым.

Бірақ мына кісінің кекесінді сөзі көнілімді мұздай қарыды. Дегенмен, сөздің байыбына толық бара алмай түрдым да қалдым.

Жеңгейдің екі көзі қанталап шекірейе түскен.

- Аған да жоқ, басқа да жоқ. Қара бұлардың осындайда туысқан бола қалуларын. Бұрын қайда жүргенсіндер. Ол есікті нұсқады. Мен сыртқа беттедім.

Осы кезде ауыздағы телефон шыр ете түсіп еді, бір кішкене қара бала жетіп келді. Жеңгеміз оған ала көзімен ата қарады. Ал, ар жақтан Жақан ағамыздың:

- Ей, аулақ жүр телефоннан, - деген дауысы гүж ете түсті.

Түкке түсінбеген менің жігерім күм болып есіктен шығып жүре бердім.

Таксимен зымыратып қайтып келе жатсам, бір әйел мен бір ерек қолын көтереді. Таныс адамдар сияқты. Сөйтсем, мына көрші үйдегі Сәлім мен Рухия екен. Машинаны тоқтаттырып мінгізіп алдым. Сәлім кішкене қызулау.

- Ой, Сона көршім, сенбісің?! Сен не білесін, ақшаң болса өмірді жалпағынан басу керек қой. Ана университеттің мұғалімі Суантайды ресторанга апарып, «суарып» келе жатырмыз. Енді балам оқуга сөзсіз түсіп түр.

- Ей, қой ұят болады. Әуелі түсіп алсынши, содан соң мақтанарсың, - деп әйелі сөзге араласты.

Оған қояр Сәлім бе, соғып келеді:

- Е, өтірік пе? Ертең бірінші емтиханы. Одан сынақ қабылдайтын мұғалімді де және басқа емтихан алатын мұғалімдерді түгелдей қонақ еткенмін. Өткізбей көрсін, кейін мен олармен сөйлесейін...

Ойпырым-ай, ойыма бұрынырақ неге келмеген. Ертең емтихан айы басталады екен ғой. Жақан ағайдың бір институтта білдей мұғалім екені есімнен шығып кетіпті. «Мұндай да сұжүректік болады екен-ау!».

## ҚЫЗҒАНЫШ

Көптен көрмеген бір ақынмен кездескенде әңгімеміздің бетін жағдай сұраудан кейін әдебиетке бұрдық. Бірнеше ақын-жазушының шығармасы жайлы пікір алышқан соң сөз кезегі өзімізге ауысты.

- Жәке, - деймін жай ғана, - кейінде баспасөз бетінде көрібей жүрсіз ғой.

- Иә, - дейді ол. – Жағдай солай.

- Сіздің маҳаббат лирикаларынызды мен дәрістій жаттаушы едім. Қыздардың алдында сан рет жүрегім езіліп, өзім шығарғандай болып оқып едім-ау.

- Бауырым, маҳаббат лирикалары кейінде маҳаббат трагедияларына айналды емес пе?

- Жәке, сіз не айтып кеттіңіз? Жөнімен түсіндірсөнізші...

Жәкең аз-кем ойланып, толғанып отырып қалды.

Шамасы әңгіменің желісін мұғдарлаған болса керек.

- Женгең Сәнімді өзің білесің, - деп бастады ол сөзін үнсіздіктен кейін. – Қияпаттау кісі болатын. Үйленер алдында менің қойын дәптеріме көп үңіліп кетіп еді. Тіпті, кейбір өлеңдердің шығу тарихын да сұрап алып отыратын.

Әңгіме үйлену тойы өткеннен кейін басталды. Бір куні стол басына отыра беріп едім, жаныма ежірейіп жетіп келді.

- Ей, мынауың не, ей! Қатын алып қасқайып отырып, қызға өлең жазғаның не сорлағаның?!

- Сәйім-ау, әнім-ау бұл, әлгі осы тойдың алдында ғана өзіңе шығарылған өлеңім емес пе?

Ол аздал жай тапты. Екі ай шамасы өткен кезде біздің азынаулақ ыдыс-аяқ тағы сылдырай бастады.

- Ей, мынауың кім, тағы?! «Тұс көремің» не? «Айналайының» не? «Аймалаймының» не? Кімге тағы ынтықтың?!

Бұл жолы аздап болса да ақын жанынан хабар берген сияқты болдым. Нелер ақсақалды ақындардың қыздарға арнаған өлеңдерінен мысалдар келтірдім.

Ол мені түсінді. Түсінбей не? Алдағы жылы баспадан жинағым шықпақшы екенін айтқанымда ол тіпті, қуанғанынан кокке үшіп, жерге түсті. Керек десең, жұмыртқа қуырып жүргенін де ұмытып кетіп, үйдің ішін көк түтін қылды.

Енді бірде баспасөзде жарық көрген балладамды көрсетпек болып, алғып-үшіп үйге келдім. Бас-аяғы екі жұз жолға таяу дүние қыруар ақша ғой. Оны да айтпақпын. Бірінші жақта жазылған махаббат туралы балладамды ас үйде жүрген Сәнімге оқи жөнелмесім бар ма? Ананың көзі шығып барады. Сірә, таңданғаннан шығар деп мәнерлей түстім. Бір кезде қара ожау басыма сарт ете қалғанда, аспан айналып жерге түскендей болды. Есендіреп тұрып қалдым.

- Оқы, әлгі жерді қайтадан! Азған екенсің, сен әбден! Тойынған екенсің, сен пәле! Тұнімен төргі бөлмеде отырып алғып ойлайтының сол қанышық екен ғой сенің. Айт деймін мен саған, кім ол? Көрсет деймін көзіме!...

Мен бұрынғыша дәлелдей бастадым. Анау сөзімді тындар болмады.

- Мынау келер жылы шығатын жинағымды толықтырғаным емес пе, - деп жүгіріп барып қолжазбаларымды алғып келдім.

Сол-ақ екен, қолымнан дудыратып жұлып әкетті. Құтырып, жұлынып, әбден долданып алған. Штінен жыртып жүр. Жыртылмағанын жанып тұрган пешке лақтырып жүр. Біресе пешке, біресе Сәнімнің қолына жармасып, екі ортада мен жүрмін. Үйдің ішін қекала түтіп алғып кетті. Мына қиянатқа әбден жаным қүйініп, бір кезде шыдамай кетсем керек. Өзімнің де не болғанымды білмеймін...

Сонымен не керек, ұзын сөздің қысқасы – милициядан бір-ақ шықтым.

Әңгімесіп аяқтаған Жәкең үн-тұнсіз бетіме қарады.

- Сонымен, жинағыңыздың жағдайы не болды?

- «Байтал түгілі, бас қайғы» деген сияқты, жиннақ түгілі, бас қайғы болды ғой. Сол жолы көзі көгерген Сәнім, милицияға барып арыз берді, ісім сотқа тұсті. Әйтсуір жарты жыл дегенде іеім онға түзеліп, он бее тәулікпен құтылдым ғой. Жұмыстан да шығып қалдым, лирикалар да еонымен «қазаға» ұшырады.

Менің ойыма Сәнім оралды. Сұраулы жүзімнен мұны үққан Жәкең:

- Сәнім де кетті, - деді күрсініп. – Менің үстімнен шағымданып жүргендеге бір милицонермен көңіл қосынты.

## СУАЙТТАРДЫҢ САЗАЙЫ

Әсембек демалыс алын, ауылға келген. Қаладан келген достарын құрмет тұтып агроном Арықбек, зоотехник Зәуірбек, тағы басқа бір топ адам ауыл сыртындағы өзен жағасына ошақ көтерғен.

От басына жипалғандар ырду-дырду әңгіме құрын, әркім өз көрғендерін, естіген-білғендерін айтып жатыр. Бір кезде қызыңқырап қалған Арықбек киіп кетті:

- Биыл біздің егіс даласы мол түсім берді. Әр бидайдың маеғы бір килограммға дейін салмақ тартты. Әрбір түйір картоптың салмағы тоннаға жуық айналды. Міне досым, әр гектардан қанша өнім алғанымызды енді озің есептеп аларсың.

Оның созін Зәуірбек іліп әкетті:

- Иә, иә. Арықбек дұрыс айтады. Тек егістіктен гана емес, мал шаруашылығынан да мол табысқа ие болдық. Етке тапсырған әрбір ірі қара жетіпіс тоннаға дейін салмақ тартып, рекорд жасадық. Мүмкін өзің де естіғен боларсың.

Екеүінің әңгімесінсі соң оттың басын үнеіздік басты. Елдің бәрі енді қаланың адамы не айтар екен дегендей, Әсембектің аузына қарап қалыпты.

Тамағын кенеп, орнынан бір қозғалып қойған Әсембек әңгімсіні әріден бастады.

- Иә, биылғы жыл шынында да табысты жыл болды. Даланың адамы болсын, қалапың адамы болсын бұл табысқа өзінше бір үлес қосты. Біздің қалада да сондай жаңалықтар болып тұрады. Осы демалысқа жүрер алдында заводқа барсам түү... оз көзіме өзім сенер емеснін. Он адам он жерден тұрып алын үлкен қазан шегелеп жатыр. Үлкендігін айтсаңыз – сондай, қатар тұрған он адамның балға даусы бірін-біріне жетпейді. Сөйтсем, олар осынша үлкен қазанды мен демалыстан оралғанша бітіріп қоймақ ойлары бар екен.

Арықбек пен Зәуірбек қатарласа тіл қатты:

- Бәлі, сонша не деғен үлкен нәрсе?

- Ондай қазан кімде керек?

- Бізге керек, - деді Әсембек. – Ауыл адамдары осыншама мол өнім алын жатқанда қала адамдары оны далаға тастауды керек пе? Өніміне қазаны да сай болуы керек қой.

Екеуі бір-біріне қарасты.

- Істықтан кеттік қой, - деді Арықбек.

- Суға түссійік, - деді Зәуірбек.

Сазайын алған екі суайт өзенге қарай бет алды. Ошақ басындағылар қыран-топан құлкіге кенелді де қалды.

## БАЛБІҚ КЕЛДІ

Мен онымен нарктен шыға беріс ауызда кездестім.  
Кәдімгі Тәпек. Шүрқырасып амандастық.

- Иә, қайдан келесің?

- Мына прктің ішіндегі сыраханадан шыктым. Айтпақшы, Сәке, Аралдағы нағашым бір посылка балық салып жіберінті. Жаңа соның бір-екеуімен осында сыра сыңғыттық. Кепкен балықпен салқын сыралының сора бересің. Майдай ериді.

Тәпек сыраханаға қалай келгенін, кіммен келгенін, неше саптыаяқ сырға ішкеніш ұзақ жырлады. Анаңың әңгімесіш тындалап, езуімнен сілекейім ағып біраз тұрдым да:

- Ей, маган сарқыт қалдырыған жоқсың ба? – дедім ұятты қалтаға салып қойып.

- Қалды ғой, Сәке, қалды. Сізге қалдырмай сиді. Кеше телефон соққам жұмысының жауап бермеді. Сөйтсем, демалыс екен ғой. Ұмытып кетіппін.

Ішім қылп ете түсті. Мынаның осындай өтірік соғып жіберетіні бар екен ғой. Бұрын маған телефон соқпақ тұрсын қайда жұмыс істейтінімді де білмейді.

- Ал Сәке бүгін айып етпеніз. Ертең Аралдың ақ балығы сырахананың ішінде жүзіп жүретін болады. Телефоныңды жазып алайын, жұмыстан соң ана Әлкен, Көкен ушеуініз келе қалыңыз, сырға бір сылқия тояды.

Сөз осыған байланып, келістік. Ол менің телефонымды жазып алды да жайына кетті.

- Осы сенің кесіріңнен мол сырға үлгермей кеш қалдым, - деп бір күңкетіп, бала бақшадан қайтқан тәмпіш танау ұлымды қолынан алып дедектете жөнелдім.

Ертеңіне уәделі мезғілде Тәпек телефондады. Ушеуіміз жиналып келісілғен жерге келдік. «Мен күтін тұрмын» деп телефон соққан Тәпек көрінбейді. Күтіп тұрмыз - әлі жок. Бір сағаттай өткенде барып көрінді қарасы, қараң батқырдын.

- Сіздер ендігі кетіп қалған шыгар деп асықпай келе жатсам. – Ыржып құледі өзі.

Сыраханага келдік. Бұрынғы таныс көрініс. Ығыжығы халық. Бұрқ-бұрқ еткен темекінің тұтіні. Эр жер, әр жерде дөкейлігін көрсетіп гүжілдеген дауыс.

Жағалап жүріп бір бос стол таптық.

- Ал, енді кезек ала беріңіздер мен ыдыс жинап келейін, - деп Тәпек кетті. Кезек алуға Көкен кетті. Стол басында Әлкен екеуміз қалдық.

- Мынаның балығы қайда? - Әлкен маған қарады.

- Білmedім.

Байқаймыз, шалбарының екі қалтасына салмаса, үстінде шолақ жең жейде. Қолында ештеңе жоқ.

Сөйткенше кезеккө Көкен де жақындал қалды. Бағанадан бізге қарап бағжандап тұрған ол бір кездे сұқ саусағын ілмектеп шошайтып, біреуімізді шакырган белгі жасайды. Әлкен барып тез оралды.

- Тиыны толмай тұр.

- Тиын толмағаны қалай? Бағана Тәпек: «Сыраны судай ағызып, өздерінді балықпен қоса жүздірем» деген.

- Әй, Тәпек!

Саптыаяқ жинап жүрген Тәпек жанымызға жетіп келді.

- Ана Көкеннің тиыны аздап жетіңкіремей тұрған көрінеді. Бұғінгі сый сенікі емес пе?

- Ой, Сәке-ай, сіздер күтіп қалады ғой деп, асырып жүріп, ақша алуды ұмытып кетіппін. Ақша деген не тәйірі, жетеді ғой. Бұғаше бірдене етейік. Ертенгі сый менен болсын, қалтамды қағып түғел қостым.

- Ал, балығын қайда?

- Ой, Сәке балыққа ұятты болып қалдым. Оған кешірім өтінеміп. Тоңазытқыштың ішіндегі бар балықты тарғыл мысық тұнде түгел жеп кетіпті. – Тәпек төмен қарады. Біз бір-бірімізге қарадық. «Тоңазытқыштың ішіндегі тұздалған балықты жеген тарғыл мысықтың да есі дұрыс болмағаны ғой».

Енді не істеу керек? Өзіміз тірлік жасап, қалтамызды қағып, бір-бір саптыаяқ сыра іштік те аман-сауымызда үйімізге қарай аяндадық.

Содан бері Тәпекті анда-санда бір көріп тұрамыз. Кейде Аралдан балық келғеніп айтып, сырханага

шақырып қояды. Баруға біздің «қолымыз тимей» жүр. Бәтуасы жоқ адамға сенін жүрген де ешкім жоқ.

## КӨБЕКТІҚ КӨРГЕНДЕРІ

Жергілікті комитеттің мәжілісінде бір-ақ мәселе қаралды. Ол – облыс орталығындағы осы ферманы шептік қамқорлыққа алған заводқа кісі жіберу.

Мәжілісте ұсыныс көп болды. Бірі – ферма меншерушісі Бірлікті жіберейік десе, екіншісі – озат сауыншы Сақанды жіберейік деген пікір айтады. Біреулер өзінің досын, біреулер озінің туысын атап жатыр. Бірақ қазір жұмысшы жетпей, жоспар орындалмай жатқан уақытта қалаға кісі жібере қою оңай шаруа болып па?

Осы кезде ауданнан келген өкілдің көзі есікке таяу он жақ бұрышта мойнын ішіне алып, қорылданап отырған қара жігітке түсті. Ештеңеде жұмысы жоқ ұйқысын қандырып отыр.

Өкіл Бірліктің бүйірінен тұртіп өзіне қаратты. Анау қалқиған құлағын өкілдің апандай аузына тосты. Әуелі Бірліктің мұрны түндегі жеген ет пен ішкен арақтың әссрінен борсып кеткен сорпадай күлімсіген иіс сезді, оған қоса құлағы:

- Мынау отырған кім? – деген тарғыл дауыс естіді.

Қарсы бұрышта қорылданап отырған қара жігітті көрсетіп өтыр екен. Меншерушінің жүрегі зырқ етті.

- Бұл біздің ферманың күзетшісі Көбек деген жігіт.

- Өзі жұмысқа қалай?

- Ұйқыдан көзі бір ашылмайды.

- О, мінекей. Қалаға жіберуғе осыдан лайық ешкім жоқ. Бұл кетсе ферманы жау шаппас.

Сонымен бір ауыздан келісілін, шешім шықты да, ертеңіне Көбек қалаға аттанып кетті.

Мерзімді уақыты өтіп, завод шығарған жаңа сауын аппаратының жұмыс процесін үйренін қайтты. Өзімен

бірге жаңа аппарат ала келген Көбекті бүкіл ауыл болып қарсы алды. Ферма менгерушісі қуанышты сәттің келгенін айтып, Көбектің келуімен құттықтады. Жаңа аппараттың жаңа табысқа жеткізетінін айтты. Сөзінің сонында қалада көргендерін айтып беру үшін Көбекті ортаға шакырган.

- Жолдастар, - деді көп ойланбай-ақ Көбек, - Жолдастар! Завод өте үлкен екен. Өте үлкен... – Ойын жинақтайын деген адамша маңдайын сипап желкесін қасып біраз түрдү.

Жүртта үн жоқ, Көбектің аузын бағуда. Ол болса асығар емес. Ернін сылп-сылп жалап, қысық көзін жыптық-жыптық еткізеді. Аузы-басын сұрткілеуі тым жиілеп кетті.

- Ей, не көрдің? Айтсаңшы!
- Елдің шыдамы таусыла бастады.
- Болсаңшы енді...

- Иә, иә. Завод өте үлкен екен. Бір шетінен бір шетіне көз жетпейді. Барысымен аралап шықтым... Кірген бетте оң жағыма қарасам – аллам сақтасын... Сол жағыма қарасам - керемет... Ал, тура алдыма қарасам – сұмдықай, айтуға тіл жетер емес....

Көбек тағы бөгелді. Бұл жолы ұзагырақ ойланды.

- Ойпырмай, осының бәрін есіне қалай сақтаған?! – Арт жақтан біреу айқай салды. Ду қулкіге кенелген жүрт тарай бастады.

Ертеңіне ертемен іске кіріскең Көбек ай бойы көк темірмен «айқасты». Заводтан әкелген аппаратты құрмақ болып жанталасқан әрекетінен ештеңе шыққан жоқ. Сөйтіп жүріп қыс та келді. Көбектің үйкисы бәрібір қанбады.

Ал, ферма колективі болса келесі жылы да сүт тапсыру жоспарын орындаі алған жоқ. Оның есесіне металл сынығын тапсыру жоспарын артығымен орындалап шықты...

## АВТОБУСТАҒЫ ОҚИҒА

Жұмыстан келіп, жуындым да есіктің алдына шығып, демалып отырғанмын. Көршімнің кішкене қара келіншегі Сона домалаңдап жүгірін келе жатыр екен. Оның осы жүрісінің өзінен-ақ маңызды бір оқиғаның болғанын анғару қыын емес. Екі танауы желбіреп, кішкене қысық көздері жымың-жымың етін, алға қарай ентелей түсуде. Мениң де құмарлығым ұстап кетсе керек:

- Жайша ма, Сона? – дедім.
- Е, қайдан жай болсын.
- Не болыпты соншама? – Мен бұрынғыдан да ентелей түстім.
- Бүгін таңертең автобуста...
- Таңертең?.. Автобуста?...
- Иә, таңертең жұмыстан қалып бара жатқан соң асығып, аялдамаға қарай жүгірдім ғой. Сырт қалтама бір үш сомдық сала салып едім, қолыммен соның амандығын байқап қоямын. Іле автобус та келіп, мінін жүре бердім. Қалай тырмысып мінғенімді білмеймін, тыныс алуға мұршам жоқ, сығып барады. Қолымды қалтамнан шығармаймын. Ойым – үш сомдықты жоғалтпау.

Бір кезде автобус шайқалып кетті де, еріксіз қалтама салып тұрған қолымды суырып алғып, ұсташың темірге жармастым. Кісі көп-ақ дедім ғой, ұстамай-ақ қойсам да жығылмайтын едім, жан тәтті ғой, қалай ұстай алғанымды өзім де аңғармай қалыптын. Сол-ақ екен үш сом ақшам ойыма қайта түсіп, қолымды қалтама салайын десем – сүмдық-ай, жүреғім тас төбеме шықты. Мениң қалтамда басқа біреудің қолы тұр. Жалма-жан тар қалтаға сығыстыра бар күшіммен қол салып, ананың қолын «қуып шығуға» тырыстым. Бірақ ана мықты да қолын ала қоймады. Айқайлауға ұялдым. Ойлап тапқан бір амалым – бөтен қолды мына тырнақтарымды батырып тырналай бердім. Ойым, әйттеуір, үш сомымды аман алып қалу.

Мен Сонаның қолына қарадым. Шынында да бір адамның жанын көзіне көрсетерліктей тырнағы бар екен.

- Сонымен не керек, тырналай бердім...тырналай бердім... Бір кезде жанымдағы жігітке қарасам – маған бедірейіп қарапты да қалыпты. Көзін алар емес. Қол соның қолы сияқты. «Сен болсаң жаныңды көзіне көрсетейін» деп онан сайын өршеленін тырнай түстім. Сезіп тұрмын, қолы қан жоса болды.

Бір кезде аялдамаға да келдік. Сол кезде жігіт қолын суырып алды. Тұра қашуға ыңғайланған шығар деп ойладым да, мен қалтаның тұбіндегі ақшага жармастым.

Бедірейіп тұрған әлғі жігіт әбден шыдамады-ау деймін, бір кезде мені қатты итеріп қалды. Мен есіктен шығып жатқан елмен қоса сыртқа қарай бір-ақ ытқыдым. Тегеуіріні мұндай қатты болар ма!

Сыртқа шыққан соң аман қалған ақшама қарасам - өз көзіме өзім сенер емеспін. Үш сомдықтың орнында бес сомдық кок қағаз пайда болыпты. «Япырау, бұл қайдан келді?» деп қолымды қалтама салсам – ун сомдығым орнында жатыр. Сөйтсем, артынан ойыма келді, өзімнің қалтам екен деп жанымдағы жігіттің қалтасына қолымды салып жіберінпін.

Әңгімесін аяқтаған Сона үйіне қарай жүгіре жөнелді.

## ҰҚСАСТЫҚ

Кең көшемен талтаң басып келе жатыр едім, кенет алдынан кездесе кеткен бөрікті жалпақ қара қолымды қос қолдап үстап, қыса түсті.

- Сәлеметсіз бе? – деп мен де ілтипат білдіріп жатырмын.

- Ау, Мәке, хал қалай? Көрмегелі көп болды... – деп әлгі бастырмалатып барып, бажырайды да төбесінен біреу ұрғандай тынды да қалды.

- Ой, кешіріңіз.... Сіз Мәлтайдан аумайды екенсіз. Кешіріңіз.

Ол бұрылып жүре беріп еді, мен сонынан куа түстім.

- Сіз мені кімғе ұқсас дедіңіз?

- Мәлтайға.

- Аумай ұқсаймын ба?

- Аумайсыз.

- Мұрным да ұқсай ма?

- Иә, ұқсайды.

- Ол кісінің көзі де менікіндей ме?

- Дәл сондай.

- Осы «Мәлтай» деп тұрғаныңыз кім өзі?

- Тұ-уу... соны да білмейсіз бе? «Заготскоттың» бастығы ғой.

Бұрылып алып жүре бердім. Аңырайып анау қала берді. Төбем көкке екі-ақ елі жеткен жоқ. Дәл қазір бүкіл дүниеде жалғыз мен ғана бақытты жан сияқты едім.

Мына талпақ танау, мына жылан көз басқада да бар екен ғой. Оған да шүкіршілік. Дүниеде жалғыз мен ғана емес, маған ұқсас екеу екенімізді білгенде... Өзі анадай бастық болса... (Ар жағын айтпай-ақ қоямын).

Аяғым-аяғыма жүқпай желдей есіп салып келемін. Мына жаңалықты мұрным мен көзімнен «тұқ қоймайтын» Желеу сияқты құрдастарға жеткізгенше асықпын. Олардың «жұып жібер» деп бас салары да сөзсіз. Мейлі, одан қашар мен емес...

Ертеңіне кешегі ішкен арақтан басым шыңылдан, екінші татып алмластай болып келе жатқам. Қарсы алдында талтая қарап тұрған жуан қарынды дәу сарыға тіреліп қалдым.

- О, Мәке, денсаулығың жақсы ма? Екі аяғынды егеп басып, зорға сүйретіп келесің ғой.

Амандық-саулық жоқ тіке «сенге» көшіп. Оның кіммен шатастырып тұрғанын түсінін тұрмын. «Не де болса қызық болсын, сыр білдірмейін». Тап бір туған баурым әскерден жаңа келгендей құшақтай алғым келді де, онымның ерсілеу болатынын түсінін, қолын қаттырақ қыса амандастым. Ептең жағдайымның «келінкіремей» тұрғанын айтып жатырмын.

- Ой, Мәке ана жылы өзіңмен кездесе алмай қалдық қой.

- Қай жылғыны айтасың? – мен нені айтып тұрғанын түсінбедім.

- Әлгі, көтерем ала тайыншаны жоғары сортпен етке қабылдатып едің ғой.

- Е, есіме енді тұсті. Қолда тұрғанда аяймын ба?

- Сол жолғының есесін бүгін қайтаратын бір реті келіп тұр-ау деймін. Жүр. Мәке, мына жерде бір ыңғайлы жер бар.

Дәу сарының соңынан бүйдалаған тайлақтай томпаңдал еріп келемін. Адымы мұндай үлкен болар ма?! Оның бір аттағанын мен екі аттаймын.

«Ыңғайлы жерге» келдік. Күндегі жүретін жолымнан қисықтау, мен сирек келетін сырахананың бірі екен.

Бір-екі стақан ақаңды «тіркемесімен» қоса «қызыл кезен» асырып, жағдайымызды түзете бастаған кезде екі жігіт келіп кірді. Орта бойлы дембелшесі менен көзін айырмайды. Жанымызға келіп тұрды. Ішіп алыпты.

- Немене танымай тұрсың ба? Бұл – «Заготскоттың» бастығы Мәлтай деғен жігіт. – Дәу сары мені таныстыра бастады.

- Е, бәсе... Өзім де шырамытып тұр едім. Былтыр студент інімнен жетектетіп жіберген жайында жайқалған ту сиырды «көкбақа» деп үшінші сортқа зорға өткізген сен екенсің ғой. Сол кезде қолыма тұспей кетін едің....

Дембелше жігіттің ашуланғанда бет-аузын түк басып кетеді екен.

...Басқаеы есімдс жоқ. Бір кездे ссімді жиып, көзімді ашсам – айналам апнақ. Сөйтсем, ауруханада жатыр екем. Басымды ақ дәкемен орап қойыпты. Мұныма да шүкіршілік. Егер ана дәу сары болмаганда, тірі қалуым екіталаі екен.

Содан бері көшеде біреу қарсы кездесін, тіке қараса айналып өтіп жүрмін. Бүйтіп ешкімге үқсас болмай-ақ қояйын.

## «НЕШАУА» ДЕСЕН

Жайлауда тұратын Сәндібай совхоз орталығына келіп, көше ортасында дүбірлете шапқылаи журді. Біреулер оған терезесінен, біреулер есік алдына шығын қарайды. Не гәп деген ойға келеді. Шопанның кок дөнсіп әбден терге малынып, ақ көбік болын кеткен. Адамдар енді ғана байқады, оның түрінен бір-екі стақанды қызыл өңештен аесырып алғанын аңғару қын да емес еді.

Бір кезде салып ұрып кеңсенің алдына келе қалды. Есік алдында бригадир түр еді:

- Оу, Сәке, мал-жан аман ба? Сізді таңтертең келді деп еді, әлі жүрсіз гой, отарыңызды кімге тастап кеттіңіз? – деді.

- Нешауа, жолдас бригадир, балама тансырын кеттім, – деді атынан түсіп жатып.

- Нешауаңыз қалай, Сәке? Кеш болып қалды, баланың аты бала, остіп жүргуге бола ма екен? Ит-күе бар деғендей, ойласаңызшы!

- Нешауа десе қойға қасқыр шаннайды десетінің қайда, - ден Сәкен көк дөненді бағанага байлай бастады. Ыза болған бригадирдің үні қаттырақ шығын кетті.

- «Нешауа» емес! – ден дауыстан жіберді.

Құлағына сол жалғыз сөз тиғен Сәндібай атына қайта мініп, шауып ала жөнелді. Тегі, ауылы-

на тартқан болса керек, кок дөненді борбайлан қамшылап барады.

Қае қарай ауылына жетee, қой бір төбенің басында иірулі тұр. Қойды айналып екі көк ала төбет дамыл таптай үреді. Айтактаң-айтақтай даусы қарлығып, шырылдап баласы жүр. Сәндібай келген бойдан баласынан жөн сұрады. Ол қойға қасқыр шапқанын, алайда, малдың амандығын хабарлады.

Бүйірш соға ентігін тұрған көк дөненмен жерге түсіп отыра кеткен Сәидібай әлдекімді балағаттан жатыр.

- Өзіміздің бригадирден ешкім де данышпан емес екен. Соның «иешауа емес» деген жалғыз еөзі қамшы болып, шапқылан жеттім емес пе! Аузына келғенін айта беретін бағзы бір мылжындар сияқты ол да «нешауа» десе ғой, мен байғұс жайласып отыра беретін сдім. Онда қасқыр қайта оралыш, қойды қырын кстстін еді. Байқайсың ба, нешауа емес деген сөз – әрқашан сақ бол деген сөз.

Әкесінің не айтып отырғанына онша түсіне қоймасада, баласы әрқашан сақ бол деғеи сөзін құптағандай басын изеген еді. Екі көк ала төбет те бұлардың жанына келіп, қүйрығын бұландатып, Сәндібайдың жаңағы тұжырымын қостан тұрған сияқты.

## ОСЫНДАЙ ДА БОЛАДЫ

Тоғызынышы класты бітіріп, каникулға шыққан күннің ертеңіне Майдан ескі велосинедін далаға алып шығып, жөндеmek болды. Көптен бері қараңғы қорада жатып, тот басқаи велосипед жөндеуге көнетін емес. Кілт-саймандары да жоғалып қалынты.

- Ей, Қазкеи, велосипедіңің кілтін әкеліп берші, - ден сұрады қасында ініеімен бірге отырған көршісінің баласынан.

- Жоқ, шаршап отырмын, - деді ол.
- Неменеге шаршайсың он метрге толмайтын жерге.
- Қойши, ерініп отырмын.

Майдан баланың ойын біле қойды, адуын шешесінен қорқып отыр. Баласына велосипед сайманы керек болса, қайдан болсын тауып алатын. Болмаса жанын қоймай, Майданның велосипедінен бүратып алса да алатын. Өзінде барды өзгеге татырмайтын барынша сараң адам.

- Қазкен, бар, алып кел. Жұғір, Асан сен де бар. Екеуің жарысып барып алып келіндер, - деп таяқшамен жер шұқып отырған алты жасар інісін қоса жұмсады.

Біраз үгіттеғеннен кейін екеуі жарыса тұра жұғірді. Майдан өз ісімен інүғылданып кетті.

Әлгінше болған жоқ:

- Не болды, ей! – деген ащы дауыс шанқ ете тұсті.

Жалт қараса Қазкен алдында, оның соңында қолында таяғы бар Асан жұғіріп барады. Ал, Қазкеннің шешесі үйден шығып келеді екен.

- Мына Сейіттің жаман ұлы қайтеді-ей! Өй, тәртіпсіз! Өзінен ұлкенді таяқтың астына алып келе жатқанын. Тәртібі жаман түге, тәртіп көрмеген! – деп сойлеп тұр.

Қазкеннің шешесін корген соң Асан тұра қалды.

- Үңжық неме! – Енді өз ұлына ұрса бастады. – Қарашы, түйедей болып, қаршадай баладан қашқаның не болғаның. Өлтіреді ғой дедің бе! Мойның жұлып неге алмадың, мойның үзілгірдің!...

Асанға жұдырығын түйіп:

- Екінші басшы осы үйдің маңын! Аяғынды қырқайын... – деп ышқына шаңқылдан барып, ұлын қолынан жетектеді де үйіне кіріп кетті.

Асан болса басы салбырап, қолындағы таяғымен жолындағы тастандарды ұрып келе жатыр. Козінің астымен Майданға қарап қояды. Көз жанарынан кінәсіздік аңғарылады.

Майдан оны не деп жұбатарын білмей тұрып қалды.

## ЖАРЫҚТЫҚТЫҢ ЖАЗАСЫ

Менің Сұлубикемнің естімейтіні жоқ. Қайдағы жайдағының барлығын естіп, біліп жүреді.

- Білесің бе? – деді бір күні маған.

- Жоқ, - деймін мен аса мән бермей, оның бір «манызды» мәселені біліп келіп тұрғанын сезсем де.

- Ей, ей! Мырзатаевты тұрмеге тығып қойыпты.

- Мырзатаевың кім?

- Әлгі бізге румын гарнитурын кезексіз сатпай қоятын мебель магазинінің директоры.

- Е, анау де. Байғұстың бала-шағасы қайтты екен?

Сұлубикем маған ала көзімен қарады.

Екі-үш күн өткен соң ол тағы бір жаңалық естіп келді.

- Қамысбек аварияға ұшырапты. Машинасы аударылып, ауыр жараланыпты.

- Әлгі жаңа көршіміз бе? Қап, обал болған екен.

- Обалың не айтып отырған. «Саяап» десенші, жазда мына тұрған Қарасұңқарға өлгенине жалынғанда апарып салмаған еді ғой.

- Ә, солай ма?

- Солай! Міне, көрдің бе? Бізге көмек жасамаған адамның өзі сазайын тартады, - деп Сұлубикем біздің «қасиетімізден зауалдатқандарды» тізіп шықты.

Содан біраз уақыт өткен еді, бір күні Сұлубикем тағы да ентігіп жүгіріп келді.

- Естідің бе?

- Жоқ.

- Сен-ақ тас керең болып жүреді скенсің, Дәуіт шал қайтыс болыпты.

- Япыр-ай, ә! Жақсы адам еді жарықтық. Талайға келсе де ешкімнің көнілін жығып көрмеген.

- Не деп отырсың өзің?! Білесің бе, былтыр жазда біздің ақ бақай төбет бұрыштан шыға келіп, «арс» ете түекенде таяқпен бастан бір салғанын. Так что....

Ойпырым-ай, біздің Сұлубикеге дауа бөлмас. Сөз таба алмай отырып қалдым.

## ТӘҮІПТІҢ ШОШЫНҒАНЫ-АЙ!

Ауыз үйдегі төсекте жатқан шүйкедей шалды балашаға қоршап алышты. Бәрінің жүзі ұрейлі, науқастанып қалған Тәкенниң күдер ұзгендей. Ұлкендері аяқ жағына, кішілері босағаға тақап жайғасқан. Жұдырықтай байғұс кемпір Тәкен ауырғаннан бері жақ жапқан жоқ. Әлдене дүғаны оқып, жалбарынып күбірлеп жүр. Қазір ала-көлеңке шақ, қыстың қысқа құні батып бара жатыр.

Бір құшақ сұықты өзімен қоса ала кірген Әшім науқастың қасына қарай өтті.

Әшім осынау он шақты үйдің емшісі ееепті. Дәрігері жоқ ауылдың тақуасы. Совхоз орталығындағы дәрігерге хабар жіберілсе де әлі келмей кешігіп жатыр. Тәкен ойда жоқта науқастанып қалды. Денесі қызып, әлсін-әлсін талықсып, сандырақтай береді. Үрейленғен балашаға жүгірін Әшімғе барған. Ол жылқы іздеп кетіпті. Жылқыдан соғым әкелмек екен, кеткелі екі-үш құн болыпты. Содан Әшімнің оралғаны әлгінде ғана еді.

Тәкен түстен кейін тәуірлеу. Тыныштанып үйқыға енген. Тек ептеп дем алған дыбысы ғана сезіледі.

Келе сала тамырын ұстап көрген тақуа басын шайқады:

- Қатты соққан екен... Алланың өзі жар болмаса. Бекем бол бәйбіше... - деп, аурудың аса қауіпті екенін ескерткендей болды.

Дұғасын күнірене оқып алды да, «Сұф!» деу үшін аурудың бетіне үніліп бара жатқан Әшім кенет кілт тоқтады.

- Молдекенбісіз? Қашан келдініз?.. Байталыңыз табылды ма? – деп, молданың даусынан оянған Тәкен атсіз дауыспен үзіп-үзіп сөйлеп, ақырын қимылдай бастады.

- Иә, аруак, - деп ұшып тұрды інүйкедей кемпір пеш жанынан, шипа бола көр. Жар бол жалғыз....

Үйдің іші серпіліп сала берді. Бәріне де жан біткендей кимылға көшті. Келіп электр шамды жарқ еткізді. Баласы басын сүйеп отырғызды. Кемпірі көрпесіп жайлады. Әшімнің не қуанғаны, не ренжігегі белгісіз аурудың сауалына жауап та бермestен, шапанының етегін беліне қыстырған беті есіктен шыға жөнелді.

Сірә, үй ішінің назарынан тыс қалғанына өзінше қыр көрсеткені болса керек. Ауруға үшкірғен сайын «Ырымға жаман» деп ақтық алмай кетпейтін Әшім тақуаның мына қылығына үйдегілер қыран-топан күліп жатты.

## «ҚОЙЫРТПАҚ»

Сабак басталып кетті. Физика пәніпің мұғалімі Жантақбай әдеттесінше үйге берген тапсырманы сұрап болды да, бір-екі балаға баға қойып, жаңа сабакқа көшті.

Оқушылар демін ішінен алып, тына қалды.

- Бұғінгі сабагымыздың тақырыбы «Қоспалар», - деді тақтаға баттитып жазып қойып, сөйтті де жана сабакты түсіндіру кезінде бөгет болмас үшін ерніңдегі насыбайын сұқ саусағымен іліп алып, бұрышқа қарай атып жіберді. Қоймалжың насыбай қоқым қағаздар салатын жәшіктің аузынан шығып тұрған жыртылған дәптер бетіне барып бүйідей болып былш ете түсті. Қыздар жиіркеніп, теріс айналды.

- Сонымен, «Қоспалар» дегеніміз мынау: сендердің ертеде байлардың қойшылары ішетін «қойыртпак» де-

ген тағамды естулерің бар шығар. Ол тағам нeden жасалады, кәне кім айтады?

Ешкім үндеғен жоқ.

- Білмейсіңдер, эрине. Ол тағам сүттен жасалады. Оған құрт езіліп құйылады және аздап ашыған айран қосылады. Әбден піскен кезде саптыаяқпен біреуін сіміріп алған қойшының мұртын балта шаптайды. Соңсоң дыр-дыр қасынып, тойып алған қойши маужырап үйқыға кетеді. Осы кезде қойға қасқыр шапқанын да білмей қалады. Өйткені, бұл күшті тамақ, сонымен бірге өте дәмді болады.

Сол сияқты біздің өтейік деп отырған «қоспалар» да бірнеше құрамды заттардан тұратындықтан өте берік, мықты келеді. Мысалы: дюралюминий деген металды алайық...

Бұдан былайғысын оны ешкімде тыңдаған жоқ, бәрінің ойы сілекей шұбыртатын қойыртпаққа ауысса керек.

Окушылар өз ойымен отырғанда мұғалім сабак түсіндіріш болған екен.

- Кәне, «Қоспа» дегеніміз не? Кім айтады? – деп жаңа сабакты пысықтамақ болған Жантақбайдың дауысы шәкіртерді қайтадан класқа әкелді.

Класс тым-тырыс. Ешкім қол көтере қойған жоқ.

- Қане, сен айтып жіберші, Уәлиев. Жаңа сабакты қалай түсіндің екен көрейік.

Жел сөзді судай сапыратын Сардарбек тікелей қойыртпақтан бастады.

- Уәлиев, конкретно сөйле! Мысалды өз ойыңнан келтір. Дайын мысалға жармасудан аулақ бол, - деп мұғалім оны тыйып таstadtы.

Сардарбек бөгелген жоқ, бұрышқа барды да дәптер бетіне жабысқан ұстазының насыбайын қағазымен көтеріп алыш, окушыларға көрсете:

- Міле, мынау насыбай. Мұны бәріміз де білеміз. Бұл әуелі уақ күл болады. Оған темекі қосылады, еп-

теп қалампыр салынады. Жақсылап үгіп болған соң аздап су құйылып иленеді. Яғни, «Қоспа» деғеніміз осы. Өйткеи мұның құрамында бірнеше түрлі элемент бар. Ең аяғы ағайдың сілекейімен мына қағаздың бетіне мықтап жабысып тұр. Мынау нағыз көкжасыл күшті насыбай. Мұндай насыбайды біздің ауылда Дүйсен ақсақал мен біздің ағай ғана ерніне салады.

- Сонымен, - деді мұғалім.

- Сонымен, қоспа мықты болады, - деп тұжырымдады Сардарбек.

- Жаңа сабакты шәкірттердің бәрі де жақсы түсінді. Өйткені өзінің сабақ түсіндіру методына өте риза болса керек, сирек қоятын «бестігін» бірін Жантақбай Сардарбекке «құрбан» етті.

## БІР ЖАРТЫНЫҢ ӘЛЕГІ

Магазиннің бұрышын айнала беріп, әлгі алған жартымызды Жақан екеуміз қағып алғанбыз. Олай-бұлай жүріп, көшеде ешкім кездесе қоймаған соң үйге келдік. Оны-мұныны біраз әңгімелеп отырған соң, үйқымыз келіп, екеуміз екі диванға қисайып қалыптыз.

Бір кезде үйқылы-ояу көзімді ашып қарасам, Жақан етпетінен түсіп жатыр, бет-аузын жастыққа тығып алыпты.

Тұншығып калар деп шалқасынан аударып жатқызып едім, қайтадан етпетінен аунап түсті.

«Ажалыңнан бұрын өлейін деп жатырсың ба?» деп қайтадан аударып жатқыза беріп едім, жағымнан «шарт» еткізіп тартып жіберді.

- Ей, тұншығып өлейін деп жатырмысың? – дедім жағымды сипалап.

- Сайқалданбай кет! – деп теуін кеп жіберді. Бүйірім оңбай қалды.

Ашууланғаным соншалық – жатқан жерінде үстіне қарғып мініп, басқа-көзге төпелеп жатырмын. Бірдене деп жүрміп, не айтып, не қойғанымды да білмеймін.

Бір уақытта есім кіре бастады-ау деймін, қарасам мойынынан қылғындырып қысып алыштын, ана байғұс қыр-қыр етеді. Қарысып қалған қолымды зорға боса-тып алдым.

«Мына пәлені өлтіріп алыш, масқара бола жазда-дым-ау» деп ойлап, жанына отыра кеттім.

Жақан ашудан булығып қап-қара болып кетінті, жатқан бойы қеудешесінің ішкі тес қалтасынан бір шөлмекті суырып алды. Екі көзім шарадай, ұрып жібе-рер ме екен деп жасқанып шеғініп барам.

- Мә, іш мына ит ішкірінді, - деп алдыма сылқ ет-кізіп толы шөлмекті тастай салды.

- Ой, мұның не? – деймін мен, түкке тұсінбей аң-таңмын.

- Іш деймін мен саған! Осы ғой сені тыныштандыр-май жүрген, - деп өкпелеген баладай теріс аунап тұсті.

Сөйтсем жаңа магазинде екі шөлмектің бірін маған көрсетпей қойнына сұңгітіп жіберіпті ғой сабазың. Соны қызғанып, етпетінен жатқан екен.

Біресе бұлдіріп, біресе күлдірғен қайран жарықтық-ай. Рахаттанып отырып бөліп ішіп, қайтадан татуласып кеттік.

## ТОРЫБАЙДЫҢ СӨЗІНЕ СЕНЕМ ДЕП...

Мен шылым да шекпеймін, «ақаңды» да ауызыма алмаймын. Дегенмен анда-санда салқын сырамен шөл басатыным бар. Кейде көбігі аспанға атқан салқын сусынға аңсарым ауып, сырханаға келгенде темекінің ашы түтіні қолқамды қауып, көзден жас ағызатыны-жайсыз тиіп-ақ жүр. Тобылғы торы сыранның белгісіз сиқыр күші мені сонда да баурап тұрады. Сондай бір

жолы бір-екі салтаяқ сыраны дем алмай-ақ сіміріп алған соң ғана аңы түтінге көніл аударып, жан-жағыма бажайлап қарап тұрғам. Сол-ақ екен жаныма келген дембелше жігіт:

- Темекініз жоқ па? – деп сұрады.
- Жоқ, - дедім мен. – Темекі тартпаушы едім.
- Қыын екен, - деп ол бұрылып жүре берді.
- Несі қыын?

Ол тоқтады.

- Шылым шекпейтіншізді айтам. Өзі шылым шекпейтін адамның осындай жерде тұруы кімге оңай болсын. Бір кезде мен де тартпайтынмын. Үйренін алдым.

Кенет бір ойдың ұшқыны менің де басымда жылт ете қалды. Жан-жағыма қарасам – айнала тұргандардың көпшілігінің аузында қызарған от көріпеді. Еміне сорып, рахаттанып отыр. Осылардың да бір кезде «үйреніп алғанына» көнілімде титтей де шæk қалған жоқ.

Менің жанынан бір орын босап еді, әлгі дембелше жігіт орналасып алды. Күні бойы сол орынның босауын күткен адам сияқты әлдекімнен сұрап алған темекісін сора түсіп шанияды. Өзі бір сөзшеш екен. Аузы-аузына жұқпай сөйлеп отыр. Біраз мәселенің басын қайырды. Мен Торыбаймен осылай таныстым.

Әр нәрсені сөз етіп отырган Торыбай темекі жайына тагы айналып соқты. Тап бір темекі тартудың төрт айлық курсын бітіргендей білғішиди.

- Темекі тарту керек. Бұл жарықтықты қазір қыз-келіншектер де тартады. Қолға алсаңыз болды, оп-онай игерін кетесіз.

Торыбайдың «жарықтық» деуіне қараганда темекінің ұлken қасиеті болуға тиіс-ау деп шамаладым. Тұп-тура екен. Ойлаганымдай болды.

- Темекінің қасиеттері көп қой. Бір тал темекі тартсаң – көкірегің кеңіп, сарайың ашылып сала береді. Атап айтқанда – ұйқыны қуады, ашуды басады, басынды жазады, жүйкенді түзейді...

Айтиақшы, бұдан басқа негізгі үш қасиеті бар. Ке-рек боле соны да айтып берейін.

- Айтыңыз, айтыңыз...

Бағанадан білгім келіп, құлшынып отырганымның өзі сол еді.

- Темекіні кой тартқан адамда үш түрлі қасиет пайда болады. Бірінші – ит қаппайды, екінші – үйіне ұры тұснейді, үшінші – қартаймайды.

Екі қалтамды темскің тенден алыш, үйге қарай аяңдап келемін. Әлғінде Торыбайдан біраз «жаттығу» үйреппіп едім, енді соны қайталауым керек. Темекі тартуды үйреніп алуға әбден бел будым. Осыншама «онерден» кенже қалғанымда іштей өкініп келемін.

Ана жылы көріні үйдегі шибарқыттан балагын шидей қылыш шалбар киген Шектігүл де: «Шылым инек-нейтіп жігітті жаным сүймейді», - ден жанына жолат-нап еді-ау. Сірә, темскінің қасиестін ол да жақсы білген ғой. Сондықтан да ит қанпайтын, үйіне ұры тұспайтіп және қартаймайтын күйеуге тигісі келген ғой. Міне, көрегендік деген осы да.

Әсемгүлімнің де үйде жоқ болғаны мұндай жақсы болар ма. Демалыстан оралганда мен оған үлкен сыйлық жасайтын болдым. Диванга қисая кетін, ал будақтатайын. Әуелде біраз қызылдап, қиналғаныммен табандылықпен жасаған «жаттығуым» нәтижесіз болған жоқ.

Бір күні жұмыстай келісімсін күндеңі әдстімше кок тутіпді бүркіратып жатқам. Есіктің қонырауы шылдырады. Ашсам - өзімнің Әсемгүлім. Демалыстан қайтқанда дабыраламай осылай үн-тұнсіз жетін келетіп әдеті. Қапсыра құшақтан алыш, көк тұтіннің араеымен айналдырып экеттім.

- Мынау не тұтіп?

- Темекінің тұтіні ғой.

- Оны кім тартты?

- Мен...

- Не дейсін? Не деп тұрсың, ей! Өзінің есің дұрыс па?! Темекі тартқаның не болғаның? Ажалыңнан бұрын елейін деп пе едің?

Қолымды итеріл тастаған Әсемгүлім есік-терезені ашып, үйдің ішін желдетіп жүр. Ауызы тыным табар емес.

- Шылым шеккендер қоя алмай жүрсе, бұл өле алмай әлек екен гой.

- Темекі пайдалы дейді ғой білетішдер...
- Кім айтты саған пайдалы деп? Қане, айтшы...
- Торыбай айтты.
- Торыбайың кім еді, масқара-ay?

Мен болған жайды, темекінің қасиеттерін айтып бердім. Сол-ақ екен Әсемгүлімнің ішегі қатқанша құлді дерсің. Не істерімді білмей қалдым. Есім шыға бастағанда өзінің тілге келгені жақсы болды.

- Қожанасырдың сарқытын ішкен аңқауым-ay, сейтіп елдің алдауына түсесің де жүресің. Білмейсің бе – тында. Мен саған түсіндіріп берейін. Темекіші адамды ит қаппайтыны рас. Өйткені, ол тез ауырады да, белі бүгіліп, қолына таяқ ұстайды. Таяқ ұстаған адамды ит қаппайды. Ұры түспейді дегені де дұрыс. Шылымды шеге-шеге тесік өкпе – көксау болған адам түнімен жөтеледі. Адам жөтеліп жатса – әлі ұйықтамаған екен деп ұры қорқады. Ал шылымшы адам ана дүниеге ертерек аттанады. Қартаймайды деғені сол. Түсіндің бе, миғұла, кеше?.. Мұны Торыбай емес, халық айтқан, ертеде-ақ... Соны жаңа естідің бе?

Төбе қүйқам шымырлап кетті. Енді болмағанда о дүниелік болып кете жаздаған адам сияқтымын. Үрлип мен отырмын. Әсемгүлім болса әлі сейлеп жүр. Жаңағыдай емес, бірте-бірте дауыс ыргағы қатайып, екніні үдең барады. Жалынып-жалпайып, темекі шек-пенеуғе ант су ішін, әрең қойғыздым.

Содан бері Әсемгүлге берғен антымды әлі бұзған емеспін. Темекі көрсем теріе айналам. Сыраханаға да басымды сирек сұғатын болдым.

## СӘЛИЛАШ

Тергеу абақтысының камерасы. Қамаудағы екі адам сөйлесіп отыр.

- Ей, сен неғып отырсың?

- Өзің ше?

- Айта отырсаң етті, босқа отырғанша, уақыт отсін. ... Біраз үнсіздіктен соң бастады ол әңгімесін.

- Бір күні біздің мекемеғе бір жас жігіт бастық болып келді. Келғеннен жылы шыраймен елді бауырына тарта келді. Өзім қоймашы болғандықтан, қолтығына әуелі мен келип кірдім.

«Мынау жеңгейге» деп, немесе «сіздің үйдегі замандастқа» деп сәлем-сауқат жіберін, жақсылап танысып алдым. Өзім сияқты жас жігіт, қатар жүргсніме қарсы болмады. Сөйтіп, бастығым Мақаңның үйіне жні баруды шығардым. Өз есебім өзімде – сұлу қарындасты бар екен, соны қағып түсіру. Өйтіп-бүйтіп Сәлиланы өзіме тарта бастадым. Киноға шықырып, ресторанға апарып, күн құрғатуды қойдым. Ағасы да «кет әрі» емес сияқты.

Бірақ менде зәре жоқ. Өйткені, дефинит тауарға ұмтылған тұтынушыдай, Сәлилаға ынтыққан менен гөрі сұңғақ та, сылқым жігіттер баршылық екен. Бар емес-ау, анталап, тұс-тұстан шабуылда екен. Әсіреле, қауіп төндірген анау бір жылпың қара болды. Сүйріктей сұлу «Волгасымен» дүркін-дүркін шабуылға шықты, бірақ оның да бетін қайтардым. Мына жақтан сылбыр сары шығып еді, оны да тойтарып таstadtым.

«Қайта шапқан жау жаман» деғендейіп қайта айналып соққан жігіт те жаман екен.

Бірде Сәлиланың жылпың қараның «Волгасына» отырып жатқанын көріп қалдым. Бар екініммен тұра ұмтылып едім, не керек жете алмадым. Ол қайқайып кете берді, мен аңқылып қала бердім.

Ертеңіне Сәлилаш өзі келді пәтеріме, есігімді тықылдатып. Түшімен үйқы көрмей, күнімен нәр тат-

пай, ашудан теріме сыймай жүрген басым, кешеғінің бәрін қолма-қол ұмытып кеттім. Сәлилашты ресторандың қарай қалай сүйрей жөнелгенімді өзім де байқамай қалдым.

Көзіңіз жамандық көрмесін, соナン кейін ешкім шабуылға шыққан жоқ. Қақпасын доптан қорғаған қақпашиңдай Сәлилашты ешкімнен қорғағамын жоқ. Өзі келіп торға топ етті. Бірер күнде тойымыз да болды. Дүрілдетіп өткіздім. Ойы да, қыры да жиналды. Қайнағам да қарап қалған жоқ. Оның бар көмегі сол болды – қоймадан қанша алсам да қолымнан қақпады.

Ревизия болмағанда...

Осы кезде құлпы сылдырап, ауыр есік сықырлай ашылды. Ар жагынан көрінген милиция сержантты:

- Күдікті Өрпеков, тұрыңыз. Тергеуғе баrasыз, деді қатаң түрде.

Созбаландарап анау орнынан тұра бастады.

... Камераға қайта оралған Өрпековтің ойынан тергеуші ұсынған тілдей қағаз кетпей қойды. Онда «Қиқым! Бір танысым арқылы Қырымға жолдама түсірдім. Ертең жүремін. Хош, сау бол!» деген сөздер жазылған еді. Өны тергеуші іске қоса тіркеп қойды.

## «СЫНАДЫМ»

Цех бастығы шақырды. Бардым. Кабинетінде жалғыз екен. Қасындағы орындықты нұсқап, жылы жымиды.

- Мәке, осындағы беделді маєтерлердің бірісіз. Сіз болмасаңыз құритын түріміз бар. Бүгінгі жиналысқа трест бастығының өзі қатысатын көрінеді. Біз оған қалай қайта құрылып жатқанымызды көреестейік...

Үндемей тыңдалап отырмын. Бастығым біраз мәселенің басын шалды. Сайын келғендесгі сөздің тоқетері – жиналыста мейің шығын сөйлеуім керек және жайғана емес, директордың өзін сынауым қажст.

- Менен басқа сөйлейтіп ешкім жоқ па?
- Бар ғой... Бірақ қоғамдық ұйымдар сізді лайық көріп отыр. Және де сіз бастығымыздың кемшіліктерін жақсы білесіз...

Ақыры келістім. Жиналыста сөйледім. Директордың кемшілігін айтып сынадым. Созіме трест бастығы риза болған сияқты. Оның есесіне директорымыз қабақ түйе қарады. Директордың түрін байқаған цех бастығы да мені ала көзімен атып жібере жаздады.

Ертеңіне ңек бастығы тағы шақырды. Келдім. Кабинетте тағы бір-екі адам отыр. Босаға жақтағы орындықты нұсқады. Жүзінде кешегі жылу жоқ.

- Сіз қайта құрудың не екенін білесіз ғой. Білсеңіз сол – сіз қайта құруға сәйкес құбыр жасау участкесіне слесарь болып баrasыз...

Үн шығаруға шамам келмей отырып қалдым. Ол мұны өзінше тұсіпген болуы керек. Алдындағы телефонды алып, директормен сөйлесіп жатты. Оның не айтқаны қазір есімде жоқ, тек «қайта құруға сәйкес...» деген сөзі әлі күнге дейін құлағымда тұр.

## «ДИАГНОЗ»

- Сен бір кезде мал дәрігері емес не едің?
- Е, біз не істемедік.
- Мұның не енді, «заправщик» болып майланнын жүргенің?
- Болайын деп болды дейсің бе?
- Енді неғе шықтың?
- Шығайын деп шықты дейеің бе?
- Айтсаңы қақсамай онан да, қалай шықтың?
- Олғен малға өз ойымнан «диәгноз» қойдым.
- Е, мынауың қызық екен.
- Қызық болғанда қандай, бір шопан он күн мас бөліп, бірнеше қойды аиттан өлтіреді ғой. Отарына келін әлгі қойларды сойып кеи жіберсем ішінде бір түйір шөп

жоқ. «Шеи жоқтықтан өлген» ден актыны жаеан жібсрім. Витамин жетіснейтіп ауруды «авитаминоз» деғен сияқты ауруы «асеноз» дей қондырдым. Яғии, ішегінде бір тал шөн жоқ деген сөз.

- Янырай, ә... Оның қай шонан еді?

- Оны не қылайын деп едің? Мына Сарышоқыдағы қайынағам, ал керек болса... Одан соң мына Қараشوқыдағы қойшының баласы мініс атын кешке дейін шапқылап, зорықтырып өлтіріпті. Оған да «быстырый бег» деп жаза салдым.

- Сонсоң не болды?

- Сонсоң сол, қалғанын озің көріп тұрсың ғой.

## «ТҰГЕЛ АЛЫП ҚОЙЫҢЫЗДАР...»

Көн адам қатысқан бір жиналыста Сәлім мінберден есен беріп жатса керек. Таңертеңнен кешегі ішкен арақтан басы ауырып, тамағы құрғап, арқаеси шым-шым терлеген Сәлім графиидегі суды стақанға құйып алып, дірілдеген қолымен аузына апара берғен. Осы кезде жиналыс басқарушысы:

- Иә, келешекте мұндай жағдай болмас үшін не істе-уіміз керек? – ден сұрақ қояды Сәлімге, жіберғен кемшілігін есіне салып.

- Келешекте ондай жағдайды болдырмаймыз, Сәлім стақанды аузына апара бере токтап қалды.

- Сөзінді бересің ғой...

- Бергенде қандай, - озін тост көтеріп тұрмын деп ойладап қалса керек, - ал, сол үшін түғел алып қойыңыздар, - ден стақандағы суды түғелдей қағып салды.

Жиналған жүрт қыран-топан күлкіге кенелді де қалды. Жиналыс бастығы ашуға қатты булықты.

- Безобразие...Мұндай адамды біздің комиссияның мүшесі етін қалдыруға болмайды. Шығару керек!...

Содан бері Сәлім ешқандай комиссияға мүше емес.

## «ЖАНЫМДЫ ДА БЕРЕМІН...»

Бір кезде Сәлім қаладағы дударбастармен күрес одағына да мүшелікке де кірмек болған.

Екі-үш ай бойы одақтың Жарғысын жаттайды. Қабылдайтын күн жетін, алқа-қотан жиналғандардың алдына шығатын уақыт та келген. Міне, екі самайдан тері сорғалап, топ алдында тағы тұр. Жан-жақтан анталған жұрт. Қойылған сұрақ. Сәлім бәріне жауап беруге тырысуда, кейбірі жауапсыз да қалып жатыр.

- Темекі тартуды қоясың ба? – дейді бірі.  
- Қоямын, - дейді Сәлім.  
- Арақты ше? – дейді екіншісі.  
- Татып алмаймын.  
- Қыздарға қырындағанды.... – Арт жақтан біреу шіңк етті.

- Екіншіде қыз ауылының маңынан баспаймын.  
Тағы да сұрақтар қойылып жатыр.

- Тек мүшелікке қабылдасаңдар болғаны, керек болса жанымды да беруге бармын. – Сәлім әбден қиналды.

Бұл сөз отырғандарға түгел ұнады. Бір ауыздан мүшелікке қабылдауға келісті. Осы кезде қыздардың бірі:

- Енді не үшін жанын бермек еken, соны айтсын,  
- деді.  
- Айтты ғой, болды енді. Сұрақ тоқтатылсын.  
- Жоқ, болмайды. Менің сұрағыма жауап берсін, -  
деп қасарысты әлгі қыз.

- Жауап берейін, - Сәлім орнынан көтерілді. – Бұл одақтың мүшелері арақ ішпейді, темекі тартпайды еken. Тіпті, қызға да қырындауға рұқсат жоқ. Маған ондай омірдің не қажеті бар? Сондықтан жанымды бермегенде оны мен қайтейін. Беремін жанымды...

- Ей, мынау не деп тұр ей?! Байқайсындар ма, мынау біздің Жарғыға қарсы ғой. Жоқ мұны біздің одаққа қабылдауға болмайды, - деп жиналыш төрағаесы ашуға булығып қалды.

...Ақыры Сәкен бұл одақтың да мүшелігіне өткен жоқ.

### «ТӘЛІМІ» МОЛ ТӘЖІРИБЕ

Құрылышылар даярлайтын училищенің бірінде құрылым материалдары жөнінде сабақ өтіп жатқан. Мұғалім кірпіш туралы сөз бастады. Сол-ақ екен Сәлімбай қолын шоінайтып:

- Ағай, сол кірпіштің қалай жасалатынын әуелі көзben көрелік, сонда түсінікті боладығой, - деғені.

Оқытушы оның сөзін құп алып, шәкірттерін Ақтас кірпіш заводына ертіп келген. Сөйтіп, ол тәжірибе сабағын өндірістік буынның ең алғашқы процесінен бастаған.

- Міне, мынау топырақ пен ұсақ тастандарды үгітетіп біліктер, - деп ол шәкірттерге қараса – олар сылқ-сылқ күледі.

Сөйтсе, жаңа байқады - әлгі біліктер босқа айналып тұр. Ірі тас болмаса, уақтары сол қалпында өтін кетіп жатыр.

- Ештеңе етпейді, балалар. Жүріңдер енді қалыптау жұмысын көрелік.

Сәлімбай қу тагы да шиқ-шиқ күлді.

- Ей, неге күлесің?

- Жай, ағай. Мына кірпіштер Мәндібайдың малақайы сияқты екен.

Қараса – шынында да қисық. Ертінді қосындысының құрамындақиыршықтасқөп болғандықтан қалыптаушының қиятын сымы жиі үзіледі де, қызылып шыққан кірпіштің геометриялық формасы сақталмайды.

Бұдан соң олар кептіру бөлімшесіне келген. Оқытушы әңгімесін енді жалғай бергенде әлгі бала тағы да сылқ-сылқ күле бастады. Бірдене болғанын сезғен мұғалім аңдап қараса – кептіру пешінің ыстығы қалыпты температурадан 30 градус кем. Бірақ кірпіш кептіріліп жатыр.

Мына заводтан көнілі қалған оқытушы шәкірттерін № 3 Қарағанды кірпіш заводына бастай жонелді. Мүмкін, шәкірттерге тәлімі мол тәжірибелі істі сол жерден көрсетермін деп ойлаған. Бірақ, ойлағаныңда болмады. Мұндағы жағдай Ақтас кірпіш заводындағыдан да сорақы болын шықты.

Кірген бойда жалғыз Сәлімбай емсс, бүкіл бала күлкіне кенелді. Өйткеін, мұнда шикі кірнішті дұрыс реттелмеген, жартылай автомат қияды екен. Мұнда қалыбына ұқсамайтын кіріштер шығып жатыр. Кептіру бөлімінде де солай.

- Бізде кірніш қүйдірудің технологиялық режимі әлі жасалып біткей жоқ, - деп «тусіндірін» жіберді смсна мастерлері Л.Данченко мен Л.Клименко.

Сапа жайын сұрамақ болып сыртында «Техникалық бақылау бөлімі» деген жазуы бар есікті ашқан. Сойтсе, бөлім бастығы А.Швайцер терлеп-тепшіп шай ішіп отыр. Ақтас кірпіш заводындағы техникалық бақылау бөлімінің бастығы Г.Гончарова көзге шалыибан еді. Оның да осылай бір еалқын саяда рахаттанып шөл базып отырмағанына кім кепіл.

Ақтас кірпіш заводының директоры Г.Арсланов өзін де екен. Бұл кіргенде телефонмен сөйлессіп жатты. Соз әлпетіне қарағанда, №3 кірпіш заводындағы өзінің әрінтеңі Г.Абашидземен еөйлесіп отырған сияқты.

- «Брак өнімін шығару жөнінен жарысқа түсейік» дейсіз бе? Жарайды. Жарыссақ, жарысайық. Біз сізден қалыса қоймаспыз... Нсмене, «Шығарған өнімнің 22 проценті брак болды» дейсіз бе? Біз де соған жетіп жығыламыз. А-а? Отken бес ай ішінде? Қанша? «Мемлекетке 1 миллион 352 мың дана кірпіш берешек болып қалдық» дейсіз бе? Түк емсс. Бұл көрсеткішті біз дс асыра орындаібық деп отырмыз...

Оқытушының одан әрі тындауға шыдамы жетней, кабинеттен шығып кетті.

1986 ж.

## **ӨГІЗ ТЕРІСІН ЖАМЫЛҒАН «БАТЫРЛАР»**

Жолбарыс терісін жамылған батыр болғанын бұрыннан жақсы білсіміз. Оны грузинің ұлы ақыны Шота Руставели ертеде айтып кеткен. Ал енді Ильич ауданының Борисов атындағы совхозында да өгіз терісін жамылатын батырлар бар екен. Сіз әрине, бұған сенбеуіңіз мүмкін. Айтқан сөзіміздің бір өтірігі жоқтығына шұбә келтірменіз.

«Өгіздің терісін жамылмайды?» дейсізбे? Жамылғанда қандай. Наибааңыз аудандық тұтынушылар қоғамы дайындау кеңесінің директоры М.Максимовтан сұрап көріңіз.

Аудан совхоздары өткен жылы 762 ірі қара мал терісін кем тапсырды. Өл терілерді үстіне жамылды ма, әлде астына төседі ме, оны Максимовтың өзі ғана біледі. Әйтеуір, бір шикілік бар скондігінде дау жоқ. Совхоздағы тері шикізатын жинаушылар аудандық дайындау кеңесіне 3690 тері тапсырып, 4265 теріге квитанция толтырған. Мұны қалай түсіпуге болады? Әлде қарапайым арифметиканы білмей ме? Сонда жалпы құны 3243 сом тұратын 710 тері қайда кеткен?

- Оны қоймада тұрғанда тышқан жеп қойған, - дейді Максимов шімірікпестен.

Басында нанып қалдық. Артынан ойлан қарасақ, Иванов аудандық дайындау кеңесі қоймасының тышқандары үлкен бе, әлде тансырылған өгіз терілері кіші ме соны түсіне алмай дал болдық.

Үстіне ондал-жүздеп тері жамылатын «алыптың» бірі дайындаушы О.Куанов болып шықты. Ол Борисов атындағы совхоздан өткен жылдың май тоңазымас жазында, яғни 29 тамыз күні №073379 квитанциямен 95 сом 36 тиынның 29 терісін қабылдаған. Бұдан соң қоңыр күзде, яғни 31 октябрь күні №897903 квитанциямен 384 сом 60 тишииың 89 терісін қабылдаған. Соңтіп, жалны құны 479 сом 96 тнын тұратын түсіндс

көрмессе, өңіндегі көрмеген 118 теріге жалған документ жасаған.

Сіз оны айтасыз, тері деғенің не екенін білмейтіндер де бар. Қара тонды үстіне, қара етікті аяғына киіп, қайқайып жургенді кім жек көрсін.

- Сиырдың терісінен тон тікпейді, - деп дауласа кетуі әбден мүмкін совхоздың бас мал дәрғері Б.Шумановтың. Оған қосылуға болар. Бірақ шаруашылықта өлім-жітімге ұшыраған және сойылған 415 сиырдың терісі мен арғы жылдан қалған 43 теріні қосып, барлығы 458 тері тапсырғанның орнына тек 334 теріні ғана мемлекетке өткізгеніне келісуге болмайды.

- Ал, осы тері шикізатын игермеудің салдарынан совхоз қанша шығынға батқанын білесеіздер ме? – деп сауал қойдық.

Ешқандай жауап болған жоқ. Бас мамандардың мұны білмеуі де мүмкін. Ал біз білеміз. Айтатын болсақ – совхоз мемлекетке теріні төмен сапамен өткізуідің және 178 теріні мұлде тапсырмаудың салдарынан 11386 сомға шығынға ұшырап отырып.

Терінің не екенін енді түсінген боларсыздар, құрметті оқырман.

- Япыр-аяу, бұл нағыз ойланатын мәселе екен. Шынында да тері деғеннің өзі таптырмайтын зәру дүние екен ғой. Өсіресе, тыын-тебен табудың онай жолына айналған, - деп сіз еріксіз ойға қаласыз.

1986 ж.

## **ҮЙ БӨЛУДІ ҮЙРЕНУ** **Немесе Шахтинск қаласына шағын экспурсия**

Жолаушылар мінген автобус қалаға кіре берген-нен-ақ жол бастаушы сайрап қоя берген. Қаламс таңыстырып келеді. Қатарласа сап түзеген үйлер мен

кәсіпорындар туралы айтып, жақ жаппайды. Бірақ оның бәрі тез жалықтырып жіберген болу керек:

- Қалада қандай жаңалық, жақсы іс-тәжірибе бар?

Сонымен таныстырсаныз, - деп отыргандардың бірі сұрақты төтесінен қойды.

- Рас, рас... Иә, сөйтініз, басқалары да оны қостап кетті.

- Жаңалық деген толып жатыр, - деп бір мұдірді де, - кейінгі кезде үй бөлу ісінде кейбір жаңалықтар пайда болған, сол туралы айтайын, - деп жол бастаушы сөзін одан әрі жалгастырды.

- Осында Саран шахта-құрылыш басқармасы деген мекеме бар. Үлкен мекеме. Оның А.Криворучко деген бастығы өтініштерді тіркеуді қажет санамайды. Кейбіреулердің үй-жайына тексеру актісін жасамай-ақ жаңа үй бере салады. Кезекте тұргандардың тізімін ешбір негізсіз озгерте беру оған түккө тұрмайды.

Ал, мына оң жақта көрінген «Долинскшахтопроходка» басқармасы. Мұның бастығы А.Данченко болса, келіп түскен өтініштерді тіркеу, оның күнін белгілеу деген сияқты «ұсақ-түйекті» қажет іс деп таппайды. Мұнда ондай журнал да, оны тіркеп отыратын жауапты адам да жоқ. Сондай «жаңаипылдықтың» салдарынан Шахтмайер деген проходкашы кезектен тыс жаңа пәтерге ие болып шыға келді.

Иә, Шахтинск қаласында «жаңа әдіс» бойынша пәтерге қарық болып жатқандар аз емес. Солардың бірі – үй құрылышы комбинатының мастері Волкова деген адам, Ол комбинаттың әкімшілігі және кәсінодак комитетінің шешімі бойынша 1981 жылы тұргын үй алудың кезегіне қойылған. Шын мәнінде шешесінің үйінде тұратын, тұрғын алаңы санитарлық нормаға сай болса да, «бөтен біреудің үйінде пәтерде тұрады» делінген акт жасалған. Сөйтіп, оған 1984 жылдың желтоқсан айында жеке пәтерге ие болғандығы жөнінде ордер тапсырылды. Оған пәтер бөлуге үй басқармасының

қызметкері Кинева деғеннің берғен жалған анықтамасы көмектесті. Ең бастысы – қазір бұл үйде Волкованың өзі тұрмайды. Мұндай «жаңалыққа» сіздер қалай қарайсыздар?

- Тамаша «жаңалық», үйренетін іс, - деді экскурсанттар жаппай бірауыздан.

- Саяхатты одан әрі жалғастырамыз, жолдастар, - деді жол бастаушы. – Ендігі танысатындарының №82 жол-құрылышы басқармасының бастығы Ю.Мальчушкиннің «жаңалығы». Ол Саран қаласында жеке меншік үй болса да, «жатақханада тұратындығы жөнінде» жалған анықтама әкелғен Райц деғен қызметкерге үй алуға құжат берген.

- Тамаша екен!?

- Тамаша болғанда қандай! Қалада жалған документ жасаудың «шеберлері» көптеп саналады. Олар кәсіпорын басшыларының осал жерін дәл таба біледі. Мысалы, «Қазақстан» шахтасы директорының орынбасары Я.Николаевтың қырсыздығын Лобанов деғен проходкашы тамаіна пайдалана білді. Ол № 5 тұрғын үй-пайдалану участкесінің бұрынғы бастығы А.Сәкімовтен жалған анықтама әкелді. Анықтаманы ешкім тексеріп жатқан жоқ. Лобановтың отбасында қанша жан тұрған, үйінің аумағы қанша – онда ешкімнің шаруасы болмады. Нәтижесінде Лобанов екінші пәтер алып шыға келді. Оған мұртынан күлғен ол жаңа пәтерге өзінің бір туысқанын кіргізе қойды.

«Озат тәжірибе – көпке ортақ» деғен ғой. Тұрғын үй пайдалану участкесінің де тамаша «тәжірибелері» бар. Олар босаған пәтер жөнінде кәсінорынға дер кезінде хабарлауға асықпайды. Қайта өз бетінше басқаларды қоныстандыруға тырысады. Тенютиндер Парк кошесі, 39 «б» үйдегі 74 пәтерде тұрмағалы екі жылдан асып кеткен. Онда қазір ордерсіз және құжаты тіркелмеген Крамердің үй іші тұрып жатыр. №5 тұрғын үй пайдалану участкесінің жаңа бастығы Г.Рейтенбах пәтерақы толеу

жөніндегі кітапшаны Крмерге салтанатты жағдайда өз колымен табыс етіпті деген сыйыс бар.

Қалада жарнамасы жер жарып, алыстан көзге түсетін «Коммуналдық қәсінорындар комбинаты» деген мекеме бар. Оның бастығы Қ.Қисықов та пәтер мәселесі жөнінде тамаша «жаңалық ашқан» басшының бірі. Парк көшесіндегі осы мекеменің үй басқармасына қарасты № 31 үйдің 6-шы және 17-ші пәтерлерінің тұрғындары Айтбаева мен Патебенко ешкімнің рұқсатынсыз өз бетімен пәтер айырбастасты. Бұдан соң Айтбаева қаладан көшіп кетті де, № 17 пәтер бір жылға жуық бос тұрды. Ал, Пчельникова деген жаңа пәтер алысымен оны рұқсатсыз оз бетінше ұлымен айырбастаған, тіпті пәтер ақыны да уақытылы төлемейді.

Міне, жағдай осылай, құрметті экскурсия жасаушы мырзалар! Егер кезексіз пәтер алып, қуанышқа қарық боламыз десеніздер, біздің қалаға көшіп келініздер, - деп жайдары дауысты жол бастаушы сезін аяқтады.

- Үйренетін «жаңалықтар» көп екен. Енді оны өзімізде кеңінен қолдану жағын ескереміз. Оған Шахтинск қаласының басшылары қалай қарап екен? – десті тыңдаушылар.

1985 ж.

## «МЕНИҢ МЕНШІКТІ МЕКЕНІМ»

Таң саз бере Елімайдың тамағы құрғап, шөлдеп оянған еді. Көзін ашып алып, жан-жағына қараса – жағалай ақ тосекте бейберекет жатқан адамдар. Бәрі түк сезбестен қор-қор ұйықтайды. Басы шыңылдап, аяғы дірілдеп орнынан зорға тұрды да есікке барды, итерін корсе – тырп етпейді. Сыртынан бекітіп қойыпты. Өзінің қайда жатқанын түсінбеғен Елімай есікті бар күшімен жұдырықтасын келіп.

Дұрсілдеғен дауыстан басқалар да ояна бастады.

- Эй, әумессер, тоқтат! – деді бірі ғүж етіп. – Кайын ененниң үйінде қонақта отырған жоқеың.

Сонда ғана ол өзіне-өзі келін, кешегі күннің «адам айтса нанғысыз» оқиғасын есіне ала бастады. Бірақ, басталуы есінде қалғанымсın аяғы күнгірттенін кетті. Неше жарты ішіліп, неше шишаңың босатылғанын білмейді. Шөлмектес доестардың кеу-кеуімен сыңғыта бергені ғана есінде.

- Мәңгірмей жат енді, - деп біреуі міңғірледі.

Бұл Елімай деген жігіттің фамілиясы – Тонбаев «Центрказэнергоремонт» кәсіпорнының дәнекерлеушісі. Ентен «ақаңмен» достығы бар. Кейінгі кезде ішін алса, есін білмей қалатын әдет танты. Енді мына айықтырғышта нұшайман болып отырғаны мынау.

Ана міңгірлен жатқан Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы шахтаның слесары Юрий Шефер. Жаңағы бір ғүж еткен ет комбинатының жүк тиеушісі Уәлибек Жанатов. Бір жақсысы Уәлибектің жинақтаған біраз тәжірнебесі бар. Ол мұнда бірінші рет келін отырған жоқ. Басқасын былай қойғанда, биылғы жылдың озінде үшінші рет қонып отыр, айықтырғыш оның екінші үйі сияқты.

Сондай жанның бірі Виктор Горбатов. Олда «мәреғе» бұрын жеткендер қатарында. Ретін тауып үшінші рет қонақ болуда. Ол тіпті кейінгі кездері айықтыру орнын «менің меншікті мекенім» деп атайдын болын жүр. Басқалары гүжілден, міңгірлеп ыңыранын жатқанда оның салқын қандылық танытып отырған себебі еол.

Жалпы алғаида, аталған кәсіпорындарының «тасы оргс домалап, басқалардан озық тұргандығын» атан айтуымыз керек. Соның ішінде өзғелерге дес бермей бәрінен оза шауып, «рекорд» жасан келе жатқан Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы шахта. Бұл кәсіпорынан жыл басынан бері 75 адам айықтыру

орнында «тынығып» қайтты. Солардың ішінде екі мәрте «жсңімпаз» атанған, яғни айықтырғышта болған Александр Литовских нен Бақтыбай Бөлсковті бөліп айтуға болады.

Бұдан кейінгі үш орын тиісінше 28, 27, 26 адамнан меднциналық айықтырғыш орнына «жіберін алған» Октябрь революциясының 60 жылдығы атындағы және «Стаханов» шахталарының, «Центрказэнергоремонт» кәсіпорнының үлестеріпе тисді. Аталған шахталардың өндірістік жоспарды қалай орындаپ жатқаны көншіліккес бұрыннан мәлім.

- Айықтырғыштың жоснарын орындау да қажет қой, - дейді олар.

Бір қызығы бұл кәеіорындарда алкоғолизм мен маскунсмдікке қарсы құрестің қалай жолға қойылғанын мына цифrlардан анық байқауға болады. Мысалы, қай кәсіпорыннан қанша адам айықтырғышта «қонақ» болғанын айттық. Солардың барлығының жұмыс орнына хабарланып, млнцяның айықтыру бөлмесі шара қолдануды сұрады. Бірақ оларға тиісті шара қолданғаны жөнінде Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы шахтадан – 11, «Центрказэнергоремонт» кәсіпорынан – 4, «Стаханов» шахтасынан бір ғана жауан келді. Ал Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы шахта мен 10 адамы айықтырғышқа түнегеғе аяқ киім фабркасының бастықтары үнсіз қалды. Олар занұды, тәртіпті білмей ме, әлде мойындармай ма?!

Әне, тағы бір топ «дем алушы» келіп қалды. Олар № 1 машинна жасау және Жаңа Қарағанды машина жасау заводтарының «сарбаздары» екен. Бұлардың ішіндс де «меийің менишікті мұкснім» деген әндегін жүргендері бар.

## ТАСБАҚАНЫң АЯҢЫ

Теміртау қаласында Самарқанд су қоймасының гидрологиялық жүйелеріне реконструкция жасауден айналысып жатқан шаруашылық есентегі участке «Целинтенлоэнергоетрой» құрылыш басқармасына қарайды. Мәселе бұл участкениң немен айналысатында, әйтпесе қайда бағынатынына байланысты емес. Әңгіменің түп төркіні теренген – сонау он бірінші бесжылдықтың басынан басталады.

Жаңа бесжылдық баеталғанда бұлар да басқалар сияқты міндеттеме қабылдаған ғой. Басқалар «Міндеттемені орындау үшін ракета мен самолетке мініп жарысамыз» десе, бұлар «тасбақаға мініп жарысамыз» ден шартқа қол қойыпты. Басында қауесст болар деи ойлағанбыз. Бұл күнде соның шындық екеніне көзіміз кәміл жетіп отыр. Өған тарыдай шашылын, маржандай бадырайып тұрған нифрлар күә бола алады. Өткен жылы бас мердігерлікней атқарылатын жұмыс көлемі бір миллион 610 мың сом, ал өз күшімен атқарылатын жұмыс колемі 880 мың сом болып белгіленген екен. Тасбақа мінген «тарландар» бұл тансырмапы тиіспеше 526 мың және 378 мың сомға ғана орындалды. Бұдан артық «жүйріктік» бола ма?!

«Жүйріктік» демекші, олар жыл басынан бері дс сол «қарқыннан» бір де танған жоқ. Таебақаға мініп алып «шапқылады да» отырды. Нанбасаңыз қарыныз – корсеткіш мынадай: бірінші токсанда жоспарлы 200 мың сомның орнына 72 мың сомның құрылыш-монтаж жұмысын атқарады. Өйткені, тасбақа міиіп жарысу сияқты «озат тәжірибелі» ұсынушының бірі участке бастығы С.Жұрымбаевтың өзі болын шықты. Ол еңбекті үйымдастыруды жетілдіру, құрылыш материалдарымен жеткілікті қамтамасыз ету, кадрлармен толықтыру еияқты жұмыстарға бас ауыртын жатпайды. Тыныш жүріш, тапқан тыын-тебенді бойға қуат еткісі келеді.

Оның «өнертапқыштығына» дау жоқ. Қазір қажетті 150 адамның орнына ғидрология жүйесіне реконструкция жасауда тек 45 адам ғана жұмыс істеуде.

Шіркін, тыныш жүргенге не жетсін! Біреу «ақырын жүрсөн, алысқа барасың» депті ғой. Сол қағиданы участке басшылары ешқашан естерінен шыгарып көрғен емес. Жыл басынан бері де құрылым материалдарының болмауы салдарынан қосымша мердігерлік ұйымдар жұмыс жүргізе алмады. Мердігерлік жоспар тек 30 процент орындалды. Оған ешкімнің іші ауырған жоқ. Сөйтін, олар өздерінің жыл басында қабылдаған «жаңашыл» міндеттемелеріне адалдық көрсетті.

Жағдай келсе, жатып жеген жақсы ғой. Жалқаулық деғенмен жолдас болған жандар жұмысшыларға істейтін іс те тауып бере алмай жүр. Жұмысшылардың бірі кетіп, бірі келін сапырылысып жатуы участке басшыларының қабырғасына батпайды. Мұндай жерде еңбек тәртібі туралы сөз қозғаудың өзі қын-ау. Ал, маскүнемдік пен ішкілікке салыну сияқты жат қылыштар жөніндегі «жарыста» жүлделі орынды бермей келеді. Екі күннің бірінде айықтырғыш орнынан хабар келін жатқаны. Мемлекеттік жоспарды орындауда тасбақа аяңмен шектелін қалса да, еңбек тәртібін бұзу мен айықтырғышқа түсудің «жоспарын асыра орындаамақ» ойларында болуы керек.

1987 ж.

## ОҚУШЫЛАР АРИЯСЫ

Жарлы ауданының орталығы Талды поссесіндегі көшениң бірінде келе жатқанымызда еңселі ақ мектепке көзіміз тұсті. Жанында ойнап жүрген бір топ баланың әндеткен даусы еміс-еміс жетеді. Құлағымыз елең ете қалды Өйткені, балалар айтып жүрген әннің ырғағы да, сөзі де өзгеше еді. Тақаған сайын балалардың даусын анық ести бастандық.

- Жыл сайынғы науқанда,  
Бәріміз картоп жинаимыз.  
Тапқан тиын-тебенді,  
Ешбір жанға қимаймыз.  
Қимағанмен бола ма,  
Апай сізге сыйлаймыз, -

деп бір шіңкілдек сұңқылдаса, оны бір ғүжілдек қостай жөнследі.

Біздің назар аударғанымызды байқаған болу керек, балалар өлеңдерін кілт тоқтатып, тұра-тұра қалысты.

- Иә, балалар, өлеңдерің құтты болсын!
- Айтсын, ағасы.
- Ал, оның әні кімдікі, сөзі кімдікі?
- Әні - Әлімбайдікі, еөзі – Сәлімбайдікі...
- Олар кім?

- Біздің кластың оқушылары. Жазда бәріміз картон жинауға барғанбыз. Сонда шығарған өлеңдері ғой.

- Өлеңдері жақсы екен. Бірақ «қимаймызы» мен «сыйлаймызы» қалай? Үйқас үшін айтыла еалған ғой. Әйтпее, қимайтын нәрссесін апайларына қалай сыйлайсын.

- Оу, ағай, мәселенің өзі сонда. Қанша қимағанмен бола ма? ... – деп әлгі бала сөзінің аяғын айтпай көзімен жер шұқыды.

Сейтсек, мәселенің мәні шынында да тереңде жатыр екен. Әндегін жүрген № 1 Талды орта мектебінің оқушылары болып шықты. Олар жаз айларында «Еңбекшілер» совхозына барып жұмыс істен, 1600 сом ақша тапқан. Әрбір оқушы ведомсқа қол қойғанымен, ақша мектеп директоры З.Балтабаваның қалтасына түсken.

Көше бойлап, одан әрі жүріп кеттік. Бүкіл Талды поселкесінің оқушылары ария айтатын болған ба? № 2 және № 3 орта мектеи маңында да топ-топ болын әндеткен оқушы. Айтатыпдары сол бір ән. «Мұнда да бір шикілік барау» деп ойлап, аттың басып бұрдық. Құдігіміз расқа айналды. Аталған мектептің директор-

лары С.Жақсыбеков пен Ш.Макаренко да тиісінше 1050 сом мен 2700 сомды жымқырған екен. Бұл мектептің оқушылары да сол «Еңбекшілер» совхозында картоп жинаған. Мұнда да жоғарыдағы айтылған жай қайталанып, ақшаға директорлар ие болған.

«Сонымен не болды?» дейсіз той. Сонымен, аталған директорлар «Заңсыз алған ақшаны мемлекетке қайтарыпты» деген ұзын құлақ сыйбыс естідік. Сол рае болғай, деп отырмыз.

1987 ж.

## АЛТЫН БАЛЫҚТЫҢ ӘМІРІ

Үйде отыра-отыра жалыққан Эрика кошеге шығып, Бейбітшілік бульварын бойлап келе жатқан. Кенет ол қайдан келін, қайдан тұрғаны белгісіз алтын балық тауып алды. Әлгі балық аузын арандай ашып, тынысы тарылып, желбезеғін желпілдетін жатыр екен. Еріккен қыз ойында ештеңе жоқ, балыққа қызықтап қарап тұрған. Бір кездे балық адамша сойлеп қоя берді:

- Ей, қайырымды бойжеткен, күтқара көр. Жақсылыққа – жақсылық, не тілесең – сол болады...

- Жарайды, айтқаның болсын, - деп Эрика алтын балықты аквариумнен бір-ақ шығарды. Ойында «осы шабақ не істей алушы еді, әйтеуір жүре берсін» деген сенімсіздік бар болатын. Бірақ көпе-көрнеу бәрі басқаша бола кетті. Коп ұзамай ол балалар мен жасөспірімдердің «Жастар» ерікті спорт қоғамы облыстық советінің әрі бухгалтері, әрі кассирі болып шыға келді. Енді Эрика Кеплин барлық бухгалтерлік есеп-қисап жұмыстарын бір өзі жүргізетін болды. Өзі – би, өзі – қожа. Не істеймін десе оз еркінде.

Сөйтін, бар ақшаны онды-солды жұмсап бақты. Ол банкten алған ақшаның бір бөлігін ғана шаруашылық мұқтажына немесе оқу-спортық шараларға, тағы

басқа қажетті мақсаттарға жұмсаса, қалған бөлегі бухгалтердің өзінің қалтасына түсіш жатты.

«Дәніккенмен құныққан жаман» деп тегін айтылмаған. Ақшаның буына елтіген Кеплин аз қунде-ақ қарға аунаған түлкідей қутындал шыға келді. Кассаның ақшасын қалтасына сала шықпаса, ұйқысы келмейтін әдетке айналды. Алтын балықтың әміріне әбден сеніп алған ол ештеңеден қаймықпай, ашық қымылдайтын дәрежеге жетті.

Бұрнағы жылдың, яғни 1983 жылдың қаңтар, наурыз, мамыр айларында ол банктен 2303 сом ақша алған екен. Оның тек 1422 сомына ғана есеп айырысты. Ал қалғаны ше? Қалғаны... қалтаға түскен.

Жүрек жүтқан Эрика сол жылдың жазында тағы бір жаңа «онер» көрсетті. Артық-кемі жоқ 1500 сомды аяқ астында «жоғалтып» алды. Ал, бұл туралы ол:

- Біздің кассаның терезесі торланбаған, есігі темірленбеген, сигнал жүйесі орнатылмаған. Сондықтан мен қалған ақшаны үйге алыш едім, - деп түсіндірді.

Мұның шын-өтірігінің байыбына барған ешкім жоқ. «Жабулы қазан жабулы күйінде» қалды. Заң орнына хабарланбады. Тек бар болғаны Э.Кеплиннен жоғалған ақшаның орнын толтыруға қолхат алынды.

Эрика болса жұмысын жалғастыра берді. Болған жай бір-ақ адамның қабырғасына батты. Ол қыздың анасы еді. Баласы үшін қам жеғен шеше 1400 сом ақшаны әкеп кассаға төледі. Бірақ, бір қызығы бұл ақша да кіріске алышбады. Өйткені, ол ақша Э.Кеплиннің өзі ұстаған және басқаларға берген қарыздарының орнын жабуға кеткен болатын.

Осы кезде ғана балалар мен жасөспірімдердің «Жастар» ерікті спорт қоғамы облыстық советі председателінің орынбасары М.Шамырбаевтың облыстық оку бөліміне хабарлама жазуына тұра келді. Бірақ қоғам советінің бухгалтері және кассирі Э.Кеплин дереу «алтын балыққа» барын көмек еүрады

да, бұрынғысынша тұқ болмағандай қызметтіп атқарып жүре берді.

Эрнканың «алтын балықтың» әмірімен жүріп-тұруға әдеттеніп алғаны сонша, тіпті өз бетімен ойлаудан қалды. Күндердің күнінде аквариумдегі алтын балық аусар ала мысыққа жем болынты. Сол-ақ екен Кепліннің барлық қылмысы ашылды да қалды. Оның мемлекет қаржысынан жымқырган 4797 сом ақшасы еу бетіне қалқып шықты.

Иә, мәселе осылай. Дегенмен, «Жастар» ерікті спорт қоғамының облыстық советі басшышарының «алтын балықтың» әміріне қалайша көне бергеніне түсіп алмадық.

1984 ж.

## ӨМІРДЕ НЕ БОЛМАЙДЫ

Қарағанды аэропортының қызметкерлері Алдар-көседен өсиет тыңдаған шетінен алдамыш екен. Анықтама бюросына барсаңыз да, самолетнен ұшнақ болсаңыз да қолма-қол алдап жіберу олар үшін түкке тұрғысыз нәрсе.

Осы маусым айының 21-і күші болатын. Целиноград қаласына ұшнақ болып 9 адам күтіп отыр. Симфероноль қаласынан келген Любовь Ломаченко самолеттен түссе салысымен анықтама бюросына келеді. Ялтадан келген Лидия Позднякова, петропавловекілік Елена Куренкова оған осы жерде жолықты. Бұларға тортінші болып алматылық Талиға Сұлтанова қосылды. Жолаушылардың сұрақтарына анықтама бюроесының қызметкерлері Целиноградқа сағат 13.00-ден 20 минут кеткенде 422-ші рейстің ұшатынын хабарлайды.

Енді төртеуі аяңдап билет алатын кассаға келеді. Мұнда оларға тек кешкі сағат 18.00-ден 40 минут кеткенде ғана 402-ші рейс болатынын мәлімдейді. Жола-

ушылар еріксіз осы рейске билет алуға мәжбүр болады. Сөйтсе, жаңа бұларды етеп алдап жіберген екен – 442-ші рейс тек дүйсенбі күннен басқа күндері ғана ұшатын болып шықты. Оның өзінде әлгілер айтқандай емес, бұл рейс 22 сағат 38 минутта ұшады екен.

«Жазған құлда шаршau жоқ» таңғы тоғызды келген жолаушылар кешкі 18сағат 40 минуттың болуын күтті аэропортта. Бәрі де ештеңе етпейтін еді-ау, әттең, аэропорт қызметкерлері бұларды екінші рет алдамағанда. Бұл жолы қатырып алдады.

Қолында билеті бар тоғыз адам сағат 19 болып қалғанда тықырши бастайды. Жүгірісіп ауысым бастығы Алла Гузенкоға барады.

- Асықпаңдар, - дейді Гузенко. – Асықпаған арбамен қоянға жетеді. – Сағат 19.00-ге дейін күте тұрындар.

Сағат 19.00 болды. Міне, сол кезде ғана билеттерін тіркең, қол жүктөрін қабылдады.

Асыға ұшу алаңына шығып, барап жерлеріне тез жетуге тырысқан жолаушылар лездे машинаға жайғасты. Міне, қызық – самолет ұшатын аланға келгенде жолаушылардың өрекпіген көңілі су сепкендей басылды. Өйткені, бұлар мінетін АН-2 самолеті орнында ұшты-куйлі жоқ болып шықты. Бұларды сиқыршы демей кім дерсің?!

«Анда кетті – андалак, мұнда кетті – мұндалақ», әлғі самолет ұшты-куйлі жоғалды. Сөйтсе, ол ешбір жолаушыны қанатына ілмestен Целиноград қайдастың деп қалықтап ұшып тартып отырған.

Біздің геройларымыз қайтадан жүгіріп Алла Петровнаға келді. Ол баяғы қалпынша салқын қанды, ештеңе болмағандай:

- Қапаланбаңыздар, жолдастар, ондай-ондай ханның қызында да болады. Бұл біз үшін таңқаларлық жай емес, онан да зорын көргенбіз, - деп сақ-сақ қүледі.

Жолаушының қолынан не келеді? Ыза болған біреуі Алматыға тартып отырады. Мына тұрған Целиноғрадқа

астана арқылы айналып келмек. Бір-ескесінде күтін, қалғаны поезға қарай шұбырады.

Оеы жайлардың барлығы Қарағанды аэропортының бастығы Гүннар Юркенсонға тек екі күн өткенде ғана мәлім болады. Бірақ, өз қызметкерлерін текке кінәлайтын бастық жоқ. «Ұшып кеткен самолет біздің авиаотрядқа қарамайды. Ол Целиноградтан келген самолет. Кінә сол рұқсатсыз ұшып кеткен ұшқыштан» деген жауырды жаба тоқып отыр.

Егер Қарағанды аэропортының қызметкерлері жолаушыларды уақытымен тіркеп, уақытымен анарғанда ол самолет ұшып кестейтін еді ғой.

Иә, өмірде не болмайды дейеіз. Жолаушысыз ұшын кететін самолет те болады екен.

1986 ж.

## НАҒЫЗ ШЫНДЫҚ

Жоғары оқу орнына түспек болып келғен абитуриенттерден емтихан алынуда. Алғашқы сабактан жақсы баға алған бір оқушы екінші емтихан – шығарма жазу үстінде. Ол біресе аспанға қарайды, біресе жанындағы көршісіне коз салады, сейтеді де алдындағы қағазына қайта үңіледі. Бірақ бұл әрекетінен түк шығар емес.

Әлден уақытта жазып біткен шығармасын тапсырып, абитуриенттердің алды сыртқа шыға бастады. Жан-жағына жалтақтап, аспанға қарап, анда-санда бір түртін қойып отырған әлгі баланың да кезегі келді. Қолындағы бір жапырақ қағазына төрт жол жазыпты. Басқа ештеңе жоқ.

- Мынау не? – деп сұрады оқытушы.
- Бұл менің болашақ шығармамның жоспары ғой.
- «Жоспары» дейсің бе?
- Иә, мен бұл шығармамды Құрманқұл атындағы совхоз жұмысшы кооперациясы бастығының міндестін

атқарушы Н.Черных пен бас бухгалтер А.Щербакованаң істері жөнінде жазбақ болдым. Бұл жұмысшы коопeraçãoциясында неше түрлі «қызықты оқиғалардың» болып жататындығын естін жүрміз.

- Ал, кәне, жоспарынды оқи гой.

- Бірінші, «Бал ұстаған – бармағын жалайды».

- Мұнда не айтайын дедің?

- Мұнда ма? Мұнда мен осы бесжылдықтың басынан бері, яғни, төрт жыл алты айдың ішінде қоймаларға он рет ұры түсіп, 12 мың 400 сомның затын ұрлап кеткенін, қазіргі күнде коопeraçãoция бойынша 5 мың 300 сомның жетпей тұрғанын айтпақ едім.

- Жарайды, қу бала, не айтпағынды енді түсіндім. Эрі қарай жалғастыра бер.

- Екінші, «Сен тимесең – мен тимен, бадыраң көз».

- Түсініксіздеу екен. Бірақ айта бер.

- Мұнда айтатын мәселе көп. Ең әуелі, меншік затты сақтауды қамтамасыз ету жөнінде материалдық жауапты адамдармен жұмыс жөнді жүргізілмейді. Биылғы жарты жыл ішінде 696 сомның ұсак заттары жетіспей отыр. Он бір адам орындаушылық тәртіпті бұзған. Тауарды тығып қою, бухгалтерияға мезгілімен есеп бермеу фактілері де жиі кездеседі. Бұдан бұрын үш адам тауар тыққаны үшін жауапқа тартылған еді. Бірақ олар қазіргі күнде де жауапты қызметте.

- Болды. Эрі қарай жалғастыр.

- «Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» атты үшінші тармағымда осы жұмысшы коопeraçãoциясындағы жоспарсыздықты сөзетпекедім. Иә, мұнда тұтынуышылар сұранымын ескеру дегенді түсінде болмаса, өнінде орындал жүрген ешкім жоқ екен. Соның салдарынан тұтынуышылар сұранымын қанағаттандырмайтын тауарлар көп мөлшерде жиналып қалған. Бірінші шілдеғе дейінгі есеп бойынша нормативтен тыс заттар қоры 208 мың 200 сом болды. Барлық жиырма сауда кәсіпорнының он төртінде артық заттар бар. Бұл нағыз

козжұмбай жұмыстың салдары ғой, ағай. Ал, мұндағы ондірістік және орындаушылық тәртінтің, әсірее материалдық жауапты адамдардың тәртіп бұзуды салдарына бұлғын заттар осы күнге дейін өтімді тауарлар есебінде. Бұрынғы сатушы В.Старикованың ксіндегі бұлғын үш мың сомның заттарына қазір кімнің жауап берері белгісіз.

- Енді жоспарымның тәртінші тарауын айтайын ба?
  - Айта ғой.
  - Тәртінші, «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын».
  - Өзің мақалшы екенсін.
  - Мақал – еөздің мәйегі деғен ғой.
  - Сонымен...
  - Сонымен, мұнда мен кейбір бағалы заттардың сақталуының жайы ойдағыдай еместігін айтайын деп едім. Тұз, балық, бал сияқты заттар ашық далада қалып қойып, жиі бұлғын кетін жүр...
  - Ей, осының барлығы рас нәрсе ме?
  - Рас болғанда қандай. Нағыз інындық.
  - Ал, оны сен қайдан біліп жүрсің?
  - Мен білмегендеге кім біледі? Білем. Нанбасаңыз шығарманың соындағы фамилиямды оқыңыз.
- Онда «Ақиқат Ревизоров» деғен жазу бар еді.

1987 ж.

## АЙДАЛАДАҒЫ «АЙДА»

«Айдаладағы ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау» деғен жұмбақ бар екені белгілі. Ал, сіздер «Айда» деғен бөлімшениңі білесіздер ме? Әрине, жоқ. Айдалада ақ отау, міне – сол. Бұл – «Карагандауголь» ондірістік бірлестігінің «Шахтинск» совхозы орналасқан жер.

Оны «Айдалада ақ отау» деуіміздің бірнеше себебі бар. Соның ең алғашқысы – бөлімшениң бакылаудан

тыс қалуы. Мұны совхозда жұмыс істейтіндердің кейбіреулері өз есебіне пайдалана білді. Мысалы, бақташы А.Мордачтың бағымындағы табыннан бір өгізше жоқ болып, оның есесіне келесі бір бақташы Н.Гущиннің бағымындағы табыннан он бұзау артық шықты. Егер қырағы көз халықтық бақылауылар араласпағанда істің аяғы немен тынары белгісіз еді. Бұл жөнінде «Карғандауголь» бірлестігіндегілердің еш хабары жоқ екен. Осыдан соң барып қосалқы шаруашылықтың жұмысына аз да болса көңіл аудара бастады.

Айта берсек «Айдада» ауыз толтырарлық оқиғалар көп. Сәуір айында совхоздың бас мал дәрігері Н.Сарбасовты автоинспекторлар мемлекет машинасымен үйіне совхоздан алған жемді әкеле жаткан жерінен ұстап алған. Сол үшін оған Шахтинск қалалық Советі атқару комитетінің әкімшілік комиссиясы 20 сом айып салды.

Ал, совхоздың бас зоотехнигі Я.Франк деғенге «Әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа жоқ, ойна келгенді істеп, жұмысшыларға ақырам десе ақырып, жекіремін десе жекіреді. Жек көрғен адамын еш себепсіз жұмыстан шығара салудың ол үшін түк қындығы жоқ. Мұндай асауға тілеуінді бергір халықтық бақылау комитетінің қызметкерлері тұсау салды.

«Айданың» ай даладағы ақ отау болуының тағы бір себебі – бөлімшеде екі пәтерлі жеті үй бар екен. Онда тек «Шахтинск» совхозының жұмысшылары ғана тұрады. Совхоздың тұрган жері Мичурин ауданының аймағында болғанымен бұл туралы аудандық Советтің атқару комитетіндегілер біле бермейді екен. Елді мекенің ешқандай селолық Советтің құрамына нағыз жұбақ емес пе?

Мұнымен қоса бұл елді мекенде не магазин, не клуб, не мектеп, тағы сол сияқты мәдени-тұрмыстық обьекті деғен атымен жоқ. Бұл оның нағыз «аузы-мұрны жоқ отау» екендігінің сөзсіз дәлелі.

Сонымен, бұл жұмбақтың шешуін Мичурин аудандық Советінің атқару комитеті мен «Карагандауголь» өндірістік бірлестігінен күтеміз. Шешімін қайсысы бұрын табар екен?

1987 ж.

## «БЕЙНЕБАЕВТЫҢ БЕТ-ПЕРДЕСІ» Немесе «Қарағандылық Хлестаков»

Қазыбай атақты «Ревизорды» жастайынан оқып өсті. Әуелде Н.Гогольдің таланттына таң қалаушы еді, бертін келе Хлестаковтың қылышына тәнті болатынды шығарды. Қиял шіркін қойып ба, езін Хлестаковтың орнына қойып, тәтті арманға берілетін. Сөйтетіш де, әртүрлі «рольдерде» ойнап көретін.

Иә, ол таланттан да құралақан емес еді. Қарағанды педагогикалық институтының музыка бөлімшесін бітірген жоғары білімді маман. Енеп ән жазатын машығы бар. «Өнер» баспасынан кітапшасы да шыққан. Кейбір әндері кезінде респубикалық, облыстық баспасөз беттерінде де жарық көрген. Әрі қарай дамыта берсе осы таланттың өзі бір басына жетерлік еді. Бірақ ол мұны жетімсіз санап, «сегіз қырлы, бір сырлы» болып көрінгісі келді. Әуелі «атақты композитормын» деп танысты ел-жүртпен. Сөйтті де студенттермен, мектеп оқушыларымен кездесу ұйымдастырып, «таланттың» танытқысы келді. Бұл әрекеті көп ұзамай әшкере болғандықтан, ол басқа айлаға көшті.

Енді Қазыбай әр түрлі жолмен қолға түсірген газет-журнал күәліктерін көрсете бастады. «Мен «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан мұғалімі», «Индустриальная Караганда» газеттерінің тілшісіміш!» деп кеудесін қақты. «Журналистер одағының мүшесімін!» деп құпінді. Бұған кейбіреулер сеніп те қалды. Сондай сенгіштерге көрсетпек «камқорлығы мол» болды. Жолға шығып,

қармағына ілігер бірдене іздсіді. Ондайларды тапты да. Бұған Киров аудандық ішкі істер бөліміне келіп түскен отініштер дәлел бола алады. Ол туралы берғен түсініктे Қ. Бейнебаев оз қолымен былай деп жазған: «1986 жылдың 27 мамыры күні Жаңаарқа ауданында болдым. Аудандық нартия комитетінде нұсқаушы болып істейтін Бодебаев деген жолдасым қонақша шақырган еді. Барғым келмесе де 1979 жылдан кормеғен жолдасым шақырын түрган соң еріксіз бардым. Мен келғен соң ол бір совхозда шопан болып істейтін ағасы бар екеніп айтты. Оның отарынан қой жоғалыпты. Соған көмектесуімді сұрады. Бұл совхозда менің Арын Отаров деген жолдасым тұрады. Соның үйінде бір күн қондым. Бұдан соң Сәкен Сейфуллин атындағы совхозда, Қарағанды аэропортында 1984 жылдың 11 февралі күні танысқан, Болат Батыров деген кісінің үйінде болдым. Мен қонақ болған үйлердің ешқайсысынан ештеңе алған жоқпын, ақша сұраған жоқпын.

Мұның алдында «Арық балық» еовхозында болып қайтқан едім. Онда совхоз директорының орынбасары болып істейтін Төлеубай Обдімановтың үйінде қонақта болдым. Онымен 1978 жылы концерт қоя барғанда танысқанмын. Содан бері көрмеген едім. Бір күні үйге өзі келіп, мені туған күніне шақырды. Соңан соң ол бір туысқанын Совет аудандық ішкі істер бөлімі түрмеге отырғызыбақ екен, соны босатуға комектесуімді сұрады. Кейіннен оның үйінде қонақта болдым. Барғым келмен еді «Туған күнім» ден болмай шақырды. Оның үйінде бір күн қондым. Сол үйде менің ақша салған әмияным жоғалып қалды. Іздеп таба алмадым. Әйелі мен үй иесі екеуі қосыла іздесе де таба алмады. Бір ай өткен соң ол жоғалған әмиянды өзі үйге әкен берді».

Милиция қызметкерлерінің сұрағы бойынша берген бұл түсінікке талдау жасаудың қажеті жоқ болар: Оның бұдан басқа да «ғастрольдері» толып жатыр. Бірде композитор болеа, бірде журналиист бола қалды,

бірде Хлестаков сияқты ревизор болса, бірде тергеу орнының поднолковнигі болын шыға келсі. Қолына автоинспектордың ала таяғын ұстап қөшеде машина тоқтатып жүргеінін де сан адам көрғен.

Бір қызығы - өткен жылдың 17 маусым күні аудандық ішкі істер болімі реєстри жасағанға дейін үш жыл бойы еш жерде жұмыс істемеген. Милиция қызметкерлері «Егер бір ай ішінде жұмысқа орналаснасаң – арамтамақтығың үшін жауанқа тарта-мыз» деген соң қорықсанынан Қарағанды металлургия комбинатындағы №2 нрокат цехына орналасады. Одан екі-үш ай өтпей жатып №1 нрокат цехына ауысады. Үш жыл еркін жүрін қалған адамға вальцовщик болып істен кету оңай болсын ба, коп ұзамай одан да шығады. Енді қайда бару керек? Қазыбай біраз ойланған соң Горбачев атындағы шахтаға келеді. Бірақ онда апталық техминимумды да тапсырған жоқ, жер астына түскен жоқ, тезірек есеп айырысты. Оның жұмыста ең коп тұрактаған жері Октябрь революциясының 60 жылдығы атындағы шахта еді.

Осында Бейнебаевтың жұмысқа орналасқанынан есен айырысқанға дейінгі төрт ай ішіндес ауыздан ауызға тараған аңызда шек жоқ. Шахтаға түскен күні өзін «Мұсәпір Сұмелековпын» деп таныстыруды. Сол-ақ екен: «Біздің шахтада бір комнозитор жұмыс істейді... Бізде бір журналист еңбек стеді. Заң орнының бір адамы күнде келіп шахтаны текссреді...» деген сняқты алып-қашпа сөзді екі адамның бірінің аузынан естүге болады. Тіпті ол облыстағы белгілі партия, совет, кәсіподақ органдарының және кейбір шаруашылық басшыларының туысқаны немесе жақын жолдасы екендігін дәлелдемек болып, олардың үйінің адрестері мен телефон номерлері жазылған қалтасындағы кітапшаны көрсететінді шығарды.

Шахтада істеғен төрт ай ішінде оның бұзған қауіпшіздік техникасы ережеінің саны бүкіл өмірін

шахта астында өткізген адамның бұзған ережесінен артып түсер еді, Шахта астында ақ көйлек, қара галстук-пен аяғын шалжита басып қарап тұрган Тоқмұратовты көргенде кеншілердің тәбе шашы тік тұрган. Кейде ол осылай арнаулы киімсіз-ақ түсетін. Арнаулы киім кисе, басына каска кимейтін, кейде шамның өзін алмай шығатын. Мұны ол үлкен батырлыққа санады. Стволда көтеру машинисі болып істеп жүрін, клетке жүкпен бірге адамдарды мінгізғен. Бір күні шахта астына он жасар баласын да түсіреді.

Осындай «батырлығын» еске алған шахта әкімшілігі оны жұмыстан шығаруға шешім қабылдайды. Міне, сол кезде бас инженер бармаған тістеді. Өйткені, ол өзінің алданғанын сонда ғана білген еді. Осы шахтаға келер алдында бірлестіктен біреу бас инженерге телефон соғып «Бейнебаевты жұмысқа алындар» деп бұйырады. Сол «бұйрық» бойынша ол жұмысқа қабылданады. Сөйтсе, бірлестіктің техникалық директоры болып телефон соққан Бейнебаевтың өзі екені кейіннен әшкереленеді.

Мұндай жайда айтып отырған себебіміз – Бейнебаев тағы да жұмыссыз жүр. Оның тағы кімге сан соқтырары белгісіз. Өткен жылды оның қалтасындағы «Қазақ әдебиеті» және «Индустриальная Караганда» газеттерінің күннің аудандық ішкі істер бөлімі сыйырып алған. Биыл «Пресса» деген жазуы бар қызыл қатырманы тағы да жылтындастып жур деп естіміз. Абай болыңыздар, ағайын! Бейнебаевтан сақтаныңыздар!

1987 ж.

## ҰЗАҚ ЖОЛ

**Немесе ет комбинатынан Егіндібұлаққа дейін**

«Ет келінті», - дегенде ентігіп дүкенге барсақ, ел жыналып қалыпты. Оны соғыс және еңбек ардағерлеріне арналған бөлімде сататын болыпты. Кезекке тұрганымыз

сол еді, ел шу ете тұсті. Сөйтсек – сонау Қарағандыдан  
әкелінғен ет деғені сүйек-саяқ болып шықты.

О.АДАСҚАНОВ,  
еңбек ардағері.  
Егіндібұлақ селосы.

## 1. ЕТ КОМБИНАТЫНДА

### **Шабушы:**

Қалай шапсаң – олай шап,  
Ае болмайды бақайшақ.  
Бөлек тұрсын басқа еттен,  
Тобық пенен толарсақ.

### **Сұрыптаушы:**

Бақайшақ пен толарсақ,  
Тиын-тебен болар шақ.  
Еңбек етсең – ерінбе,  
Дұрыстап шап, дұрыстап!

## 2. САУДА БАСҚАРМАСЫНДА

### **Экспедитор:**

Талай малды еойғыздық,  
Сөреге етін қойғыздық.  
Ауылға шығар сәт туды,  
Қаланы әбден тойғыздық.

### **Машина жүргізуши:**

Мұныңыз тілге тиек қой,  
Ден едіңіз: «Тиеп қой».  
Ет деғені құр атақ,  
Шақылдаған сүйек қой.

### **Экспедитор:**

Аты болса – болғаны,

Ісіміздің онғаны.

Апарып сатсақ ауылға,

Қалтаға ақша толғаны.

### **3. МАГАЗИНДЕ**

#### **Сатушы:**

Мынау қандай ғажайып!

Не дер екен халайық?

Құтылудың бір жолы –

Ардагерлерге сатайық.

#### **Ардагерлер:**

Бұл ісіне таң қалма,

«Рахмет» мүндей жандарға...

Сый-сияпат көрсеткен,

Біз сияқты шалдарға.

Қарағандыдан тиеп кеп,

Алдамақ болған сүйекпен.

Мұнда қандай ой бар деп,

Кетпей тұр сол жүректен.

\* \* \*

«Саудада достық жоқ» деген екен,

Құлқынын тыын-тебен жеген екен.

Әйтеуір не болса да сатса болды,

Саясаты олардың терең екен...

1988 ж.

\* \* \*

## **КЕҢСЕ МЕН КЛУБТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **Кеңсе:**

Ей, сен, коршім, клубпысың?  
Қашан да аузың берік құлыптысын.  
Киноға кешке ғана ел жиналар,  
Ал құндіз, аш қасқырдай ұлып тұрсың.  
Халық жоқ маңайына үйірлғен,  
Шашынды өз-өзінен жұлып тұрсың.

### **Клуб:**

Иә, мен клубын. Ал, сен – кеңсемісің?  
Қара мұның бүгінгі еңселісін.  
Болған едің бір кездे асхана да,  
Айналып кетіп едің масханаға.  
Одан кейін болып ең жатақхана,  
Маңайың толып еді шатаққа да.

### **Кеңсе:**

Ей, клубым, сен өйтіп екіленбе!  
Не пайды саған бүйтіп өкінгенде.  
Жоқтығына ән-бидің, шахматтың,  
Кінәлі кім, досым-ау, әлде мен бе?  
Бес ай болған биллиярд қирап жатыр,  
Өкінін өзі саған келгеніне.

### **Клуб:**

Бар еken айтарлықтай сенде төзім,  
Талайды корді емес пе шыққыр көзің?!  
Кітапхана, пошта да, склад та,  
Тұрғын үй де, тағы не, болдың озің?  
Жарты жағың бұл күнде қаңырап тұр,  
Қор болды-ау, сен жаманға есіл сөзім.

### **Кеңсе:**

Ішің бос, жылтырайды бет-өнінде,

Көтергелі келесің өзің кеуде.  
Жаңа клуб салмақ боп бес жыл бұрын,  
Куанып ем жоснарға енғенінде.  
Содан бері қозғалмай әлі тұрсың,  
Нем бар еді соқтығып еен пәлеге.

### **Клуб пен кеңсе екеуі қосылныи:**

Түк пайда жоқ бұл күнде,  
Түріміз мынау құрысын.  
Қатарласып осылай  
Жарасар осы тұрысым.  
Артық айтсақ егер де,  
Халқым айтсын дұрысын.

1974 жс.

\* \* \*

### **«АРАҚҚА ШІРКІН ЖЕТПЕЙДІ» (Пародия)**

Жиырмаға жаңа толған немересі нашадан қайтыс болған әженің жоқтауы.

Есіктің алды аша-ды,  
Ашадан атым қашады.  
Құрын кеткір тұқымы,  
Қайдан да таптың нашаны?

Есіктің алды күркे еді,  
Күркеден атым үркеді.  
Тыныш қана отырсаң  
Қаидай сайтан тұртеді?

Есіктің алды ақ қайың,  
Ақ қайыңды аттайын.  
Жиырмаға келді немерем,  
Қылығын қалай айтпайын?

Есіктің алды айырық,  
Малымды қойдым қайырып.  
Ұлым менен келіннен,  
Алын ем жастай айырып.

Өсірін сені жеткіздім,  
Қызыққа талай бөккіздім.  
Үш жасыңа келгендеге  
Фильтрлі шылым шеккіздім.

Жайлыш жерге жатқыздым,  
Дәмді тамақ татқыздым.  
Бес жасыңа келгенде,  
Көк насыбай атқыздым.

Кем қылмадым халықтан,  
Жерің жоқ ед тарыққан.  
Жеті жасқа келгенде  
Татып көрдің шараптан.

Алаңыз өскен жас болдың,  
Жақсылықпен қас болдың.  
Он бір жасқа келгенде,  
Арақ ішіп мае болдың.

Есіктің алды көкнек-ті,  
Көкпектен атым өтненті.  
Он екіге келгенде,  
Тастап та кеттің мектенті.

«Шорты жасап аламын»,  
Деп кестің шалбар балағын.  
Екі-үш рет уландың,  
Қытайдың ішіп арағын.

Жасынан күшті, зор болдың,  
Қыздарға қамау, тор болдың.

Қай жаста тарттың нашаны,  
Білс алмай соны қор болдым.

Білғенімде не істеймін?  
Бармағымды тістеймін...  
Ештеңеге зауқым жок,  
Ас-еуынды ішнеймін.

Есіктің алды көгал-ды,  
Когалға атың доғардын.  
Айналысып нашамен,  
Көктей солын жоғалдың.

Ееіктің алды қараған,  
Тамыры жерге тараған.  
Айналайын, құлымын,  
Ненсияма қараған.

Есіктің алды беткей-ді,  
Беткейден малым кетпейді.  
Есірткіде нең бар ед,  
Араққа шіркін жетпейді.

Есіктің алды көде бон,  
Көдеде кебіс коне бон,  
Кеше жүрген немерем,  
Бүгін жатыр төбе бон.

Есіктің алды шоқ қайын,  
Немсремді жоктайын.  
Жоқтаганмен келер ме,  
Осыменен тоқтайын.  
Тоқтайын... Ойбай! Тоқтайын!..

1999 ж.

### Ө Р Т

Сол жылы жаз құрғақ болды. Жаз бойы жаңбыр бір тамған жоқ. Жол үстін былай қойғанда Арқаның шүрайлы шабындықтарының өзінің шаны шығып, шілде тумай жатып сан-сары болып куран кетті. Қарағандыдан Ақтөгайға қарай зулап келе жатқан автобустың тेңрекесінен сыртқа көз салып отырып осындағы сұрқай көріністен көңілім құлазып сала берді. Оның үтіне Снасскіден аса бере-ақ жолдың екі қапталының қап-қара болып өртеніп кеткенін көрдім. Алыстағы таулардың ар жағынап өрт тұтіні аспанға бұрқырай көтерліп жатыр. Бұдан біраз жүрген соң жалғыз бұл ғана емес, мұндай көріністі бірнеше жерден байқадық.

Осындағы жаңбыреыз жазды, еұрықсыз даланы, мұндай жылдары тым көбейін кетіп, елдің берекесін алғатын өртті, халықтың әл-ауқатын төмендетін, жағдайын қындарып бара жатқан нарықтық экономиканы Жезқазған облысындағы жаннай жекешелендіруді, тағы басқа әртүрлі мәселелерді әңгіме етіп, жол қысқартып келе жаттық. Ақсу-Аюлыдан өткен соң бірде Шет ауданына, бірессе Ақтөгай ауданына беріліп, екі ауданың арасында қақнақылға түсіп, тұрғындардың берекеі әбден кетіп болған «Кеншоқы» совхозы да біраз әңгімеге арқау болды. Сейтін отырғанда оң жақ қанталдағы алые таулардан шыққан қалың өрт анық көрінді. Күн кешкіріп бара жатқандықтан қызыл жалыны жылт-жылт етіп, қою тұтіні аснанға өреп жатыр.

- Япыр-ау, мынау қалың өрт қой. Мұны ел болын неге жабылғы еөндірмейді? – деді жанымызда отырған карт адам, мына көрініске күйіне қаран.

- Осы күнгі халық жинала ма...

- Елдің бәрі коммерсант болып кетті ғой. Ауылда бас көтерер адам да қалған жоқ...

- Фермердің өз жұмысынан қол тимейді...

Міне, осы сияқты әркім өз тұспалын айтын жатыр.

- Айтпақшы, «фермер» дегеннен шығады, - деп жаңа Ақсу-Аюлыдан мінғен жігіт соз бастады. – Жуырда біздің ауылда бір үлкен өрт болды. Өртенген бір фермердің жері еді. Ол шамасы келмейтінін білген соң жанындағы көрші фермерден комек сұрап інапқынышы жібереді. Бірак анау: «Өртенсе - озінің жері. Онда менің шаруам қанша? Өз жұмысым басымнан асып жатыр,» - деп келмей қояды.

Күні бойы айқасқанмен өртті сөндіре алмайды. Барлық бала-шағасы, тайлы-таяғы қалмай шыққанымен буқіл алқапты қаулаған өрт көнсін бе, көрші фермердің жеріне ауыз салады. Әбден титықтаған бұлар қоралқопсысы мен шапқан інебін аман алып қалғанына шүкіршілік етін, демалып отырса, көрші фермер бесалты жігітпен шауып келеді де:

- Сен өртінді менің жеріме әдейі жібердің, - деп отырған кісілерді соққыға жығып кетішті...

- Мұндай да ақымақ адам болады екен-ау? – деп біреу ызалана күнк етті.

- Есі дұрыс емес шығар, - деді бір ак жаулықты әже.

Қалған жұрт тым-тырыс. Енді не десін? Нарықты кінәлай ма, жекешелендіруді кінәлай ма, әлде әлгі әумессерді кінәлай ма?

Не айтуға сөз таппай мен де отырдым...

## **«РУЫНДЫ АЙТШЫ...»**

Бір топ жігіт жиналып қалыпныз. Олардың арасында бірге оқығаны да, құрдастары да, жай жолдастары да бар. Барлығы да таныс жігіттер еді. Тек біреуін ғана бұрын көрмеген адамым.

- Бұл Бағдат деген жігіт, - деп таныстырды оны маған.

- Руын сұра, - деп қалжындағап күлді жігіттердің бірі.

- Руын сұраганда не тұр?

- Онда тұрған ештеңе жоқ, - деп күлді қалғандары.

Олардың күліп отырғанында бір мән бар екен. Оны бұлар бұрыннан біледі екен. Өйткені көпшілігі бір ауылдың жігіттері еді. Мәселені бажайлап артынан Бағдаттың өзі айтып берді.

- Бұлар мені көргенде осылай «Руынды айтшы» деп қалжындағай беретін әдеттері. Оның бір себебі бар. Егер тындасаныз айтып берейін, - деді.

- Эрине, айта бер, - дедім мен. - Әңгіменден қашатын қазақ бола ма?

- Өл кішкентай кезімде болған оқиға. Төртінші не бесінші класта оқитын шығармын. Бір күні қораның сыртында ойнап жүрсем, бір женіл машина келіп тоқтай қалды.

- Кімнің баласысың? – деп сұрады машинаның алдыңғы орындығында отырған әдеміше келген бір кісі есікті ашып.

Әкемнің атын айттым. Ол кісі танымаған тұр көрсетті. Мен ұлken әкемнің, одан соң оның атасының аттарын айттым. Әдеміше келген ағайдың жүзінс жылу жүгірғендей болды да, машинадан тұсті. Мен: «Е, таныған болды ғой», - деп ойлад, руыма дейін айттып жібердім. Өйткені, мен атамның бауырында өстім де, ол кісі жеті атамды таратуды, руымның кім екснін ұқтырып, сұраған кісіге дұрыстап жауап беруімді үйретіп қойған болатын. Мына кісі сұрап тұрған соң қалай айтпайын?

- Берірек кел, - деді де әлгі кісі аты-жөнімді, қай класта оқитынымды жазып алып жүріп кетті.

Бұл оқиға сонымен ұмыт болған. Бір күні мектеп директоры шақырады. Бардым. Оң-тұс жоқ.

- Сен не істеп жүрсің? – дейді маған тунеріп.

Баламыз гой, ештеңе бұлдірген жоқ сияқтымын. Дегенмен де іштей қуыстанып тұрмын.

- Түк бұлдіргемін жоқ.
- Кімге жеті атаңды таратып, руынды айтып жүрсін?

Иығымды қиқаң еткіздім. Бірақ артынша сонау оқига есіме түсті. Сөйтсем, ол аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы еken ғой. Ол ауданға бара сала оку бөлімінің менгерушісін шақырып алады да: «Сендер оку оқытып, тәрбие бергеннің орнына жеті атасын таратуды оқытасындар. Рушылдыққа тәрбиелейсіндер», - деп жерден алып, жерге салады. Бәлен совхоздағы бәлен мектептің баласы сойтті дейді. Менгеруші болса, біздің мектептің директорын шақырып алып «сілкілеп» жіберген еken. Қойшы, сонымен, мектеп директорын аупарткомның бюросында қарап, «бұйралап», ақырында қызметінен түсіріп тынды ғой. Содан бұқіл ауылдың үлкені мен кішісі мені көргенде «Сенің руың кім еді?» немесе «Руынды айтшы» деп әзілдейтін болды.

## ҚҰЙТАҚАНДАЙ ҚҰРТ

Біздің Бейсен деген досымыздың Қадиша деғен жақын әпкесі бар. Досымыздың әпкесі болған соң біз де апай деп құрмет тұтып, сыйлаймыз. Ол кісі де біздің ықшамауданда тұрады.

Бірде екі жасар шамасындағы немересі Серікті ертіл апай үйге келе қалды. Жазғы демалыстан оралғанымызға онша көп уақыт бола қоймаған. Сол жылы ауылдан құрт-майды мол әкелген едік. Солардың арасында түймедей ғана кішкентай сықпа құрттар көн болатын. Шай ішкен соң, кетерінде апайдың немересінің қалтасына әлгі кішкентай құрттардың бір уысын салып бердік. Бала қылышқыл құртты сорып мәз болып қалды.

Біраз күннен соң Қадиша апай кездесін:

- Пәле, сендердің берген кішкентай құрттың біреуін балам жұтып қойып, қызық болды ғой, - деп мәз болады.

Кішкентай құртқа қызыққан бала рахаттана жеп жүреді де, келесі күні өзі бұрыннан тамаққа зауқы жоқ бала, не тамақ ішпей, не айран татнай қояды.

- Мама, бұл кеше қайта-қайта лоқсып жүрген. Бірдене жұтып қояды-ау дейміш, - дейді келіні.

Содан байқастап қараса, бала ештеңе аузына алмай, ілмиіп жүдеи бара жатыр екен, дереу дәрігер шақырады.

- «Жедел жәрдем» қаладағы № 1 балалар ауруханасына апарып таstadtы, - деп әңгімелейді апай. – Бірдене жұтып қойғанын қолма-қол анықтап, баланы алғы кетті. Мен екі көзім төрт болып, ауызда күтіп қалдым. Бұл құрт жұтып қояды деген кімнің ейында бар. Әйтеуір амандағын тілеудемін. Бір кезде: «Мынаны жұтып қойыпты», - деп баланы жәисе саусагының ұшымен түймедей бірдене алыш келеді. Сөтсем – сендердікінен алған құйтақаңдай құрт екен. Сырты доп-домалақ болып тегістеліп, жылтырап қалыпты. Тамақтан өткенімен әрі бармай, жіңішке өңеште тұрып қалыпты ғой.

Содан баламды алыш шыққан соң аялдамага келе жатсам, көшеде алма сатып жатыр екен, балам коре еалып солай қарай ұмтылсын. Жергілік келіп тұрганын білін, бір килосын ала салдым. Сол жерде Серігім бірекеуін қолма-қол жеп қояды. Автобусқа отырған соң, бір тәуліктен астам тамақ ішпеген бала қойсын ба, сыртын сұртін берген алмамды екі-ақ рет «борт» еткізіш жейді де қояды. Өзім маңайдағы жұрттан ұялып барам, оған қарап жатқан бала жоқ. Сол бір кило алманы үйге жеткенше тауысып бітті ғой.

Үйге келген соң да бір шөлмек айранды ішіп алыш, тағы сұрады...

Немересі Серік бұрын аека онша зауқы жоқ, ілміген бала болатын. Кейіннен көрсек, томпиып шыр бітіпті.

- Сол жолғы ашыққаны жақсы болды. Сендердің құрттарының арқасында тамақты жақсы ішін, немемрем семірді, - деп күледі апай.

## «КУПОНЫМДЫ БЕРМЕЙМІН...»

Қазақ болған соң қонақсыз журеміз бе. Сондай кездерде дастархан басында әр түрлі әңгімелср бола береді. Көбіне қазақтың сскі әдет-ғұрпы, қайтсек қазақ қатарына қосыламыз деғен тілі, көрінген имамның шылауында кеткен тілі, құрылышы бітпей қойған мешіт, жекешелендіру атымен тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп жатқан мемлекет мүлкі, тағы басқа мәселелер сөз болып жатады.

Бірде әңгімeden-әңгіме туындал жекешелендіру туралы сөз басталып кетті. Біреулер өзінің тұрғын үй купонына үйін жекешелендіріп алышты, артық купонын не істерін білмей отыр. Біреулер қалған купонын банкке тапсырып жіберіпті. Инвестициялық купондарын да орналастырған екен.

- Жоқ, деді кенет менің бір құрдасым. - Мен өз купонымды ешқайда тапсырмаймын. Бәрібір содан ештеңе шықпайды.

Солай бола ма екен? Дивиденд түрінде ақша төлейді деді ғой. Бір жерде жатқаны дұрыс, - деп оның жаңында отырған буырыл бас ағамыз ақыл айта бастап еді, анау тіпті еліріп кетті.

- Қайдағы дивиденд? Мына құрыған заманда дивиденд бола ма? Оны төлейтін кім? Шикізаты жоқ, бос қарап тұрған заводтар мен фабрикалар ма?

- Енді бәрі бірдей тоқтап қалмаған шығар? – деп сөзге бір тәтеміз араласты.

- Тоқтағанда қандай! Түк те қалған жоқ, - деп анау онан сайын өзуереді.

- Үйде жатып босқа қалғанша, бір қорға тапсыра салып, үміттеніп журген жақсы емес пе, - дедім мен де өз пікірімді білдіріп.

- Ей, сен тыныш отыр, - деді көзін ежірейтіп құрдасым. – Мықты қорың анау «Колумб Казахстана» ма? Білғи бір жүліктер жиналып алып жыл бойы сот-

тасып жатыр. Баекалары да сондай. Мен соны білмейді дейсің бе?

- Тапсырмаең – тансырмай-ақ қой. Сенің куноныңды ешкім тартып алайын деп жатқан жоқ. Өзің ешкімғе тиіспей отырши, - деп бір женғем мені қорғай сөйледі.

- Тапсырмаймын! Көрінгейге жем болғанша, сандықтың түбінде жатқаны жақсы. Менде не шаруаларың бар, осы. Өз куноным ғой, сендердікі емес. Не істеймін деесем, өзім білем...

Бағанадан жымышп отырған жұрт езулерін жинай бастады.

- Жарайды, шай ішіңіздер... Шайларыңыз суын қалды ғой, - деп үй иесі жақаурага бастады.

- Ал, жарайды, шай ішелік...

Істық шайдан бір-екі ұрттаған соң әңгіме арнасы басқа жаққа бұрылды. Құрдасты болса, жаңа басталған әңгімсес дс араласып, өзінің пікірімен өзеуреп жатты...

## ЖАЛАҢАШ ӘЙЕЛ

Сол күні жекеенбі болатын. Қонаққа бара жатқаибыз. Түекі сағат бірдің кезі. Пришахтинскідегі соңғы аялдамадан шыққанда баяу келе жатқан № 45 автобус екинің үдете түсті. Жолшыбай Теміртау жолының бұрылысындағы автомобиль базарына көз салдым. Бұрынғыдай емес, темір қоршаудың ортасында жиырма шақты ғана машина тұр. Келімді-кетімді кісілер де аз. Бұрын құмырсқаның илеуіндегі болын қайнан жаттатын базардың мына көрінісі қарныңды ашырады. Өйткені қалың базар мұның алдында ғана ескі аэропортқа көшірілген болатын.

Бұрылыстан өткен соң әдеттегімше жолдың он жағына қарап келе жатырмын. Автобус көпірдің үстіне шығысымен жылдамдығын тіпті арттыра түсті. Герма-

ниядан әкелінгөн су жана «МАН» автобусының журісі жайлышты, су төғілмейтін жорғадай. Бір кезде «20-шы шахта» аялдамасына жақындай берғендегі білік дөң басында бір адамның жолдың жиесінде қарсы келе жатқанын байқадым. Автобус та зымырап, іп-іле зде таяды. Қарасам, о, тоба, әлгі қарсы келе жатқан – анадан жана туғандай жалаңаш айел. Тек үсті-басын қап-қара балшыққа бояп алышты. Асықнай аяңдал келеді. Дене шішініне қарағанда жас адам сияқты.

Автобус зу етіп өте шыққан қас қағым сәтте не болғанын түсіне алмай, әрі мұндаиды құтнегендіктен өз көзіме өзім сенбей тағы жалт бұрылып қарадым. Иә, шынында да шашы желкесіне түскен әйел адам. Тек жауырын ортаес мен бел омыртқасы тұсында шамалы жерге батпақ тимей қалыпты. Бұдан денесінің өніне қараи әйтеуір оз қандасымыз емес екен, ал батпақтың тимей қалуынан үсті-басына өзі жаққан ол жерлерге қолы жетпей қалған ғой деғен тұжырымға келдім. Басқа біреу жақса тұтас жағар еді ғой.

Осы оқиға көнке дейін ойымнан кетпей жүрді. Кейде әңгімен әңгіме туындаған кезде осы коргенім туралы отырғандарға айтын беремін. Сонда олардың кейбірі: «Ол біреумен бәстескен ғой. Мәскеуде сондайлар бар деп естігенбіз», - десе, енді бірі: «Жоқ, ол қарта ойнап, ұтылып қалған ғой», - деғенді айтады. Ал мен болсам: «Жиырмасыншы шахта маңында ағаш, қамыс көп солардың араесінда мае болып қалған жерінде шешіндіріп, тонап кеткен шығар, содан елден ұялмас үшін үсті-баесын сол маңдағы көлшіктердің батнағымен сылап алған ғой», - деп ойлаймын.

«Мүмкін есі дұрыс емес шығар,» - дейтіндер де бар. Кім қалай десе олай дееін бәрібір. Тек бір айтарым – «Естімеген елде көп» деғен ғой. Мұндауда бұрын көрмек түғілі естімейтінбіз де. Бұл сонда заманың азғаны ма, әлде уақыттың озғаны ма? Осы жағы түеініксіз.

## «ҚАЗАҚСТАННЫҢ НАНЫ»

Желтоқсан оқиғасы жер-дүниені дүр сілкіндірін, ел аузында неше түрлі әңгіме тарап жатқан шақ. «ана-ны қамап қойыпты, мынаны ұстап әкетіпті, бәленді қызметінен босатыпты, түфенді оқуынан шығарып жіберінті» деген сияқты алып-қашпа соз көп. Басында құр әңгіме болғанымен оның кейбірінің шындыққа айналғанын өзіміз де көрдік.

Жылдағы әдетіміз бойынша 1987 жылдың 1 қантарында Жаңа жыл кешіне бір топ көрші жиналып қалғанбыз. Әдеттегі әңгімeden соң сез желтоқсан оқиғасына ауысты. Әркім өзінің білгенін, көргенін, естігенін айтып жатыр. Сол күндері обкомның жанына барған адамның бірі Бағдат деген келініпек болып шықты.

- Сол күні таңертен бір көрші әйел телефон соқты, - деп бастады әңгімесін Бағдат. – «Обкомның маңына көп адам жиналады. Біз де барайық» деді. Күн аяз еken. Жылы күніп алып бара жатсам, обкомның маңы жай күнгегі бар, формадагысы бар, толған милиция. Бейбітшілік бульвары бойындағы жатақхананың алдына жете бергенімде екі адам тоқтатты.

- Қайда барасың? – дейді.
- Қонаққа бара жатырмын, - дедім.

Кенет қарақұсымнан бірдене «сарт» ете түскенде есім ауып кала жаздадым. Көзім қарауытқан меін біраз жерге дейін сүйретіп апарды да қоя берді. Тіке барсам жібермейтін болған соң политехникалық институт жақты айналып барып, обкомның жанында тұратын Шәкеңнің (марқұм Шайхан Жандаев) үйіне келдім. Биік үйдің терезесінен қарап тұрдық. Жиналғандарды қуалап жүр. Жап-жас студент қыздарды шаштан сүйреп әкеліп, машинаның ішіне лақтырып жатты. Оған сыймаған соң үлкен автобусқа тиеп тасыды. Қайда апарып жатқандарын кім білсін. Милиционерлердің

көпшілігі басқа ұлт өкілдері. Қолдарындағы резенке сойылмен соқталдай жігіттерді бір-ақ ұрып сұлатады.

Содан кешке қарай үйге қайттым. Келсем – дүкендердің барлығы жабылып қалған, үйде нан жоқ екен. Бұрынғы әдетім бойынша өзіміз күнде араласып жүрген Наташа деген келішекке жүгіріп барып:

- Кішкене нан берші, - дедім.

Ол жарты бөлкө нан алыш келді де, тонып-жаурап қайдан келгенімді сұрады. Мен обкомның жаңына барғанымды, Колбинғе қарсылық білдіруға бірталай адам жиналғанын айттым.

Сол-ақ екен ананың түрі өзгеріп сала берді.

- Ендеше нанды бермеймін, - деп айналып кетін барады.

Мына келішектің бір-ақ сәтте теріс айналғанына ызам келді.

- Бәрібір жеп отырғаның Қазақстанның наны ғой, - деп мен де кері бұрылдым.

Ананың зәресі ұшып кетті. Сасқанынан жүгіріп барды да, бүтін бір бөлкө нанды әкеліш қолыма ұстата салды...

Бағанадан тұнжырап отырған көршілер Бағдаттың сезіне риза болып, бір жадырап қалдық. Біреу құледі, біреу ызаланады. Абай атамыз айтқандай «Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жок...»

Бірінші рет Жаңа жылда бүкіл көршілер көнілсіз тарқастық.

## «АРУАҚТАРМЕН СӨЙЛЕСШИ...»

Ауылға барғанбыз. Жылдағы әдетіміз бойынша ертеңіне түске қарай үлкен ағайға еріп, ата-анамыздың басына барып дұға жасауға ауылдың төменгі жағындағы көп бейітке қарай бет түзедік. Біздің тілегімізге қарай жанымыздан қара-қоңыр «Москвич» зыр етіп өте шықты.

- Молла да бейіт басына барады, - деген болатын ағай жаңа үйден шығарда.

Мына кетіп бара жатқандар да біз сияқты қаладан келгендер ғой. Олар да аруақтарға дұға оқытпақ қой.

Біз де жеттік. Келеек – моллекең құранын бастап қойған екен, жағалай малдас құрған адамдардың бір шетінен келіп жайғастық.

Моллекең құранын оқып болып, осы жерде жатқан аруақтардың біразының аттарын атап дұғасын бағыштап, жап-жақсы бата қайырған соң жанындағы кісіге қарады да:

- Ал, енді аруақтармен сөйлесші, Сәкең не айтар екен, - деді жанындағы кісіге.

Менің өне-бойым шымырлай кетті. Сол кезде маған таяу жерде отырған, өзіміз жақсы білетін журналист ағамыз жақтырмаған сыңайда орнынан тұрды да, бейіт аралап кетті. Мен не істерімді білмей отырып қалдым, әрі: «Осы не деп сөйлесер екен?» деген ішкі әуесқойлық сезім де пайда болған сияқты.

Сонымен не керек, әлгі кісі көзіп жұмып, жеті қат жер астынан ба, тұнғиық көк аспаннан ба, әйтеуір бір алыс қыырдан сыр тартқан сыңайда біршама отырып қалды. Содан соң барып орнынан бір қозғалып қойып, сейлеп кетті:

- Әне, анау жерде, Сәкең келе жатыр. Жанында байбішесі бар. Мына жақтан баласы Әужекең шықты. Міне, үшеуі қатарласты. Әужекең алға шығып, сөз бастамақ болып еді, әкесі қолын бір сермен, тоқтатып таstadtы.

- Ей, тоқта, «Әке тұрып бала сөйлегеннен без» деген, мен айтайын. Енді Әужекең үндемей кейін қала берді. Қанша дегенмен тәрбие көрген адам ғой. «Адамға бақыт керек. Барлықтарыңызға бақыт тілейді. Балаларды жақсылап тәрбиелесіп» дейді.

Әлгі кісі осының бәрін теледидардан көріп отырғандай, болмаса шетелдіктің сөзін қазақшаға

аударған тілмаштай соғып отыр. «Сәкен олай деді, Сәкен былай деді» деп қояды.

Мынадай бос сөзді тындағаным, тіпті осындай оқиғаға күэ болғаным өзімді-өзім кінәладым. Жаңа мен де ана кісі сияқты тұрып кетпегеніме өкіндім. Басында кетіп қалмаған соң, ендігім үлкен адамдардың арасында әбес көрінетін болған соң еріксіз аяғына дейін шыдауға тұра келді. Ана кісі болса осы қылышы үшін өзін кінәлі де, құнәлі де санап отырған жоқ. Ауыр жұмыс бітірген адамдай иығын көтере бір дем алып барып, «әңгімесін» аяқтады.

Сөйтсек, бұл кісі ауылдағы көп көрінкелдің бірі екен. Рас болса, кейде айтқаны келеді дейді. Мүмкін көп айтқанының біреуі болмаса біреуі келетін де шығар. Ал мен өзім мына оқиғадан кейін ол кісінің қандай «көрінкел» екендігін айтқызбай-ақ түсіндім.

Құдай мұндаілардан аулақ қылсын.

## «НЕ СОВЕТСКИЙ ЧЕЛОВЕК»

Бұл оқиға 1977 жылдың желтоқсан айында болды. Мен ол кезде облыстық телерадио хабарларын тарату жөніндегі комитетте қоғамдық-саяси хабарлар редакциясында аға редактормын. Алматыға біліктілікті көтеру курсына жіберген. Алдын ала хабарлау бойынша көрсетілген мекен-жайға – Жамбыл көшесіндегі 159 үйге орналастым. Бұл сол кездегі Мәдениет министрлігінің жатақханасы болатын. Соның тортінші қабаты қонақ үй есебінде екен. Онда әр облыстан келген менің әріптестерім болды. Бізben қатар Мәдениет министрлігі үйымдастырған курстарда оқын жатқандар да бар екен.

Мен басында екі кіслік шағын бөлмеге орналасып едім, терезесі жөнді жабылмайтын сұықтау болды. Содан комендантқа айтып едім, бір жылышлау бөлмеге ор-

наластырды. Өнда Қостанайдан келген бір қазақ жігіті жатыр екен. Өзі әскери адам, шені – майор. Ал үшінші орын бос болды.

Әлгі кісімен екеуміз әңгімелесіп тұрып жатқанбыз. Екі-үш күн өтті-ау деймін. Бірде кешкіліктे оралсам – әлгі майор құлағы қалқыған, селдір қара шашты, аққұба өнді біреумен арақ ішіп отыр. Үшінші төсектің үстінде киімдер жатыр. Соған қарап жаңа көршіміз екенін білдім де, «қазақ болар» деген оймен:

- Сәлеметсіз бе? – деп қолымды созып сәлем бердім.

Ол менің қолымды алмастан жатып, көзі дөп-дөңгелек болып:

- Я не Советский человек, - дегені.

Біреу үстімнен суық су құйып жібергендей болып, денем мұздап кетті. «Мынау мас шығар» деп ойладым. Бірақ мас адамның да мұндай сөз айтқанын өмірі естіген емеспін. Бұдан әрі не дерімді білмей, аузыма сөз түспей қалды. Менің түрім өзгеріп кеткен болса керек. Соны байқап қалған майор:

- Бұл Вьетнам жігіті, - деп жіберді.

Сонда ғана мынаның денсаулығына шæk келтіріп тұрған мен өзіме-өзім келе бастадым. Бірақ санамызға әбден сіңіп қалған нәрсе бола ма, түк түсінбеймін. Өйткені тірі шетелдікті көріп тұрғаным осы ғой. Оның «Совет адамы емеспін» деуішің маған ерсі болғанын былай қойғанда, тіпті сүмдық қылмыс сияқты болып та көрінді. Өмір бойы отанышылдыққа тәрбиеленген, ешқашан естімеген сөзіміз. Тап бір қылмыскер біреу тұрған сияқты. Сол сэтте ол: «Жаңа ғана біреуді өлтіріп келдім» десе мен мұнша таңданбаған болар едім.

Тұнімен көзіміз ұйқыға кеткенше әңгімелесіп шықтық. Біршама орысша біледі екен. Анда-санда ғана кейбір сөздің баламасын есіне түсіре алмай қиналғаны болмаса, негізінен айтқаыны түсіндік.

Ол арнайы жолдамамен келіп, Мәскеудегі Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтының (ВГИК) режиссерлік бөлімінде оқып жатыр екен. Биыл бітіретін жылы болғандықтан Алматыдағы корей театрында тәжірибеден отуғе жіберіліпті. Сірә, бәрі бір тұқымдас, салт-дәстүрі де үқсас деп ойлаған болулары керек.

Сонымен, сол тұнді өткеріп, ертеңіне мен окуыма кеттім, аналар өз жұмыстарымен кетті. Қызығы кешкісін болды. Бесінші қабаттың кезекшісі қарсы алдыман шығып:

- Сені басқа бөлмеғе ауыстырдық, - дейді.
- Неге? – деймін түк түеішбей.
- Коменданттың бұйрығы солай...

Жанымызға майор жігіт келді.

- Мені басқа бөлмеғе бағана күндіз ауыстырған.
- Неге?
- Өйткең, бізге шетелдіктермен бір бөлмеде тұруға болмайды екен.

Артынан білсек, комендант оны біздің жанымызға байқамай орналастырып қойған екен. Енді оны жеке бөлмеғе ауыстыруға бата алмай істеп тұрган әрекеті. Ақыры ол үш кіслік бөлмеде жалғыз өзі қала берді.

### БАУКЕҢ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

*1976 жылдың желтоқсан айында Алматыда жас ақын-жазушылардың республикалық конференциясы откен еді. Сол конференцияга барған, жазушы болудан үмітті бірнеше жас жігіт белгілі жазушылар Сәуірбек Бақбергенов пен Бердібек Соқпақбаевтың секциясына боліндік. Секциялық жұмыс кезінде бір жас талапкердің «Қара шал» деген әңгімесі талқыланды. Содан әңгімeden әңгіме туындалап, Сәукең батыр ата Бауыржан Момышұлы жайлы мынадай екі әңгіме айтып еді.*

#### «Кісі өлтірмей батыр бола ма?»

- «Қара шал» деғеннен шығады. Біздің Бауыржан да қара шалға жатады. Біз ол кісімен жиі кездесіп тұрамыз, - деп бастады Сәукең әңгімесін. – Баукең қатты науқастанып, ауруханаға түсіп қалады. Бір күні оның хал-жағдайын білмек болып Мәлік Фабдуллин екеуіміз бара қалдық. Белмеде жалғыз, төсекте жатыр екен.

«Бауыржанды мұндай жағдайға тап қылған не нэрсе?» деп таңданып отырған шығарсындар, - деп Баукең жағдай сұрасқан соң әңгіме бастады. – Айтайын, тыңдандар. – Ол оң жақ қолының саусактарын тарбиялып жоғары көтерді. Біз еті арып, тамырлары адырайған қолына қарадық. – Біріншіден, соғыс тауқыметінің басымнан өткердім, - деп бас бармағын бүкті. – Екіншіден, отбасының опасын көрmedім. «Қатын – жолда, бала – белде» болды. – Сұқ саусағын бүкті. – Үшіншіден, жалғыз бала анау, науқастан бір көз ашпайды. – Ортан қолын бүкті. Сөйтіп-сөйтіп бес саусақты түгел бүгіп шықты. (Кейінгі екеуішің себептерін ұмытыппын. – С.Ж.) -

Осындай жағдайлардан соң мен қайта тірі жүрмін. Жаңым сірі ғой...

Бұдан соң Баукең өзімізден амандық біліп:

- Одақтарында не жаңалық? – деп сұрады.

- Жазушылар одағында ештеңе жаңалық жоқ, - деп жауап берді оған Мәлік. – Тек екі-үш күн болды Ілияс Есенберлиннің бір жаңа романын талқыладық.

- Қалай екен? Өзің не пікір айттың?

- Жаман емес. Негізінен тарихи роман тәп-тәуір жазылышты. Тек Қобыланды батырды қанішер етіп көрсетінті. Бір адамды бастан шоқпармен бір салып өлтіре салады. Маған сонысы ұнамады. Мен осы пікірді айттым.

Сол-ақ екен Баукең басын сәл көтерді де, оң қолының сүқ саусағымен Мәліктің омырауын нұскады.

- Сен мына «жүлдізды» не үшін алдың? Kicі өлтіргенің үшін алған жоқсың ба? Ал, Қобыланды батыр емес не? Kicі өлтірмеген адам батыр бола ма екен?

Мәлік үндемей отырып қалды. Мен де ештеңе дегенім жоқ.

### **«Берите свою подуннику»**

- Баукең менен сыр жасырмашы еді,- деп жалғастырды сөзін Сәукең. - Әлгі өзі айтқандай «Қатыи – жолда, бала – белде» болған жан ғой. Сондай оқиғаларының бірін өз аузымен былай деп әңгімелеп берді.

- «Соғыстың нағыз қызған шағы. Бірде қысқа мерзімдік демалыс алып, Мәскеуғе келгенміш. Сол жолы коптеген кездесулер өткіздік. Омырауында бірталай мемальдары бар жіптіктеј жас офицермін. Көрғен қыздың көзі қызыққандай. Бір күні қонақ үйде отыр едім телефон соғылды. Көтерсем ар жақтан бір жіңішке дауыс: «Сіз Бауыржан Момышұлымысыз?» - деп еүрады. «Иә,

менмін» - деп жауан бердім. «Менің сізбен кездескім келеді» деді де мекеи-жайын айтып, күтетіндігін білдірді. «Шақырғанға бармасаң – шақыруға зар боларсың» деғен бар ғой. Бардым. Ол «коммуналка» деп аталатын көн пәтерлі үйдің бір бөлмесінде тұрады екен. Салт басты әйел болып шықты. Танысып, аты-жөніш білген соң неғе шақырғанын сұрадым. Жымнын құлді. Әңгімені әріден бастаң келіп, мені қай жердегі кездесуде қалай көргенін айтты. Сөзін: «Жалғыздық жаныма әбден батты. Сіз еияқты азаматтан бала кореем армаиым жоқ...», - ден аяқтады.

Істің мәні белгілі болды. Бірақ мынадай бір бөлмеде қалудың еш реті жоқ еді. Соңдықтан да менің орналасқан жеріме баруға келістік. Ол сырт кімін кін болған кезде мен де орныман тұрып, гимнастеркамның түймелерін түгел салдым да, саптағы еолдатша тікемнен тік тұрын:

- Я еолдат! У меня нет лишней подушки, берите свою! – ден төсекте жиңишелі тұрған жастықты көрсеттім.

Ол үн-түнсіз жаестықтың бірін алып, үлкен сөмкеге салды да, желбекейін жамылған беті соңыманан ерді...

### **«Батырды обстоятельство жасайды»**

*Баукең туралы біздің облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде көп жыл қызмет істеген журналист, марқұм Сапиолла Аңсаров та мынадай бір әңгіме айтып еди.*

- Осыдан біраз жыл бұрын Сарыағашқа демалуга барсам, Баукең де сонда дем алыш, емделін жүрді. Бұрын білетіндердің айтуына қараганда Баукең мұнда жыл сайын келеді екен.

Бір күні ем алайық деп кезек күтін көп адам отырғанбыз. Баукең кірін келді. Отырғандардың бірі

түреғеліп орын берді. «Баукең келді» деп біреулердің сыйырлағаны естілді. Сөйтіп отырған кезде бір ауданның партия комитетінің хатшысы әйелімен бірге дем алып жатқан еді, сол:

- Бауке, өзіңізге тартқан батыр балаңыз бар ма? – деп сұрағаны.

Әлгіге жалт қараған Баукең орнынан атып тұрды да:

- Ей, дорақ! – деп екі аяғының ортасын көрсетіп, - Батырды мынау жасамайды, обстоятельство жасайды! Понятно тебе?! – деп ақырып қалғаны.

Ешкім дыбыс шығарған жок, бәріміз үнсіз отырып қалдық. Не қүлерімізді білмейміз. Анау болса ептең тұрды да, әйелін ертіп шыға жөнелді. Кейіннен білсек, ол санаторийден мұлдем кетіп қалыпты. Ұялған болса керек.

## ЖАҚАҢНЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

*Осы бір топ әңгімені Караганды мемлекеттік университетінің профессоры, философ-галым Төлеугазы Әбжанов ағамыз айтқан еді.*

### «Стол сыптырайын деп пе едің?»

- Қарқаралы қаласында Жақсыберген Толымбеков деғен кісі болды. Ол кісі көп жыл милицияда қызмет атқарған екен. Бірде милицияның қызметкері қайтыс болып, соның соңғы сапарға шығарып салу рәсіміне басын шайқап отыратын қалтақ бас бір құрдасымен екеуі бара қалыпты. Қайтыс болған христиан дініндегі адам болғандықтан табытқа салып, бетіп ашып қойған екен. Қауғадай қаба сақалы кеудесін жауып жатыпты. Соны көрген кеселеу, қалтақбас құрдасы:

- Мынаның сақалын-ай, – деп сыйыр ете қалады былай шыға бере.

- Е, немене, оның сақалын қайтесің? – деп дік ете қалыпты Жақаң. – Стол сыпрайын деп пе едің?

### «Төрт қонақ шақырамын»

Бірде Жақаң үйіне «омыртқаға» көп адам шақырады, ішінде әлгі қалтақбас құрдасы да бар еken. Ортаға табақ тартылған кезде Жақаң:

- Мен осындай бір табақ етке төрт рет қонақ шақырамын, - дейді.

Қонақтар елең ете қалады.

- «Қалай?» - дейсіздер ғой деп қайта өзі сөз бастайды. – Ол былай – мына басы қалтаң-қалтаң етін отырған кісіні көрдіңіздер ғой. Қонақ шақырганда қоса шақырамын. Табақтағы ет туралып болған кезде ел осыған қарайды. Бұл болса басын шайқайды да отырады. Мұны көрген ел «жеуге болмайды» деп отыр еken деп қоя қояды. Содан бұл табақты жинап әкетеміз де, ертеңіне соган тагы қонақ шақырамыз. Сөйтіп біздің үйдің бір табақ еті төрт қонақ атқарады.

### «Кім екенін білмеймін»

Бірде Жақаң таңертен есік алдына шығып тұрса, жанына бір таныс адам келеді. Амандықтан соң Жақаң үйінде қонақ барын, қазір үйықтап жатқанын айтады.

- Ол кім? – деп сұрайды әлгі кісі.

Сонда Жақаң:

- Келгенде кісі еді, тамақ ішкенде ит болды, жатқанда қасқыр болды, енді тұрғанда кім болатынын өзім де біле алмай тұрмын, – деп жауап беріпті.

Сөйтсе, үйдегі қонағы сәлем беріп кіргенін «келгенде кісі еді» дегені сол еken. Қарны ашып келген жо-лаушы алдындағы асты түгел жеп алса керек. «Тамақ ішкенде ит болды» деп соны айтыпты. Тоңып келген соң үстіне өзінің қасқыр ішігін жамылыш ұйықтайды.

«Жатқанда қасқыр болды» ден Жақаң соны меңзеген екен.

### **«Мен мұжимын»**

- Қарқаралы өнірінде мынадай тағы бір әнгіме бар, - деп жалғады сөзін Төкең ағамыз. – Бір қонақта отырғанда төрдегі үлкен адам табақтағы етті алдына қарай тартын алады да өзі турауга кіріееді. Бірақ боеған сүйекті ешкімге үеынбай, өзінің жанына жинай береді. Ешкім үндемей отыр дейді. Сонда шыдамсызыдау бір кісі:

- Мына сүйектерді мұжуға бермей неге жинап отырысyz? – денті.

Сонда әлгі кісі:

- Бұл сүйектерді әуелі мен мұжимын, одан соң анау мұжиды, - деп бір адамды, -екеумізден қалса анау мұжиды, - деп тағы бір адамды көрсетінті.

Ел үндемейді, тым-тырыс. Әлгі сұрақ қойған кісі түк түсінбей жан-жағына қарайды. Кейіннен сұрастырып білсе «әуелі мен мұжимын» деген кісінің руы Әлтөбет екен. «Одан соң анау мұжиды» деген кісінің руы Итболды екен. Ал «екеумізден қалса анау мұжиды» деген кісінің руы Күшік екен.

### **ИЗЕКЕҢ АЙТҚАН ЕКЕН**

*Жасы тоқсанга таяп қайтыс болған Изак ақсақалды Ақтогай өнірінде көпшілік ел біледі. Сол кісі айтқан қагытпа создер ел ішінде көп тараган.*

### **«Аузым тоңып қалды»**

Бір күні «Қуаныш» колхозынан ат шанамен шыққан Изекен мен Сәтмағанбет ақсақал жол жүрін келе жа-

тады. Жол бойы Сәтекен әңгімені бірінен соң бірін қоздатып, жанындағы серігіне сөз бермей қояды. Сонда Изекен:

- Эй, Сәтмағанбет, тоқтат! Енді мен еөйлейін, аузым тоңын қалды! – деген екен.

### «Арақ байлап жіберіндер»

Бірде аудан басшыларының бірі Изекенің үйінде түстеніп отырып:

- Қасқыр көбейіп кетті. Ешкім ауламайды. Малды қырып бара жатыр, - деп сөз бастайды.

- Оның тұқ те қыындығы жоқ, - дейді сонда Изекен жұлып алғандай. – Қасқырды жоюдың ең оңай жолын мен айтайын...

Үлкен кісінің мына сөзіне отырған елдің барлығы «Бірдене айтатын шығар» деген оймен қарап қалады.

- Сендер, - дейді сонда Изекен. – Бір арланды ұстап алып, мойнына бір жарты арақ байлап жібсріндер. Сол арақты тауып ішкенше біздің ауылдың жігіттері бұқіл қаекырды қырып шығады.

### «Кешке дейін бітіріп тастасын»

Шабындық басталған күні пішеншілер арасынан келғен бір жігіт есік алдында отырған Изекенің көріп бұрылады. Жігіт қызулау екен, амандықтан соң:

- Биыл шоп шығымды екен. Тұске дейін талай жердің шебін шаптық. Енді қыстақтарға көктей жеткізіп аламыз, - деп леніре сөйлейді.

Тегі, ана жігіт жайшылықта көп сөйлемейтін біртоға адам болса керек.

- Жұмыртқаға тіл бітірген қайран арақ-ай, э, - деп Изекен басын шайқап біраз отырады да бір кезде: - Эй, мынаған тағы бір жұз грамм беріңдерші, қалған шөпті кешке дейін шауып бітіріп тастасын, - деп айқай салыпты келініе.

## **«КӘКЕҢ АЙТҚАН ЕКЕН»**

*«Кәкең» деп отырганымыз – Константин Петрович Ботов. Ол кісі көп жыл комсомол, одан соң партия, шаруашылық қызметтерін атқарған, кезінде колективтендіру ісіне белсене араласқан адам. Қазақ тіліне жетік, әзіл-қалжыңға жүйрін Константин Петровичті Қарағанды халқы «Кәкең» деп құрмет тұтады. Сол кісі айтты деген әңгіме ел арасында көп.*

## **«Төбем тесік болса»**

Сонау отызыншы жылдардың бае кезі болса керек. Кәкең бір тон кісімен бірге ел аралан келе жатып, бір үйге түседі. Үйде қызы мен шешесі ғана бар екен. Дастархан жасап, қымыз әкелін жүрген қызға қарай берсе керек.

- Мына сары орыстың көзінің тұздайын қарашы, - дейді қызы.

- Ақырын, қызым, төбесі тееік болын жүрмесін, - дейді шешесі.

Мұны естін қалған Константин Петрович:

- Тобем тесік болса, айран құйып ішейін деп пе едіңіз, - деғен екен.

Шешесінің қымыз сапырын отырган ожауы қолынан түсіп кетіпті. Қызы даға қарай ата жөнеліпті.

## **«Атып жеймін»**

Бұрын көп жыл «Заготскотты» басқарған Константин Петрович облыстық аңшылар инспекциясына бастық болып аудысады. Сол кезде бұрыннан сыйлас, облыстағы лауазымды басшының бірі:

- Кәке, хал-жағдайыңыз қалай? – деген кездескей сағын қайта-қайта сұрай берсе керек.

Сонда Кәкен:

- Мениң хал-жағдайымды несін сұрай бересіз? Бұрын жатып жесем, енді атып жейтін болдым. Құдайға шүкір, қарын ток, - деген екен.

### «Жігіттің ұялғаны-ай»

Бірде Константин Петрович кабинетінде отырса, бір жігіт кіріп келеді де, «Здрасьте!» - деп амандаса салып, келген шаруасын ағыза жөнеледі. Өзінің шала орысинасымен үсті-устіне төпелеп, аузын аштырмайды. Енді не де болса айтып бітпей тоқтамасын білген Кәкен оның сөзінің соңын күтеді. Бір кезде ол орысша сайрап бергеніне масаттанғандай орындыққа шалқая маңғаздана отырады.

- Ал, енді осының барлығын қазақша айтып берші, - дейді ғой Кәкен сонда.

Ол Константин Петровичтің бетіне қарап таңданып, үн шығармай отырып қалады да, екі беті қып-қызыл болып, шығып кетеді.

- Сол жігіттің ұялғаны-ай. Содан қайтып көрінген емес, - деп есіне алады Кәкен.

### «Секіртетін мен кекіртетін»

Константин Петровичтің үйіне бір күні замандасы Экім Серіков қонаққа келінті. Стол басына отырған соң Кәкен қонағына конъяк пен шампанды нұсқап:

- Қайсысын құяйын – секіртетінін бе, әлде кекіртетінін бе? – деп сұраған екен.

### «Не деп атайды?»

Бір жігіт «қазақтың тілін жақесы білемін» деп мақтана берсе керек. Сонда Константин Петрович одан:

- Мынау не? – деп сұрайды.

- Бұл кәдімгі құрт қой, - денті анау саснай.
- Соқ, - дейді сонда Кәкен, - Мұны қазақ «сықна» ден атайды...
- Ал киіз үйдің үзігін айналдыра жансырған оюды не деп атайды?
- Оюдың аты – «ою» емес пе!
- Білмсінді екенсің ғой. Оны «дөдеге» дейді... Енді түйенің мұрнына тағатын қыл мұрындықтың атын білесің бе?
- Жоқ, - ден мойындайды әлгі жігіт.
- Эй, сен өзің қазақ емес екенсің ғой. Оны «бұйда» деп атайды, - деп Константин Петрович оған қатты ренжінти.

## ТҰРСЕКЕНІҢ АЙТҚАНЫ

*Тұрсын Төрегежин Қараганды облысының біраз аудандарында жауапты басшылық қызмет атқарған, беделді адам еді. Сол кісінің дуалы аузынан шығып, ел арасына тарап кеткен талаі әңгіме бар. Соның бірі төмендегідей.*

### «Орын бар еді ғой...»

Тұрсекенің Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бастық болып жүрғен кезі екеи. Бір күні таңертеңгіліктे аппаратты жинан алып ілездеме өткізін жатады. Дәстүр бойынша орынбасары мән-жайды баяндайды да, сөзін:

- Кеше Тукоденің даласында Балқаштан бензин әкеле жатқан бір мәшине қарсы келе жатқан мәшинеге соғылысып қалып, жанып кетіпті. Жүргізушілдері аман көрінеді, - деп аяқтайды.

Ол кезде Балқаш нен Ақтоғайдың арасында қазіргідей асфальт түгілі тас жол да жок. Тукөде десе

дегендей көде ғана осстін ту далада мәшине атаулы жайдақ жолмен ағыза беретін.

Сонда сәл ойланын отырып қалған Тұрсекең кішке-неден соң:

- Япырай, ә! Тукөденің даласында екі мәшине сиятын орын бар еді ғой, - деген екен.

## **ӘУЕҢНІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ**

*Қаура Әбдіразақов марқұм «Қызыларай» совхозында әртүрлі қызметтер атқарды. Ақжарқын, аққоңыл, аңқау адам еді. Ол кісінің «Әуен айтқан» деген сөздері ел арасында бірталаі.*

### **«Дайындалдық қой»**

Бірде облыс басшыларының бірі келмекші болғанын естіп, совхоз басшылары күні бұрын дайындалынты. Орталық мекенді жөнге келтіріп, әдейі көрсетуге дайынdap, біr қыстақтың басын мұнтаздай етін тазалап қояды. Облыс басшысы бәрін көріп, риза болса керек әлгі қыстақ басына келгенде:

- Қыстақтарың жақсы екен, таза екеи, - дейді.

Сонда Әуен елдің алдына суырылып шыға келіп:

- Енді қалай, сіз келеді деғенді естігеннен бері жантәніміз қалмай тазаладық қой, - деген екен.

### **«Астарыңыздағы жұннің әр талы»**

Совхозда жұмысшы комитетінің төрағасы болып істен журғен кезінде Әуен қой қырқып жатқан жерге келіп, жиналыш өткізіпті. Жұмыс уақыты болғандықтан қырықтықтарын өшіре салған қыз-келіншектер жұн салынған қантарға отыра-отыра кетеді.

Сонда Әуең үкімет пен партияның сол кездегі міндеттерін айта келіп:

- Мына сіздердің астарыныңдағы жұннің әр талы алтынмен тең екендігін естеріңізден шығармаңыздар, жолдастар, - деп аяқтапты сөзін.

### «Өлмегенім жақсы болды»

Бірде ішінде Әуең бар, Қызыларайға келе жатқан көп адам мінген машина жолдың бір қия жерінде аударылып қалыпты. Абырой болғанда елдің бәрі аман, жарақатқа не ауыр жағдайға үшыраған ешкім жоқ екен.

Бір кезде Әуең тұрып, үсті-басын қағып-сілкіп жатып:

- Бәрінен де менің өлмегенім жақсы болды, - деген екен.

- Е, неге? – деп таңдана қарапты басқалар.

- Менің бала-шағам бар ғой.

Сонда жанындағы кіслер:

- Не, басқамызда бала-шаға жоқ па? – деп жатып тұрып ашууланыпты.

### ЕСКЕҢНІҢ АЙТҚАНДАРЫ

*Ақтогай ауданында Есенбай Таханов ақсақал көп жыл ел басқарған, совхоз директоры болған құрметті азамат еді. Сол кісінің откір де тапқыр сөздері ел ішінде көп таралған.*

### «Миғұлалар үшін айтады»

Бірде Ескең көп адаммен бірге әуе бекетінде ұшақ күтіп отырады. Сол кезде үшіп-қонып жатқан ұшақтар туралы хабарландыру әуелі қазақ тілінде бір рет, артынша орыс тілінде екі немесе үш рет беріледі. Мұны байқап тұрған бір орыс келін:

- Көрдіндер ме – қазақтар үшін бір-ак рет айтады, біз үшін бірнеше қайталайды, - деп мақтанады.

Сол кезде Ескең:

- Е, оған нееін мақтанасын. Біз қазақтар бір айтқанда ұғып аламыз. Олар бір айтқанда түсінбейтін миғұлалар үшін бірнеше рет қайталап тұр, - деп әлгіні тойтарын тастапты.

### «Кос қоржынның бірі»

Бірде Ескең қалаға келін, қонақ үйіне орналасса, екі орындық бөлме екен, шалжып жаңында біреу жатыр. Амандықтан соң:

- Кім боласың? – деп сұрайды ол.

- Совхоз директоры боламын, - деп жауап береді Ескең қашанғы қарапайым әдетімен.

- Е-е, - деп құледі анау. – Қойшымын десеңші.

- Ал, өзің кім боласың?

- Мен аудандағы үштін бірімін.

Аудандағы райкомның үш хатшысын мезгеп отырғанын түсінген Ескең:

- Ал, оның қайсысың? - деп сұрайды.

- Екіншісімін.

- Түү, - дейді сонда Ескең. – Ана сабаздың өзі ме десем, кос қоржынның бірі екенсің ғой.

### «Үйқысы неге қанбайды»

Ескеңнің Анарбек деген құрдасы болған екен. Ол кісінің бір көзі кем болыпты. Ылғи Ескең оны таң қараңғысымен оятады екен.

Бір күні үйқысы қанбағандықтан, көзін аша алмай ренжіген құрдасына:

- Ей, екі көздің үйқысы қанғанда сенің жалғыз көзіңнің үйқысы қалай қанбайды, ей! – деп дүрсе қоя беріпті Ескең.

## «Помидорды сорып жейді»

Ескең совхоз директоры болып істеп жүрғен кезінде Қарағандыға келіш, көп адамдармен ресторанға барады. Сонда жанындағы бір жас жігітке дастархандағы асты көрсетіп:

- Мыналарды қалай жеуді айта отыр. Әйтпесе, ауылдан келген адамбыз той, бір нәрсені бұлдіріп алыш, ұятқа қалып журмейік, - деп ескерtedі.

Содан ана жігіт қай тағамды қалай жеуді тәрекілеп қоймайды. Тұздалған помидорға қолын соза берсе:

- Оны сорып жейсіз. Тістеуге болмайды. Онда үстінізге суы шашырап кетеді, - деп түсіндіреді.

Ескең қолын тарта қояды.

Біраздан соң тағы да қолын соза берсе, әлгі жігіт:

- Оны сорып жейді, - дейді тағы да.

Сонда Ескең:

- Ей, қойши, қарағым. Бүкіл бір совхозды сорып жеп отырғанда бір помидорды жей алмайды той дейсің бе? – деп кішілеу біреуін аузына бір-ақ тығынты.

## ӘБЖЕКЕҢНІЦ ӘЗІЛДЕРІ

*Жазушы Әбжан Омарбаев облыстың «Орталық Қазақстан» газетінің коп жыл Қарқаралы ауданындағы меншікті тілшісі болып қызмет атқарды. Марқұмның уытты әжсүага толы сынсықақ әңгімелері кезінде баспасөз бетінде жиі жарияланатын. Сонымен бірге ол кісінің өзінің де алаңғасарлығы бар, аққөңіл адам еді. Әбжекең туралы Балқаш қаласында тұрған Қәукербек Сүйімбеков аксақал мынадай әңгімелер айтып берген.*

## «Қалпағым екен ғой»

Әбжекен Балқашта да көп жыл түрдү. Қалалық «Балқаш жұмысшысы» газетінде істеді. Қарқаралыға көшер алдында қалалық радиода қызметтес болдық. Ақкөніл ағамыздың үйінде сол кезде жиі болушы едім.

Бір күні түскі асқа келдік. Жаздың күні. Есік ашық түр. Женғеміз үшеуіміз әңгімелесіп шай ішіп отырғанбыз. Кенет Әбжекен есікке қарады да, айтып отырған сөзін кілт тоқтатып:

- Әй, кір, - деді.

Женғеміз екеуіміз де есікке қарадық, ешкім көріпбейді.

- Кір дедім ғой, мен саған, - деп Әбжекен дауысын кішкене қаттырақ шығарды.

Ешкім кірген жоқ.

- Ей, кіресің бе, жоқ па?! – деп айқай салған Әбжекен орнынан атып түрдү да, есікке жетін барды. Содан соң өзі анырап тұрып қалды да:

- Е, өзімнің қалпағым екен ғой, - деп есіктің тұтқасында ілулі түрған қалпақты босағадағы орындықтың үстіне тастай салып, орнына келіп отырды.

Женғей екеуіміз құлкіге кенелдікте қалдық. Сойтсек, Әбжекен үйге кірерде қалпағын есіктің тұтқасына іле салыпты. Енді соны есіктен сығалап түрған біреудің қалпағы екен деп қалған ғой.

## «Қыздырынып отырмын»

Бір күні Әбжекен жұмысқа келмей қалды. «Сірә, ауырып қалған шығар» деп ойлап, қайтар жолда үйіне соқтым. Үйге кірсем – төр алдындағы есікке қарсы қойылған устел басында Әбжекен бірдене жазып отыр. Үй салқындау екен. Соған қарамастан ағамыздың үстінде жалғыз мәйке ғана. Бұл түріне таң қалып, амандақтан соң:

- Үй салқын ғой, женіл отырғаныңыз қалай? – деп сүрадым.

- Е, кешеден бері арқамда бір шаншу қадалып, бүғін дәрігер шақырып едім, дәрі жазын беріп: «Ыстық басыңыз» деді, - дей Әбжекең қаламын үтептеге қойды.

- Онда неге қымтандып, емделмейсіз?

- Дәріеін ішкем. Міне, енді арқама ыстық су басып, қыздырынып отырмын, - деді Әбжекең бір қырындан, арқасындағы ыстық су құйылған рәзенке төреықшаны көрсетіп.

Мойнында байлаулы тұрған шуда жіпті кірген бетте-ақ байқағанмыи. «Мына кісі мойнына тұмар тағып алған ба?» деп ойлағанмын да қойғанмын. Сойтсем, еол жіпке резенке торсықшаны байлап, арқасына салбыратып қойыпты ғой. Ол кісінің мына Қожанасыр қылышына ішегім түйілғенше күлдім.

- Әбжеке-ау, жылы киінін алып, ыстық басып жатнайсыз ба? – деймін.

- Қарағым-ау, өлгенше күліп не болды саған?! Шаншу қадалған екен деп оқ тнгендей қалай серейін жатпақпын, - деп ренжісін Әбжекең.

### «Орнына салып отырмын»

Әбжекең біздің Балқаштағы үйде қонақта отырған. Бір кезде оның сол қолын артына жін апарып, орнынан қозғалақтап, қипақтап кеткеніи байқадым. Басында жай қозғалып отырған шығар деп ойлағанмын. Енді бір қарағанымда тағы сөйтіп отыр. Содан соң «Мына кісішің астына бірдеңе батып отырған шығар» деген оймен:

- Әбжекең, ыңғайсыз отырған жоқсыз ба? – деп сүрадым.

- Жоқ, - деді ол кісі жұлып алғандай. – Ыңғайсыз емес. Тек «геморрой» деген бір пәлем бар. Сол арақ ішкенде шығып кете береді. Соны орнына сала алмай әуре болып отырмын...

Стол баеындағы барлығымыз тым-тырыс болып, не дерімізді білмей қалдық.

### «Қонағыңың бәрі шыжың ба?»

Бірде Әбжекенді Қарқаралыға жаңада ғана көшіп келген прокурордың үйі қонаққа шақырыпты. Әбжекен келі, төрғе жайғасады. Қараса – диванынан бастан орындықтарына дейін су жаңа, әлі сыртындағы қаптап қойған салафаны да алынбаған ғой.

Соған қарап отырған Әбжекен бір кездे прокурорға:

- Немене, бүгінгі шақырған қонақтарыңың бәрі шыжың ба, қулиенде қаптап қойыпсың, - деғен екен.

Сасқалақтап қалған прокурор не дерін білмей қалынты да, артынан барлық салафанын сыйыртып алғызып тастанты.

### «Аузымнан қағынып»

*Қарқаралы қаласында тұрган марқұм Сұңғат Нығметжанов ағамыз айтқан әңгіме.*

Әбжекен біздің үйге жиі соғып, шай ішіп кетіп жүретін. Бір күні түе кезінде келе қалды. Қашанғы әңгімешіл әдетімен шай үстінде қалжындалп отырды да, «жұз грамм» ішіп алған соң:

- Япыр-ай, - деп таңдайын қағып, таңданып қалды.

Не айттар екен деп бикеміз екеуіміз аузына қарап отырмыз.

- Япыр-ай, осы заман не болып барады? – деді Әбжекен әлден уақытта кішкене ток самауырдың үстінде тұрган үлкен аққұманды көрсетіп. - Әйелі – семіз, ері – арық, құманы – үлкен, самауыры – кішкентай...

Мына теңеу бикеміз екеуімізді мензегені ғой. Мен оған мәз болып куліп жатырмын. Бүрқан-талқан болған бикем үстел үстіндегінің бәрін жинап әкетті.

Сол кезде Әбжекен:

- Ой-бу, қарап отырмай аузынан қағынған екем той, - деп санын соғып өкінді де қалды.

Содан көпке дейін Әбжекең біздің үйге келмей жүрді...

## МАЙДА ҚҰРАЛ

*Қарқаралы ауданындағы Нұркен атындағы совхозда Майды Құрал деген кісі болытты. Ол кісі оте майды, үлкен болсын, кіші болсын «сіз» деп сойлейтін биязы адам екен.*

### «Сыймаса – зорламаңыз...»

Бірде көп адам қонақтан тарқайды. Солардың ішінде қызынқырап қалған біреу өзінікі екен деп Құрекененнің калошын киे алмай, соқталап жатады. Мұны қарап тұрған Құрекең болса, басқалар сияқты «Бұл менікі еді» деп жармаса кетпей:

- Сыймаса – зорламаңыз, сыймаса – зорламаңыз, - деп екі-үш рет жай ғана қайталаған екен.

Әлгі адам басқа біреудің колошын киіп жатқанын сонда ғана біліп, иесіне қайтарыпты.

## ҚАЛЕКЕННІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

*Журналист Қали Садықов «Советтік Қараганды» (кейіннен «Орталық Қазақстан») газетінде көп жыл қызмет істеген адам еді. Сол кісінің артына тастап кеткен сөздері журналисттер арасында жсіі айттылады.*

### «Өзімдей іш»

Қалекеннің жиі айтылатын «өсисеттерішің» бірі мынадай:

«Жігіттер арақ ішсең өзімдсій іш,  
Көзінс бастықтардың көрінбей іш.  
Осы жұрт бұл Қалиды «кедей» дейді,  
Ішімде екі «Волга», төрт «Москвич».

### «Қанша ішу керек»

Қалекенің арақты қанша ішу керектігін білмейтін сары уыз жастарға айтқан мынадай «кеңестері» де бар:

«Бір жарты бір адамға – оқ,  
Екі адамға – көп.  
Үш адамға – дөп,  
Төрт адамға – бок,  
Бес адамға - жок».

### Мақаңмен кездескенде

Бір күні ақын Мақсұт Байсейітов күндегі әдетімен таңартенгілік парктен серуендер шығып келе жатқанда Қалекене кездесін қалыпты. Сонда Мақаң:

- Ей, қарт б...,  
Қайдан жүрсің шапқылап? – деп сүрайды.  
Сонда Қалекен табан аузында:  
- Қалтаң тесік болса да,  
Бір жартыны тап бірак, - деген екен.  
Сөйтсе, түнімен қонақта болған Қалекенің «басы ауырып» келе жатыпты.

### Қораптағы жазу

Қалекен өзінен көп кіші болса да журналист Қағазбек Сәденовпен қалжындастып ойнай береді екен. Бір күні Қалекен таңертенгілік Қағазекеңнің кабинетіне кіреді. Кірсе – ешкім жок, үстелдің үстінде жатқан бір қорап «Бокс» темекісін көреді де, оның сыртына:

«Бокстың» өлең жаздым қақпағына.  
Бір талыи бере ме деп тақпағыма», - деп жазады да,  
шығып кетеді.

Кабинетіне қайта оралғанда темекінің сыртындағы  
жазуды көрғен Қағазекең:

«Бере берсем шылымым шақ келе ме,  
Қалының әрбір жазған шатпағына», - деп  
жалғастырыпты.

### Ақ бәтеңкенің әлегі

Ол кезде редакция Ленин даңғылының бойын-  
да екен. Жұмыстан шыққан Қалекең мен Қағазекең  
көшемен келе жатады. Кенет жандарынан бір топ  
сары бас қыз өте шыққанда Қағазекенің аяғындағы  
тіс жуатын ұнтақпен әппақ етіп тазалап қойған кенеп  
бәтеңкесіне балшық шашырап кетеді. Сонда тиісерге  
қара таба алмай келе жатқан Қалекең:

«- Батыстың сұлулары қаптап кетті,  
Қағаздың бәтеңкесін таптап кетті», - дейді.  
Сонда Қағазекең:

«- Қалидың өлеңінде үйқас жоқ » деп,  
Сұлулар саған к... саптап кетті», - деп жауап беріпті.

### Сурет туралы

Бірде Қалекең «Лениншіл жас» газетінің бетіне  
шыққан әдемі жас келіншектің суретіне қараи отырады  
да:

«Қара көз қайнаңдаған қарашибірі,  
Қара шаш ақ жүзіне жарасады», - деп ғазеттің шетін-  
дегі ақ жеріне жазып қояды.

Қағазекең мұны көрісімен іле-шала:

«Газеттегі суретті көре салып,  
Есінен кәрі Қали адасады», - деп жалғастырып жі-  
берген екен.

## **Бата**

Енді бірдегередакциядағы жас жігіттердің бірі кішкентайлы болып, соның шілдеханасында отырғанда ортасындағы жасы үлкен Қалекең былай деп бата беріпті:

Жас бастықтай сөзге ергіш болма,  
Құрекендей өзгергіш болма,  
Құрдасымдай қорқақ болма,  
Сартаубайдай шорқақ болма,  
Шәймердендей ептеші болма,  
Кәртайдай өкпеші болма,  
Құрмандай арам болма,  
Құлтайдай сараң болма,  
Мұхамбеттей батыр бол,  
Хайридендей бақұл бол,  
Аллоңу-әкбар...- депті.

Отырған жұрт қыран күлкіге кенеледі.

Осындағы аты аталған редакция қызметкерлерінің мінездемесіне ешкім де дау айта алмай, Қалекеңнің тапқырлығына дән риза болыпты.

## **«ШОЙКЕН ЕТ ЖЕМЕЙДІ»**

Ақтоғайда Шойынбай деген кісі болды. Сол кісі қонаққа барғанда кейбір ойнайтын адамдар:

- Шойкең ет жемейді,-дейді екен.

Сонда Шойкең:

- Мен ет жемеймін, сорпа ішемін, - деп жеп отырган етін тастай салып, сорпа алдырып іshedі екен.

Сол кіеінің бір үйде қонақ болып отырғанда біреу:

- Шойекең бауырсақ жемейді, - дән еді:

- Иә, мен майға піекен тамақ жемеймін, - деп нан алғызып жегенін өзім көргенім бар.

## ЖЫНДЫ ЫСҚАҚТЫҢ БАЛАГАТТАРЫ

Ақтогай өңірінде Жынды Ысқақтың білмейтін жан жсоқ. Ол кісі орнын тауып, өз ретімен, өте әдемі теңеумен балагаттайтын адам еді. Сондай бөкшампаз адам болғандықтан жүрт ол кісіні «Жынды Ысқақ» деп атап кеткен гой. Ысекенің теңеуі өте дәл болатындығы сондай, балагат естіген адамның өзі ашуланудың орнына күлкіге бір кенеліп, риза болып қалады. Сол кезде азуын айға білеген аупартком хатышыларының өзі Ысекенің алдында сөз естіп қалмау үшін құрдай жоргалайды. Бірақ бұлардың мұндай мінездерін байқаган Ысекен ақсақал аузынан шыққан сөзін нысанага дәл тигізіп, масқарасын шыгаратын. Басқа адам болса, өздерін балагаттапақ бұлай тұрсын, аузынан «жаман» соз шыққаны үшін «екі көзін жылтыратып» қоятын олар, Ысекене ештеңе дей алмайды. Тіпті, кейбір басышылар ел еркесінің сондай «батасын» алу үшін өздері келеді екен.

### Ақселеудің айтқаны

- «Лсниншіл жастың» (қазіргі «Жас алаш») Қарағанды және Целиноград облыстары бойынша меншікті тілшісі бөлүп істеп жүрген кезім еді,- дейді жазуши, ғалым Ақселеу Сейдімбеков.- Ақтогай ауданында Жынды Ысқақ деген кісі бар дегенді естідім. «Қоңырат» совхозында тұратын Ысекенің үйіне келіп түстім. Кішкене ғана домаланған қарт екен. Сәлемімді алған соң төрге шыгарып, жөн сұрады. Қарағанды қаласында тұратынымды, Жаңаарқа ауданында туғанымды, қазір газет тілшісі екенімді айттып бердім. Содан соң ақсақал үнсіз қалды. Мен де үнсізбін. Бірте-бірте әлгі үйге ауыл адамдары жинала бастады.

Алдына барған адамды Ысекен ретін тауып қайтсе балағаттайты. Соны естуғе жиналады еken. Әрі ол кісі бір адамға айтқан теңеуін екінші адамға өмірі қайталамайды еken. Ысекеннің алдынан балағат естімей кеткендер де бар. Ондай адамдарды ел құрмет тұтады.

Бір кезде шай келді. Оны-мұны айтып отырып шай ішілді. Бірақ бір арнаға тоғысқан жүйелі әңгіме болған жоқ. Бәрі ақсақалдың аузын бағулы сияқты. Соған қарап мен де шешіле алмай отырмын. Қайткен күнде балағат естімей аттанбақ ойдамын.

Мен келісімен қазан көтерілген еken. Біраздан соң үйме табақ ет те келіп қалды. Сол үйдің келіні болуы керек, бір жас келішкеқ ет турайтын пышақ пен табақ әкеліп қойып еді, ауыл адамдары төрде, менің жанымда отырған Ысекеннің алдына жылжытты. Ысекен табақты менің алдыма сырғытып қойды. «Масқара болдым-ау» деп ойладым. Турамайын десем, табан астында балағат естуім мүмкін. Ысекеннің күтіп отырғанының өзі сол. Сондықтан да табақты алдыма ыңғайлап қойып, етті туралға кірістім. Барынша мипаздап, бар өнерімді салып, жүқалап-ақ турадым. Үйеме табақ етті жалғыз өзім турал болып, тұздық құйылды да жеуге кірістік қой. Бір кезде қайдан қалып қойғанын білмеймін, Ысекен алдынан туралмаған бір кесек етті суырып алып шыққаны. «Құрыған жерім осы болды-ау» деп ойлауға шамам да келген жоқ, Ысекен әлгі етті табақтың үстінде салбырата ұстаған беті:

- Ей, селеудей болып сорайған бойыңның әкесінің аузын... Жасым тоқсанға тақалғанда мына етке қақалып өлсіп дедің бе? – деп «сорғалатып» жіберғені.

Сол-ақ еken «Қай жерден шиі шығар еken?» деп бағанадан күтіп отырған жұрт қыран-топан болды да қалды. Содан кейін-ақ ақсақал көңілденіп, жұрт та желпініп сала берді.

Бір сөз арасында Ысекеннен:

- Ақсақал, боктауды қалай үйрендіңіз? Оған қандай с себеп болды? – деп сұрадым.

- Япыр-ай, қарагым-ай, бұрын маған ешкім мұндай сұрақ қоймаған еді, - деп біраз үнсіз отырып қалды.

– Сұраған екенсің – айтайдын... Балаң жігіт кезімде бір байдың жалшысы болдым. Әлгі бай мені қайда барса да жанынан тастамай алып жүретін. Өзінің ептеғен моллалығы бар еді. Бір жолы көп ел жиналған үлкен асқа барып, қонып жаттық. Кешке қарай бай дәрет алуға үйдің сыртына қарай беттеді. Мен ошақ басындағы қыз-келіншектермен қалжындастып жүріп, шәугімге жылы су құйғызып алдым. Сейтін жүріш бір келіншек-пен сөз байласып кеткем. Дәрет су әкеле жатқанымда әлгі шәугімнің түбі күйе екен, жаңадағана әппақ етін илеп киген тери шалбарыма үйкелін-ақ кеткені. Қап-қара болды қалды. Енді қайтып шыдайын:

- Қап, әкенің аузын... былғанын қарашы, - деп боқтап жіберғенімді өзім де байқамай қалдым.

Мұнымды бай естіп қалып, өзімді жерден алып, жерге салсын.

- Һарам болған суға қалай дәрет аламын? Бар, онбаған, андағыны төк те, «біссімілдә» деп басқа су құйғызып әкел, - дегені.

Әлгі келіншекке енді қайтып барамын? Оған не демекпін? «Төгіп алдым» деймін бе? «Оған қайта су сұрап барғанша өлғенім артық» деп намысқа бастым да:

- Өлсөң де осы сумен дәрет аласың. Мен енді қайтып су сұрауға бармаймын, - дедім.

- Жоқ, мен һарам болған суға дәрет алмаймын, - деп қытықты анау.

- Мә, ендеше, сұыңың әкесінің аузын... Осы ауылдағы су біткеннің, бұлағындағы сұының, өзені мен көліндегі сұының әкесінің аузын... Бүкіл жер жүзіндегі су атаулының әкесінің аузын... Ал, бүкіл су атаулы түгел һарам болды, енді өмір бойы дәрет алмаймысың? – деп шәугімді өзіне қарай лақтырып тастап, кеттім де қалдым.

Мұны естіғен екінші бір байдың бұл қылышыма қыбы қанып, мені шақыртып алды да, астыма ат мін-

гізіп, үстіме кім беріп, өзіне қызметші етіп алды. Бұл бай мені өзіне жақпаған адамды боктап келуғе жұмсайды. Мен барамын да опы жақсылап сыйбап, қожайынымның өшін алып беремін. Одан соң келесі бір адамға жұмсайды. Оны да боктап келемін. Міне, сөйтіп жүріп әдет болып кетті, - ден аяқтады сөзін Ысекен.

... – Иә, бұл Жынды Іеқақ ақсақалдың балағаты қазақ әдебнетіндегі зерттелмеген, өте қызық, ерекше жанр, - дейді Ақселеу Сейдімбеков. – Ол кісінің айтқандарын жинастыру керек.

### **Әбекенде айтқаны**

Бірде ішінде Ыеекен бар бір тон адам Әбекен де-ген кісінің жүк машинасының үстінде келе жатады. Ол кезде автобус жоқ болғандықтан жүк машинасының қорабына мініп жүре беретін еді ғой. Бір уақытта шұнқырды байқамай қалған Әбекен машинасын секіртіп алады да, үстінде отырған адамдар бір жерге үйлігін қалады.

Сонда Ысекен ақсақал:

- Жауыннан ыққан жаман текениң умасындағы мыжырайып, қатнар-қатпар болған бетінің әкесінің аузын... Әкең олғендей зымыратпасаң не әкетін барады? Байқап жүрмейсің бе? - деғен екен.

### **Бір жазушыға айтқаны**

Ол кезде “Қоңырат” колхозының орталығында тұратындар жаз бойы ауыл сыртына жайлauға шығып, киіз үй тігіп отыратын. Колхоздың кеңсесіне де жеке бір киіз үй тігіп беруші еді. (Сол әдет бертін келгенше, өткен ғаевырдың 80-інші жылдарына дейін жалғасып журді).

Сол ауылға астанадан бір жазушы келе қалады. Бірақ ол кеңсе үйімен қатар тігілген колхоз басқармасының

үйіне түседі. “Ауылга жазушы келді” дегенді естіген Ысекең өзіне келіп сөлем беріп, кіріп шығатын шығар деген оймен бір қойды алдырып, дайын отырады. Бірақ әлгі жазушы үйіне келмейді.

Біраздан соң бір бала жіберіп, басқарманың үйіне Ысекенде шақырады. Мына қылыққа қитыққан Ысекең бармай жатып алады. Ауыл адамдары бір “сұмдықтың” боларын біле қояды, Ысекең келмеген соң жазушы әлгі баланы қайта жұмсайды.

Содан бір кезде Ысекең келеді ғой. Жазушы оған келген шаруасын айтып:

- Откендеңі байлар туралы бір шыгарма жазып жүр едім. Сіз байларға көп қызмет етіпсіз. Солар туралы билетіндеріндегі айтсаныз, - деп өтінеді.

- Иә, ол рас, - дейді жұлып алғандай, жылдам сөйлейтін Ысекең. – Бір байдың қызметшісі болып жүргенімде дәрет шәйнегін тасыдым. Бір жолы бай дәрет алып отыр екен, борбайна көзім түсіп кетіп еді, құдайым сақтасын, анаусының үлкендігі тура сенің мына қалпағындағы екен, - деп үстел үстінде жазушының папкасының жанында тұрған шляпасын нұсқапты.

Бұдан соң жақсы тенцеумен шенеп тұрып бір “жіберіп” алған Ысекең:

- Ал, жаз енді – жазғыш болсаң! Сол бетінде өзгертпей жаз! Керегі сол ма еді? Жазушы болсаң қайтейін! Үйге келіп түспейсің бе? Бір қойдың басын жемейсің бе? Асықпай отырып әңгімелесіп, бай туралы болсын, басқа туралы болсын содан кейін жазып алмайсың ба? - деп жерден алып, жерге салады.

Ысекең жүрген жерде оның сөзін естуғе жүрттың жинала қалатын әдеті. Сол екі ортада үй іші лық толған екен. Мына сөзді естіген соң олар күлкіге кенелінті де қалыпты.

## **Аупартком хатшысына айтқаны**

Ысекен үйіне сөлемдесуғе жұрт ағылып келіп жатады. Солардың кейбіреуі өзін қалай балағаттағанын естү үшін келсе, кейбіреуі өзіне шаң жұқтырмай, Ысекенің алдынан балағат естімей кетіп, бүкіл елғе мақтану үшін де келеді екен.

Бір жолы ауданның бір хатшысы келе қалыпты. Келгеннен Ысекенің ығын тауып, сөзіне ілікпей қояды. Содан ертеңде аттанып бара жатып, әлгі хатшы тым масаттанып кетсе керек:

- Ақсақал, алдыңыздан боктау естімей кеткен мен сияқты адам жоқ шығар, сірә? - деп сұрайды.

Сонда Ысекен ғалстуғын тағып, жып-жылмағай қырынып, машинаға мінейін деп тұрган хатшыға:

- Е-е, бет-аузыын су инайып, езен табанындағы малта тастай жылтыратқан әкеңің аузын... Сені боқтамайтынымды қайдан білдің? - деген екен.

## **АҚТОҒАЙДЫҢ АҚ ЖЕҢІСІ**

### **«Төре тұқымы тік тұрады»**

Ағыбай батырдың Ақадыр ауданында откен 190 жылдық торқалы тойында ақын Женіс Қашқынов ағамыз өлең оқи бастағанда залда отырған белгілі сәулеткер Шота Уәлиханов орнынан тік тұрыпты.

- Шөке, отырып та тындауға болады ғой, - дегендерғе:

- Қазақтың хас ақыны өлең оқығанда, төре тұқымы тік тұрып тындейды, - деген екен.

### **«Ақындардың еерісі»**

Ықылас күйшінің мерейлі мерекесін өткізуге Жаңаарқа ауданына баруға бір топ ақын-жазушы

вокзалға жиналышты. Бір кездे қастарына Женіс Қашқынов келгенде:

- Ақтоғайдың Женісі,
- Өлең-жырдың кеңіші, - ден Таракты Ақселеу тақпақтай жөнеледі. Сонда Ғафу Қайырбеков:
- Адал жүрек, дархан жан,
- Ақындардың серісі, - деп іліп әкстішті.

### **«Тұсіп кете жаздады-ау...»**

Ақтоғайда Алаш косемдері Әлихан Бекейханов, Әлімхан Ермеков, Жақын Ақбаевқа орнатылған ескерткіштің ашылу салтанатынан кейінгі отырыста ақын Женіс Қашқыновтың бұрынғы дос-жолдастары «аашы судан» ішуге өтініш жасапты.

Жекең бас тартын:

- Мен қажымын, - ден қалтасындағы тәебиғын алып көрсетілті.

Оған да болмай, қатарластары рюмканы қайта-қайта ұсынып, қнайай берген соң Женіс ақын:

- Еске тұсіп жас күнім,

Арақ ішкен мае күім.

Рюмканы көргенде,

Тұсіп кете жаздады-ау,

Қолымдағы тәебиғым, - деп отырғандарды ду күлдірініті.

### **АТАМНЫҢ АЙТҚАНЫ**

*Улken әкем Жаманбаланы ауыл адамдары “Жәмекеш” деп атап, “Жәмекең” деп құрмет тұтатын. Сөл кісінің “Жөн-ақ” деген сөз мәтепі еді. Кuanса да, ренжісе де “Жөн-ақ” деп отыратын. Кейде қисынсыз жерде “Жөн-ақ” дегені үшін кейбіреулер ренжіп те қалатыны бар.*

## **“Жөн-ақ...”**

Сондай бір әңгімсін ауыл адамдары жиі айтып, «Жәмекен айтқандай – «жөн-ақ» деп жүреді.

Бір күні атам тау басында қойын жайып тұрса, Сәркеннің Қойшыбекі деген жігіт келіп сәлем береді. Одан атам:

- Иә, Қойшыбек, қай жақтан жүрсің? - деп сұрайды, сәлемін алған соң.

- Мына жақтан келемін, - дейді Қойшыбек Өгізтау жақты нұсқап. - Жылқыга барып едім. Бием құлындаған екен - құлынын қаекыр жеп кетіпті.

- Жөн-ақ! -дейді атам.

Мұндай сөз күтпеген Қойшыбек:

- Ақсакал-ау, менің құлынымды қаекыр жегенінің несі жөн? - деп жатып тұрып ашуланыпты.

## **“...ТРЕЛЯЮ”**

*Облыстық баспахранада көп жыл бас инженер, кейін директор болған, қазір зейнеткер Марк Яковлевич Кириевскийді қарагандылықтар жақсы біледі.*

Ол кісі кекеш адам. Кейде қарсы кездесіп қалып, сәлем берген кезде:

- 3-з-з... - деп тұрып қалады.

Оған қашанғы қарап тұрасың, аяндал әрі қарай кете бересің ғой, сол кезде арт жағындан:

- ...дравствуй, - деген дауыс естисің.

Сол Марк Яковлевич соғыс жылдарында баспахана бастығы болыпты. Ол кезде баспахана қызметкерлеріне тапанша береді екен. Бір күні Марк Яковлевич түнде жұмыстан шығып, үйіне қайтып келе жатады. Өні подъезге жете бергенде қолында пышағы бар екі қарақшы тоқтатып, шешіндіріп алмақ болады. Сол кезде бұл тапаншасын суырып алады да:

- С-с-с... - дейді ғой, онсыз да кекеш адам тұтығып.

Қанша айтқанмен жан тәтті, тапаншаны көрген соң ана екеуі тұра қашынты. Марк Яковлевич болса төртінші қабаттагы үйнен келген соң киімін шешін жа-тып:

- ...треляю! – деген екен.

## ЗАҚАҢНЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

*Белгілі журналист, филология гылымдарының кандидаты, қазір Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Зарқын Тайшыбай Қараганды облыстырық «Орталық Қазақстан» газетінде көп жыл еңбек етті. Сол Зақаңның ел арасында тараган көптеген әңгімелері бар.*

### «Не деп ойлар екен?»

Бір жылды Қарағандыға гастрольдік сапармен келген “Отырар еазы” оркестрі Кеншілердің мәдениет сарайында шахтерлерге арнап концерт берді.

Бір кезде сахнаға қазақша кийнген 6-7 жастардағы кішкентай үл бала шығып, оркестрге дирижерлік етіп түрғаи Нұрғиса Тілендиевке ғұл шоғын ұсынды. Нұрекең оған риза болып кетсе керек, баланы котеріп алды да, шалбарын түсіріп, “мәмпәсінен” бір иіскеп қоя берді.

Ертеңінде осыны еске алып тұрып облыстырық газетте істейтін Зарқын Тайшыбаев:

- Масқара болдық қой, - дегені.

- Неге? - деп біз бәріміз шу ете қалдық.

- Енді ғой бүкіл баека халық: “Қазақтар ғұл берген адамның бәрінің борбайынан иіскейтін шыгар,” - ден-ойламай ма?

## «Ондатр шәпке»

Бірде мереке қарсанында ғазеттің айқарма бетіне екі жолдық үйқасы бар тақырып қажет болады. Мұны ғазетшілер тілінде «шапка» деи атайды. Сондай бір «шапка» таба алмай, біреу анадай үйқас, біреу мынадай үйқас іздел жанталасып жатса, марқұм Шайхан Жандасев келіп:

- Қандай шапкеғе таласып жатырсындар? – дейді ғой.

Оның тұра мағынада сұрап тұрғанын біле қойған Зақанның ойына бір құлық келе қалады да:

- Кесінодақ комитеті арқылы бес-алты ондатр шапке алғызыдық. Соны болғен болатынбыз. Саған жетпей қалды, - дейді.

Сол кезде кесінодақ комитетінің төрағасы Кәртай Ермекбаев ақсакал екен. Шәкен жүгірін сол кісіге барады.

- Кәке, анау құлақшының бірін маган неге берменсіздер?

Онсыз да бірдеңеге ренжін отырған Шәкен;

- Қайдағы құлақшын? Не оттап отырсың? Кет, басымды қатырмай, - деп қуып жібереді.

Енді Шәкен редакторға кіреді.

- Құлақшының тозып жүр еді, - деп Шәкен әңгімені алыстан бастайды.

Ол кездегі редактор Рамазан Сағымбеков марқұм түк түсінбей қарап отырып қалады. Шәкен әңгіменің соңын «тарап кеткен ондатр шәпкеге» әкеліп тірдейді ғой. Редакцияда болып жатқан оқиғадан хабарсыз қалғанына ренжіген Рақаң кесінодақ комитетінің төрағасын шақырады. Ол кісі де түк білмейді. Ақыры сұрай-сұрай келе әңгіменің ұшығы Зақаңнан шыққаны, бәрі қалжың екеп белгілі болады ғой. Шәкен өзінің алданғанын сонда ғана біліп, ұялғанынан қызарақтап қүле беріпті.

## **«Бұйра шаш»**

Бір күні қарт журналист Қағазбек Сәденов (ол кісі де марқұм) Зақаңа келін, бір шаруасын айтады. Зақаң Қағазекең мұндай шаруамен облаткомда кімнің айналысатынын түсіндіре бастайды.

Сонда Қағазекен:

- Ол қандай кісі? – деп сұрайды.

Қағазекеңнің ол кісіні танымайтындығын біле қойған Зақаң:

- Ол бәлен кабинетте отыратын, қою бұйра шашты, бәлен деген кісі, - деп жөн сілтеп жібереді.

Қағазекең майысып қана жүретін, биязы адам. Әлгі айтқан кабинеттің есігін еппен ашып қараса – кабинетте жалтыр бас бір адам отыр екен, есікті жып-жылдам жаба қояды. Қағазекең бір айналып келін, есікті тағы да ашып қараса, әлгі тақырбас адамнан басқа ешкім жоқ. Ана кісінің «Кіріңіз» деғеніне де қарамастан есікті тағы да жаба қояды.

Содан коридорда өтін бара жатқан бір кісі Қағазекенді танып:

- Кімді күтіп тұрсыз? – деп сұрайды ғой.

Қағазекең өзінің күтін тұрған кісісінің аты-жөнін айтады. Анау есікті ашып қарайды да:

- Озінде отыр ғой, неге кірмей тұрсыз? – дейді таңданыспен.

Зақаңның «қою бұйра шаш» деғен қалжынын сонда ғана түсінген Қағазекең санын бір-ақ соққан екен.

## **«Сөзін түсінбедім»**

Зақаң ғазетте әдебиет және мәдениет бөлімінің менгерушісі болып жүрген кезінде сол бөлімнің әдеби қызметкері, шымкенттік Гүлсім Оразалиевамен бір кабинетте отырды.

Бірде Гұлсім ауылымен телефон арқылы сөйлесін жатқан кезде, Зақаң еркін сөйлессіп деген ниетпен кабинеттен шығып кетеді ғой. Оған кездесіп қалған машбюроның келіншектерінің бірі:

- Зақа, коридорда неғе жүрсің? – деп сұраса:
- Гұлсім ел жағымен сөйлесіп жатыр. Сөздерін түсінбеген соң шығып кеттім, - депті.

### **«Медаль алдым»**

Бірде карт журналист Мәди Сәрсембаев редакцияға келіп, жаңада алған медалін көрсетеді. Су жаңа медальға қызығып кеткен Зақаң сұрап алады да, омырауына тағып, столының басында шаниып отырады. Дәл сол кезде осы кабинетте отыратын тағы бір қызметкер кіріп келеді де, Зақаңның омырауындағы медальды көрін, көзі бақырайып тұрып қалады.

- Ей, мынаны қашан алғансың? – дейді амандық жоқ, саулық жоқ.

Ананың іштарлық жасап тұрганын бірден байқаған Зақаң:

- Жаңа ғана алдым. Обкомнан келіп отырғаным осы, - дейді былш етпестен.

Мұны естіп отырған Мәкең мен Қағазекең (Қағазбек Сәденов) екеуі тып-тыныш отыра қалады.

Анау қайтадан шығып кетеді. Сол кезде барлығы ду күледі ғой. Көп ұзамай Зақаңа «Ескең (редактордың бірінші орынбасары Есімбек Бәйтінов) шақырады» деген хабар келеді.

Әлгінің ісі екенін біле қойған Зақаң медальды қалтасына салып алып, орынбасарға кіреді.

Ол кісі Зақаңа бастан-аяқ қарап шығады да, онымұны сұрап қоя береді.

Артынан білсе, әлгі жігіт редактор орнында болмаған соң жүгірін орынбасарға барып:

- Анау Тайшыбаевқа неге медаль бересіндер? Ол не бітіріп еді соншама? Біздің еңбегімізді неге бағаламайсындар? – деген сияқты еөздер айтқан екен.

Ақырында Зақаңның әзілі осындай әңгіме туғызып, аяғы әзіл-кулкімен аяқталынты.

## ТОҚТАРДЫҢ СӨЗДЕРИ

*Бұл Тоқтар деп отырганымыз Зарқын Тайшыбайдың кіші ұлы. Қазір ол да әкесі сияқты ел аузына ілігін, әр нарасені айтып қалып жүр. Бұл әңгімелер оның 6-7 жастар кезіндеғі айтқандары.*

### «Отыз теңгенің қайшысы»

Бірде Зақаң базардан қайшы сатып әкеліп, баласының шашын қырқып жатса, әлгі қайшы бір-екі рет шашын жұлдып кетеді.

Сонда Тоқтар:

- Мынауыңыз неше теңгенің қайшысы? – деп сұрайды ғой.

Ойында ештеңе жоқ әкесі:

- Отыз теңгенің қайшысы, - деп жауап береді.

- Қап, - дейді сонда Тоқтар. – Жұз теңгенің қайшысын алғанда гой, бүйтіп жұлмайтын еді.

### «Салдыр-гүлдір сары «Москвич»

Бірде Зақаң баласымен екеуі такси ұстамақ болады. Бірақ қол котерғенімен, машиналар тоқтай қоймайды. Сонда Тоқтар тұрып:

- Пана, салдыр-гүлдір сары «Москвичті» ұстай салайық та, - дейді.

Баланың сөзін түсіне алмай:

- Е, неғе? – дейді ғой.

Сонда Тоқтар тұрыи:

- Иномарка қымбаттау алады, әрі тоқтай қоймайды дегенім фой, - денті байеалды дауыснен.

## СӘБЕҢНІҢ ШӨШЫҒАНЫ-АЙ

*1967 жылдың күзді болатын. Сол жылды Қараганды облыстық С. Сейфуллин атындағы драма театры маусым шымылдығын С.Мұқановтың “Сәкен Сейфуллин” спектаклімен ашқан болатын. Спектакль премьерасына автордың озі арнайы шақырылды. Сол сапарында Сәбен педагогикалық институттың филология факультеті студенттерімен кездесу откізді.*

Кездесу Гагарин атындағы аландағы педагогика институты ғимаратының екінші қабатындағы көшшілік залиnda болды. Зал шағын болғанымен кісі көп жиналып, микрофонмен дауыс күшейткіш қойылды.

Мінберге Сәбенің өзі шығып, өмір жолы туралы айтып тұрған еді, бір кезде микрофон “дар” ете калғаны. Сонда Сәбен жұлып алғандай:

- Көтек, - деді.

Отырған бүкіл жұрт ду күлді.

## “ОЛ КЕЗДЕ БІЛМЕДІК ҚОЙ”

*Қараганды педагогикалық институты университет болып құрылған жылды жазушы, атақты ғалым Зейнолла Қабдолов мемлекеттік емтихан комиссиясының торагасы болып келді. Сол кезде ол студенттермен бірнеше кездесулер откізген еді.*

Сондай кездесулердің біршіде Зекенді танынетырын тұрып, осында қазақ әдебиеті кафедрасында до-

нент болып істеп жүрген жазушы, ғалым ағамыз Әмен Әзиев:

- Біз студент кезімізден таныспыз. Бірақ ол кездे біз Зекеңнің мұндай үлкен ғалым болатындығын білгеміз жоқ, - дегені.

Сонда студенттердің бірі:

- Білгепде не істер едініздер? - деп сұрай қойды.

Жиналған студенттер күліп жатыр.

- Білғенде не істейміз? Тук те істсемейміз. Тек онда мен қазір: “Зекеңнің мұндай үлкен ғалым болатынын сонда білін едім” деп айтып тұратын едім, - деп Әбекен сөз тауып кетті.

## “ҚАЛДЫ ОРНЫНАН ТҰРА АЛМАЙ”

*Ақын ағамыз Тұманбай Молдагалиевті Қараганды телестудиясының хабарына арнайы шақырган болатынбыз.*

Біздің шақыруымызды құп алған ағамызды “Қарағанды” қонақ үйіне жеке бөлмелеге орналастырдық. Кетерде үстел жасап, шығарып салғанбыз. Кеү-кеуlep отырып біраз жерге барып қалсақ керек, бір ағамыз диванға “қисайып” қалды. Содан шығар ауызда жасым кіші маған сөз тиғен еді. Сонда мен:

- Келгеннен соң ақын аға Тұманбай,  
Дастанқанды жасадық біз мынандай.

Сый-сияпат мол болғаны соншалық,

- Кейбіреулер қалды орнынан тұра алмай, - деген едім.

- Бұл өзі сықақшы, - деп марқұм Еркеш Ибраһим ағамыз күліп жіберді.

- Сықақшылардың жүйкесі жұқа болады, - деді Тұмаш ағамыз не жақтырғаны, не жақтырмай айтқаны белгісіз.

## **“ҚАШАН АДМИРАЛ БОЛАМЫН?”**

*Жазушы Сейдахмет Бердіқұловтың “Лениншіл жас” газетінде редактор болып жүрген кезі екен.*

Сондай бір жында жас журналистердің бірі:

- Бір үлкен мұхитта бір үлкен кеме жүзіп келе жатса, сол кеме біздің газетіміз, біз оның матростарымыз, Сейдекең ағамыз сол кеменің капитаны сияқты. Енді сөзді сол кеменің капитанына береміз, - дейді.

Содан бір-екі жыл откен соң тағы бір отырыста әлгі жігіт тағы да той басқару үстінде:

- Бір үлкен мұхитта бір үлкен кеме жүзін келе жатса, сол кеме біздің газетіміз де, біз оның матростарымыз. Сол кеменің капитаны... - деп сөз беруге бұрыла бергенде оның бұрынғы айтқанын ұмытпаған Сейдекен:

- Қалқам, осы мен қашан адмирал боламын? - деген екен.

Жас жігіт не дерін білмей ұялып тұрып қалыпты. Стол басындағылар құлкіге бір кенелішті.

## **ЕРЕКЕҢНІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ**

*Қазақ тұтыну одагының Караганды экономикалық университетінің профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты Ермекқали қажы Алмажсанов ағамындың (кейін марқұм болды) айтқан әңгімелері.*

### **«Бір үштік темекі берші»**

Біздің ауылда бір шоиан болды. Қойын жайын жүріп, өтіп бара жатқан машинаны шауып барып тоқтатып:

- Ассалау мағалейкүм. Халыңыз жақсы, деніңіз сау ма? Не жаңалық бар? Деректір ауылда ма? – деп бастырмалатып барып, жауабын күтпестен сөзін: - Бір үштік темесі берші, - деп аяқтайды екен.

Бір күні осы әдетімен өтіп бара жатқан бір машинаны тоқтатады ғой. Сонда мұның сырын білетін жүргізуші машинасынан түсे салып:

- Ассалаумағалейкум. Халымыз жақсы, деніміз сау. Ештеңе жаңалық жоқ. Деректор ауылда, - деп шопанның өзі құсап бастырмалатып барып, сөзінің аяғын: - Бір үштік темекім жоқ, - деп аяқтапты.

Әлгі кісі ұялғанынан атын бұрып алдып, қойына қарай шаба жөнеліпті.

### **«Тұңғышым да, туғышым да...»**

Біздің ауылда бір ақсақалдың жалғыз қызы болыпты. Ол тұрмысқа шыққан жерінен бір бала туысымен қайтып келіп, баласын үйіне тастайды да, тағы біреуге еріп кете береді екен.

Қызы үйіне қайтып келген бір жолы шай құйып беріп отырса, қонақтардың бірі сөз бастамаққа:

- Ақсақал, мына бала тұңғышыңыз ба? – деп сұрайды.

Онсыз да булығып отырған қария:

- Иә, қарағым. Тұңғышым да, туғышым да осы, - депті жұлып алғандай.

### **ПЕРІНІҢ АЙТҚАНЫ**

*Баяғыда қазіргі Шет ауданына қарасты Бұғылы-Тағылы жерін мекендеген бір тентек кісі болынты. Оны жүргүт мінезіне, қылығына қарай “Пері” деп атап кеткен екен.*

### **“Койына қасқыр шанса...”**

Сол тентек жігіт елге сыймаған соң біраз жыл басқа жақта жүрін, жасы ұлғайған шағында ғана оралыпты.

Сонда да ел не болса соны Періден көреді екен. Содан ақындығы бар ол былай депті:

- Бидайды жұмсартатын келі дейді,  
Жылқының басын қосқан желі дейді.  
Ешкімге тарыдай да қиянатым жоқ,  
Қойға қасқыр шапса да: “Пері!” - дейді.

Бұғылы басы биік желдетеді,  
Жайлаудан жайсыз болса, ел кетеді.  
Біраз жыл басқа жақта салдым сайран,  
Ағайын, ортаңда өлсем нең кетеді?

### **“ВЕДРО, ЧАШКА, СТАКАН...”**

Әзір Әмірханов ақсақал біздің ауылда көп жыл бриғадир, ферма менгерушісі сияқты қызметтер атқарды. Әзекең ақкөңіл, бүкіл ауыл құрмет тұтқан сыйлы адам болып еді.

Әзекең бриғадир болып жүрғен кезінде Балқаштан орыс жұмысшылары келіп, егін салуға, шөп шабуға көмектесетін.

- Ведро, чашка, стакан, все иди к сюда, - деп Әзекең оларды жинап алып, шала орысшасымен тапсырма беріп, жұмсап жатушы еді.

“Мұнысы қалай?” деп ойлайтынбыз. Сөйтсек, “Ведросы” - Петро, “Чашкесі” - Сашка, “Стаканы” - Степан екен ғой.

### **“КҮРЕСТЕН АБЫРОЙ ЖАЗБАҒАН”**

Бір мерекеде халық көп жиналышп, палуан күрестіріп, ат шаптырып, жаяу жарыска шығып, мәре-сәре болып жатса керек. Сол кезде балалар күресі, палуандар

күресі, іналдар күресі, әйелдер күресі дегендер болатын. Кезек шалдар күресіне келғен кезде жұрт кеу-кеуlep ортаға Маяуыз ақсақал мен Нұrbай ақсақалды шығарыпты.

Екі ақсақал күресіп кеп кетеді. Жасында палуан болған Нұрекең қойсын ба, Майкеңді алып ұрады ғой. Содан үсті-бастарын қағып, тұрғызып жатса, Майкең жұдышықпен Нұрекеңді жаққа бір қойыпты.

- Оу, Майке, мұныңыз қалай? - деп жұрт шу ете қалады ғой.

Сонда Майкең:

- Біздің тұқымға төбелестен болмаса күрестен абырай жазбаған, - деген екен.

## «МАЙ АУЫЗ ТИЕЙІН»

Майкеңніңұлы Өскембек күтілді, әзілден отырғанды жақсы көретін адам еді. Бірде таңғы шайларын алдарына ала бергенде Өскеңнің ауылдағы женғелерінің бірі бір шаруамен кіріп келіпті. Келген кісіге бәрі:

- Жоғары шық, шайға кел, - дейді ғой.

- Жоқ, асығыспын, - дейді ана кісі. – Май ауыз тиे-йін.

Сол кезде Өскең жұлып алғандай:

- Тиетін Маяуызың мына отыр, - дейді төр алдында отырған әкесін көрсетіп.

- Ой-бу, бұлдірген екем ғой, - деп атасының атын айттып қойған келін келғен шаруасын да айтпастан шыға жөнеліпти.

## ҚАПЕКЕННІҢ ӨЛЕНДЕРІ

*Біздің ауылда Қапан Әдепбаев деген агамыз бар.  
Ол кісі созге шешен, ауызы дуалы, жанынан сүй-*

*рып өлең шыгара салатын әдемі бар адам. Сондай өлеңдерін ауылга барғанда өз аузынан сан рет естігеним бар. Сіздер де тыңдаңыздар.*

- Бір кезде совхоздың қырылған малы үшін қой жинайтын әдет болды ғой. Мен елден қой жинаймын да, 40 килоға квитанция жазын беремін. Елдің берген қойын алып кетуғе мүмкіндік болмайды да, күзге қарай келемін. Ол кезде қойын қимай қалады да, орнына 20 килоғана салмақ басатын тоқты-торым бірденесін бере салады. Содан мал басы тугел болғанымен салмақтан мойныма ет мінеді. Сонда ауылкеңес төрағасы Көген Бекмолдин: “Еттің салмағы неғе толмай қалды?” - ден сұрағанда айтқаным:

“Ұсақтан салмағы кемі болды,  
Көбісі қызыл ауыздың жемі болды.  
Ауылдагы кейбір кү  
Қой орнына қозы берін,  
Көжектің ғана теңі болды.  
Ешкі орнына лақ берді,  
Оның өзін жылап берді,  
Оспаи берген жаман лақ,  
Баз алдында құлап олді”.

\* \* \*

- Бір жылдары “Ақши” совхозында салт жүріп жұмыс істедім. Сонда жергілікті жігіттердің біреуі “үйге жүр” демейді. Кешке жақын тым-тырыс кетін қалады. Сонда ертеңіне ел жиналып отырған жерде:

“Жігіттер осы ма еді мезет деген,  
Дүние азаматқа кезек деген.  
Кей жігіт шай беруғе жарамай жүр,  
Жағдайын жолаушының е сезед деген.

Алда-жалда бір үйге бара қалсан,  
Қатыны “Отын жоқ” ден bezектеген, -  
деп бір ұялтқаным бар.

\* \* \*

- Бір кезде автодүкенде сатушы болып жүргенімде Егінбай Жамнейісов деген нағашым ауданда қойма мснгерушісі болды. Обалы қаиша, қолында барды беріп тұрды. Соны коре алмаған біреулер: “Сен Қапаннан жылқы, сиыр алып жүрсің”, - деп, менен түк алмаса да, сөз қылышты. Оларға нағашым; “Сиыр емес, бұқа алып жүрмін”, - дейді ғой. Содан кездескен сайын: “Бұқаң қайда?” - ден соңымнан қалмай қойды. Сол кезде мен:

“Ой, Еғе.  
Соңыма түетің неге?!  
Сол мүйізі құрғырдан  
Қажыман па едің, жармаға жеге-жеге.  
Мүйізі қарагайдай бұқадан,  
Ертең мен де мұқалам.  
Тайынша, торнақ, ешкі, лақ,  
Ала бермейсің де жүқалап», -

дегенімде: “Мұның айтарлық-ақ болды”, - ден күлін жіберді нағашым.

\* \* \*

- Ақтоғайдың аудандық газетінде істеген Рымбек Мәмбетов деген құрдасым бар. Қалжындар ойнай береміз. Өзі ақкөңіл, адал жігіт. Соған бір күні былай дедім:

“Рымбек жаңың сірі, темір ме едін?  
Неше жыл газет қана кемірғенің.

Томпиып тостағандай қарның шығып,  
Балниып басқалардай семірмедін.  
Бір жерге ертелі-кеш кіріп-шыққан,  
Өзіңсің осындағы өмір діні...”

Сонда ол айтқан сөзіме риза болып құшақтай алды.

\* \* \*

- Ақтогайды Рымбек Жұнісов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған кезінде бір жолдастарым: “Осыған бір олең шығаршы”, - деген болмады. “Қойындар, қасқа сиыр мен көк биенің жалына жармасып жүрер. Керегі не?” -деген сдім, олар қолқалай бсрді. Сонда мен оларға:

“Әкесі мұның әлгі Жұніс деген,  
Кісі емес естуіміне дым істеген.  
Қарадан Рымбекі хан бон ішкіты,  
Әнеки, Алла онғарған жұмыс деген”, -  
деп едім, олар сөзіме риза болып қалды.

\* \* \*

- Өзіміздің ініміз Куаныш Изаков біздің бөлімшеге басқарушы болын келді. Содан жазғытұрымға қарай шөбім таусылын, не істерімді білмей отыр сдім, ойыма бір шумақтар оралды да:

“Қойшыбек неше жыл ел ұстаған,  
Халықты маңыдағы қыспаған.  
Изекен аштық жылы жалғыз қалып,  
Баевна Ақбұлақтың қыстаған.

Сұраушыны кім бар сді жақтырған,  
Балаларын бір кемінрғе бақтырған.  
Сәлем саған, Қуаныш, бауырым,  
Малының жемі таусылған бір автордан”, -

ден хат жазып, беріп жібсрсем, ізінше бір машина шөп  
әкеліп қорама төкті де таетады.

### **“ҚАТЫН ҚАЙРАҒАН БАЛТА”**

Сарытеректе Мұқаметжан деген жұмысқа қырсыз,  
өзі аңғал кісі болыпты. Оның есесіне әйелі шебер,  
үйдегі жұмыстың барлығын өзі атқарады екен.

Бірде Мұқаң әйелі қайрап әкелген балтаны алыш,  
сабын ұнғының теріс жағынан сұғып отырса, өтіп бара  
жатқан бір кісі:

- Теріс саптап отырсыз, - дейді.

Сонда Мұқаң шімірікпестен:

- Қатын қайраған балтаны теріс саптайды, - деп  
жұмысын одан әрі жалғастыра беріпті.

### **“БІР ТҮЙЕМ ЖОҚ”**

Қараталда Есекен деген анқау түйеші кісі болыпты.

Бір күні ол бағып жүрген түйесін санаа, біреуі  
жоқ дейді. Содан күнде санайды, бір түйесі жоқ болын  
шығады.

Бір күні үйінс колхоздың басшылары келсе, әлғілерді  
болмай қондырып, әбден тамақ ішін болған соң:

- Мен сорладым. Бір түйем жоқ. Бірдсөн істеп акті  
жасан, түйені есентен шығарындар. Әйтпесе оның ор-  
нына төлейтін малым жоқ, - деп жалынады.

- Жарайды, таң атсын, түйені санайық. Содан соң  
көреміз, - дейді басшылар.

Таңертен түйелерін еанаса - бәрі түгел. Есіктің алдында байлаулы тұрған сары атанды көрғен Еесекен:

- Ой-бу, мені құдай ұрған екен ғой, - деген еанын бір-ақ соғыпты.

Сөйтесе, күнде үстіне мініп жүрін еанайтын еары атанды қосуды ұмытып кетеді екен.

## “ПОЛКОВНИКТІ ДЕ АУДАРҒАМ”

Ақтоғайда Ерлан деген жіғіт еовхоз директорының машинасын жүргізініті.

Бір күні жанында бастығы бар Ерлан көтерме жолмен зымыратын келе жатқанда апаландаپ отырып, машинаны жолдан тайдырып алышты.

Абырой болғанда машина жол шетіндегі қалың қарға кіріп кетіп, қнеайын тұрып қалады.

Сонда реніш білдірген бастығына Ерлан:

- Бәле, Жәке, еіз ерундасыз ғой. Мен әскерде жүргенде нолковниктің өзін аударып тастағам, - деген екен.

## “ЛАҚ-ТЕКЕ АНАЛЫҚ ПА?”

Бір жылдары қыс қатты болып, біраз мал өлімжітімгс ұшырапты да колхозда аудан басшылары күн құрғатнай жиналыс өткізетін кездері болады.

Ферма менгерушісі Шайбек ақсақал шаршап келсе керек, сондай бір жиналыс үстінде қалғып кетініті.

Мұны байқаған қалжыңбас біреу түрте қойып:

- Сізге сөйлесін деп жатыр, - депті.

Сол кезде Шәкең орнынан атын тұрын:

- Лақ-теке аналыққа жата ма? - депті абдырап.

## **“ҚОСҚАНЫМ, ҚОСҚАНЫМ...”**

Соиау жылдары біздің ауданда елдің малын жинап, артығын милициямен алатын әдет қалыптасқан еді.

Бір ауылда сондай жағдайда бір ақсақалдың атын күшиен алмақ болады. Иесі атын бермейді.

- Ақсақал, атыңызды бермесеңіз, үйіңізге барып, таза киімдеріңізді киін келіңіз. Қазір бізбен бірге кетесіз, - ден сөзге милицияның бастығы арасасады.

- Сен осы иешіншісі едің? - ден сұрайды одан ақсақал.

- Мен біріншісімін.

- А-а, не дейді, - ден зәресі ұшқан ақсақал атын тастай салып, үйіне қарай ойысады.

- Тоқтаңыз, ақсақал. Қағазын алып кетіңіз.

- Жоқ, керегі жоқ. Өкіметке қосқаным, қосқап-ым, қосқан-ы-ым, - ден зыта жөнеліпті.

## **МҰСАНЫҢ ҚАҒЫТПАЛАРЫ**

*Бұл әңгімелердің бұрын Сарытеректе тұрған, қазір Балқаш қаласының тұрғыны Әбен Айтжанов әңгімелеп берген еді.*

### **“Көнілім босап ксткені”**

Біздің Ақтогайды Сарытеректе омір бойы совхозда жүргізуші болған Мұса деңен кісі болды. Қазір өзі оеси Балқашта тұрады. Сол Мұсекеңнің дуалы аузынан шықкан сөздер ел арасына көп тараған.

Орталықтағы гаражда баяғы тоқырау заманынан қалған тақта ілулі тұрады. Әсемдеп салынған Кремльдің суретінің бір жағында озат жүргізушілердің суреті ілінінті де, екінші жагына екнінділердің тізімі

жазылыпты. Бірде Мұсекен еол тақтаның алдына тұрып алын солқ-солқ жылайды.

- Ей, не болды? - деги гараж ішіндеғілер үрпісіп қалады.

- Мына тақтадағы «соғыста ерлікнен қаза тапқандардың» суретін қөріп, «хабарсыз кеткендердің тізімін оқып», конілім босап кеткесі, - дейді ғой Мұсекен.

Гараж менгерушісі ұялғанынан ескі тақтаны сол күні-ақ алғызын тастапты.

### **“Енді бір айырылысқанда...”**

Мұсекенің жастау ксзіндс үй ішінде бір келіепеүшілік туып, әйелі Балқаш жақта тұратын төркініпे кетін қалыпты. Мұсекен де көнке дейін сонынан бармай қояды. Сол кезде әйелі босқа жүрмей сатушылық курс бітіріп алынты. Кейіннен ауылда ұзақ жыл еатушы болып істейді. Қазір тату-тәтті тұрып жатқан Мұсекен:

- Қап, әйеліммен енді бір айырылысқанда институт бітіріп келетін еді, - деги окінеді екен.

### **“Алдын қосайын”**

Мұсекен Абзалбек деген ферма менгерушісінің машинасын жүргізінті. Қыстың бір күні келе жатса, машинасы қарға малтығын қала береді. Мұсаның не қүрек, не болат арқан салып журу әдетінде жоқ екен. Олардың жоқ екенін білсе, Абзекен жерден алып, жерге салады. Сонда тапқан айласы:

- Сіз түспеніз, мени алдын қосын келейін, - деги машинадан түсе қалын, донғалақтардың астындағы қарды теуін-теуіп босатын келеді екен.

Енді біраз жүрген соң тағы да қар кентеліп, машина тоқтап қалады.

- Алдын қосып келейін, - деп шығып бара жатқан Мұсадан Абзекен:

- Ей, әлгінде қоспап па едің? - деп сұраса:

- Ескі машина фой, ағытылын кете береді, - дейтін көрінеді Мұса саспай.

### “Бойымыз жетпей жүр”

Бір күні Мұсекен гаражға келсе, жиналыш алған біраз жүргізуі шекілдеуік шаққандай бір-бір-леп қуырылған бидай жеп, әңгімелесіп отыр екен. Мұсекенің алақанына да бір уыс бидай салады.

Соған қарап тұрып:

- Біздін үйде де бір тегене қуырылған бидай бар. Екі ай болды пештің мойнында әлі тұр, - дейді.

- Е, оны неғе жемей сақтап жүрсіндер? - дейді шыдамсыздай біреуі.

- Соны алыш жейік десек, бойымыз жетпей жүргені, - дейді Мұса.

Отырғандар қыран күлкіге кенеліп қалыпты. Сөйтсе, оның өзі де, шешесі де, әйслі де аласа бойлы адамдар екен.

### “Бірдене қылармыз”

Апатқа ұшыраған су жаңа машина күрделі жөндеуден оралады.

- Мына машинаны сізге берсек, жүргізе аласыз ба? - деп сұрайды Мұсадан гараж менгерушісі.

- Өзінің рөлі қай жағында еді? - деп қарсы сұрақ қояды Мұса.

- “Қай жақта?” дегенің қалай? - деп гараж менгерушісі түсіпбей қалады.

- Алдында ма, артында ма?

- Эрине, алдында...

- Онда бірдене қылармыз...

Мұсаның кекесінің сонда түсінген гараж менгерушісі теріс айналыш жүріп кетіпті.

## **“Айта беріндер”**

Бірдс жиналған жігіттер:

- Мұсске, осы сізге бастық неғе ұрыспайды? – деп кенес сұрайды.

- Оның түк те қыындығы жоқ. Сепдер қарсы кслссіндер. Олай етуғе болмайды. Бастық бірдене десе, сендер екінші бірденені айта беріндср. Сонда шаршан, өзінен өзі қояды, - деп ақыл берінті Мұсекен.

## **«Шараны маған қолданыныз»**

Бірде тапсырманы орындағаны үшін бе, әлде бірдеңе бұлдірген бе, Темірғали деғен жүргізушиге совхоз директоры қатты ашуланып:

- Шара қолданам, айып салдырам, ақшаңнан үстаратам, - дей келе сөзін «қырамын, жоямынмен» аяқтайды гой.

Сол кезде Мұсекен:

- Ойбай, басеке, шараны маған қолданыныз, - деп орнынан атып тұрады.

Оған директор таңдана қарайды:

- Е, саған не үшін жаза қолданамыз?

- Темірғалидың бала-шагасы көп қой, ана шиестей балалары аш қалмай ма,- депті.

Бағанадан ашуланып отырған бастық күлін жіберіп-ті де, жаймашуақ әңгімеге көшіпті.

«Жұттан кейін жұрт бола ма?»

Жолдан оралған сайын әйелі:

- Эй, сен босқа келгенше жолшыбай ескі жұрттан машинаңа отқа жағатын қи-ми бірдеңе сала келсеңші, - деп айта берсе керек.

Содан әбден мезі болған Мұсекен:

- Ойпырым-ай, сен де қоймайды екенсің. Былтыр жұт болып біраз қойдың қырылып қалғанын білесің гой...

- Иә...
- Епді жұттан кейін жүрт бол ма? Әйтпеее әкелмейін деп жүр дейсің бе.

### **«Жердің шеті – Жәмші»**

Жазғытұрымғы уақыт болса керек. Бір топ адам Сарытеректен Жәмші өзеніпің арғы жағындағы егістік алқапқа жол тартады. Жер лайсан, күні бойы жүріп, кешке қарай зорға жетеді. Сол кезде машиннадан түскен Мұса:

- «Жердің шеті жок» деп жүрген кім еken? Жердің шті Жәмші еken ғой, - депті.

### **«Бәрі оқыған»**

Бірде Мұсаның машинасының картері тесіліп, майы ағып кетеді. Оны байқамай жүргізе беріп, моторын істен шығарып алады. Содан өзінің кінәсін білдірмес үшін гаражға сүйреп әкелғен машинаның моторына жаңа май құйып қояды ғой.

Машинаның ақауын қарап жүрген гараж менгерушісі түп-тұнық болып тұрған майды көріп:

- Оу, Мұсеке, майды жаңа құйып қойыпсың ғой, - дейді.

Сонда Мұса:

- Астапыр-Алла! Осы күнгінің бәрі оқыған. Майдың қашан құйылғанына дейін біледі, - деп жағасын ұстапты.

### **«Оеылар апан қаза ма?»**

Бірде гаражда әнгімелесіп отырғанда жүргізуші жігіттердің бірі өзінің Бесапан, Алтыапан, Тасапан деңен жерлердегі шонан ауылдарын аралап келгейнін айтады.

Сонда Мұса:

- Мәссағап! Баяғыда Абзекен екеуміз жүргепде бір-ақ апан болушы еді, оесі біздің шопандар қой бақнай, апан қаза бере ме? – деп танданыпты.

### **«Ақылды ұрылар екен»**

Мұеекен Балқашқа көшін келген жылдары балалар бақшасын күзетті. Бір күні терезеден ұры түсіп, теледидар, радио, төсек орын, тағы басқа нәрселерді үтеп кетті. Тіпті бүтін бір терезені де алыш кетті. Содан сол маңайды қарап жүрсе, бір жерде терезе жатыр дейді.

Сонда Мұсекен:

- Бұл бір ақылды ұрылар екен. Терезені тастап кетпегенде ғой жел соғып, балалар тоңып қалатын еді, - ден қатты қуанынты.

## **НАУРЫЗБАЙ МЕН СҮЙГЕНБАЙ**

*Сарытеректе Наурызбай мен Сүйгенбай атты ағайынды екі кісі болыпты. Агасы Наурызбай шүңірек көз, қарасүр, сөзге шешен, қиястau кісі болса, інісі шикіл сары, аз сөзді, момын адам болған екен.*

### **«Кісі таңдамайды екен ғой...»**

Бірде Сүйгенбай бір топ адаммен бірге Қарағандының ет комбинатына мал айдал келеді. Сүйекен қаланы білмей, өздерінің аяқтарына оралғы бола берғен еон жанындағылар самолетке мінгізін, Ақтогайға қайтарып жібереді.

Сүйекен Сарытерекке келген соң өз үйінеи бұрын ағасынікіне барып, өзіпің қалай ұшып келгеніп айта бастайды. Сонда ағасы оған ажырая қарап:

- Япрай-ә! Сонда бұл самолет дегенінің өзі кісі таңдамайтын болды ғой, - деген екен.

### **«Енді кімнің балтасын алсын?»**

Енді бірдс Тоқырауын бойынан тал шауын жүрген Сүйекең ағасының үйіне келседі.

- Қалай, отып көбейді ме? – деп сұрайды ағасы.

- Жоға, - дейді інісі ренжіп. – Қайдан көбейеін. «Бұл жердің ағашын шабуға болмайды» деп орманшылар балтамды тартып әкетті.

Сонда Наукең:

- Өзіңнен де бар. Егер өзің қарасұр, көзің шұңғырек болғанда ғой, саған кім тиісер еді. Сары майға кім қол салмайды, сары ірімшікті кім жемейді. Сенің балтанды алмағанда орманшы енді кімнің балтасын алсын, - деп інісін жерден алыш, жерге салыпты.

\* \* \*

### **«АУЫЗЫ АУЫР КЕЛІН ОСЫ МА?»**

Нұркен атындағы ауылда болған Әшкең мен Қаекең ақсақалдар қартайған шағының өзіндес еттеп «қышқылдан» жүреді екен. Бір күні екеуі төргі бөлмеге кіріп алыш, енді ішейін деп жатқанда Қаскеңнің келіні кіріп келіпті. Екі ақсақалдың мына қылығын корғен келіні не дерін білмей, босатада тұрып қалынты. Сол кезде Әшкең:

- Ей, Қасеке, әлгі «ауызы ауыр, сшкімгс сыр шашпайтын келінім бар» деуші едің. Сол осы бала емес пе? – депті.

Содан әлгі келіні екі қарт дүниеде өткенше жақ ашпай, бұл сырды ешкімге айтпаған екен.

\* \* \*

## **ДӘУ БОЛАТТЫҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ**

*Біздің ауданда Болат деген еңгезердей жігіт болды. Оны жұрт Дәу Болат деп атайдын. «Батыр аңғал болады» дегендей, сол ақкоңіл, аңқау жігіттің біраз әңгімелері бар.*

### **«Шошак бейіт көрмен пе едің?»**

Бірдс Болат Қайырқұл деген кісі екеуі Мәскеуғе ба-рыпты. Бұрын Мәскеуде бір-екі рет болған Қайырқұл Болатты аралатып, астананы көреетіп жүр дейді.

Қызыл алаңға келін, Мәскеу Кремльдерін тамашалап жүрссе Бөкен:

- Е, соған таң қалатын не бар? Мұндай шошак бейіт көрмеді деп не едің? – денті.

### **«Таныса – сені таниды»**

Содан екеуі ресторанға барады ғой. Бір-екі порңпя тағамды місі тұтпайтын Бөкен екі-үшеуден алыш, бәрін бір үлкендеу табакқа салып араластырып, соғып алатын әдеті екен. Бұл жолы да солай істеп отырғанына намысттанған Қайрекен:

- Ей, мұның не? Ұят болады ғой, - десе:

- Е, нессі ұят. Таныса жиі келетіп сені таниды. Мені мұнда ешкім білмейді, - деп аеын қасықтап-қасықтап жеп алышты.

### **«ҮРҒАШЫ МА ЕДІ, ЕРКЕК ПЕ ЕДІ»**

Төлеухан деген бір кісі жылқы іздел келе жатып, бір ауылдастына кездеседі де, жылқысының, оның ішінде бір байталдың түр-түсін айтады. Анау көрмегенін білдірін, басын шайқаған соң өз жөнімен кетіп бара жатады ғой.

Бірталай жерге барып қалған кезде артынан дауыс шыңғанға жалт қараса, әлгі ауылдасы тымағын бұлғап, шақырып түр екен. Көңіліне бір үміт үйірілген Төлеухан жан-тәні қалмай шауып келсе,

- Эй, Төлеухан, байталың үрғашы ма еді, ерекк пе еді? – деп сұрапты.

Ананың осындай қалжағы бар екендігі сонда ғана есіне түскен бұл жақсылап тұрып бір сыйап алыш, өз жөнімен жылқысын ізден журе беріпті.

### **«АРЫЗ ӘКЕЛДІМ»**

- Мен сізге арыз әкелдім, - дейді Бөлекбай трест бастығына жай ғана, тәмен қараған беті.

- Кімнің үстінен жазылған?

- Басқарма бастығының үстінен. Өйткені ол жиналысқұмар біреу екен. Құнде жиналыс өткізін, әбден титықтатып бітірді, - дейді баяу ғана.

- Жарайды, тексереміз.

\* \* \*

- Мен сізге арыз әкелдім, - дейді Бөлекбай трест бастығының бетіне тұра қарап.

- Кімнің үстінен жазылған?

- Басқарма бастығының үстінен...

- Оны жұмыстан босатып едік қой...

- Жоқ, мына жаңа бастықтың үстінен. Бұл жиналыс деғенді білмейтін біреу болып шықты. Ел бетімен кетті.

- Жарайды тексереміз.

\* \* \*

- Не, тағы да арыз әкелдің бе? – дейді трест бастығы есіктен кірген Бөлекбайға.

- Иә, - деп жауап береді ол батыл сөйлеп.
- Жаңа бастығының үстінен бе? Бұл не «бұлдірін» жатыр?
- Бұл аптасына бір жиналас өткізбесе коңілі көншімейді.
- ...

## **“ШЕГІНДІРУДІ ОҚЫТҚАН ЖОҚ”**

Біздің ауданда бір жігіт жүрғізушилдер даярлайтын курста оқып, күәлік алып шыққан соң машинаға отырады ғой.

Коп ұзамай бір шопанның үйін көшіруге жайлauға жіберіпті. Киіз үйді тиеп болған соң анадай жерде жатқан тағы біраз заттарды салу үшін машинаны шегіндіру қажет болады. Бірақ, әлгі жігіт машинаны шегіндірмей, басын шайқап тұрып алыпты. Ана кісілер:

- Ей, неге шегіндірмейсің? - деп жан алқымға алғандаған ол:
- Бізге машинаны шегіндіруді оқытқан жоқ еді, - деп мойындаған екен.

## **“БІР АЙТУЫ КЕМ БОЛДЫ”**

Баяғыда біздің ауылда Қарекең деген кісі жазғытұрым егін жыртып жүрсе, инженер мен агроном екеуі мотоциклмен келіп түсе қалады.

Жай-жapsар сұрап білген соң көғалға отырады да, әкелген бір жартылары бар екен соны ашады. Стаканға құйылған арақты Қарекеңде ұсынып:

- Ишіңіз, Қареке? - дейді инженер.
- Ишпеймін, - деп бас тартады Қарекең.
- Ишіңіз, - дейді агроном.

Қарекең тағы да бас тартады.

Содан соң ана екеуі бір жартыны екі бөліп тартып алған екен.

- Япыр-ай, ең болмаса тағы бір рет ұсынбадындар ау... Бір айтуы кем болды ғөй... – деп Қарекең сылқ етіп жата кетіпті дейді.

Содан бері біздің ауылда “Қарекең айтқандай бір айтуы кем болын жүрмесін” деген мәтел найда болды.

## ӘДЕТ

Қала сыртына шығып қыдырып, қайтып келе жатырмыз. Қара «Волга» асфальт бетінде құсса қалықтайды. Жүргізушіден баекамыз түгел даурығын әңгіме соғып келеміз.

- Тұяқ, Тұяқ... деймін, сағат қанша? – дейді Қармыс қырылдал.

- Алты болды, оны қайтейін деп едін?!

- «Алты болды» дейсің бе? – Сартай көзін ашын алды. Тырмысып ееікті ашнаққа әуре болып жатыр. Қармыс екеуміз екі жақтап зорға ұстап қалдық.

- Ауру қалса да әдет қалмайды деген фой, сағат алты болар-болмастан кенсеін тастай қашатын сабаз мас болса да әдетін ұмытпапты.

- Жіберіндер! Сағат алты болды, жұмыс аяқталды. Үйге қайтамын... Босатындар.. – ден ол біраз бұлқынып жатып ұйықтап кетті.

## ЕКІ ДОС

Санар мен Құрмет достары Жанбатырдың үйінде қонақ болып отырған. Әңгімен-әңгіме шығып, сөз кітан және кітапхана жайына көшті де достарын ейілайтындығын білдірін, Жанбатыр шағын кітапхана-

сы жиналған еөреден жазушы достарының екі жинағын алдып шықты.

Санаардың кітабы сол қалпы баснадан жаңа шыққандай, ал Құрмустің кітабы көн ұсталып, көнеленіп қалыпты.

Кітабының жаңалығына қуанған Сапар е сезімін жасыра алмай:

- Міне, көрдің бе, Құрмет! Менің жинағымды елдің бәрі құтін ұстайды, - деп еді мақтанышпен.

- Иә, досым, - деді Құрмет, кітабыңың жаңа қалпында сақталғаны жақсы-ақ екен. Бірақ, келесі жинақтарың мына түрінде мағазинде тұрын-ақ тозып қалама деи қорқамын. Осы кітабыңың өзін, Жанбатырдың, сені мен менің үйімнен басқа еш жерден әлі күнге дейін көрген емеспін.

## ДӘМЕ

Шалшық судың ортаесінде ұзын аяғы сиднын, маңғаз тұрған тырнаны көргендеге келе жатқан жолаушылар тоқтаған машиннадан түсе-түсе қалысты.

- Мергенмін, - деп жолшыбай сан рет мақтанған Дөдеге мылтығын ыңғайлағанша артқы орындықта отырған Сәмежан қуанышын жасыра алмай:

- Тырнаның етін бірінші рет жейін ден отырмын, - деп сілекейн шұбера машиннадан түсе барғен.

Осыны андын тұрғандай, әлгі тырна қанатын бірекі қағып, әрмен қараң қалықтай жөнелді. Дөң аea беріі, «Хош болындар!» деғендегей жалғыз рет «Тырау» ден кетті.

- Жедің атаңың басын!

Ашуға булықкан Дөдеге қап-қара болын тұтіғіп, тұрған жеріне отыра кетті.

## «КӨЗІР КІМ?...»

Аланғасарлығы ма, әлде аңқаулығы ма, Сәлімнің қылықтарын әркім аңыз етіп айтып жүреді. Осыдан біраз жыл бұрын мұғалімдер институтын жеті жыл оқып таусып, алғыс совхоздың біріне жолдамамен аттаныпты. Басқа қызығы да толып жатқан болар-ау, әйтеуір бір жыл іstemей жатып қалаға қайта оралды ғой. Сондағы бір оқиға әлі күнге ел аузында.

...Бірде түнімен қарта ойнап, үйқысы қанбай таңертең бірінші сабакқа келеді. Ішкен арақтан басы мен-зен болып отырып байқамай:

- Қане, көзір кім? – деп қалады, «Кезекші кім?» дегеннің орнына. Сол кезде оқушылардың бірі тұрып.

- Көзір – қарғаның мәткесі, - депті.

Сәлім көзін ашып, есін кішкене жиынқырап қараса – тұндегі өздері қарта ойнаған үйдің баласы екен.

## «ҚАТТЫ-ҚАТТЫ СӨЙЛЕСЕ?...»

Бірде әдебиет сабағында профессор Сәлімнен емтихан алышып отырып:

- Қазақтың мақал-мәтелдері туралы не білесің? – деп сұрайды.

- Қазақта мақал-мәтел деғен өте көп қой, - дейді де тұрып қалады Сәлім.

- Жарайды, бір-екі мысал келтірші.

- Мысалы, мысалы... «Жылы-жылы сөйлесе жылан ішінен шығады»...

- Тағы қандай мақал білесің?

Сәлім ойланып тұрып-тұрып:

- «Жылы-жылы сөйлесе – жылан інінен шығады», – деді тағы да.

- Одан басқа қандай мақал білесің?! –

Профессордың даусы қаттырақ шығып кетті.

- «Қатты-қатты сөйлессе – жылан ініне қайта кіріп кетеді», - депті сасып қалған Сәлім.

## **“ҮЙГЕ СЫЙМАЙСЫНДАР”**

Біздің ауылда Төртеу деген кісі болды.

Сол кісі бірде Балқашқа барған екен. Тұнделетіп жеткен Төкең біреудің есігін қағады.

- Бұл кім? - дейді іштегі адам.
- Төртеу, - дейді Төкең.
- Төртеу болсандар үйге сыймайсындар, - деп анау есікті ашпай қойыпты.

## **“ОРЫНШАМЫЗ”**

Ертеректе біздің бір ағайымызды әкесі оқу жылы аяқталған соң мектептен артына мінгестіріп алып келе жатады да:

- Балам, халың қалай? - деп сұрайды.
- Орыншамыз, әке, - дейді сонда баласы.
- “Япырау, мынау не деп кетті?” деп ойлаған әкесі мектепке барып білсе, баласы класында қалып қойған екен.

## **“БЕС ДАМБАЛЫМ БАР”**

Баяғыда біздің ауылда Жетібай деген бір кісі жол жүріп келе жатып, бір үйге қонады ғой. Жоқшылық кез. Жатар кездे тері шалбарын шешіп жіберсе, ішкіімі жоқ екен. Сонда әлгі кісі ұялғанынан:

- Қап, үйде бес дамбалым бар еді, кемпірім соның бірін де кигізбелті ғой, - деп шалбарын қайта киіп алышты дейді.

## **«САҒАН ДА БЕС ЖЫЛ...»**

Баяғыда біздің ауданда бір сот болыпты. Ол кісі заңнан онша хабары жоқ адам болған ғой.

- Айыпкер - саған да бес жыл, талапкер - саған да бес жыл, - деп шетінен сottай беретін болса керек.

Бірде бірнеше адамды қатар сottапты. Бәріне бес-бес жылдан беріп болған кезде күә болып келғен біреуі қалып қойыпты. Сонда ол:

- Мен не істейін? - депті сасқалақтап.

- Саған да бес жыл, - депті сот оған.

Егер ұндеңей қоя салса, ештеңе жоқ екен.

## **“БАСЫМДЫ ЖАЗЫП ЖҮРМІН”**

Бір күні қарт ақын қыдырып жүрсе, бір жас ақын жолығып:

- Жақа, қазір не жазып жүрсіз? - деп қайта-қайта сұрап қоймапты. Сонда оған ренжіген Жақан:

- Не жазайын, басымды жазып жүрмін де, - деп жа-уап берген екен.

## **“МУЗЫКА ДА БӨГЕТ ЖАСАЙДЫ ЕКЕН-АУ”**

Осыдан біраз жыл бұрын бір домбыраны ағамыздың елу жылдық тойы астанадағы “Алматы” ресторанының бір банкет залында өтті.

Сонда асаба сөз берген соң орнынан тұрған композитор ағамыз тілек айтайын десе пұліш перденің арғы жағындағы көпшілік залында тұрған оркестр ғұрсілдете ойнап, түк естіртпей қойды. Сол кезде әбден қынжылған композитор ағамыз:

- Музыканың да бөгет жасайтын жері бар екен ғой, - дегені.

Ол кісінің сөзін естіген жұрт күліп жатыр.

## **“ҚОЙМА ДЕШЕМ БОЛМАЙШЫНДАР”**

Ертеректе, ауылға техниканың жаңа келе бастаған шағында біздің ауылда бір жүргізуші кісі болды.

Ол кісі машинасын онша көп бұра бермейтін болса керек. Үйдің жанында тұрған қазан-ошақ сияқты заттардың бәрін басып журе береді екен. Содан кейін:

- Қойма дешем болмайшындар, неге қояшындар? – деп өздеріне ұрсатын көріпеді.

## **“ЧТО ТАКОЙ САРЫ ДОМАЛАК?”**

Баяғыда біздің ауылда бір жігіт үш жыл әскерге ба-рып келген соң қазақшаны “ұмытып” қалған екен. Шешесі әкеліп столға төккен бауырсақты көрсетіп:

- Апа, что такой сары домалак? - деп сұрайды дейді.

- Бауырсақ қой, балам, - дейді шешесі алғашқыда онша мән бермей.

Содан әлгі осы сұрақты бірнеше рет қайталаса керек. Мұны естіген әкесі, ашушаң кісі еді, “Сары домалакты мен саған корсетейін”, - деп қамшымен жауырын ортадан тартыпты келіп. Сол-ақ екен орысша араластырып былдырап отырған баласы қазақша сайрай жөнеліпті.

## **“ЖҰЗДЕҢ АЛПЫСЫ КЕМ”**

Біздің ауылда бір шопанның әйелі “р” әрпіне тілі кслмейтін еді.

Сонысын білдірмес үшін “р” әрпі келмейтін сөздерді тауып сейлеғендеге бүкіл елді таң қалдыратын.

Қайындары болса ол кісіні жаңылдырмақ үшін неше түрлі сөздерді айтқызыбақ болғанымен жол тауып кететін. Бірде қой санап тұрыпты. Женғелерінің жаңылмай санайтынын билетін қайындары қырық болған кезде:

- Нешеу болды? - деп сұрай қойған екен:
- Жүзден алнысы кем, - денті де, женгесі әрі қарай санай беріпті.

## **КӨЙЛЕКТЕГІ ЖАЗУ**

- Япыр-ай, мынаның көйлегінің жазуы наған көп, - дейді екі адамның бірі жандарында тұрган алабажалақ жазуы бар біреуге қарап.

- Е, қайтсын бейшара, - депті екіншісі анаған мұсіркей қаран. - Ұғымы нашар біреу де. Ішіне түк кірмеген соң сыртына жазын қойған ғой.

## **“ҚАЖЕТІ НЕ?”**

Бір күні екі жас ақын кездесіп қалынты. Әңгіме үстінде бірі екіншісінен:

- Достым-ау, көнтеи өлең жазбай жүргенің ие? - деп сұрайды.

- Өлеңді ме?.. Қойғанмын... .

- Е, неге? - деп ентелей түседі әлгі. - Махабbat тура-лы лирикаларың үзілін тұруши еді ғой.

- Үйлендім ғой. Енді ондай лирикалардың қандай қажеті бар?

- ...

## **“ҚАЙ ЖЕРДІ БАСАМЫН?”**

Баяғыда бір сот жұмыстай соң үйіне келсе, үйінің төбесінде біреу шоқыны отыр дейді.

Сөйтсе, ол өзінің осыдан біраз жыл бұрын соттап жіберген адамы екен.

- Ей, мұнда не істеп отырсың? - деп сұрайды сот одан, көңіліне әлдебір қауін оралын.

- Не істерімді білмей отырмын, - дейді анау. - Ана жылы мені соттағанда: “Енді саған жер басқызып жүргізсем бе!” -деғен едіңіз. Содан қорқын, түрмеден шыққан бетімде әдейі сізден енді қай жерді басатынымды сұрайын дең келдім...

Көңіліндегі құдігі айыққан сот құліп жіберіпті де, үйіне кіріп кетінте.

## **“ЕЛУ СОМ АЛЫҢДАР”**

Баяғыда біреуді милицияға алып келеді де:

- Айып төле! - дейді.
- Не үшін?
- Прокурордың әкесін балағаттағаның үшін.
- Е, сол ма? Қаиша төлейін?
- Жиырма бее сом.
- Мә, онда елу сом алыңдар да, босатыңдар.
- Жоқ, болмайды. Прокурор жиырма бес сом ғана ал деген.

- Е, онда әкесінің құнын біледі екен. Соны ала берсендерші. Кейіп тағы бір балағаттап жіберуім мүмкін той.

## **“АУЫРАЙЫН ДЕП ОТЫРМЫН”**

Үш көрші дорігерге кірер жерде кездесін қалыпты да, бір-біріне:

- Науқастанып қалғанбысын? - деп сұрап жатыр дейді.

Сонда:

- Ойбай, науқастанғаның не, өлейін деп отырмын, - дейді Бейсенбай зорға сейлеп.

- Иә, мен ауырып отырмын, - дейді Иван қинала.

- Ал, мен ауырайын деп отырмын, - депті Авраам қабағын шытып.

## **“ЕҢ ЖАҚСЫ БАЛЫҚ...”**

Екі адам дауласып отырыпты.

Біріншісі:

- Балықтың ең жақсысы - шортан, - десе:

- Жоқ. Балықтың ең жақсысы - бекіре. Жегенде қылтық сүйегі аз болады, - деп екіншісі жеңістік бермепті.

Сонда оларды сыртынан тыңдап тұрған үшінші біреу:

- Екеуің де оттаған екенсің! Балықтың ең жақсысы - колбаса. Қылтық түгілі қылшығы да болмайды, - деген екен.

## **“НЕГЕ ТІРІ ЖҮР?”**

- Тиынды аузыңа салма, балам. Жұтып қоясың.

- Мама, тиын жеғен адамның іші ауырады, ә?

Соқырішек болады ғой?..

- Оны жүтқан адам соқырішек болмақ тұрсын жарайлып өлер.

- Иә, өтірік айтасың. Тиын түгілі ақша жейтін біздің Дүкенбай сатушы неге тірі жүр?

## **“ӨЗІМ ДЕ КӨРМЕЙМІН”**

Көрші екі әйел мұндастып отыр.

- Менің күйеуім ішкіш болып алды. Соңғы кезде күнде мас болады.

- Қойшы, сен де соғады екенсің. Мен оның бірдей бір рет мас болғанын қөрген смеспін.

- Е-е, көршім, соны өзім де көрмей жүрмін ғой. Ол пәле ішіп-ішіп далада қонып қалып жүр емес пе!

## **«... АРАЛАСТЫРА САЛ”**

Әйелі күйеуіне:

- Мен мына көршінің үйіне бес минутқа кіріп шығайын. Сен ана қазанда пісіп жатқан палауды ұмыттай әрбір жарты сағат сайын араластыра сал.

## **“БИЛІГІ ҚОЛЫНДА”**

- Менің бір түсінбейтінім - сіздің үйдегі женгейдің отбасындағы бар ауыртпалықты жалғыз өзі көтеріп, бүкіл жұмысты өзі істейтіні қалай?

- Өйткені, мен оған барлық билікті беріп қойғанмын...

## **“ТҮК ҚИЫНДЫҒЫ ЖОҚ”**

- Апа, айтыңызы, “бесбармақтың” дәмді болып шығуы үшін не істеу керек? - деп сұрады ресторанның даяшысы тамақтанып отырған әжайден.

- Шырағым, оның түк те қиындығы жоқ, - дейді әжей табақтағы етті көрсетіп. - Тек етті мынадан гөрі екі еee коп салсандар болғаны.

## **“ЖАҢА ҚЫЗ КЕЛГЕН”**

- Жүр, мына кітапханаға кіре шығайық, - дейді көшеде келе жатқан жігіттердің бірі жанындағы жолдасына.

- Немене, жаңа кітап қелін пе?

- Жоға, тәйірі. Жаңа кітапханашы қыз келген.

## **«ҚҰШІГІҢ-АУ...», «ИТИҢ-АУ...»**

Көптен кездеспеген екі дос ұзақ шүйіркелесіпті.  
Кенет есіне бірдене түсіп кеткендей:

- Ей, бұл не тұрыс? Жүр, бір-бір саптыаяқтан сыра жұттайық, - дейді бірі.

- Ehe...e... ей, құшігің-ай жүр кеттік, - дейді екіншісі.

Біраз сыра сімірген соң екіншісі:

- Бұл болмайды. Не де болса, “ақаңның” өзімен айқасайық, - дейді ғой.

Сонда оның әлгіндегі сөзі есіне түскен алғашқы жігіт:

- Oho...o...ой, итің-ау, айда тарттық, - деген еken.

## **“КЕЙІПКЕРІММЕН КЕЗДЕСНЕКШІМІН”**

Әуежай басында бір ақын ұшпақ болып тұрыпты.

- Қайда жүріп баrasың? - деп сұрайды бір танысы.

- Былтырғы жабық бәйгеде жүлде алған поэмамның, кейіпкерімен кездесуге бармақпын.

- Сірә, жаңа деректер жинап жүрген боларсың?

- Жоға, тәйірі, өмірі бір көрмеген адамыммен таныспақпын. Әрі кейпкерімнің өзі де: “Мен туралы жырлап жүрген ақынды бір көрсем-ау...” деп армандаиды еken. Әйтпесе ит өлген жерде нем бар.

## **“УАҚЫТЫМ ЖОҚ”**

- Алло, алло... Маған Сәкең керек еді.

- Ол кісі жоқ, ауырып жатыр.

- Онда үйінің адресін айтып жіберіңізші, барып шығайын, өте тығыз шаруам бар еді.

- Сәкең үйінде емес, ауруханада.

- Ә, онда жарайды... Қыдырып журуге уақыттым жоқ...

- ...

## **“ӘЙЕЛІММЕН АҚЫЛДАСАЙЫН”**

- Алло, алло... Бұл редакциядан еді, - деп телефон соқтым.
- Иә, тындан түрмын.
- Мен еіз туралы газетке жазайын деп едім.
- Онда біраздан соң хабарласыңыз, мен әйсліммен ақылдастып алайын, - деді әлгі байғұс.

## **«МЕН ҮШІН БІР АТШЫ»**

Өзен тасып жатқан уақыт екен. Екі жолаушы өзеннің екі жағында тұр дейді. Өтейін десе асау өзен өткел бермейді. Алыстан шаршап келе жатқан біреуі өзеннің арғы қабағындағыдан:

- Ей, насыбайың бар ма? – деп сұрайды.
- Бар, - дейді анау.
- Онда мен үшін бір атшы.

Анау шақшасын етіктің өкшесіне қағып-қағып, қайқайта келіп ерінге салған кезде мына жақтағы:

- Пан! – деп «елітіп» аттан құлап түсіпті.

## **«БОСҚА ҚОР ҚЫЛЫП»**

- Наыбайыңдан бір атқызыны, - ден еұранты біреу өтіп бара жатқан бір жігіттсн.
  - Наыбайым жоқ, ағасы, - ден анау жүре бсреді.
  - Ей, әкел дедім ғой. Бір атынан түгің кетпейді, - ден мынау жатып жармасады.
  - Жоқ, ағасы. Мен насыбай атнаимын.
- Сонда ана кісі:
- Қап, мынаның істен тұрғанын-ай! Насыбай атнағаны несі-ей, анадай ерінді босқа қор қылын, - деп жатып ренжіпті.

## **“ҚАЗАҚШАҒА ДА СУДАЙ ЕКЕН ҒОЙ...”**

Ауылда тұратын бір жеңгеміз келін, қонақ болын отырған. Теледидарды қосып сдік, Ленин туралы бір қазақша кипо көрсетіп жатыр екен. Жеңгеміз тесіле қаран, таңданып отырды да:

- Шіркін-ай, Ленин жарықтық қазақшаға да еудай екен ғой, - дегені.

## **“ҚИЫН БОЛҒАН ЕКЕН”**

- Алло, алло... Мен ғой..., - ден телефон соғады бір туыстың қалада институтта оқитын баласы.

- А-а, ұлым сенбісін? Хал қалай? Қалада не жаңалық бар?

- Ештеге жаңалық жоқ, әке. Тек ресторандарда жұз грамнан артық арақ бермейтін болды.

- Қап, қиын болған екен. Онда ауылға қайт... Мұнда бөшкелеп ішсөн де, ешкім қой демейді.

## **“АҚЫМАҚ!”**

- Папа, бүгін мені кондуктор тын төлемедің ден автобустан түсіріп тастады, - дейді баласы.

- Ақымақ! Байқан тұрып кондукторсыз автобусқа отырмадың ба?! - деп ақыл беріпті папасы.

## **“ЕСЕНДІ ЖІБЕРМЕ”**

- Папа, бүгін біздің мұғалім: “Ертең оқын келмесең - екі қоям” деді, - дейді баласы.

- Балам, ешқашан да есенді жіберме. Ол екі қойса - сен үш қой, - деп ақыл беріпті папасы.

## **“ӨМІР - КҮРЕС”**

- Өмір дегеніміз - күрес, - деп қайталап отырады бір ағамыз.

- Е, сіз осы кіммен күресіп жүресіз? - деп сұрадым.

- Түске дейін қарның ашып, аштықпен күресемін. Түстен кейін үйкым келіп, үйкымен күресемін, - деді ағамыз.

## **“НЕГЕ ҚҮР ҚАЛАЙЫН?”**

- Менен басқалардың бір-бірден согісі бар, - деді бір досым.

- Е, сен неге құр қалын жүрсің? - дедім таңданын.

- Неге құр қалайын? Менде екеуі бар, - дең мақтанды ол.

## **«ҚИҚАР ШАЛ БОЛАМ»**

Атасы:

- Өскенде кім боласың, балам?

Немересі:

- Сіз сияқты қиқар шал болам...

## **“КӨРМЕЙ ТҮРМЫСЫЗ?”**

Бір дүкенге кіріп едім, бір жейдеге козім түсті де:

- Мына тоқыма жейде әйелдердікі ме, әлде ерлердікі ме? - деп сұрадым сатушыдан.

- Немене, ерлердікі екенін көрмей түрмысыз?! – деп сыздады ол.

- Қап, әйелім «осындай бір киім қажет» деп еді...

- Түү, әуелде солай демейсіз бе. Бұл дегенінде әйелдердің қолына түсе бермейтін киім гой. Алыңыз,

әйеліңізге... Өкінбейсіз... - деп жалбақтады да қалды әлгі. Түк түсіпбей мен қалдым.

### **“КҮМӘНІМ ЖОҚ”**

- Менің үш жастағы ұлымның редактор болатынына күмәнім жоқ, - дедім бірде.

- Оны қайдан білдің? - деп таң қалды мұны естіген достарым.

- Қолжазбам қолына түссе болды, сзызып-езып тастайды.

### **“ӨЛЕҢ ТАСТАП КЕТИП ЕДІМ”**

- Алло, алло... Редакция ма екен? – деген дауыс естідім, шырылдаған телефон құлағын көтерғен ксзімде.

- Иә, иә.... .

- Бұл мен ғой... Кеше сізге бір ұзақ өлең тастап кетіп едім. Оқыған шығареыз?

- Оқыдым.

- Қалай екеи? Басуға жарай ма?

- Бір бетте бір үйқасы жоқ өлең қайдан жарасын...

- Сіз байқамаған екенсіз ғой. Бірінші беттегіні екінші беттегімен үйқастырып, әдейі алыс үйқае әдісімен жазып едім... Бірдене етіп басып жіберіңіздер...

### **“ӨЗІМ ЖАЗҒАМ”**

- Мына дәйексөзді (цитата) қай кітаптан алдыныз? - деп сұрадым.

- “Өмірдің өзекті мәселесі” деген кітаптан, - деп жауап берді ол.

- Оның авторы кім еді?
- Оның авторы “Өзекті мәселе өмірдің өзінде” деген кітапты жазған адам.
- Аптарай-а! Ол кітапты кім жазды екен?
- Оны өзім жазғанмын.
- ???

### **«ЕСКІ АҚШАМЕН»**

- Балам, айлығың қанша?
- Екі жұз сом, ата.
- Жақсы екен.
- Қайдағы жақсы?! Түк емес, Ауыз шаюға келмейді.
- Балам, талай ақша ғой. Ескі ақшамен екі мың сом.

### **«ЕСКІ УАҚЫТПЕН»**

- Балам, уақыт қанша?
- Тоғыз болды, ата.
- Ескі уақытпен бе?
- Жоқ жаңа уақытпен. Ескіше – он.
- Е, балам-ай, бірден солай демейсің бе!...

### **«ЕСКІШЕ АЙТҚАНДА»**

- Балам, қай класта оқисың?
- Он бірінші класта, ата.
- Ондай да класс бар ма еді?
- Бар ғой, ата. Ескіше оныншы класс.
- Е-е, жөн-ақ....

## **«АЛДАДЫМ»** **(Ел аузынан)**

Баяғыда біреу жол жүріп келе жатып, бір өзектен өте бере атын батпаққа батырып алыпты.

Не істерін білмей, дағдарған жолаушы Құдайға жалбарына бастайды:

- Ей, Құдайым, босат менің атымды, елге жетіп алған соң осы атымды сойып, саған құдайы берейін...

Біраз жалбарынып отырған кезде, бағанадан тыныққан аты батпақтан бір-ақ ырғып шығыпты.

Сол кезде жалғыз атын құрбандық етуге қимаған жолаушы:

- Алдадым, Құдай, алдадым, - деп қырға қарай шаба жөнелген екен.

## **БАЛАНЫҢ ТІЛІ – БАЛ**

- Шешем мені «Жалғыз тауығым» деуші еді, - ден еске алады шешесі бір күні.

Соны естіп отырған Ләzzат:

- Е, бізді ылғи «балапаным, балапаным» дсйтініңіз сол екен ғой, - деді қулана жымың-жымың етіп.

\* \* \*

Қызының ісіне риза болған шешесі бірде:

- Балам, қатырдың ғой, әкелші «бесті», - ден қолын созған еді.

- Ой, мама, мен сізден не аяйын, «онды» берейін, - дей Ләzzат қос қолын бірдей ұсынды.

\* \* \*

Шешесімен бірге әжесінікіне келіп шешініп жаткан Ермұрат үстел үстінде тұрған сағатқа көзі түсіп:

- Апа, ана сағатты жоғары алып қойынызшы. - деп етінді.

- Неге, құлымын-ау!?

- Өйткені, оған менің соқтығып, қиратуым мүмкін фой...

\* \* \*

Шешеі кішкене Қайратқа:

- Сен неге мұз жейсің? Ол сұық қой, тамағың ауырады, - деп ренжіді.

- Жоқ, мама, мұз жегенім жоқ. Тек оның сұын сордым фой, - деп ақталады Қайрат.

\* \* \*

Әкесі баласына:

- Сен соңғы кезде сабакты нашар оқитын болып жүрсің.

Мектептен әрдайым «екілік» арқалап келесін, - дей үрысты.

- Жоқ, папа мен бүгін «екілік» арқалап келгенім жоқ, мұғалім апай журналга қойды да, өзі қолтықтап кетті, - дей жауап берді балаесі.

\* \* \*

Шешесі есіктен кіре бергенде:

- Мама, бөнем жылады, - деді Сәуле кішкентай сіңлісін көрсетін.

- Сен неге жұбатнадың?

- Мен қоса жыладым фой. Мені де ешкім жұбатқан жоқ.

\* \* \*

Тоқал сиырды көрген Болат:

- Ата, үлкен бұзауды қара, - деп таңданды.
- Жоқ, ол еиыр, Болатжан, -деді атасы.
- Неге? Ол бұзауғой. Откеін, оның мүйізі әлі шыққап жоқ, - деп таласты Болат.

\* \* \*

Төрт жасар Марат пен бірінші класта оқитын Жақып кітан суреттерін қарап отырды. Бір суретке көзі түскеи Марат Жақыптан:

- Мынау не? – деп сұрады.
- Элебатор.
- Нені елеп жатыр? – деді түсінбей, таңданған Марат.
- Бндайды, - деді сасын қалған Жақып.

\* \* \*

- Мама, мен бәрін де тазалап қойдым, - деді Сәуле жұмыстан оралған шешесіне.

- Нені, айналайын-ау??
- Қант салғышты, кәмпіт пен варенье салғышты және...
- Құлымым-ау, оларды қалай тазаладын?
- Ішіндеңгілерін түгел жеп қойдым... Енді тек жуа салу керек.

\* \* \*

Көшеде үшеуі келе жатқанда Сәкен балмұздак сұрап мазалай берген соң:

- Қыста балмұздак жеуге болмайды ғой. Тамақтарың - ауырады. Солай емес не? – деп шешесі Сәбитке қарайды ғой.

Сол-ақ екен Сәбит ойланбастан:

- Иә, мама, екеуін бірден жеуге болмайды, бір-бірлен болмаса, - ден Сәкенге қарайды.

\* \* \*

Наурыздың бірі күні Қайрат ерте тұрды. Таңертеңгі асын шала-шарпы іше сала сыртқа ұмтылған. Іле-шала ентігіп қайта оралды. Өзі жыламсырап тұр.

- Не болды, балам?

- Папа, сен неге алдадын? Кеше: «Наурыз – көктем айы» деп едің ғой. Көктем айы болса, жердегі қар неге кетпеген? Әлі сол беті жатыр...

## МАЗМҰНЫ

### ӘЗІЛ-СЫҚАҚ ӘҢГІМЕЛЕР

Ішпей-жемей тойдырған . . . . .	4
Ақабайдың ала қабы . . . . .	8
Тұысқан екенбіз . . . . .	11
Теледидар хикаясы . . . . .	13
Кайнағам келеді . . . . .	21
Әсем суретші . . . . .	25
«Қызы қашты» . . . . .	27
Қымыздың «қызығы» . . . . .	31
Көршісінің көмегі . . . . .	33
«Қисық тұс» . . . . .	37
«Дәрігер парызы» . . . . .	39
«Оң көзім тартып еді...» . . . . .	41
Сыйлық . . . . .	44
Телефонның қырсығы . . . . .	47
Куанғаным-ай . . . . .	51
Есеп . . . . .	53
Шұбә . . . . .	57
Тұтылу . . . . .	61
Төребектің танысы . . . . .	66
«Емін айтыңызшы...» . . . . .	71
Ашылған сыр . . . . .	78
Солай, бала . . . . .	80
Жақан ағай . . . . .	82
Қызғаныш . . . . .	83
Суайттардың сазайы . . . . .	84
Балық келді . . . . .	85
Көбектің көргендері . . . . .	88
Автобустағы оқиға . . . . .	90
Ұқсастық . . . . .	94
«Нешауа» десен . . . . .	95
Осындай да болады . . . . .	96
Жарықтықтың жазасы . . . . .	97
Тәуінтің шошынғаны-ай . . . . .	98
Қойыртипак . . . . .	99
Бір жартының әлегі . . . . .	101
Торыбайдың сөзіне сенем деп . . . . .	102
Сәлилап . . . . .	106
«Сынадым» . . . . .	107
«Диагнөз» . . . . .	108
«Түгел алып қойындар...» . . . . .	109
«Жанымды да беремін...» . . . . .	110

### ФЕЛЬЕТОНДАР

«Тәлімі» мол тәжірибе . . . . .	111
Өгіз терісін жамылған «батырлар» . . . . .	113
Үй бөлуді үйрену . . . . .	114

«Менің меншікті мекенім» . . . . .	117
Тасбақаның аяны . . . . .	120
Окушылар ариясы . . . . .	121
Алтын балықтың әмірі . . . . .	123
Өмірде не болмайды . . . . .	125
Нағыз шындық . . . . .	127
Ай даладағы «Айда» . . . . .	129
Бейнебаевтың бет-пердесі . . . . .	131
Ұзак жол . . . . .	134
Кеңсе мен клубтың айттысы . . . . .	137
«Араққа шіркін жетпейді» . . . . .	138

## ОЙДАН ШЫГАРЫЛМАҒАН ӘҢГІМЕЛЕР

Өрт . . . . .	141
«Рұынды айтшы» . . . . .	142
Құйтақандай күрт . . . . .	144
«Купонымды бермейміш...» . . . . .	146
Жалаңаш әйел . . . . .	147
«Қазақстанның наны» . . . . .	149
«Аруақтармен сөйлесші...» . . . . .	150
«Не советский человек» . . . . .	152

## БІЗДІҢ АУЫЛДЫҢ ҚОЖАНАСЫРЛАРЫ

Баукең жайлыштың әңгімелері . . . . .	155
Жақаңның айтқандары . . . . .	158
Изекең айтқан екен . . . . .	160
Кәкен айтқан екен . . . . .	162
Тұрсекенің айтқаны . . . . .	164
Әуеңнің әңгімелері . . . . .	165
Ескенің айтқандары . . . . .	166
Әбжекенің әзілдері . . . . .	168
Майда Құрал . . . . .	172
Қалекенің әңгімелері . . . . .	172
«Шойкең ет жемейді» . . . . .	175
Жынды Ысқақтың балағаттары . . . . .	176
Ақтогайдың Ақ Женісі . . . . .	181
Атамның айтқаны . . . . .	182
Закаңның айтқандары . . . . .	184
Токтардың сөздері . . . . .	188
Сәбенің шошығаны-ай . . . . .	189
«Ол кезде білмедік кой» . . . . .	189
«Қалды орнынан тұра алмай» . . . . .	190
«Қашан адмирал боламын» . . . . .	191
Ерекенің әңгімелері . . . . .	191
Перінің айтқаны . . . . .	192
Қапекенің өлеңдері . . . . .	194
Мұсаның қағытпалары . . . . .	200
Наурызбай мен Сүйгенбай . . . . .	205
Дәү Болаттың создері . . . . .	207
Баланың тілі – бал . . . . .	226

## **Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**

### **АҚАБАЙДЫҢ АЛА ҚАБЫ**

Редакторы *Ахметжанова Г.Б.*  
Техникалық редакторы *Жусіпова Н.К.*  
Корректоры *Айдын Жұматаева*

Басуға 03.02.09. ж. кол қойылды. Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ . Офсеттік  
басылым, қағазы офсеттік. Әріп түрі «Таймс». Көлемі 14,5 баспа  
табақ. Таралымы 500 дана. Тапсырыс 2539.

Қазақстан Республикасы, Полиграфкомбинат ЖШС-і.  
050002, Алматы, М.Мақатаев көшесі, 41 үй.